

ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ПАВЛОДАРСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

**АКАДЕМИК Ә.Х. МАРҒҰЛАН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ-ТАРИХИ МҰРАСЫН
ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕРІ**

*Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
материалдарының жинағы*

**АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИКО-
КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА
В ИССЛЕДОВАНИЯХ АКАДЕМИКА А.Х. МАРГУЛАНА**

*Сборник материалов
международной научно-практической конференции*

Павлодар
2022

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
А 33

Редакциялық алқа: Павлодар педагогикалық университетінің басқарма төрағасы – ректор Ж.О. Жилбаев; ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор Б.С. Есенгельдин; ҒЗҚ департаменті директоры Г.А. Сулейменова; ҒҒЖМ деканы, т.ғ.к., доцент А.Е. Каримова, ПЖМ деканы, п.ғ.к., профессор Б.А. Нурмагамбетова, ЖЖМ деканы, философия докторы (PhD) Е.С. Габдуллин, ӨжСЖМ деканы, п.ғ.к. В.И. Лебедева, ППУ Margulan centre директоры Т.Н. Смағұлов, ҒҒЖМ вице-деканы, философия докторы (PhD) А.К. Сулейменова; «Тарих» ББ жетекшісі, т.ғ.к., доцент Б.Н. Абдрахманов, «Тарих» ББ профессоры, т.ғ.к. А.М. Сыздыкова.

А 33 **Академик Ә.Х. Марғұлан еңбектеріндегі қазақ халқының мәдени-тарихи мұрасын зерттеудің өзекті мәселері:** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары = **Актуальные вопросы изучения историко-культурного наследия казахского народа в исследованиях академика А.Х. Маргулана:** материалы международной научно-практической конференции. – Павлодар: ППУ, 2022. – 540 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-267-702-7

Жинаққа «Академик Ә.Х. Марғұлан еңбектеріндегі қазақ халқының мәдени-тарихи мұрасын зерттеудің өзекті мәселері» атты конференция материалдары енгізілді. Басылым ғалымдарға, оқытушылар мен мұғалімдерге, докторанттарға, магистранттарға, студенттерге, жалпы көпшілік оқырман қауымға арналады.

Мақалалар авторлық редакцияда басылды.

В сборник вошли материалы конференции «Актуальные вопросы изучения историко-культурного наследия казахского народа в исследованиях академика А.Х. Маргулана». Издание адресовано ученым, преподавателям, учителям, докторантам, магистрантам, студентам, а также широкому кругу читателей.

Статьи изданы в авторской редакции.

ISBN 978-601-267-702-7

Ұлы даланың тарихи-мәдени мұрасын зерттеу

**Изучение историко-культурного наследия
Великой степи**

**The study of the historical and cultural heritage
of the Great Steppe**

Е.К. Рахимов

Торайғыров университеті, Павлодар қ.

yernur_rakhimov@mail.ru

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН – ШОҚАНТАНУДЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Аңдатпа. Баяндамада академик Әлкей Марғұланның қазақтың ғұлама ұлы Ш. Уәлихановтың мұрасын зерттеу, жариялау, насихаттау жолында жасалған зор еңбегі туралы айтылады. Ғалымның бұл істегі қажырлы ізденісі Ә. Марғұлан гуманитарлық ғылымның бүтіндей жаңа саласы – шоқантанудың негізін қалаушы екенін дәлелдейді.

Тірек сөздер: Марғұлан, Уәлиханов, шоқантану, отан тарихы, мұрағаттар, архив ісі.

Аннотация. Доклад посвящен деятельности академика Алькея Маргулана по изучению, публикации, популяризации наследия выдающегося сына казахского народа Ч. Валиханова. Замечательные исследования ученого в этом направлении доказывают, что А. Маргулан основатель целой научной отрасли гуманитарной науки – чокановедения.

Ключевые слова: Маргулан, Валиханов, чокановедение, отечественная история, архивы, архивное дело.

Summary. The report is devoted to the activities of academician Alkey Margulan in the study, publication, popularization of the heritage of the outstanding son of the Kazakh people Ch. Valikhanov. The remarkable researches of the scientist in this direction prove that A. Margulan is the founder of the whole scientific branch of the humanities – chokan studies.

Keywords: Margulan, Valikhanov, chokan studies, national history, archives.

Ғұлама ғалым, академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан тумысымен, болмысымен, бітіммен, тұлғасымен, содан кейін барып білімімен даналық мәйегінен сусындаған ақылдың кені сияқты. Оның ойлау жүйесі, пікір пайымдауы, тұжырымдары, жазу және әңгімелеу мәнері мүлдем өзгеше, тосын құбылыс еді.

«Бір өзі – бір академия» атанған ұшан-теңіз білім иесінің ғылымға қосқан үлесі өлшеусіз. Қазіргі еліміздегі тарау-тарау жолдарымен даралана дамыған гуманитарлық ғылым салаларының – археологияның, этнологияның, өнертанудың, көне жыр-аңыз зерттеулерінің бастау бұлақтарының бір көзі – Әлкей Марғұлан.

Ғалымның ізденгіштігі мен тапқыштығының маңызды айғағы дерлік үлкен бір табысы – қазақтың біртуар, данышпан перзенті Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов еңбектерін іздестіру, табу, қалпына келтіру, жариялау жолындағы қажырлы еңбегі.

Отандық тарихи ғылымда шоқантанудың жеке ғылыми сала ретінде пайда болуы мен дамуына арналған зерттеулер жоқ. Ал ұлы ғұлама Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметін, оның мұрасын, сонымен бірге

оның айналасын (туған туысқандарын, қызметтестері мен замандастарын) зерттеу саласының өзі *шоқантану* (орысша баламасы – чокановедение, валихановедение) деп жеке белгілі.

Әлекеңді де, оның ғылыми мұрасын сақтаушы Дәнел Әлкейқызын біз баршамыз білеміз, сыйлаймыз. Әсіресе әке мұрасының шыршырғасын шығармай сақтағаны үшін Дәнел апайға қазақ халқы көп қарыздар. Оның бастамасымен Шоқан мұрасына қатысты материалдар академиктің көптомдық шығармалар жинағының 10-шы томында жарияланды. Тек өкініштісі, ғылыми талдау, комментарийлер, анықтамалық берілмеді [1].

Ғалым-зерттеуші Ж.А. Ермекбай өзінің Шоқанға арналған еңбегінде былай деп жазады: «Много сделал в этом направлении академик А.Х. Маргулан, который по праву считается одним из первых казахстанских биографов Чокана Валиханова. Именно при его непосредственном участии читатели впервые познакомились с трудами выдающегося ученого и просветителя» [2]. Бірақ, біздің ойымызша, автор өз монографиясында Әлекеңнің шоқантануға қосқан үлесін толық ашпады, мүмкін, ондай мақсат қойылмаған болар.

Марғұлантанушылардан біз қарастырып отырған зерттеу саласына шолу жасаған Марван Хамитова. Өзінің монографиясының 4-ші тарауын академиктің Шоқан шығармашылығын зерттеуіне арнаған. Автор Әлекеңнің Шоқан тақырыбына үңіле бастауы 1920-шы жж. Ленинград университетінде оқи жүріп, бай архивтер, музейлер мен қолжазбалар қорларында, соның ішінде, Ғылым Академиясының мұрағатында Ш. Уәлиханов қорымен танысуынан болған деп дұрыс пайымдау жасайды [3, 447-456 бб.].

Кеңес дәуірі кезеңінде, 1940-жж. қарай, Ш. Уәлихановтың шығармашылығы мен өмірдерегін іздестіру, табу және зерттеу жұмыстары қоғамның кең ауқымды қатысуымен басталады. Қазақстан зиялылары Шоқанның шығармалар жинағын тез арада басуды, ол туралы биографиялық мәліметтерді жариялау мәселесін бір неше рет көтерді [4, с. 8].

Осы жұмысқа Ә. Марғұланның араласа бастауы сол уақытқа жатады. Бұны 1941 ж. Шоқан туралы жариялаған алғашқы мақалаларынан байқаймыз [5, б. 73]. Ал 1940-шы жж. соңында және 1950-ші жж. басында Орталық Қазақстанның көне мәдениетін зерттеп болған соң, Әлекең 1955 жылы Шоқан тақырыбына қайта оралады.

Марғұлан мұрасымен жете танысқан кезде аңғарғанмыз, Әлекеңнің жас шағында жарияланған бірсыпыра дүниесі әлі еленбей жүрген сияқты. Ол студент кезінің өзінде өндіріп еңбек еткені белгілі. Тіпті сол кездегі жасаған аудармаларының қайсыбірі бүгінде назардан тыс қалған [6, 15-16 бб.].

Жедел түрде Әлекеңнің бастауымен 1958 ж. Шоқанның таңдамалы шығармалар жинағы бір том болып жарық көрді. Ал 1957–1967 жж. көп

жылдар бойына талмай іздену нәтижесінде Ә. Марғұланның басшылығымен зерттеушілер тобы Ш. Уәлихановтың бес томдық академиялық жинағын дайындап жариялады. Бұл ұлан-ғайыр еңбекті атқаруда Әлекең дем берген Қаныш мен Мұхтар сияқты қазақтың аяулы азаматтары еді [5, б. 34].

Әлекең бүкіл КСРО-дағы архивтерді ақтара отырып, Шоқанның қаламынан туған 300-ден астам шығармасын тапты. Оларға ғылыми редакция жасап, бүкіл қара жұмысын атқарды. Ал Шоқан жазбаларының көпшілігі бұрын жарық көрмегенін, жазу тәсілінің қиындығын, ойлау жүйесінің тым еркіндігін, кей жұмысының шала аяқталғанын ескерсек, Әлекең атқарған жұмыс бағасы белгілі болды. 1960–1970-шы жж. ғалымның Шоқан туралы көптеген мақалалары ғылыми және көпшілік басылымдарда жарияланады.

Шоқан шығармаларын жинау, бастыру үстінде Әлкей Марғұлан ол туралы көлемді монография жазды. Бұл жұмыста Әлкей Хақанұлы қырғыз эпосы «Манастың» әртүрлі нұсқаларын салыстыра отырып, зерттеудің нәтижесінде ғылыми талдау жасап, Ш. Уәлихановтың «Манасты» зерттеуге қосқан үлесін де анықтап, нақтылай түсті [7]. Қазақтың ойшыл-ғалымы Шоқан Уәлихановтың өмір жолы мен шығармашылық еңбектерін түгел қамтып, толық танытқан бұл зерттеудің маңызы ерекше.

Дегенмен Ленинград қаласында «дворяндар» мұрағатында сақтаулы Шоқан Уәлиханов өмірі мен шығармашылығына байланысты әлі де алынбаған қаншама құнды құжаттардың бар екенін, бұл құжаттарды тек мемлекет тарапынан талап ету арқылы ғана қайтарудың мүмкіндігін 1970-шы жылдары «Шоқан оқулары» барысында теледидардан Әлкей Марғұлан көп мәрте қайталай айтқан еді [3, б. 450].

Бұл туралы академик бабамыз былай еске түсіреді: «Шоқанның мұраларын мен студент кезімнен зерттеп келемін. Оның көбі жарыққа шығып, бес том болып топталды. Бірақ Шоқанның ойымен әдемі жазылған (қол қойылмаған) материалдар әлі де көп кездеседі. Оларды жиып бастырса, өзі бір том болып шығуы анық. Бұлар – көбінесе саясат, тарих, этнография, өнер, дін туралы ойлары» [8].

Шоқан Уәлихановтың 150 жылдығына байланысты бес томдық жөнделіп, толықтырылып, қайта басылғанда, Әлекең қартайса да, игі істің басында жүрді. Бірақ Әлекең өзі айтқандай, орыстың әскери ведомстволарында жатқан көптеген қағаздарды қолға түсіру мүмкін болмады. Өз уақытында Ә.Х. Марғұлан 5-томдыққа еңбеген шығармалар тізімін құрастырған еді. Олардың жалпы саны – 91. Ал жарияланған мәтіндерде өз-ара сәйкессіздік болды, бұл сол заманның идеологиялық тұрғысынан туған еді [4, б. 25].

Осылайша Әлекеңнің еңбегімен отандық шоқантану 1950-жж. соңы мен 1960-жж. басында жаңа сатыға көтерілген болатын. Ә.Х. Марғұлан мен бірқатар ғалымдар ұжымының маңдай тері еңбегінің нәтижесінде

Ш. Уәлихановқа қатысты одақтық мұрағаттары мен кітапханалары, құжат материалдарымен танысу арқылы қоғамдық өміріне қатысты біршама жұмыстар жүргізілген. Осыдан кейін ағартушының қоғамдық-саяси көзқарасын анықтау мүмкіндігі ғана қалыптаспай, сонымен қатар орыс және әлемдік шығыстануда Қазақстан, Орталық Азияны зерттеу мүмкіндігі туды. Оның көптеген мақалалары, кітаптары санына қарамастан, шығармашылығы мен өмірін зерттеу әлі де болса аздық етті [9, 6-7 бб.].

«Әлкей Марғұлан өзінің ғылыми ізденістерінде бірталай мәселелерді көпжақты жоспарымен ескере отырып, және оның әр қайсысы ондаған ғалымдардың көпжылдық зерттеуін қажет етер еді», – деп жазған академиктің шәкірті, белгілі этнограф Х. Арғынбаев [10, 34-35 бб.].

«Шоқан туралы терең зерттеу еңбектер жазып, жан-жақты зерттей алған бірден-бір ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұлан. Басқа зерттеушілер болмады демейміз, бірақ Шоқанның данышпандығын халыққа оны өз деңгейінде жеткізген тек Әлкей Марғұлан ғана» – деген тарихшы, шоқантанушы Е.Ж. Уәлиханов [4, б. 140].

Шынында да солай, себебі Ә.Х. Марғұлан нағыз энциклопедист ғалым еді. Ол филолог, өнертанушы, археолог, этнограф, публицист, қырқыншы жылдардағы кейбір мақалаларын қарасақ, нағыз әдебиеттанушы. Шоқан да этнограф, биолог, тарихшы, мәдениеттанушы, публицист, тіпті жазушы дейміз. Оның эпистолярлық мұрасы – үлкен әдеби шығарманың жүгін арқалаған дүние. Отыз жасқа толмай өмірден өткен бір ғана тұлғада жан-жақты қабілеттердің бірдей қалыптасуы оның данышпандылығы.

Данышпандылықты – Құдай берді, қазақ дүниесі – Шоқанды данышпан қылып шығарды. Ә. Марғұлан да данышпандардың қатарында. Сондықтан да Шоқанды терең әрі жан-жақты зерттей алды. Шоқанды түсіне білді. Шоқандай тұлғаны зерттейтін адамға, ең алдымен, үлкен білгірлік, ғұламалық қасиет қалыптасу керек.

Осылайша өмірінің ең ұтымды сәттерін Әлекең Шоқанның өмірі мен шығармашылығын зерттеуге, ұлы ғұламаның еңбектерін басып шығаруға арнаған болатын. Жүз елу жыл бұрын өткен ғұламаның әр жерде шашылып жатқан, тіпті кейбірі қолды болған еңбектерін жинап, замандастарының өзі оқып шыға алмаған қолжазбаның мағынасын ашу, асқан табандылықты, ерлікті, даналықты қажет етті. Ал бұған Әлекеңнің санаулы өмірдегі қаншама уақыт кетті десеңізші.

Әлкей Хақанұлы Шоқан еңбектерін қаз қалпына келтіріп қана қойған жоқ, байыпты зерттеді. Шығу тарихын, ой түйісін көпке ұқтырды. Көп мақалаларына түр, түс, нәр берді. Өскен ортасын сипаттап, барлық пікірлес, мақсаты бір жолдас-жораларына дейін тауып, халық ұлының өшіп бара жатқан бейнесін жаңғыртып, патриоттық үлкен қызмет атқарды. Кейде біреудің еңбегіне берген түсініктердің өзі де тың жол салумен пара-пар.

Ә.Х. Марғұлан сияқты үлкен ғалымның қалтықсыз көңіл, адал ниетін өз әңгімесінен де аңғаруға болады: «Мен өмірімнің ең жеңіс беретін шағын, қайрат-қуаты мол жылдарын Шоқанды әлемге танытуға арнадым. Мүмкін сол себептен кезектегі өзімнің еншімнен қағыс қалған шығармын, көкіректе сайраған талай ойлар бар еді. Бірақ, өкінбеймін. Шоқан көп адамдар ғұмырын арнауға тұратын жан. Ол өте алғыр, көптеген ұшқыр ойдың иесі еді, оның еңбегінің ұрпаққа түгел жеткізбеуі обал болатын болды», – деп естелік еткен [11, 33 б.].

Шоқантану саласындағы тағы бір түйткілді мәселе – ғалымның әлі де болса жарияланбаған еңбектерінің, Шоқанға қатысты тың құжаттардың болуы. Осыған орай, 2010 жылдың күзінде С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне академиктің жеке мұрағаты түскен. Бұған дейін бұл қор Дәнел апайдың қолында сақталған еді.

Сол бай қорды зерттеу үшін оқытушылар мен студенттерден тұратын жұмыс тобы құрылған еді. Зерттеу барысында жинақталған құжаттардың шамамен 80 пайызы Әлкей атамның Шоқан мұрасын зерттеуге арналған материалдары болып шықты. 2010–2011 жж. Ә.Х. Марғұланның Шоқан мұрасын зерттеуге арналған құжаттары университет ғалымдары мен студенттерінің зерттеу нысанына айналды.

Жеке архив құжаттары Әлкей Хақанұлының шоқантану ісіне қосқан зор үлесін ашып көрсетті. Сол материалдардан ғалымның 1941 ж. бастап 1985 ж. дейін, яғни дүние салғанға дейін Шоқан мұрасын зерттеумен айналысқанына көзіміз әбден жетті. Негізінен, архивте 1956–1967 жылдары Ш.Уәлихановтың алғашқы 5-томдық жинағын дайындағанда жинақталған құжаттар мен материалдар шоғырланған еді.

Зерттеулер нәтижесінде екі басылым жарық көрді: «Опись рукописного фонда – личного архива академика А.Х. Маргулана» және «Из наследия А.Х. Маргулана» атты құжаттар мен материалдар жинағы (қосымшаларды қараңыз). Өкініштісі, қаржы тапшылығына қатысты бұл басылымдар аз таралыммен шығып, көпшілік орындарға жеткізілмеді [12, 13].

2012 жылдың күзінде Дәнел Әлкеевнамен келісілгендей ғалымның мұрағаты толығымен астанамыздағы Қазақстан Республикасының Ұлттық архивіне тапсырылды. Қазірде осы құнды дүние сонда сақтаулы және Шоқанның мұрасын зерттеймін деген ізденушілерге қол жетімді [14].

Данышпанды танитын данышпан ғана. Бұл ақиқат! Дара тұлға Абайды дара туған Мұхаң танытса, Данышпан Шоқанды ғұлама Әлекең ғылымға, барша жұртқа танытты. Бұл оның нағыз ерлігі, ғылымдағы ерлігі. Сірә, тұлғаның ғұламалығы, данышпандығы дегеніңіз де осы болса керек!

Академик Ә.Х. Марғұланның шоқантанудың негізін қалай отырып, кешенді түрде жүргізген зерттеулері – ұлттық тарихи-мәдени мұраны зерделеуде өзінің жан-жақтылығымен, құндылығымен бағаланады.


Ғалымның мұндай зерттеулері бай да, құнды мазмұнға ие болып, үлкен ғылыми мұраның бір бөлігі ретінде өткен сәтті өз бойында сақтау арқылы оны бүгінгі күннің жас ұрпақтарына паш ету өз міндеті деп түсінген.

Қорыта келе, Шоқантанудың алғашқы және соңғы болып негізін қалаған академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан. Және де бұл келер ұрпаққа үлгі болатындай өшпес мұра дейміз.


Әдебиеттер

1. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. – Алматы: Болашақ, 2011. – Т.10. – 592 б.
2. Ермекбай Ж.А. Судьба и наследие Чокана Валиханова. – Нур-Султан: Изд-во НАО «Казахстанский институт общественного развития «Рухани жаңғыру»», 2020. – 276 с.
3. Хамитова М. Әлкей Марғұлан және мәдени мұра: ғылыми-танымдық зерттеу. – Алматы: Орхон, 2019. – 488 б.
4. Шоқан Уәлиханов және ХХІ ғасырдағы гуманитарлық ғылым: көрнекті қазақ ғалымы Ш.Ш. Уәлихановтың 175 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (Алматы қ., Алматы облысы МК «Алтын-емел», 5–6 қараша 2010 ж.). – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 560 б.
5. Марғұлан Ә.Х. Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына мәліметтер. Құраст.: Артықбаев Ж., Кадысова Р., Рахимов Е. және т.б. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 148 б.
6. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. – Алматы: Алатау, 2007. – Т. 1. – 608 б.
7. Марғұлан Ә.Х. Шоқан және «Манас». – Алматы: Жазушы, 1971. – 164 б.
8. Марғұлан Ә. Шоқанның жарияланбаған ойлары // Қазақ әдебиеті. – 1980. – 4 қаңтар.
9. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Чокан Валиханов – востоковед. – Алма-Ата: Наука, 1985. – 111 с.
10. Хамитова М.А. Алькей Хаканович Маргулан (1904-1985): портрет человека и ученого // Материалы научно-практической конференции «История, археология и этнография Павлодарского Прииртышья». – Павлодар, 2000. – С. 34-36.
11. Уәлихан Ш.-А.Ы. Жол үстіндегі жұлдыз // Парасат. – 1998. – №5. – 32-34 б.
12. Опись рукописного фонда – личного архива академика А.Х. Маргулана. Сост.: Рахимов Е.К. и др. – Павлодар: Кереку, 2011. – 160 с.
13. Из наследия академика А.Х. Маргулана: сборник документов и материалов из рукописного фонда – личного архива ученого. Сост.: Е.К. Рахимов и др. – Павлодар: Кереку, 2011. – 200 с.
14. Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві = Национальный архив Республики Казахстан. Қор/фонд 195 – Алкей Марғұлан Хаканұлы.

ҚОСЫМШАЛАР



1. Академик Ә.Х. Марғұлан архивіндегі құжаттардың тізбесі (мұқаба).



2. Академик Ә.Х. Марғұлан архивінің кейбір құжаттарының жинағы (мұқаба).

Д.С. Құрмантай

Ғылыми жетекшісі: К.Б. Айдаркенова

Павлодар педагогикалық университет, г. Павлодар

kurmantay03@inbox.ru

ӘЛКЕЙ ХАҚАНҰЛЫ МАРҒҰЛАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Андатпа. Мақалада көрнекті академик, ғалым, археолог Әлкей Хақанұлы Марғұланның ғалымға қосқан үлесі жайлы айтылған. Материалдық мәдениет пен көне өнер ескерткіштерін, қазақ халқының әдебиеті мен тарихи-ерлік эпосының мәселелерін зерттеуге талдау жасау. Ә.Х. Марғұланның арқасында тарихи-археологиялық және этнографиялық зерттеулердің базасы қалыптасты.

Тірек сөздер: археология, этнография, ескерткіштер, мәдениет, экспедиция, академик.

Аннотация. В статье рассматривается вклад выдающегося академика, ученого, археолога Алькей Хакановича Маргулана. Анализ исследований памятников материальной культуры и древнего искусства, вопросы литературы и историко-героического эпоса казахского народа. Благодаря А.Х. Маргулану была сформирована база для исторических, археологических и этнографических исследований.

Ключевые слова: археология, этнография, памятники, культура, экспедиция, академик.

Summary. The article discusses the contribution of the outstanding academician, scientist, archaeologist Alkey Khakanovich Margulan. Analysis of studies of monuments of material culture and ancient art, issues of literature and historical and heroic epos of the Kazakh people. Thanks to A.Kh. Margulan, a base was formed for historical, archaeological and ethnographic research.

Keywords: archeology, ethnography, monuments, culture, expedition, academician.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан есімін барлық қазақ жұрты таныған, әлемдік ғылымда өзіндік рөлі ойнайтын ұлы тұлға. Әлкей Марғұлан сексен жылдық ғұмырында талай мұра мен жазбалар қалдырды. Қазақстанды жаңа қырынан танып білуге жол ашты, ұлттық археологиялық мектебінің негізін қалаушыға айнала алды. Әдебиеттанушы, өнертанушы, шығыстанушы атты атақтарды бір басына сыйдырып, бүкілодақтық география қоғамының сөнбес жұлдызы іспеттес рөл атқарды.

Ол кісі 1904 жылдың 11-мамырында қасиетті Баянауыл топырағында дүниеге келді. Ә.Х. Марғұлан алғаш рет Сарыарқаны өз бағытымен қамтыған ҚазКСР ҒА орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының ұйымдастырушысы және жетекшісі болды [1, б. 9]. «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан», «Орталық Қазақстандағы Беғазы Дәндібай мәдениеті» монографиялардың баспадан шығуы еліміздің ғылыми өміріндегі аса маңызды жаңалық болды. Зерттеушінің Қазақстан археологиясы, архитектурасы,

этнографиясы, ежелгі және орта ғасырлық тарихы, әдебиет және өнер тарихының басты мәселелеріне арналған 300 ден астам ғылыми және ғылыми-танымдық мақалалары жарық көрді. Академик Хақанұлы Марғұлан – жан-жақты ғалым. Зерттеген әр салаға өзінің мол мұрасын қосты. Археологиялық мұраны зерттеуі ең маңыздысы.

Археология ғылымы-қызығы мен шыжығы бір жүретін, ұлт тарихын жандандыратын, асыл мұраларға жол ашатын, халықты қазынаға байытатын ұлы күрес жолы. Ленинградта білім алып келген академик осыны жақсы ұғына алғандай. Уақытысында қазақ жерінде сақталған көне ескерткіштер туралы жазылған деректерді терең зерттеп, олардағы мәліметтердің тым аз екенін, елдің жердің тарихын толықтыратын тек археология екеніне көзі жетті. Ә.Х. Марғұлан археологиялық ғылымның барлық мәселелеріне тоқталып, және де өзінен кейінгі зерттеушілерге бағыт бағдар көрсетіп, саралап жол салып берді. Өзінің Н.Э. Манасовпен сұқбатында былай дейді: «Мен археолог ғалым М.П. Грязнов пен С.И. Руденконың экспедициясына қатыстым. А.Н. Бернштам, С.С. Черников, Л.Р. Кызласов және де еліміздің басқа да атақты ғалымдарымен жұмыс істедім. Өзімнің оқушыларым К.А. Ақышев, М.К. Кадырбаев Х.А. Алпыстаев, А.М. Оразбаевпен жұмыс атқардым» дей отыра археология туралы: «Археология дегеніміз – бұл өткен заман ескерткіштерін үздіксіз іздеу, заттай мәдениет комплекстерін, ерте замандағы адамдардың іздерін ашу. Өзімнің экспедициямды, адамдармен сұқбатымды, қазба жұмыстарымды, тапқан заттарымды еске алсам-бұл менің өмірдегі ең бақытты да қуанышты күндерім. Далада еңбектің бағасы, іске және сөзге деген адалдық сыналады, – деп жеткізген болатын [2]. Әлкей Марғұланның басқа зерттеушілерден ерекшелігін айта кететін болсам кейбір ғалымдар айтқандай тіршіліксіз дала, уақыт өте келе кейбір көшпенділердің жолы ғана түйісетін аймақ деген тұжырымдарды жоққа шығару болды. Ол осы аймақтарды өзге қырынан көріп, жаңаша түрде танып біле алды. Қазақстан жерінде көне мәдениеттің болғанын, бірақ әртүрлі жағдайларға байланысты олардың үзіліп, көне қоныстарды құм басқанын ғылыми тұрғыда анықтап, өз зерттеулерімен дәлелдеп берді. Тағы бір айта кетерлігі ғұлама ғалым қазақ даласында металлургияның даму тарихына көп көңіл бөліп, ежелгі металлургияның көптеген ескерткіштерін ашты және сипаттамасын берді. Олар: Жезқазған, Саяқ, Алабұға, Үрпек, Имантау, Шақпақ, Суық Бұлақ, Атасу. Ол өзінің еңбектерінде қазақ даласы алтын мен мыс елі екендігі туралы ертедегі Геродот, Әл-Идриси, Әбілғазы т.б еңбектерінде кездестіреміз деп елді жаңа қырынан ашқандай болды.

Ә.Х. Марғұлан алғашқы болып мәдениеттің және қалалық мәдениеттің бұрын айтылмаған куәларын тауып, жаңалық ашты. Ә.Х. Марғұланның этнография саласындағы еңбектеріне келетін болсақ оның әр жылдары жарияланған этнографиялық мақалаларымен қоса қазақтың қазақтың қолөнері жөніндегі еңбектері ерекше. Бірнеше жыл

этнография бөлімін басқара отырып Ә.Х. Марғұлан этнография ғылымының дамуына көп ықпал етті. Және де археолог көптеген еңбектерінде қазақтың көшпелі өміріне де жіті назар аударады. Мысалы, бір еңбегінде көшпенділер жайлы сөз қозғай отырып, тіпті көшпенділер заманындағы ат қасиеті мен күдіретін былай жеткізеді: көшпенділерге тән ширақтық пен үздіксіз қозғалыс атпен тығыз байланыста. Ат адамның өмірінде ерекше орын алады, ол жауынгерлік ерліктің серігі, ол қауіп-қатерден алып шығып отыратын айнымас дос. Көшпендінің санасында ат күн сипатты асыл зат болуымен қатар, дүниелік серік, батырлық эпосынан бізге жеткізгендей атты өзінің иесімен бірге көметін болған» – деп қазақ ғұмырындағы көшпенділер заманындағы әрбір қарапайым детальді, салт дәстүрді өз еңбектерінде жеткізіп отырған.

Оның 1950 ж. шыққан «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан» деген еңбегі ортағасырлық Қазақстанның, нақтылай түссек Жетісудан Оралға дейінгі қалалар жөніндегі бірінші еңбек болды. Осы келесі еңбегінде ғалым: археологиялық материалдар VI–VIII ғасырлар Орта Азия мен Қазақстанда қалыптасқан қоныстарды типтерге бөлуге негіз болды. Қоғамдық және тұрғын үйлердің қираған құрылыстарына қарап қоныстарды алты түрге бөлді: сауда және қолөнер қоныстары, әскери қамал, керуен сарайлар, жер шаруашылық қоныстары болды. Мұндай қоныс түрлері бір-біріне құрылыс техникасы жағынан ұқсас болғанымен, салу жоспарлары мен өлшемдерінде айырмашылықтар болды, – деп қорытты. Сонымен қатар осы еңбекте Қазақстандағы құрылыс өнерінің даму тарихыда сараланған.

Ғалым өз еңбектерінде орта ғасырлық қалаларды да назардан тыс қалдырмады және ортағасырлық қалаларды зерттеушілердің негізін қалаушыға айналды. 1946–1950 жж. Орталық Қазақстанда, Оңтүстік Қазақстанда, Талас Шу өңірлерінде және Батыс Қазақстан өңірлерінде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Және керуен жолдарына да аса мән беріп, Бетпақдала мен өтетін керуен жолдарын, Тараздан шыққан керуен жолдарын олардың бағытын негізгі белгілерін өз еңбектерінде атап көрсеткен. Мысалы Уанас және Жетіқоңыр жолдары туралы былай дейді: «Уанас және Жетіқоңыр жолдары оңтүстіктегі Отырар, Түркістан және Созақ қалаларынан басталған. Созақтан бірге шыққан бұл жол Шу өзеніндегі Тайөткел өткеліне жеткенде екіге бөлінген: бір жол Жетіқоңыр құмдарына қарай бет алса, ал екінші жол Сарысу, Есіл, Нұра өзендері алқабына Ертістің Төменгі ағысына дейін жалғаса берген» деп жазады еңбегінде [3, б.68-79]. Біз бұдан байқайтынымыз өз жұмысының майталманы болған археолог ғалым әр көне жолдың қай жолмен тоғысатынын және қандай маңызды рөл атқаратынын бәрінен жетік білген.

Ғалымның көзі тірісінде алған атақ абыройы да жетерлік болды: 1942 ж. Қазақ КСР Жоғары Советі грамотасымен; 1944 ж. Қазақ КСР Жоғары Кеңес грамотасымен; 1945 ж. «1941–1945 жж. Ұлы Отан

соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен, 1964 ж. Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Құрмет грамотасымен, 1967 ж. «Орталық Қазақстанның көне мәдениеті» атты монографиясы үшін Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Қазақ КСР ҒА-ның сыйлығына ие болды.

1991 ж. 28 тамызда ҚазКСР Министрлер кабинетінің № 496 (Ә.Х. Марғұлан атындағы Археологиялық институтын құру) жөніндегі қаулысы шықты. Қаулы бойынша жаңа құрылған Археологиялық институтына Қазақстан археологиясының негізін қалаушылардың бірі белгілі ғалымы археолог, тарихшы, филолог, этнограф республикалық ғылым академиясының академигі Әлкей Хақанұлы Марғұланның есімі берілді [4, б. 19].

Оңтүстік Қазақстан облысы, Астана, Павлодар, Екібастұз, Жезқазған қалалары мен Баянауыл ауданындағы мектептер мен көшелерге Әлкей Марғұланның есімі берілді. Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде Әлкей Марғұлан атындағы степендия тағайындалып, музей ашылды, әрі бұл шахарда ғалымның ескерткіші орнатылды. 2004 жылы Әлкей Марғұланның 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның шешімімен әлемдік деңгейде аталып өтілді.

Қорытындылай келе, Әлкей Марғұланның бізге берері өте көп болды. Қазіргі заманға дейін еңбектері өз құндылығын жоғалтпаған. Біз осы кісінің еңбектері арқылы елімізді таныдық, этнографиямызды білдік, тарихымыздың тағылымына бас ұрдық, жас ұрпақты сусындата алатын білімге жол аштық, әдебиетіміз бен төл өнерімізді көркемдей түстік.

Әдебиеттер

1. Қызласов Л.Р. А.Х. Марғұлан. К портрету ученого и человека // Ғұлама. Тағдыр. Тағылым (Әлкей Марғұлан туралы естелік мақалалар, деректі әңгімелер, очерктер, өлең арнаулар). – Павлодар, 2004. – 19-26-бб.
2. Марғұлан А.Х. Древние караванные пути через пустыню Бетпак-дала // Вестник АН КазССР. – 1949. – №1 (46). – С. 68-79.
3. Марғұлан А.Х. Сочинения том 3–4 Петроглифы Сарыарки // Алматы. – 2003. – 9-10.
4. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия / Ред. А. Абдулин. – Алматы: Атамұра, 2006. – 280 б.

А.М. Сыздыкова

Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар

aimeken@mail.ru

ПАМЯТНИКИ ДРЕВНЕЙ МЕТАЛЛУРГИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье описаны основные памятники древней металлургии Казахстана, основные процессы добывания руды и получения металла в древности. А.Х. Маргулан отмечал, что «во второй половине 2 тысячелетия до н.э. Центральный Казахстан стал одним из важнейших центров металлургии на Евразийском континенте».

Ключевые слова: древняя металлургия, эпоха бронзы, орудия труда.

Андатпа. Мақалада Қазақстандағы ежелгі металлургияның негізгі ескерткіштері, ежелгі дәуірдегі кен өндіру мен металл өндірудің негізгі процестері сипатталған. Ә.Х. Марғұлан «б.з.б 2 мыңжылдықтың екінші жартысында Орталық Қазақстан Еуразия құрлығындағы маңызды металлургия орталықтарының біріне айналды» пікір білдірген.

Тірек сөздер: ежелгі металлургия, қола дәуірі, еңбек құралдары.

Summary. The article describes the main monuments of ancient metallurgy in Kazakhstan, the main processes of ore mining and metal production in antiquity. A. Margulan noted that “in the second half of the 2nd millennium BC Central Kazakhstan has become one of the most important centers of metallurgy on the Eurasian continent.”

Keywords: ancient metallurgy, Bronze Age, tools.

Становление древней металлургии, основанной на массовых разработках медных и других полиметаллических руд на территории Казахстана происходит во второй половине 2 тысячелетия до н.э. Местами разработки месторождений полезных ископаемых в древности являлись Джекказган, Коргасын, Майкаин, Текели, Карагайл, Шатыркол и др. К памятникам древней металлургии относятся многочисленные древние разработки меди и других металлов, поселения горняков и металлургов, фрагменты плавильных печей разных конструкций, шлаки, формы для литья, большое количество орудий из камня для операций металлургического процесса. Многие поселения древних горняков и металлургов функционировали длительное время – с ранне-бронзового века до позднего средневековья. Например, поселение Соркудук по результатам анализа данных было датировано двумя периодами: эпохе бронзы и раннему средневековью [1, 26]. Здесь было обнаружено восемь плавильных печей, скопление шлаков, окисленных руд, обломки тиглей и других орудий труда металлурга, относящихся к разным культурным слоям. В технической литературе древние работы на месторождениях названы «чудскими» [1, 27].

Первые сведения о горных разработках и древней металлургии Казахстана мы находим в трудах и путевых заметках Д.Г. Мессершмидга, Г.Ф. Миллера, П.С. Палласа, Н.П. Рычкова, Г. Розе. Однако их сведения

отрывочны, более детально недра Сары-Арки исследовались в конце VIII и в начале XX века геологами Г.Д. Романовским, А.А. Краснопольским и другими. По данным геолога С.Х. Болла, в геологическом докладе 1910 года «О владении атбасарских медных промыслов» говорится, что количество добытой в древности руды определяется в миллион тонн. Казахстанскими учеными накоплен значительный материал, касающийся многих аспектов древнего металлургического производства, начиная с добычи и переработки руды и заканчивая выплавкой металла и получением готовых изделий. Данная тема нашла отражение в ряде статей и монографий К.И. Сатпаева, А.Х. Маргулана, Н.В. Валукинского, С.С. Черникова, М.К. Кыдырбаева, Ж.К. Курманкулова, С.У. Жауымбаева. Благодаря научным исследованиям этих ученых мы имеем представление о древней металлургии наших предков. Общее количество добытых руд в древних рудниках только Центрального Казахстана нам пока точно неизвестно. Однако самый скромный подсчет геологов говорит, что только в древнем Джекказгане было добыто не менее 1 млн. тонн, на Успенском 200000 тонн, на Кенказгане – 800000 тонн богатых медных руд. По данным К.И. Сатпаева, древние рудокопы добывали руду с содержанием меди свыше 10–12% [2]. А.Х. Маргулан отмечал, что «во второй половине 2 тысячелетия до н.э. Центральный Казахстан стал одним из важнейших центров металлургии на Евразийском континенте». Сегодня мы говорим о развитии металлургического производства и в Восточном Казахстане, и в Северном Казахстане.

Свидетельством являются памятники горного дела и древней металлургии, которые дошли до нас в виде выработок на медь, олово, свинец и др.; в виде медеплавильных комплексов на долговременных поселениях андроновцев. К сожалению, нельзя не отметить факт, что эти памятники подвергались разрушению рудниками, существовавшими в более позднее время и разрушаются современными горными работами.

Одни из больших древних карьеров, которые в виде ям, траншей, канав тянулись на несколько километров были обнаружены на участке Кресто в месторождениях Жезказгана. Выработки имели длину 30 м, ширину 10 м, глубину 4 м. На Спасском участке обнаружено девять разработок, самая большая копь имела длину 18 метров, ширину 101 метров, глубину 55 метров.

Поселения древних металлургов обязательно располагались в «шаговой» доступности к источникам воды и топлива, необходимых для металлургического процесса. Топливом служил уголь, который получали из древесины. По подсчетам Н. Валукинского на 15–20 кг выплавленной меди потребность топлива составляла около 1 тонны. В центральном Казахстане найдены поселения, расположенные по долинам рек Нура, Сарысу, Атасу, Ишима, Селеты, Шидерты, Жарлы. К хорошо исследованным памятникам металлургического производства древнего Казахстана

относятся поселения металлургов Атасу 1, Милыкудук, Талдысай, Канай, Мыржык, Алтын-тюбе, Шет.

Одним из таких поселений является Атасу-1 (Центральный Казахстан). Уникальность поселения в том, что здесь обнаружены и исследованы памятники полного металлургического цикла первобытного производства: конструкция печей; орудия труда; загрузка, плавка металла с последующим литьем, а также другими дополнительными операциями [3].

Медеплавильные печи поселения Атасу-1 представляют собой конусообразные сооружения – так называемые печи шахтного типа, основная и рабочая части которых располагаются на материковом слое. Печи были сооружены из местного материала с применением огнеупорной глины и плит крупнозернистого гранита. Внутри древние печи перед каждой плавкой обмазывались глиной. Иногда толщина внутренней обмазки доходило до 20–25 см. Печи имели воздуходувные канала фуры, в некоторых печах воздуходувные каналы были найдены в двух или трех местах, спирально опоясывая стенки печи, были направлены вниз. Видимо, печи Атасу-1 работали при мощном искусственном дутье воздуха. Дымоходы длиной 10 и более метров, во-первых, обеспечивали сильную тягу, во-вторых, возможно, служили для сушки глиняных сосудов. Реконструкция показала, что печи Атасу-1 по функциональному назначению можно разделить на четыре разновидности: для получения древесного угля, обжига руды, получения так называемого штейна-промежуточного медно-железистого сернистого вещества, черновой меди и последующего его рафинирования в тиглях. В целом исследованные древние металлургические печи демонстрируют высокий профессионализм мастеров-металлургов эпохи бронзы. Об этом свидетельствует продуманность и целесообразность конструкций воздуходувной системы, дымоходы с разветвлениями, разновидность размещения тиглей и т.д. [1, 55]. О существовании многоэтапной плавки меди говорят спектральные и химические анализы шлака, также орудия труда, обнаруженные при поселении [3]. На поселениях металлургов Атасу вблизи печей обнаружены устройства для содержания продуктов первичной плавки – прямоугольные площадки размером приблизительно 24 кв. м с ямками, заполненными плохо отчищенным от шлака металлом. Эти платформы использовались для сбора черновой меди. [1, 50].

Заслуживает внимание поселение Талдысай – один из центров древней металлургии. По мнению Ж.К. Курманкулова, он является вторым крупным металлургическим центром после Атасу. Селение Талдысай расположено в Карагандинской области, в 80 км от города Жезказгана. Изначально в бронзовом веке в Талдысае перерабатывали, добытую в Жезказгане медь. Здесь имеются конструкции печей, предназначенные для кучевого обжига, для выплавки измельченной руды; имеется источник воды для промывки и обогащения [3]. Медеплавильные ямы – печи

устроены в материке и подразделяются на 4 типа. Разнообразие в конструкциях печей обусловлено многоступенчатым процессом плавки меди.

Цикл работ древних рудокопов и металлургов представляется нам в следующей последовательности: разведывательные операции (обнаружение наличия медной или оловянной руды, нащупывание жил), добыча и сортировка на руднике, транспортировка, обогащение, которое производили у водных источников или на поселении, заготовка топлива – древесного угля, плавка руды и литье. Во всех операциях, видимо, участвовали несколько десятков человек. Добыча руды, возможно, носила сезонный характер.

Мы можем предполагать, что в результате практического опыта древние знатоки руды постепенно освоили различные способы поисков металлических руд. После обнаружения каких-либо внешних признаков наличия медной или оловянной руды в том или ином месте осуществлялись дальнейшие разведывательные операции. Закладывались пробные ямы, канавы и другие углубления уже для нащупывания жил [4].

Изучение памятников позволило сделать вывод, что широко распространенным методом разработки руд Центрального Казахстана в эпоху бронзы, видимо, являлся способ открытого карьера. Открытые карьеры длиной в несколько десятков и сотен метров, встречающихся в древних разработках Джекказгана, Саяка, Коунрада, судя по размерам, видимо, разрабатывались на протяжении нескольких столетий [3].

Не исключено, что проходки методом штольни и шахты сосуществовали с открытыми карьерами. Свидетельством того являются Алтынтобе и Босагы, находящиеся среди открытых карьеров.

Известны три способа добыча руды: кайлование, метод «огневой проходки», подкоп. Добытую руду подвергали первичной сортировке и измельчению непосредственно внутри карьера. В качестве орудий труда использовались молотки и рудодробилки, колотушки из рога марала, а также вытянутые цилиндрической формы песты и терочки. Поэтому вокруг карьеров появлялись отвалы. К месту вторичной сортировки и промывки руду доставляли в кожаных мешках. Для промывки руды создавались искусственные плотины на берегах рек или родников, такие плотины обнаружены археологами поблизости поселений древних металлургов Атасу, Милыкудук. Дробление, толчение и растирание руды производились на каменных плитах (Талдысай).

Решающее значение имели температурный режим при нагревании рудной масс и последующем ее охлаждении, скорость процесса плавления руды [1, 39].

Получение меди из руд осуществлялось по следующей схеме: 1) обогащение руды (получение моноконцентрата), 2) обжиг руды или концентрата при температуре 320–400°C, 3) плавка и получение штейна, 4) конвертирование штейна и получение черновой меди, рафинирование меди. [1, 47, 116,41].

Литье и дальнейшая доработка готовых изделий производились непосредственно на поселениях, о чем свидетельствуют многочисленные находки литейных форм, тиглей, льячек. Профессионально выделившиеся общинные мастера в совершенстве владели всеми способами литья и кузнечной ковкой бронзы, а также видами термической обработки металла. Древние литейные формы делались из камня, металла и глины, причем в преобладающем большинстве случаев они состояли из нескольких складывающихся между собой частей и чаще всего из двух створок. Для литья сложных металлических изделий часто делались восковые модели. Они осторожно покрывались слоем глины, образующим литейную форму, при подогреве которой воск растапливался и вытекал, оставляя пустое пространство для заливки металла. После его застывания из литейной формы извлекались уже готовые металлические изделия, требующие, в зависимости от функционального назначения зачистки, проковки или заточки [4]. Металлургические исследования бронзовых изделий из поселений Атасу-1, Мыржык, а также могильников Атасу, Сангру, Ак-Мустафа, Шет показали, что основные вещи отливались в одностворчатой или двухстворчатой формах.

Анализ данных технологического процесса свидетельствует о прекрасном знании мастерами-литейщиками поведения сплавов, учета функции изделия и состава сплава, что предполагает не только наличие профессиональных навыков, но и определенную специализацию. Данные спектрального анализа шлаков свидетельствуют о мастерстве литейщиков металла бронзового века, так как они получали медь и бронзу высокого качества, все «лишние» элементы отшлаковывались. [1, 40].

В горном деле и металлургии Центрального Казахстана активно использовали орудия из камня: молоты, песты, кайла, ступы, терки, клины. В целом, в эпоху бронзы в хозяйстве и быту андроновцы продолжали использовать каменные орудия. Из камня делали только те орудия, которые нельзя было изготовить из металла или же на изготовление которых требовалось много металла. Однако на поселениях Центрального Казахстана бронзовые орудия встречаются редко, это объясняется, видимо, тем, что после определенного срока их переплавляли и отливали заново.

Все эти важнейшие технические достижения явились базой для открытия и освоения нового сырья для изготовления орудий труда – железа.

Директор Исследовательского центра древневосточной азиатской железной культуры профессор Ясуюки Мураками предполагает, что печи для плавки железной руды начинали строить именно в Центральной Азии, в Казахстане. С 2009 года карагандинские археологи ведут раскопки поселения Алат эпохи бронзы в Каркаралинском районе. Ученые не сомневаются, что здесь, в Кентских горах, было специализированное поселение древних металлургов. В 2016-м археологи Казахстана и Японии раскопали 4 бронзолитейные печи и 3 железоварочных горна. [5]

Список использованных источников

1. Кузнецова Э.Ф., Тепловодская Т.М. Древняя металлургия и гончарство Центрального Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1994. – 207 с.
2. Жауымбаев С.У. Древняя металлургия и горное дело Центрального Казахстана (эпоха бронзы) <http://www.dissercat.com/content/drevnyaya-metallurgiya-i-gornoe-delo-tsentralnogo-kazakhstana-epokha->
3. Талдысай – древний центр металлургии. <https://e-history.kz/ru/news/show/3844/>
4. Жолашарова Г. Древняя металлургия эпохи бронзы Улытау – Жезказганского региона // Жезказганская правда. – 2013. – 28 июня (№25). – С.6
5. Истоки древней металлургии // Казахстанская правда. – 2018. – 19 сентября // <https://www.kazpravda.kz/articles/view/istoki-drevnei-metallurgii>.

А.А. Калиева

*учитель казахского языка и литературы КГУ «Средняя школа №8 г. Аксу»
ajgul-2018@list.ru*

АЛЬКЕЙ МАРГУЛАН – БОГАТСТВО НАЦИИ

Аннотация. Алькей Хаканович Маргулан – феноменальное явление в истории отечественной науки, основоположник археологии и этнографии в Казахстане. А.Х. Маргулан был первооткрывателем в исследовании духовных святынь своего народа, первооткрывателем веками скрытых тайн истории народа. Проехав десятки тысяч километров по Казахстану от его западных границ через весь Центральный Казахстан до северо-восточных и восточных пределов нашей родины, он открыл и описал памятники материальной культуры с эпохи бронзы и ранних кочевников до позднего средневековья, изучал обычаи и традиции казахов, эпические сказания, легенды и предания, места обитания протоказахских племен.

Ключевые слова: археология, А.Х. Маргулан, история науки, первооткрыватель, археолог, этнограф, фольклорист.

Андатпа. Әлкей Хаканұлы Марғұлан – отандық ғылым тарихындағы өте сирек кездесетін құбылыс, Қазақстан археологиясы мен этнографиясының негізін қалаушы. Ә.Х. Марғұлан өз халқының рухани қасиетін зерттеуде алғашқылардың бірі болды, халық тарихындағы ғасырлар бойы тұнған құпияларды алғашқы болып ашты. Қазақстанның батыс шекарасынан бастап Орталық Қазақстан арқылы отанымыздың солтүстік-шығыс және шығысына дейін ондаған мың шақырымды жүріп өтіп, ол қола және ерте темір дәуірінен бастап кейінгі ортағасырларға дейінгі ескерткіштерді ашып, сипаттады, қазақ халқының салты мен дәстүрін, эпикалық әңгімелерін, аңыздарды, қазақ тайпаларының қоныстанған жерлерін зерттеді.

Тірек сөздер: археология, Ә.Х. Марғұлан, ғылым тарихы, алғашқы, археолог, этнограф, фольклорист.

Summary. Alkey Kh. Margulan is phenomenon in the history of national science, founder of archaeology and ethnography in Kazakhstan. A.Kh. Margulan was pioneer in the study of spiritual sanctuaries of his people, pioneer for centuries hidden secrets of the history of the people. Having traveled tens of thousands of kilometers across Kazakhstan from its western borders across Central Kazakhstan to the northeastern and eastern limits of our homeland, he discovered and described monuments of material culture from the

Bronze Age and early nomads to the late Middle Ages, studied customs and traditions of Kazakhs, epic tales, legends and stories, places of living of Proto-Kazakh tribes.

Keywords: archaeology, A.Kh. Margulan, history of science, pioneer, archeologist, ethnographer, folklorist.

Широкая казахская степь была благословенной землей многих Тарханов и великих ученых, проливших миру свет науки и образования. Интеллектуалы нации, осознавшие свою благородную созидательную жизнь как высший пьедестал жизни, оставили неизгладимый след, вечный след в знании и в служении стране.

Несмотря на некоторые ограничения, налагаемые на исследования, связанные с тюркским миром в эпоху Советского Союза, особое место занимают ученые, в том числе казахские, интересующиеся тюркологической наукой и внесшие значительный вклад в изучение проблемы. Одним из таких ученых и уникальным, является академик Алькей Маргулан.

Начиная с тридцатых годов, эпические поэмы, которые были предметом изучения А. Маргулана, а в последующие годы изучение истории древнего казахского зодчества, скульптуры, искусства мастерства охватывали три основные сферы. Во-первых, изучение данных, собранных в результате раскопок во время археологических экспедиций, во-вторых, изучение трудов древних, средневековых ученых, ученых о Средней Азии и Казахстане, использование метода обобщения в сочетании с их исследованиями в области устной литературы. И даже сравнивая образцы устной литературы, в том числе сказки и легенды, изучали аспекты сходства, своеобразия мотивов поэмы, первые и последующие следы мотива, опираясь на общественную, экономическую историю народов.

Главной особенностью А. Маргулана как ученого является изучение этноистории, этнокультуры, этноархеологии, этнолингвистики.

А.Х. Маргулан – ученый, впервые комплексно изучивший казахский фольклор, в том числе, опираясь на казахские исторические предания, связав историю и этнографию.

К. Акишев считает, что «заслуги Алькея Маргулана в науке, сумевшей соединить археологию, этнографию и фольклор, подобны развороту интересной книги». Со временем эта книга будет увеличиваться в стоимости.

А. Маргулан в своей работе «древние поэмы-легенды», изданной в издательстве «Жазушы», писал: «Это были разные кочевые тюркоязычные страны, населявшие Сахару, которые на протяжении веков издавали сказки, сказания, легенды. Среди них были гунны и саки, усунь, кыргызы и уйгуры, которые, судя по древним временам, занимали определенное место в общественности и оставили в истории выдающиеся имена, но все остальное послужило основой для создания казахского народа, существовавшего в исторические эпохи в сегодняшних казахских степях. Поэтому и следы культуры, созданные этими древними племенами, в

том числе казахские поэмы, эпосы, орнаменты, произведения архитектуры, до сих пор хорошо сохранились на казахстанской земле, их обычаи, законы страны, вся их духовная жизнь во многом были раскрыты в быту казахского народа». [1, 400]

Академик А.Х. Маргулан в своих исследованиях доказал, что фольклор тесно связан с этнографией, что они взаимодополняют друг друга в изучении истории этноса. Об этом свидетельствует докторская диссертация «Историко-литературные исследования об эпических историях казахского народа (миф, легенда, сказка-поэма, легендарные рассказы)», защищенная ученым в 1946 году, и крупный монографический труд «Древние легенды», опубликованный в 1985 году. В этих работах Алькей Маргулан впервые исследовал мифы народа с комплексной точки зрения, используя их в качестве исторических источников. Он также является одним из первых ученых, которые в своих исторических сказаниях впервые рассказали о генезисе и путях развития казахского народа в советское время.

А.Х. Маргулан «прошел маршрутами древних караванных путей и кочевков казахов тысячи и тысячи километров, отыскал и выявил десятки археологических памятников» и, опираясь на многолетние археологические изыскания, доказал, что уже во II тысячелетии до н. э. на территории Казахстана существовала цивилизация с самобытной высокоразвитой культурой. Свидетельством тому служат сохранившиеся некрополи и мавзолеи, памятники культовой архитектуры, жилые и оросительные сооружения, предметы керамического и каменотесного искусства, остатки каменной скульптуры, металлические и костяные изделия. [2, 118]

Описанные памятники датируются временем перехода от эпохи средней к поздней бронзе. Исследуя мавзолеи эпохи бронзы и памятники переходного к раннему этапу железа, ученый воссоздал картину исторического прошлого племен, населявших Казахстан в ту далекую эпоху. В работах А.Х. Маргулана впервые получили освещение вопросы ирригации, хозяйственного уклада и строительного дела Сарыарки II–I тысячелетия до н. э.

В поле зрения Алькея Хакановича всегда находились вопросы истории культуры и искусства Казахстана. Фундаментальный труд А.Х. Маргулана «Казахское народное прикладное искусство» – это синтез этнографических и искусствоведческих изысканий, результат многолетних экспедиционных поездок. В нем системно представлены предметы быта казахов, даны их происхождение и эволюция. По существу это энциклопедия казахского прикладного искусства, шедевров народного художественного творчества.

В течение многих лет он занимался исследованием научного и литературного наследия Чокана Валиханова. Алькей Хаканович провел огромную работу по выявлению и изучению затерянных в архивах страны рукописей и трудов – великого казахского ученого. Среди них особую

ценность предоставляет вариант известного киргизского эпоса «Манас», изданный Маргуланом отдельной книгой.

Аннотация. В данной статье рассмотрены вопросы преемственности династической линии потомков Чингиз хана, которые оставили свой след в истории как правители, государственные деятели, ученые, просветители. Также рассмотрена научно-исследовательская деятельность К.И. Сатпаева и А.Х. Маргулана в области изучения археологических артефактов периода средневековой истории.

Ключевые слова: потомки Чингисхана, родословная, Абылай хан, М.-Ж. Копеев, К.И. Сатпаев, А.Х. Маргулан, средневековая история.

Тарихта аты шыққан тұлғалар қандай да бір оқыс оқиғалар мен күрделі бетбұрыс кезеңдерде айқын көрініс табатыны белгілі. Демек, қандай да бір тарихи дамулардағы ірі өзгерістерге белсене араласа отырып, құбылыстың жетегінде кетпей, керісінше өзекті болған ірі өзгерістердің дүмпуімен қоса, өрбу бағытына өзіндік жеке үлесін қосады. Қоршаған ортаның, алайда қоғамның биік шыңға көтерілуіне, неғұрлым серпін беріп, сол жолда үлесі түпсіз терең болса, соғұрлым олардың есімі халықтың жадында, өшпестей болып сіңіп, уақыт деген тарих доңғалағында, тіпті келешек ұрпақтар алдында, көкке көтеріле беретіні хақ.

Бабаларымыздың өмірі мен өскен ортасы және тұтастай алғанда қазақ елінің шежіресі, сондай-ақ ауыз әдебиеті мен аңыз-әңгімесі, ұрпақтан – ұрпаққа мирас болып келе жатқаны ақиқат. Бүгінгі таңда бізге жеткен деректерге қарағанда, сонау көшпелі заманда халықтың

басын біріктіріп, елі мен жерін жау шапқыншылығынан қорғауда, ерекше ерлік көрсеткен аса ірі тұлғалар ел есінде. Бүкіл ғұмырын күреспен өткізген яғни халық санасында дана қайраткер, қаһарман қолбасшы ретінде жатталған. Тарих ғылымында тарихи тұлғалардың алатын орны мен атқарған миссиясы, барынша зерттеліп, ғылыми сараптамадан сүзілген күйінде келешекке жол тартып отыр. Уақыт өте келе өз замандастарының алды болған ер есімді тұлғалар жазба тарих пен ауызша тарихта сақталынып, тіпті аңыз адамға айналып, ел есінде қала беретіні сөзсіз.

Қазақ халқының тарихында өз артына өшпестей із қалдырған көрнекті адамдар өте көп, атап айтсақ, ғұлама-философ, әулие, ақын, шежіре деген құнды дүниені алғаш қағаз бетіне түсірген, Мәшһүр Жүсіп Көпеев өзінің бір жазбасында жарты әлемді бағындырған Шыңғыс хан жайында былай десе керек.

*«...Сағымнан пайда болған Шыңғыс ханды
Өскен соң балалары дүниені алды
Баласын әрбір жұртқа патша қылды
Тұқымы патшалардың сонан қалды...».*

«...Атасының аты білінбей, өз аты шыққан ерлер деген еңбегінде әуелі – Адам ата: оның атсының атын білуші жоқ. Қайдан білісін: первый (перуай) человек болып, топырақтан жаратылды?! Екінші – хазірет Ғайса пайғамбар, оның атасының атын білуші жоқ, қайдан білсін?! Құдірет шеберлігін көрсету үшін он үш жасар қыздан атасыз туғызды. Үшінші-Хызыр пайғамбардың атасының атын білуші жоқ. Атасы бар шығар, бірақ атын анық біліп, сарт еткізіп айтушы жоқ. Төртінші – Ескендір Зұлқарнайынның атасының атын білуші жоқ. Бесінші – Шыңғыс (Шыңғыз) ханның атасының атын білуші жоқ. Бағзы бір: «Ата білемін» – дегендер: «Есугей Баһадүрдің баласы» – дейді. Ол бекер: Есугей (Писугей) – қалмақ. Бір қалмақтың баласын осынша жұрт қалайша төбесіне көтереді?! Стамбулдағы (Османи) нәсілінен басқа, бұл Азиядағы ханлардың көбі – Шыңғыс нәсілінен. Россияда – граф, ноғайда князь, қазақта төре, бәрі Шыңғыс нәсілінен. Есугей баһадүрден қыз туып, ол қыз он бес жасқа жеткенде, отырған үйінің ішіне сағым түсіп, сол сағымнан буаз болып, бір ұл тауыпты. Ол бала он үш жаста жетімлікпен жиһан кезіп, жиырма жеті жаста Алла тағала бақ-талайын өзгеден артылтып, Шүршітке хан болып, жүріс (жүрдіс) қылып, дүние жүзін алып, «Шыңғыс» – деп атанды. Мағынасы «хандардың ханы» – деген сөз. Сондай атасыз, Құдайдың құдіретінің шеберлігімен сағымнан пайда болғанына заманындағы халықтың көзі жетіп, соның үшін тұқым-тұқымын жұрт басына көтеріп кетті...» – деп жазады М.Ж. Көпеев [1, 18 б.].

Ал енді американдық қаламгер – ғалым Жак Уэтерфорд деген профессордың «Қазіргі әлемнің негізін салушы ұлы император Шыңғыс хан» атты туындысы 2011 жылы жарық көрген еді.

Жак Уэтерфордтың бұл еңбегі көшпенділердің мәдениеті мен дәстүрін, «хандардың ханы» Шыңғыс ханның тарихи тұлға тұрғысында жаңа бір қырымен оқырман қауымды өзіне тартатынына еш күмәніміз жоқ. Ең бастысы жазушының жылқының жал-құйрығынан жасалған Шыңғыс ханның шашақты туы туралы қызықты мәлімет келтіреді. Шыңғыс хан ақ айғырдың жал-құйрығынан жасалған туды тыныш уақытта көтерсе, қара түстісін жауға шапқанда ұстатса керек. Ақ түсті ту сақталмапты, ал, қара түсті Шыңғыс туын оның мұрагерлерінің бірі Занабазар XVI ғасырға дейін арнайы ғибадатханада сақтаған көрінеді. Алайда, XX ғасырдың 30-жылдарының соңында басталған сталиндік зұлмат хан туын ғибадатханасымен қоса өртеп жібергенін жазушы-ғалым өкінішпен еске алады.

Көптеген ұлттар мен ұлыстардың басын бір қазанның айналасына біріктіре отырып, тегі мен дінін бөле жара қараудан аулақ болды. Арнайы шыққан жарғы, ережелерге бағындырумен қатар, елі мен жерін қастерлеуді қатаң түрде қадағалады. Жазушының ерекше атап көрсеткен жері Шыңғыс ханның сатқындықты кешпейтіні, соғыс кезінде де елшіге, бітімгерге тиіспегені, тіпті ерекше мәртебе танытқаны тарихи шындық екендігін баса айтады.

Ұлан – ғайыр даланы аттың тұяғымен дүбірлеткен, көшпенділер негізін құрған алып империяның, өзінен кейін аттай бір жарым ғасырға жуық барша әлемге құлашын сермеген болатын. Шыңғыс ханның мұрагерлері ірі мемлекеттерді атап айтсақ, Ресейді, Үндістанды, Қытайды билеп үстемдік жүргізген «император», «хан», «сұлтан», «шах», «әмір» деген тектіліктің туын жықпаған еді. Тарихта ойып тұрып орын алатын «Жібек жолы» бойындағы сауда-саттықты, қара халыққа салынатын салық түрлерінен босата отырып, ағартушы, ұстаз, емшілер мен діндар жандарға қайырымдылықтың үлгісін танытса керек. Шыңғыс хан билік жүргізген тұста алғаш рет бүгінгі таңдағы пошта қызметінің негізін қалаған. Американдық жазушының адам көңіл қоятын қызықты бір мәліметі, ол бүгінгі таңдағы дербес мемлекетке айналған Корея мен Үндістанның өз алдына ел болып қалыптасуына Шыңғыс ханның ерен еңбегі деп біледі. Алайда, профессор Шыңғыс хан өлімінің осы уақытқа дейін жұмбақ болғандығын тілге тиек етеді. Ұлы қаған көз жұмғаннан соң, сүйегін соңында қалған ұрпақтары мен сарбаздары туған жеріне жеткізіп құпия түрде жерлеген. Жазушы-ғалымның пайымдауынша жерлегеннен кейін қырық күнге тарта басын күзетіп, сол тұста кезіккен адамдардың көзін жойып отырған деседі. Артынан жерленген жерді 800 атты әскер шауып өтіп тегістеп, артын ала сол сарбаздардың да көздерін жойған. Міне, осы тарихи жұмбақ сегіз ғасыр бойы бүгінгі таңға дейін шешілмей келеді.

Төл тарихмыздың тереңге тартқан кезеңін қамтитын Алтын Орда, Қазақ хандығының бастауы деуімізге толық құқымыз бар. Осы орданың негізін қалаған Жошы хан (1180–1227 жж.) Дешті Қыпшақ атанған кең байтақ жерге билік құрған, әлбетте тарихта «Жошы ұлысы» деген қастерлі атпен қалып отыр. Ұлыстың ұлығы Жошы ханның мазары академик Қ. Сәтбаев айтқандай «Сарыарқаның кіндігі» қасиетті Ұлытауда жатыр. Көненің көзіндей болатын осы бір ескерткіш Шыңғыс хан мен тамырын кеңге жайған ұрпақтарынан қалған бірегей белгі екеніне еріксіз мойынұсынасың. Алтын Орданың ежелгі аумағының қырық пайызы байырғы қазақ жұртының ата-мекені, демек бүгінгі Қазақстан иелігінде. Сондықтан да Алтын Орданың мұрагеріміз деп кеуде керетіндей толық құқымыз бар. Белгілі түркітанушы П.М. Мелиоранский «Араб филолог о тюркоском языке» деген еңбегінде: «Золотая Орда состояла из смеси различных тюркских и монгольских племен» деп айтқан екен [2, 47 б.].

Жошы хан кесенесі жайында академик Қаныш Сәтбаев «Доисторические памятники в Джекказганском районе» деген жазбасында: «Басқағыл тауының оң жағында, Кеңгір өзенінің жағасында күйдірілген кірпіштен соғылған, күмбезді, төртбұрышты көне үш кесене сақталған. Кесенедегі кірпіштің пішіні мен көлемі «алтынордалық стильге» жақын. Халық арасындағы аңызға сүйенсек, бұл кесенелер Алаша хан, Жошы хан және дәулескер күйші Домбауылға тиесілі екен» деп жазса керек [3, 120 б.].

1946 жылы тікелей академик Қаныш Сәтбаевтың қолдауымен, көрнекті ғалым академик Әлкей Марғұлан Жошы хан кесенесіне алғаш рет археология тұрғысынан қомақты түрде ғылыми зерттеу жүргізген екен. Кесенені зерттеу барысында екі қабірдің анықталғанын көреміз. Алғашқы қабірден темір шегелермен бекітілген ағаштан жасалған табыт табылған. Әрі қарай қаза түскенде жақ сүйегі жоқ адамның бас сүйегі шыққан. Қабірге анықталғандай орта жас шамасындағы ер адам жерленсе керек. Бір қызықты жайт, артын-ала сүйектерді жинастырғанда бір қолдың сүйектері болмаған. Сонымен бірге түйенің және де басқа жануарлардың, былғары терінің бір бөлшегі, мата мен ту табылған. Ғалым осы қазба жұмысынан кейін мынандай тұжырымға келген екен: «Жошыны аң аулап жүргенде жабайы құландар теуіп өлтірді деген тарихи деректерді қуаттайды» [4, 87 б.].

Үстіміздегі жылы ғұлама ғалым, академик Ә.Х. Марғұланның туғанына 118 жыл толып отыр. Сонау елуінші жылдардағы сталиндік саясаттың ащы дәмін тарта отырып, тағдырдың басқа салған жазмышына қарсы бойына біткен, кешегі хан Абылайдың «Олжабай есен болса ел аман» деген батыр бабасынан дарыған ақыл мен қайсарлықтың, сабыр мен төзімділіктің туын жықпай, керісінше сол тұстағы саяси идеологияға күйрете соққы берген Алаш қайраткерлерінің ізін басып, көзін көрген бірден-бір көрнекті тарихи тұлға ретінде танимыз.

2014 жылы академик Ә.Х. Марғұланның туғанына 110 жыл толуына орай Алматыдан арнайы қызы Дәнел Марғұлан келген болатын. Әкесі жайында ол кісі маған мынандай бір әңгіменің шегін тарқатып еді. Әкем деп бастады әңгімесін Алаш жұлдызы, ақын Мағжан Жұмабаевпен пікірлес, айнамас дос болғанын айта келе, ұлтшыл, халық жауы деген айыппен есіл ер репрессияға ұшырап кетті ғой. Алайда әкем мұндай әңгімелерді көп айтпайтын, себебі тыңшылар Мағжанмен жақсы қарым-қатынаста болғанын сезіп, артынан әкемді де сол тұстағы Ленинград қаласындағы түрмеге қамаған деп бір күрсініп алды. Әрі қарай жалғастырып жазушы академик М. Әуезов пен әкесінің арасында болған бір қызықты әңгімені айтқан еді. Бір жиында Әлкей атамыз уақыттың шектеулігіне қарамай көп сөйлеп кетсе керек. Жанында отырған айнамас досы М.Әуезов Әлеке көп сөйлеп кеттіңіз ғой депті. Сонда Әлкей атамыз жұлып алғандай көп сөйлесек көп білгеннен сөйлейміз ғой Мұха деп әзіл-қалжыңы аралас жауап берген екен. Артынан мен Дәнел Әлкейқызынан Қаныш Сәтбаев туралы айтыңызшы деп өтіндім. Балам деді Қаныш атаң біртуар адам ғой. Алып тұлғасы, нұрланған жүзі, кіріпкелгендегі күлімсірегені, мен кішкентай баламын жай ғана қоңыр дауысымен үн қатуы маңдайымнан иіскеп үлкен азамат бол дегені әлі есімде. Жалпы Қаныш Имантайұлының сыртқы келбет-көркін ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес деп сөзін аяқтаған еді.

Халқымызда «Тектен нәр алған тозбайды» – дейді. XVIII ғасырдағы тарихымыздың аса ірі тұлғасы, сол тұстағы аласапыран заманда үш жүздің басын біріктіре білген, Абылай ханның арғы шыққан тегі – Шыңғыс ханнан бастау алады. Бабасы Қазақ хандығының іргетасын қалаушы Әз Жәнібек болса, бергісі – жоңғарлармен соғыста аты шыққан Жәңгір хан, оның баласы Салқам Уәли, оның баласы Қанішер Абылай сұлтан хан Абылайдың атасы, одан туған Уәли сұлтан (Көркем Уәли) – әкесі, 1723 жылы жаугершілікте қаза табады.

Бірде Абылай хан көрген түсін «Көмекей әулие» атанған абыз ақын, Бұхар жырауға жорытыпты. Түс жору барысында әйгілі жырау Абылайдың бүкіл қазақ еліне хан сайланатынына, елді сақтау жолындағы күресіне, әулеттен тарар үрім-бұтағына, яғни барша ғұмырына болжам айтса керек. Жырау хан перзенттерінің ішінен Уәли мен Қасымды бөле жара көрсетіп, алғашқысының бір тармағы атын қағазда, кейінгісінің бір тармағы атын қан майданда шығарарын болжайды.

Абылай заманы мен бүгінгі Тәуелсіздік арасын аттай үш ғасырға жуық уақыт бөліп жатыр. Десек те, тарихи тұлғаның сол тұстағы қиын-қыстау уақытта Қазақ елін экономикалық әлеуеті шектеулі, халқының саны аз болғанына қарамастан Ресей мен Қытай сынды алпауыт көршілерінің отарлауынан сақтауға, іргелес Орта Азия билеушілерінің басынуынан қорғауға, ата жауы жоңғарларды жоқ қылуға баға жетпес үлес қосқан еді.

Қазақ халқының ғана емес, барша түркі әлемінің мақтанышы, ақындардың дүлдүлі, Алашорда қозғалысының негізін қалаушылардың бірі Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасында Абылай ханды былайша жырлаған екен:

*Алыстан орыс, Қытай – ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ,
Артында ор, алдында – көр, жан-жағы жау.
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?
Сол кезде елге қорған болған Абылай
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап,
Күндердің бір күнінде хан Абылай
Қалмаққа – (ойына алды) – ойран салмақ,
Ханынан: «Аттан» – деген сөз шыққан соң.
Ордаға батыр, билер келді аңдап [5, 277 б.].*

Келмеске кеткен Кеңес дәуірінде Абылай жайында жалпы қазақ тарихы теріс бұрмаланып келді. Осыған орай, сол кезеңнің белгілі тарихшысы А.М. Панкратова былай деген: «Среди ряда историков существует неперменное стремление ухудшить историю казахского народа, вопреки исторической правде, я совершенно не понимаю, почему грузинские цари и узбекские ханы могут считаться при аналогичных условиях прогрессивными деятелями, а казахи должны чернить Абылая и Кенесары Касымова?» [6, 198 б.].

Абылай хан өлімі жайында аңыз әңгімені біз тағы сол қасиетті, ғұлама М.Ж. Көпеевтен табамыз.

«...Сол сапардан қайтып, Ташкентке келіп, Мырзахметтің қызын алып: «Енді ұрыс-соғыс жоқ!» – деп, Орта жүз бен Кіші жүздің батырларына рұқсат беріп, жер-жеріне мекен суларына қайтарыпты. Үш айдан соң өзі Ташкенттен Арқаға қарай қасында біраз төлеңгүт пен Үйсін, Дулаттың жалпы етектері бар қайтады. Соны Ташкенттегі Ғабдырахман сарт естіп, кісі жинап алып, қосын құрып, Абылайды қамапты. Сонда Дулат халқы қашып кетіп, «жалпы етек Дулат» атаныпты. Боза ішіп дулағаннан басқа өнері аз, тұзсыз көженің күшімен біткен жасық халық қой. Ханның қасындағы төлеңгіттердің бірсыпырасын қырып тастапты. Ханның өзіне қол тигізуге батпапты. Сонда хан Арыс деген өзеннің бойында бір қорғанға түсіп, мінәжат қылып жылап отырыпты. Орта жүз бен Кіші жүзден алған жолдастарын қайтарып жібергеніне пұшайман болып жылады дейді. Сонда бір қария айтқан екен:

*Етек пенен жең болған,
Ежелден саған ел болған,
Орта жүзден кісің жоқ.*

*Найзасының ұшы алтыннан,
Кіші жүзден кісің жоқ,
Бұған қарап тұрғаннан басқа ісің жоқ, – деп.*

Сонан соң Арыстың бойындағы бір қорғанға түсіп, алпыс сегіз жасында, жұма күні дүниеден қайтыпты. Сол жер осы күні – «Хан қорғаны» атаныпты. Сүйегін теңге салып, Түркістан шаһарындағы хазіреті сұлтан Ғарифин әулиенің күмбезіне апарып қойыпты...».

«...Абылай хан өлгенде Созақ деген кенттен жалаң аяқ Ажда үш күн, үш түн жылаған екен. Маңайындағы сарт-сауан:

– Тақсыр-ау, бір қазақ өлді деп, неге мұнша күйзелдіңіз?! – дегенде:

– Есіл Абылай-ай! Сарыарқада өлмей, сарттың қорғанында өлдің-ау! Мұнан былай хандық қорғанда қалды ғой, сол үшін жылаймын, – деген екен.

Айтқанындай сонан соң қазақ ортасында хандық болған жоқ, сарт билеп кетті.

*Бес қойға алған өгізді,
Тегін дерсін деп едім.
Жалаң аяқ сарттарды
Бегім дерсің деп едім, – деген.*

Ноғайлыдан шыққан Мөңке бидің сөзі дәл келіпті де тұрыпты...» [7, 11 б.].

Абылай ханның тікелей ұрпағы, қазақтың зор ғалымы, Шоқан Уәлиханов Абылай атасы жайында: «Абылай дәуірі – қазақтың ерлігі мен серілігінің ғасыры» десе керек [8, 187 б.].

Хан Абылайдың немересі, Бұхар бабаның түс жоруында айтқан «...кейінгісінің бір тармағы атын қан майданда шығарады...» деген қазақтың соңғы ханы Кенесары. Хан өз дәуірінде «Ес жиып, етек жиғаннан» бастап бүкіл саналы ғұмырын, ұлтының азаттығы жолында «Аттың жалында, түйенің қомында» өткізген. Аттай он жылдай ақ патшаның бодандығынан халқымды, елімді, жерімді азаттыққа жеткіземін деп, үш жүздің басын қосып, империяның қитұрқы саясатына, әділетсіздікке, басқыншылыққа қарсы тұра білген. Қалың қазақ жерінің біртұтастығын сақтап қалуда, арыстандай арпалысып және сол жолда қаза тапты. Кенесары хан былай десе керек: «...Сол себепті мен, Кенесары Қасымов, қолға қару алып, ұлы күресті бастауға аттандым. Қазақ халқын орыстардың езгісінен азат етемін...» [9, 215 б.].

Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық қозғалысқа қолбасшылық жасаған тұстары, заман қойнауындағы қазақ деген халықтың отты кезеңі болатын. Айбарлы атасы Абылай ханның саясаты мен парасаттылығын, мейлінше ішкі жан-дүниесімен қастерлеп берік ұстау жолында, арпалысып өткен қазақтың қаһарлы ханы Кенесары еді. Ол бала кезінен аруақты атасының қасиетті ісін жалғастыра білген және өзін Абылайдың заңды мұрагері екеніне еш күмән келтірмесе керек. Сол себептен хан

сарбаздарының жауға шапқандағы ұраны «Абылай» болған. 1841 жылы сонау Шыңғыс ханнан бастау алатын хан сайлау салтымен, «хандар ордасы» Ұлытау өңірінде, ақ киізге көтеріп хан тағына отырғызған деседі.

Кенесары ханның дүние есігін ашқан жері Абылай ордасының құт мекені Көкшетау өңірінде киелі шаңырақта туған. «Сүтпен кірген, сүйекпен кетеді» деген нақыл сөз бар қазақта. Ханның бойындағы туа біткен, пешенесіне жазылған ел басқару, биліктің тізгінін уысына ұстау, халықтың тағдырына тікелей қатысты саяси мәселелермен айналысу оның бойына ана сүтімен дарығандығын көреміз. Кенесары көтерілісіне Баянауладан шыққан жергілікті бай-бағландар айрықша қолдап, мал басымен нақтырақ айтсақ жылқы түлігімен көмек берген. Осы орайда Кенесары айтқан екен дейді: «Мен мақсатыма жету үшін Құдайдан Орта жүзді бер деп сұрадым, екіншіден, жаужүрек батырларды сұрадым, үшіншіден, Аққошқар мен Алдажұманды, Азынабайдың Сейтені мен Тайжанын сұрадым. Құдай бұл тіліегімді берді. Бұлардың жылқысы менің әскеріме мінетін ат болды, ішетін ас болды... Сондықтан бұлар-менің досым, мен-бұлардың досымын. Өздерің білесің, бұлар – Құдай еркелеткен адамдар. Құдай еркелеткен адамдарды мен де еркелетуім керек, мен Құдайдан үлкен емеспін» [10, 142б.].

«Хандар шежіресі» деген жазбасында М.Ж. Көпеев Кенесары ханның қаза болғандығы жайында керемет бір әңгіме келтіреді: «...Кене ханның жылы коян еді, 49 жасында жылқы жылы, Наурызбайдың жылы кой еді, 24 жасында жұмыстары бітті. Қырғызда «манап» дейтұғындары болады екен. Манап болатын себебі – 40 жігітке қатын алып беріп, мал малдандырып, жан жандандырады екен. Сонан соң «манап» – деп атайды екен. Сонда қырғызда Жанқараш, Жантай, – екеуі де манап екен. Жанқабыл-Тілеуқабыл, – о да манап екен. Жаманқараны елшілікке келген жерде Наурызбай өлтірген. Өздері: «Қашпаймыз!» – деп, қолға түскен соң, «Жаманқараның бодауына» – деп, Кенесары ханды Жанқараш алған екен.

Жанқабыл манапты соғыста Наурызбай өлтірген екен. «Соның бодауына» – деп, Наурызбайды Жанқабылдың ағасы Тілеуқабыл алған екен.

Сол уақытта қырғызда Алатаудың күнгей бетінде Орман хан деген хан бар екен. Сонан қырғыздың манаптары кісі жіберіп, ақыл сұраған екен:

– Бұлар қолға тірі түсті, қайтеміз? – деп. Сонда Орман хан айтқан екен:

– Кенесары, Наурызбайға біздің қырғыз өзі барып тиіскен жері жоқ. Өздері келіп, қолға түсті. Оны манаптар: «Күшіміз асқандықпен болды-демесін, – Құдайдан!» – деп білсін. Құдай мен аруаққа төрелер өздері ұшырады, сонан болды!» – деп білсін. Өздерін өлтірмесін! Бұрынғының сөзі бар еді: «Қарадан хан қойса, қасиеті болмайды, // Үлгісізден би

койса, өсиеті болмайды» – деп. Қайта өздері икемге келіп, ынтымаққа көнсе, күллі қырғызға хан көтерсін, мен де хандығымды тастап, соған берейін. Соңы тыныш болуы үшін! Болмаса, біріміз-күнгедейде, біріміз теріскейде тату-тәтті болып тұра берейік. Егер де икемге келмесе, ынтымаққа көнбесе, күтіп, құрметтеп, сыйлап сақтасын. Өз ажалынан өлмесе, менен ақыл сұрағаны рас болса, шын болса, өлтірмесін! Және қалған елін барып шаппасын, қатын-баласын олжаламасын. Осы өздерінің қолға түсіп, пенде болғанына қанағат қылсын да тұрсын! – деді.

Сонан соң қырғыздар:

– Орман хан өз басы аман болған соң, ауызына не келсе, соны айта береді – деп, – Біздің Жаманқарамыздан артық па? – деп.

Жанқарашы:

– Өлтіріп тастаңдар! – дегенде, қылышпен шауып жіберемін деп ең алғашқы қол көтерген қырғыз қолын көтерген бойымен сіресіп қалды, – дейді. «Оның өзінен әл кетіп бара жатқан соң, шаба алмай тұрып қалғанын сезбей, қасында тұрған бір есерсоқ арсалаң қылышты жұлып алып, Кене ханды мойнынан шауып жібергенде, Кенесары ханның басы да жерге түсті, шапқан батырдың өзі де сылқ етіп құлай кетті» – дейді.

Қараса, табанда жаны шығып кетіпті. «Үйіне көтеріп алып барған екен. Үйінің ішіндегі қатын-баласы жалп ете түсті» – дейді. Сонан соң қырғыздар Кенеханды өлтіргеніне уайым болыпты. «Сол өлтірушілердің тұқым-тұқымы күні бұл күнге шейін оңбай, быт- шыт тозып кетті» – дейді...» [11, 423б.].

Қорыта айтқанда, түркітілдес халықтардың оның ішінде қазақ халқының тарихында өшпестей із қалдырған, «ат ауыздығымен су ішкен тар заманда» тектіліктің туын жықпаған, батырлық пен қайсарлықтың, замана тоғысуында елі мен дархан даласына, қасиетті жеріне, шапқыншылықпен кірген сыртқы жаулардан қорғауымен қатар, ата жауы атанған ежелгі дұшпандарын жермен-жексен етіп жоқ қылғандығын, кәрі тарихтың өзі айтып тұрған жоқ па. Есімдерін алтын әріппен тарих беттерінде жазуға лайықты біртуар дала даналары соңында қалған ұрпақтарының санасы мен есінде, ұмытылмастай орын алатынына кәміл сенеміз.

Әдебиеттер

1. М.Ж. Көпейұлының шығармалары. 8 т. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. – 87 б.
2. Академик К.И. Сатпаев: Из писем и заметок. – Алматы: Атамұра, 1998. – 220 б.
3. Марғұлан Ә.Х. Шығармалар. Т. XIV – Алматы: Алатау, 2012. – 512 б.
4. Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 1-том: Өлеңдер, дастандар / Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.
5. Қаныш елі. – Алматы-Павлодар: «Жібек жолы» Баспа үйі, 1999. – 336 б.
6. М.Ж. Көпейұлының шығармалары. 18 т. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. – 325 б.

7. Ш. Уәлиханов Шығармалар жинағы. 5 томдық. Т. 1. – А.А.: Ғылым, 1984.– 432 б.
8. Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – Алматы: Жалын, 1993. – 448 б.
9. Артықбаев Жамбыл. Баянауыл. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2009. – 312 б. («Менің Отаным – Қазақстан» сер.). – 171 б.
10. М.Ж. Көпейұлының шығармалары. 10 т. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. – 450 б.

3.Ш. Айткенов

Павлодар педагогикалық университет, Павлодар қ.

ziyat15@mail.ru

Ж.Д. Кабиденова

С. Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Erasil_zhuldiz@mail.ru

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДІНИ МЕКЕМЕЛЕРГЕ ҚАРСЫ БАҒЫТТАЛҒАН ҚЫСЫМ МЕН НАСИХАТ ТАРИХЫНАН

Андатпа. Бұл мақалада Павлодар облысындағы кеңес үкіметінің елде медреселер, мешіттер жабылуына, жалпы дінге атеистік көзқарастар дамытуға, діни бояумен дәстүрлер қатты сынға алынуға, мерекелерді атап өтуге тыйым салуда, қажылыққа баратын діндарлар саны азайтуға, дінге немқұрайлы қарайтын адамдар саны өсіруге жағдай туғызатын бағыттарды жүргізгенін айтылады.

Тірек сөздер: Дін, мешіт, мұсылман, кеңес, халық, билік.

Аннотация. В этой статье говорится, что советское правительство в Павлодарской области провело направления, способствующие закрытию в стране медресе, мечетей, развитию атеистических взглядов на религию в целом, резкой критике религиозных традиций, запрету на празднование праздников, сокращению числа верующих, совершающих паломничество, росту числа людей, равнодушных к религии.

Ключевые слова: религия, мечеть, мусульманин, совет, народ, власть.

Summary. This article says that the Soviet government in the Pavlodar region has carried out directions that contribute to the closure of madrassas and mosques in the country, the development of atheistic views on religion in general, harsh criticism of religious traditions, a ban on the celebration of holidays, a reduction in the number of believers making pilgrimages, an increase in the number of people indifferent to religion.

Keywords: religion, mosque, Muslim, council, people.

Кеңестік кезеңдегі мұсылман діні (1917–1991) күрделі эволюциядан өтті. Мемлекет тарапынан тұрақты және қатаң бақылау, сондай-ақ тоталитарлық жүйенің қудалануы халықты «демусульманизациялауға» байланысты процестерге әкелді. Елде медреселер, мешіттер жабылды, жалпы дінге атеистік көзқарастар дамыды, діни бояумен дәстүрлер қатты сынға алынды, мерекелерді атап өтуге тыйым салынды, қажылыққа баратын діндарлар саны азайды, дінге немқұрайлы қарайтын адамдар саны өсті.

Мемлекет пен діннің қарым-қатынасына келетін болсақ, олар 1918 жылғы 20 қаңтардағы «шіркеуді мемлекеттен және мектептен шіркеуден бөлу туралы» жарлықта баяндалған. Өткен ғасырдың 20-жылдарына қарай мемлекет дінге қатысты бейтараптықты ұстанды, алайда дінді айтуға тыйым салынды. Халық комиссариаты жанынан құрылған мұсылман Социалистік комиссариаты және оның ҚазКСР-дағы өкілдігі (Семей, Верный қалаларында) ислам дінін ұстанатын адамдарды діни емес, социалистік идеяларға тартты. Осы комиссариаттың қолдауымен 1918 жылы жұма демалыс күні деп жарияланғанымен, 1919 жылы Құрбан айт мерекесі шешілді. Бірақ бір жылдан кейін, 1920 жылы, Халық Комиссариаты жалпы дінге, атап айтқанда, Исламға қатысты саясатын күшейте бастады. Жарлық негізінде ислам мешіттерінің, медреселердің барлық мүлкі мемлекетке берілді: «...мұсылман ұйымдарына тиесілі мүлік халық меншігі деп жарияланды, мектептерде дін оқыту тоқтатылды» [1, 9-бет]. 1918 жылы қабылданған «Ар-ождан бостандығы туралы» Декрет тек формальды сипатта болды, Діни мекемелер заңды тұлға бола алмады және тиісінше үгіт-насихат жұмыстарын, ағарту жұмыстарын жүргізу, діни сипаттағы әдебиеттерді тарату және т.б. үшін қажетті заңды мәртебеге ие болмады, «адасқан табынушылар», «өзін-өзі тағайындаған молдалар». Қазақ ауылдарында тіркелмеген молдалардың болуы-Кеңес мемлекетінің дінге қарсы саясатының нәтижесі болып табылатын табиғи процесс. «Бір молда – әр ауылдағы бір мешіт» принципі қазақ халқының рухани-діни қажеттіліктерін қанағаттандыра алмады, онда көптеген салт – жоралар (жаназа – жерлеу, Сүндет-сүндеттеу) тек моламен ғана өткізілді. Сондықтан, әрине, молдалардың саны (1 адамнан тұратын) жеткіліксіз болды. Бұл мешіт болса, қазір олардың саны қандай болатынын ойланыңдар. А. Беннигсеннің айтуынша, «бір мешіт 90 мың мұсылманға тиесілі» [2, 19 бет]. Ар-ождан бостандығы адамның дінді таңдау, оған жақын діннің ізбасары болу, діннен бас тарту және мүлдем мойындамау құқығын қарастырады.

1929 жылы «әскери атеизм» саясатына сәйкес барлық діни мекемелерге, оның ішінде исламға қарсы бағытталған қысым мен насихат күшейе түсті.

Ұжымдастыру, индустрияландыру және 1920–1930 жылдардың аяғындағы мәжбүрлеп қоныс аудару бірқатар мұсылман елді мекендерінің конфессиялық құрамының өзгеруіне әкелді. Әсіресе, Қазақ КСР халқының құрамы қатты өзгерді. 1932–1933 жылдардағы ашаршылық көптеген мұсылман қазақтардың өмірін қиды немесе Қытайға қоныс аударды. Екінші жағынан Қазақстанға мұсылман емес қоныс аударушылар легі құйылды. Көбісі құрылысқа, мысалы, Түрксібке келді. Ақырында, Қазақстан КСРО-да жер аударудың басты орталықтарының біріне айналды. 1938 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша КСРО-ның 997329 еңбек қоныс аударушыларының 134655-і Қазақстанда тұрған [3].

Нәтижесінде, 1930 жылдардың аяғында қазақтар Қазақ ССР-інде ашаршылық болды.

Павлодар облысында өткен ғасырдың 20–30-шы жылдары дінге қарсы жұмыстың қызуы айтарлықтай күшті болды. Аймақтың мұсылман халқы биліктің мұндай шабуылын суық қарсы алды. Халықтың рухани білімге, діни жораларды орындауға қажеттілігі жоғары болды. Азаматтар балаларын исламға үйрету үшін бұрын приходтық мектептер болған мектеп ғимараттарын қайтаруды сұрап хат жазды.

Бұл туралы 1920 жылы 17 қарашада Павлодар облыстық атқару комитетінің Семей губерниясы ұлттық атқару комитетінің алқа төралқасына хабарлайды. Өтініштер мен хаттардың авторлары ұлттық істер жөніндегі комиссариаттың 1920 жылғы 21 тамыздағы шешіміне сүйенеді, онда приходшылардың қаражатына салынған кейбір мектеп ғимараттары мұсылман қауымдастығына қайтарылуы мүмкін делінген. Ғимараттар қайтарылған жағдайда балаларды кеңестік зайырлы мектептер бағдарламасы бойынша оқытатын жер жоқ екенін түсініп, билік ымыраға келуге шешім қабылдады. Павлодарда «магометандық діни ілімді» сабақтан кейін бір сағаттан оқытуға рұқсат беру туралы шешім қабылданды [4].

Құпия

Павлодар аудандық БПМ бөліміне

Препровеждаю кезінде шик туралы мәліметтер

Павлодар ауданы бойынша діни ғимараттарда

ФАО Н-К

Хатшы

Соңғы қайта құру бойынша Павлодар ауданында келесі діни ғимараттар бар:

- 1) кара шіркеу ескі шіркеу ауылы
- 2) шіркеу қаласы Дзержинский көшесі
- 3) Богдановка ауылы ескі шіркеу.
- 4) шіркеу қаласы, ст. 25 қазан. ескі шіркеу
- 5) Ольховко ауылы жаңарту шіркеуі
- 6) Елисеев кенті ескі шіркеу
- 7) пос. (?) ескі шіркеу
- 8) таулар. Павлодар мешіті Фрунзе көшесі, №101 үй
- 9) таулар. Павлодар көшесі, 25 үй. 9 №186 баптистер
- 10) қазақ мешіті, қауымы тіркелмеген, мәлімет жоқ
- 11) №5 ауыл – Павлодар ауданы 2 мешіт
- 12) №6 ауыл – 1 мешіт
- 13) №8 ауыл – 1 мешіт
- 14) №9 ауыл – 1 мешіт
- 15) №10 ауыл – 2 мешіт
- 16) №11 ауыл – 1 мешіт

№17 ауыл (?)

Сонымен қатар, діни бірлестіктердің бөлшектері бар

1) Ефремовка ауылы

2) Фомановка кенті

3) Максимовка кенті

Жабық діни ғимараттар

1) №1 – 2 Мешіт ауылы

2) №2 – 1 ауыл

3) №3 – 1 ауыл

4) №7 – 2 ауыл

5) №9 – 1 ауыл

6) №11 – 1 ауыл

7) №12 – 1 ауыл

8) №13 – 1 ауыл

9) №14 – 1 ауыл

10) №16 – 2 ауыл

11) Данилевка кенті-дұға үйі

12) Ефремовка кенті – шіркеу

13) Богдановка кенті – дұғалар. үй

14) Духовницкий

15) Чакриновка-Шіркеу

16) Петровка

17) Ермак кенті

18) Фомановка

19) Демьяновка

20) Дубровка

21) ?

Ғимаратты таңдап, билік сақ болып, ғимаратты қайтарды, егер діни қауымдастық табанды болса, түпкілікті тәркілеу тек орталық биліктің шешімдерімен ғана жүзеге асырылды. Билік жоғары деңгейге көтерілген сенушілердің шағымдары мен наразылықтарын қабылдауға міндетті болды.

Мешіттің жабылуына қол жеткізу үшін билік діни қауымдастықтың өзін-өзі жою құқығын ойлап тапты, бұл олардың жоспары бойынша «қолды жууға» мүмкіндік беруі керек еді

Діни және діни ғимараттардың жабылуы олардағы қымбат заттарды алып қоюмен және ұлттандырумен қатар жүрді [5].

Билік жабылған мешіттердің қатаң есебін жүргізді. Осылайша ОГПУ Павлодар әкімшілік бөлімінің 1928–1929 жылдардағы деректері бойынша округтегі № 1, 6, 7, 16 ауылдардағы мешіттер жабылды. Павлодар қаласында екі мешіт және № 5, 8, 10, 17 ауылдарда бір-бірден жұмыс істеп қалды. [6]

Сайлаушылар «депутаттарға жаза берген» науқандар ұйымдас-тырылды – мешіттерді, шіркеулерді және ғибадат үйлерін халықтың

басқа қажеттіліктеріне пайдалану үшін жабу мақсатында дінге қарсы үгіт-насихатты күшейту.

Ұйымдасқан жазаларда «Поп, сектанттар, молдалар, кулактар мен байлар тұлғасындағы таптық дұшпандар социализмге қарсы қатты күрес жүргізді» деп айтылған, сондықтан храмдар контрреволюцияның ошақтары ретінде қарастырылған.

Халық «қаланы кеңес беруді ұсынды», өйткені ол «Павлодар батпағын білдіретін ескі психология мен филистинизм, филистинизм және би дәстүрлері бойынша өмір сүруді жалғастыруда». [7]

1934 жылы желтоқсанда тиісті хатта жазылған Павлодар аудандық кеңесінің өтініші бойынша қала билігі Фрунзе көшесінде орналасқан Павлодар қаласындағы мұсылман мешітінің ғимаратын «сенушілердің толық болмауына байланысты толығымен бос болды» спорттық-дене шынықтыру клубқа ауыстырды [8].

Әдебиеттер

1. КСРО-дағы Ислам. Кеңестік Шығыс республикаларында зайырлылық процесінің ерекшеліктері. – М.: Ой, 1983.

2. Ауанасова Б.М. Қазақстандағы діни қатынастар эволюциясының тарихы (1941–1991 жж. Ислам мысалында): автореф. т. ғ. к. – Орал, 2007.

3. Бердинский В.А., Бердинский И.В., Веремьев В.И. 1930–1950 жылдардағы Кеңес Одағындағы арнайы қоныс аудару жүйесі. – М.: Саяси энциклопедия, 2017. – Б. 82–83.

4. Павлодар Ертіс өңіріндегі Ислам тарихынан. 1919–1991 жж. құжаттар жинағы / Сост. Болтина В.Д., Шевелева Л.В. – Павлодар, 2001. – Б.14-15.

5. ГАПО. Ф.844. Оп. 1. Д.2. Л.33-35.

6. ГАПО. Ф.844. Оп. 1. Д.50. Л.51.

7. ГАПО. Ф.17. Оп. 1. Д.55. Л. 12, 15-16.

8. ГАПО. Ф.2. Оп. 1. Д.16. Л. 25.

Қ.Қ. Батталов, С. Ахметқұл

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.
sergazy.akhmetkul@mail.ru*

МОҒОЛ-ШЕЙБАНИ ӨЗБЕК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ («ТАРИХ-И РАШИДИ» БОЙЫНША)

Андатпа. Мақалада Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегі мәліметтері негізінде моғол мен шейбани өзбек, атап айтқанда, моғол мен шейбани өзбек билеушілері арасында XV–XVI ғғ. орын алған қарым-қатынастар сипаты зерттеледі. Құнды деректерді сараптау негізінде қазақ-шейбани өзбек араздығының моғол-шейбани өзбек араздығына тікелей себеп болғандығы, Сұлтан Махмұд хан мен Рашид хан билігі тұсында екі арада орын алған достықтың себеп-салдары анықталды.

Тірек сөздер: Мырза Мұхаммед Хайдар, «Тарих-и Рашиди», моғол, шейбани өзбек, қазақ, Моғолстан, Мәуереннахр.

Аннотация. В данной статье на основе сведений «Тарих-и Рашиди» Мирза Мухаммед Хайдара исследуются особенности взаимоотношений моголов и шейбани узбеков, в частности между властителями моголов и шейбани узбеков в XV–XVI вв. Анализ сведений, содержащихся в «Тарих-и Рашиди» показывает, что возникновение вражды между моголами и шейбани узбеками было напрямую связано с казахо-шейбани узбекской враждой. Также в статье определены основные причины формирования дружеских отношений между моголами и шейбани узбеками во время царствования Султан Махмуд хана и Рашид хана.

Ключевые слова: Мирза Мухаммед Хайдар, «Тарих-и Рашиди», могол, шейбани узбек, казах, Моголистан, Мавереннахр.

Summary. This article, based on the information of «Tarikh-i Rashidi» by Mirza Muhammad Haidar, examines the peculiarities of the relationship between the Moghuls and the Sheibani Uzbeks in the 15th-16th centuries. An analysis of the information contained in «Tarikh-i Rashidi» shows that the emergence of hostility between the Moghuls and the Sheibani Uzbeks was directly related to the Kazakh-Sheibani Uzbek enmity. The article also identifies the main reasons for the formation of friendly relations between the Moghuls and Sheibani Uzbeks during the reign of Sultan Mahmud Khan and Rashid Khan.

Keywords: Mirza Muhammad Haidar, «Tarikh-i Rashidi,» Moghul, Sheibani Uzbek, Kazakh, Mogolistan, Maverennahr.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегі XIV–XVI ғасырлардағы Орталық Азия халықтарының тарихы мен мәдениеті бойынша негізгі қайнар көздердің бірі болып табылатыны белгілі. «Тарих-и Рашиди» XIV ғасырдың ортасында бұрынғы Шағатай ұлысының шығыс бөлігінде пайда болған Моғолстан мемлекетінің екі жүз жылдық тарихын баяндайды. Моғолстан мемлекеті және онда өмір сүрген ру-тайпалар қазақ, қырғыз, өзбек және басқа да Орталық Азия халықтарының қалыптасуында ерекше рөл атқарды.

«Тарих-и Рашиди» еңбегі екі ғасыр бұрын ғылыми айналымға енгізіліп, «бай тарихнамалық дәстүрге ие болғанына қарамастан, одан көптеген жаңа әрі қызықты тарихи материалдарды табуға болады» [1]. Мысалы, бұл жұмысымызда біз Мырза Мұхаммед Хайдар Дулаттың моғол-шейбани өзбек қарым-қатынастары туралы мәліметтеріне, олардың сипаттарына тоқталмақпыз.

«Тарих-и Рашиди» еңбегінде моғол-шейбани өзбек қарым-қатынастарының басталуы Қыпшақ даласының билеушісі Әбілқайыр ханның өлімінен соң, оның билігінде болған халық арасында дүрбелең басталып, Моғолстанда қоныстанған Керей мен Жәнібек хандарға көптеп қосылуынан көрініс табады. Мырза Мұхаммед Хайдардың айтуынша, «Керей хан, Жәнібек хан мен Әбілқайыр хан балалары арасында бұрыннан қатты араздық бар еді. Сол себептен Әбілқайыр хан балалары моғол хандарымен де қас болды. Өйткені моғол хандары Керей хан мен Жәнібек ханның жақтастары еді» [2, с. 90]. Мырза Мұхаммед Хайдар баяндап отырған кезең Керей мен Жәнібек хандардың күшейген уақытына сай келеді. Бұл уақытта Моғолстанды Жүніс хан билеп тұрған еді.

Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін өзбектердің Керей мен Жәнібек сұлтандарға қосылмағандары ханның үлкен ұлы Буруж оғлан төңірегінде топтаса бастады. Өз кезегінде Буруж оғлан толық күш алған Керей мен Жәнібек хандардан шеткері жүріп, Түркістан маңын мекен етеді. Бір күні Жүніс хан бастаған моғолдар Түркістан өңіріндегі Қаратоғай деген жерге хан ордасын орналастырып, Сырдарияның арғы бетіне аң аулауға кетеді. Мұны естіген Буруж оғлан хан ордасын шауып, мүлікті тонауға кіріседі. Бұл хабарды естісімен, Жүніс хан әскерімен ордасына оралып, шейбан өзбектерінің 20 мыңдық әскерін тас-талқан етіп, Буруж ханның басын алады. Осылайша моғолдар мен шейбан өзбектерінің қарым-қатынасы тікелей қақтығыстан басталып, қанды қырғынға ұласқан еді [3].

Сұлтан Махмұд хан билігі тұсында (1487-1508 жж.) моғолдар мен шейбани өзбектері арасындағы қарым-қатынас сипаты түбегейлі өзгерді. Оған себепкер Әбілқайыр ханның немересі Шаһибек хан (Мұхаммед Шейбани) еді. Сұлтан Махмұд хан Мәуереннахр билеушілерінің иелігіндегі Түркістанды басып алып, Жәр соғысындағы көмегі үшін оны Шаһибек ханға берді. Бұл жағдай моғолдар мен қазақтар арасындағы достық байланыстарының үзілуіне алып келді. Мырза Мұхаммед Хайдардың мәліметінше, «Қазақ хандары – Керей хан мен Жәнібек хан балалары бір жағынан, Сұлтан Махмұд хан екінші жағынан арасында ежелден келе жатқан достық осының салдарынан дау-дамайға айналды. Себебі олар: «Шаһирбек ханның біздің жауымыз екенін біле тұра оны Түркістанға неге әмір етіп тағайындайсың?» – деп наразылық білдірді» [2, с. 111].

Сұлтан Махмұд хан Шаһибек ханға қолдауын әрі қарай жалғастырды. Самарқанды Ақсақ Темір ұрпақтарынан тартып алуды жоспарлаған Сұлтан Махмұд хан Мырза Байсұңқармен шайқаста жеңілген соң, Ташкентке оралып, Шаһибек ханға Самарқанд пен Бұхараны басып алуына көмектеседі. Самарқанды алған Мұхаммед Шейбаниге өзбектер жан-жақтан қосылып, оның билігі күшейеді. Енді Мұхаммед Шейбани өзіне қолдау көрсеткен Сұлтан Махмұд ханның өзін өлтіруді ойластырады. Сұлтан Махмұд ханның қиын жағдайын естіген оның інісі Сұлтан Аһмет хан Моғолстаннан келіп, екеуі Мұхаммед Шейбанимен шайқасады. Алайда Моғолстан билеушілері жеңіліс тауып, қолға түседі. Шаһибек хан оларға құрмет көрсетіп, Моғолстанға қайтарады. Өз кезегінде Шаһибек хан олардың қол астында болған моғолдарды алып қалады. Көп ұзамай Сұлтан Аһмет хан қайтыс болып, Сұлтан Махмұд хан басына түскен қиыншылықтарға шыдамай, Шаһибек ханға қайта оралады. «Тарих-и Рашиди» мәліметіне сүйенсек, Шаһибек ханға былай дейді: “Мен саған бір рет мәрттік жасадым. Енді екінші рет мәрттік жасасам, оным патшалықтың жойылуына себеп болады» [2, с. 112]. Артынан Сұлтан Махмұд хан бала-шағасымен қоса Хожәнд өзенінің жағасында өлтірілді.

Иран шахы Исмаилмен соғыста Шаһибек хан қайтыс болған соң, Ақсақ Темір ұрпақтарымен туыстық қатынаста болған моғол хандары Мәуереннахрды шейбани өзбектерінің билігінен азат ету жолында оларға көмек көрсетті. Бес мыңдық әскері бар Сұлтан Саид хан Бабырға Самарқанды қайтару үшін Әндіжаннан шығып, Ташкент маңында Әбілқайыр ханның ұлы Сүйініш қожаның жеті мыңдық әскерімен шайқасқа түседі. Бұл шайқаста Сүйініш қожа жеңіске жетіп, Сұлтан Саид ханның Әндіжанға қашуына тура келеді. Енді басқа амалы қалмаған ол Қасым ханға Шейбанилер билігіндегі Ташкентке бірлесіп жорық жасау ұсынысымен Қыпшақ даласына аттанады. Мырза Мұхаммед Хайдардың хабарлауынша, «...бұл кез ханның Сүйініш Қожа ханнан жеңілген уақыты болатын. Көктем шығысымен Саид хан Қасым ханға кетті. Ол Қыпшақ патшасы еді. Ол заманда оның әскерінің саны үш жүз мың тұғын. Қасым хан оған қатты құрмет көрсеткені сондай хан оны көптеген жылдар бойы ұмытпай, еске алып жүретін. Ол жерден қайта оралғанда мені «көреген» – ханның күйеу баласы етіп теңдестерімнің арасында ерекшелендірді» [2, с. 124].

1514 жылдың көктемінің басында шейбани өзбектерінің барлық танымал сұлтандары үлкен әскермен Әндіжанға бағыт алғанда, Сұлтан Саид хан шайқасуды тиімсіз деп табады. Өзбек әскері Ферғана шекарасына жеткенде Әндіжанды тастап, Моғолстанға кетеді. Ол жаққа жетісімен, жанындағылардың кеңесі бойынша әрі қарай Қашғарға бағыт алады. Сұлтан Саид хан Қашғар әскерімен болған үлкенді-кішілі бірнеше шайқастарда жеңіске жетіп, 1514 жылдың мамыр-маусымында Қашғар тағына отырады.

Сұлтан Саид ханның ұлы Рашид ханның билігі тұсында моғолдардың шейбани өзбектерімен қарым-қатынастарының сипаты түбегейлі өзгерді. «Тарих-и Рашиди» мәліметіне сүйенсек, Рашид хан «бұрынғы жаулары Шейбан өзбектерімен достасты. Бұрын айтылғандай, ежелден жауласып келе жатқан өзбек-қазақпен жауласты, оларды жоюға кіріскен еді. Екі жақтың өзбектеріне Рашид хан қарындастарын беріп, ағайын-жекжат болды. Өзбек Шейбан ескі жаудай Рашид ханның қарындасын саудаға салды. Қысқасы, ол өзбек Шейбанмен одақтасып, өзбек-қазақтарды күйретті» [2, с. 137].

Сөйтіп, Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі мәліметтер моғол-шейбани өзбек қарым-қатынастарының қалай өрбігендігін анықтауға мүмкіндік береді. Еңбекте моғол мен шейбани өзбек байланыстарын баяндайтын оқиғалар екі тараптың билеуші топ өкілдерінің арасында, яғни элиталық деңгейде орын алғандығын атап өту керек. Зерттеуіміз көрсеткендей, XV ғ. ортасында басталған қазақ-шейбани өзбек араздығы моғол-шейбани өзбек араздығына ұласты. Дегенмен, Сұлтан Махмұд хан мен Рашид хан тұсында қысқа мерзімді достық қатынастары да орныққан еді. Мырза Мұхаммед Хайдардың ай-

туынша, бұл бейбіт қарым-қатынастар қазақтармен арадағы ежелгі достыққа сызат түсірді.

Әдебиеттер

1. <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/683>
2. Мұхаммед Қайдар Дулат. Тарих-и Рашиди / Құрастырушы М. Қойгелді. – Алматы: Қазақпарат, 2015. – 494 б.
3. Мирза Мухаммад Хайдар. Тарихи Рашиди / Введение, пер. с перс. яз. А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. – Ташкент: Фан, 1996.

К.О. Сейтказина

т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

Н.С. Салауатов

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тарих факультетінің 1-курс докторанты
nurzhan_akim@mail.ru*

ЕЛ ҰЙТҚЫСЫ – ТАНА МЫРЗА

Андатпа. Мақалада – XIX ғасырда қазақ байларының қоғамның қоғамдық-саяси өміріндегі орны анықталады. Мақалада зерттеліп отырған кезеңдегі қазақ байларының қазіргі демеушілер, меценаттар ретіндегі рөліне қатысты мәселелер қарастырылған. Сол кездегі «бай» ұғымы қазіргі ұғыммен салыстырғанда дәстүрлі, мемлекеттік, қоғамдық мәнге ие болды. Мақалада көрсетілген кезеңде өмір сүрген Тана мырзаның өміріндегі оқиғалары бай кейіпінің қандай болғанын дәлелдеу үшін ашылып көрсетілді.

Тірек сөздер: Байлар, мырза, тұлға.

Кеңес үкіметі уақытында тарихта болған, көптеген айтулы тұлғаларымыз жайында жазуға идеологиялық қалқан бөгет болып еді. Ел еңсесін көтерген мал мүлкімен ғана емес, сонымен қатар ақыл парасатымен, даналығымен ерекше тұлғаларымыздың тарихта аты өшіріліп қала жаздағаны белгілі.

Бір өлкеге ғана емес, бүкіл қазақ еліне әйгілі тұлғаларды кең көлемде таныстырып насихаттау, өнеге, өсиеттерін ел үшін атқарған жанқияр еңбектерін, тағылым-тәрбиелерін зерттеу егемендік алғаннан кейін ғана мүмкін болды. Сол тұлғалардың бойындағы ерлік пен отаншылдықты, адамгершілігін үлгі ету бүгінгі ұрпақтың міндеті болып табылады. Тас боғаудан босағаннан кейін барып саналы өмір жолы мен күрескер тұлғасы айқындала бастаған адамның бірі – Тана Мырза Тілемісұлы.

Тана Тілемісұлы 1803 жылы Барқытбел (Тарбағатай) биігіндегі мәңгі мұздықтардан бастау алатын әйгілі Қарғыба өзені жағасында, ата-қонысында дүниеге келген. 1868 жылы «Жаңа Мизам» заңы шыққан уақытта дүние салған.

Тана аса бай болмаған. Оңды – солды мал шашып атақ шығарсам деген ойдан да аулақ, парасатты. Ол барды ұқсата білген адам. Тананың мырза аты жарлы-жақыбай, кедейлерге қол ұшын беріп, адам қатарына қосып, алдына ас, төбесіне үй тігуіне байланысты емес, қазақтың азаттық аңсап атқа қонған арда ұлдарына ниеттес болып, қолда барын жұмсауымен шыққан. Қажет жерінде жанын да аямай үкімет алдына ашық қарсылыққа да барған. Халқы үшін малын да, жанын да аямайтын Тана болып атағы, иісі қазаққа кең тараған. Батыр Қожагелді дауын даулап, тайсалмай, орыс ұлықтарымен жағаласа кетуі, қазақ аруағын қорлап, зиратты ысырып тастап салынған шіркеуді өзінің тілмашы боп жүрген жақын туысын жіберіп өртетіп жіберуі, қолы әлсіреп, ел сатқындары бой тасалап, жағымпаздары қарсы шыққанда, қазақтың соңғы ханы Кенесары Іле бойына түскенде Рүстем төреге барып, ниеттестігін білдіріп батыр ханмен жолықпаса да үйірлеп жылқы айдауы Тана мырза атын бүкіл қазақ еліне жаяды. Мырза атануы да сол кезеңге сәйкес келеді [1].

Тана заманында мырза атану – ел ағасы, аймақ билеушісі халық қамқоры болған ілуде бір адамға бұйырған. Тана мырза туралы тарихи деректер баршылық. Ел аузындағы аңыз-әңгімелер де халықтың мырзаға деген зор құрметін таныта түседі. Адольф Янушкевич болса, кейінірек поляк бунтарының (бүлікшіл) пікірін Влангали мен Григорий Потанин, сондай-ақ Любимов пен Попов та растайды. Янушкевич патша әскерінің қызметшісі ретінде дала бекзатына бір жақты баға берсе, А. Влангали мен әйгілі Шоқан Уәлихановтың досы, көрнекті этнограф, зерттеуші Потанин Тана мырзаның мінез-құлқын, бет-бейнесін, алғырлығы мен алымдылығын, сән-салтанаты арқылы бекзаттылығы мен білімін, сөз саптасынан мысалдар келтіре отырып қара қылды қақ жаратын әділдігі мен шешендігін, алдын болжайтын көрегендігін баяндайды.

Влангали: Тана бойшаң келген қараторы қаба сақалды сұлу адам, – дейді де, ой соңында түрі қазақтан бөлек араб семиттерге ұқсайды. Әйелі де ұқыпты киінетін, ақкөңіл жайдары адам, – деп баяндап өтеді [2].

Ал Г. Потанин болса Тана мырзаны бүкіл Шығыс өңірі қалай құрметтейтінін би ретінде айтқан уәжіне тоқтап, дала бекзаты санайтындықтарын ашып жазады. Сондай-ақ Потанин Тананың қонағуар сый-құрметін, экспедицияны бастап жүрген еңбегін бағалай келе, өздеріне ішін бермейтіндігін, әлдебір күмәнмен қарайтынын, жақын араласпай әңгіме ауанына салғырттау араласатынын да айта кетеді. Тананың ол мінезі өз атасы Базардың (бейіті ескі Шегелек шабындығында) орыс офицерінің қолынан жазықсыз құрбан болуы, дін таратушы екіжүзді миссионерлерге көзқарасы, бұратана елге арналған заңдар мен шектеулердің әділетсіздігін айтып сан мәрте ұлықтармен шарпысуынан қалыптасса керек.

Мәселен, Сабанқұл төре бастаған көтерілістің талап-тілегі туралы сөйлеген Тана мырзаның сөзі тайсалмас табандылығын, батылдығын, шешендігін айқын танытады. Тана Мырзаның тағы бір ерекшелігі ол орыс отаршыларынан қорлық көріп босып кеткен башқұрт, татар, ноғай, қарашай, тағы басқа ағайын, түбі бір туыс елді барынша қамқорлығына алуы. Олардың діни сауаттылығын, мәдени салттарын қазақ арасына таратуы да жаңашылдықтың жаңа үлгісі болатын.

Тана мырза өзі бас болып соңынан ерген елді ұйымдастыра жүріп сол замандарда меңіреу күй кешкен өлкеде жеті мешіт, 16 медресе (мектеп) салғызған адам.

Тана мырза мешіт, медресе салу мақсатына беріліп, оның құрлысымен жете танысу үшін Семейге аттанбақ ниетте әкесі Тілеміспен ақылдасады. Әбден соққы жеп, жеңе алмасын білген әккі би Тілеміс «Балам, байқа. Мынау саған алдырмайтын жау. Ығына жүрмесең ысырып тастай салады. Күші басым. Үкімет әне соның сөзін ғана сөйлейді. Сен өзім үшін күйіп жүр ғой деп пе ең? Ертең ұрпақ не болмақ? Бүгін найза көтерсең ертең тып–типыл болмайсың ба? Сен тұр ғой азуын айға білеген ана төре мен сұлтандар да айтқанға көніп отырған жоқ па? Әсілі тыныш жүрген шығар» деп ақылын айтып байқап еді. Тана: «Әке, бәрін біліп жүрмін. Кімнің кім екенін мына заман анықтап берді ғой. Өзіңе өзің сенбеген қиын екен. Жау жағадан, бөрі етекпен» – деуші ме еді. Бүгін сол бөріден жау адалырақ болып тұр ғой. Осы бетпен кете барсақ айналасы жиырма жылға жетпей мәңгүрт атанамыз. Алдымыз шоқынып болдық. Үкімет дінді қорғаймын дегенге қарсы шықпас. Шықса да ішінен тынар. Басқа жол жоқ. Анау Ақтайлақ би ұстанған жол жол-ақ болып тұр. Әйтпесе кешегі аталардың еңбегі еш, тұзы сор болмай ма? – деп жауап берген [1].

Тана мекеп-медреселерінде оқыған адамдар озық ойлы, елге білім нұрын шашқан адамдар болып тарихта қалды.

Ұлы тұлға отаршылдыққа қарсы күресудің өзінің әдістерін қолданған. Олар: оқу-ағарту ісін дамыту, отырықшылдыққа үйрету, халықтың санасын ояту болатын. Мысалы, Тана ауылдары да егін салады. Бірақ тұқымды сұрыптау және суарудың тың әдістерін қолдану арқылы оза шабады. Оның бітік өсірген егіні егінмен көзін ашқан орыс шаруаларының өзін таң қалдырған екен. Осымен қолдан сусып бара жатқан Көкпекті жерін сақтап қалудың басты амалы – көшпелі елді отырықшыға айналдыру мақсатын іске асырған. Келесі күресу тәсілі – ел санасын ояту, білім беру және рухын көтеріп, дінін нығайту.

Оқу-ағарту ісінде қазақ өзге халықтармен иық теңестірді. Тана мырза мұрындық болып, 1854 жылы Көкпектіде фельдшерлік курс ашылғанда, сол дәрігерлік оқуға қазақтың 34 жігіті түскені бізге көп жайды аңғартса керек.

Архив мағлұматы Тана ашқан үш мешіттің алғашқысы Кеңтүбек деген жерде 1849 жылы ашылған деп дерек береді. Оның ашылу

салтанатына жер шалғайлығына қарамай, Тобықты елінің старшыны Құнанбай да қатысыпты. Күнекең өзімен құрдас Тана мырзаның тәжірибесінен көп сабақ алып, еліне қалың оймен қайтқан. Қарқаралы округіне аға сұлтан болған Құнанбайдың мешіт құрылысын қолға алуы (1849–52 ж.) және ауылына ноғай молда Ғабитханды алдыртып, «Ескі там» деген жерде медресе салдыртуы осының айғағы болса керек. Абайға алғашқы ұстаз болған осы Ғабитхан екені баршаға аян. Абай ел басқару ісінде Тананың тәжірибесін де пайдаланған [3].

Мешіт салдырғанда Тана мырзаны ойландырған келесі келелі іс – оқу-ағарту ісі. Медресе діни сабақтармен бірге ғылымдардан да хабардар етіп, білім беруі тиіс. «Жаныңдағы жауыңнан өз ойымен қорған» – деп түйген мырза ендігі жерде орыс тілінің де тиер пайдасы барын ескеріп оны да бөлекше сабақ ретінде жүргізуге нұсқау береді. Ол үшін тағы да білімді оқыған азамттарды іздеп тауып, баспана беріп, алдына мал салып пайдалануды ойлайды. Бұл бағытта Тананың сенімді көмекшілері өзінің інілері, етене жақындары Дәуіт пен Ғалим молла болды. Екеуі Семей шаһарына жол шегіп бірталай ноғай семьяларын көшіріп әкеледі. Олардың арасында дін қарилары, білімді ұстаздар, орыс тіліне жүйрік аудармашылар, жер телімінің бабын білетін бағбандар, саудагерлер бар еді. Бұлардың барлығын Тана мырза өз ауылына жинап алады. Құрлысшылар да осылардан шығады. Қолы жаңа іске үйрене берсін ниетімен Жанай жігіттері де жұмысқа тартылады [1].

5. Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.3.: 1932–1934 / Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021. – 1028 с.

Д. Асқарұлы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты

baibaris_tamluk@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНҒА ХАЛЫҚТАРДЫ ДЕПОРТАЦИЯЛАУ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКТІК НЕГІЗІ

Андатпа. Кеңестік кезеңде Қазақстанға халықтарды депортациялау процесіне арналады. Депортация тақырыбын зерттеудегі негізгі қолданылатын әдістер, дереккөздердің түрлері, олармен жұмыс жасаудың ерекшеліктері қарастырылады. Кеңестік әкімшілік ұйымдардың есеп, хат, қаулы сынды ресми іс-қағаздарының тақырыпты зерттеудегі маңыздылығы, объективтілігі мәселелері талданады. Архив құжаттары, архив құжаттарының жинақтары, тарихшылардың монографиялары сынды деректерді зерттеу ісінде қолданудың артықшылықтары, олардың тарихи шындықты анықтаудағы рөлі жөнінде талдау, ой қорыту жүргізіледі.

Тірек сөздер: КСРО, кеңестік Қазақстан, тоталитаризм, депортация, дерек.

Аннотация. Статя посвящена процессу депортации народов в Казахстан в советский период. Рассматриваются основные методы исследования по теме депортации, виды источников и особенности работы с ними. Проводится анализ объективности источников в виде официальных документов делопроизводства советских властных структур, таких как: отчеты, постановления, докладные записки и т.д. Анализируются архивные данные, сборники архивных документов, монографии историков,

определяется их значимость в деле определения исторической правды, приводятся итоги, выводы.

Ключевые слова: СССР, советский Казахстан, тоталитаризм, депортация, источник.

Summary. The article is devoted to the process of deportation of peoples to Kazakhstan in the Soviet period. The main methods of research on the topic of deportation, types of sources and features of working with them are considered. An analysis is made of the objectivity of sources in the form of official records management documents of the Soviet power structures, such as: reports, resolutions, memorandums, etc. Archival data, collections of archival documents, monographs of historians are analyzed, their significance in determining the historical truth is determined, results and conclusions are given.

Keywords: USSR, Soviet Kazakhstan, totalitarianism, deportation, source.

Тарих – адамзат ғұмырнамасын баяндаудың ортақ тұжырымы. Тарихты жазуда түрлі пікірлер, түрлі дереккөздер қолданылады. Дереккөздердің молдығы, өзара тәуелсіз болуы, дерек авторларының объективтілігі тарихшыға неғұрлым шындыққа жақын тарихты жазуға, өткен саяси, әлеуметтік, экономикалық кезеңдерге лайықты баға беруге мүмкіндік береді. Алайда егер зерттеуші тақырыптың дереккөздік базасына жіті назар аудармаса, немесе қолында бар деректерді ұқсатып қолдана алмаса да тарих үшін сапасы төмен, келер ұрпақ сынына шыдас бере алмайтын еңбек дүниеге келетіндігі сөзсіз...

Қазақстанның тарихы әр дәуірінде бетбұрысты үдерістердің бірнешеуін басынан өткеріп келе жатқан әлемдік тарихтың ажырамас бір бөлігі. XX ғасырдың 30–50 жылдары елімізде коммунистік диктатура, сталиндік тоталитарлы жүйе билігін жүргізіп тұрды. Осы кезеңде КСРО-ның өзге аймақтарынан Қазақстанға бірнеше халық тұтастай күштеп жер аударылып келген болатын. Халықаралық ғылыми айналымда бұндай күштеп жер аудару «депортация» деп аталады. Бір ерекшелігі – КСРО-ның көптомдық энциклопедиясында сексенінші жылдарға дейін «депортация» сөзіне қатысты анықтамады сонау өткен ғасырлардағы Франциядағы қылмысты болғандарды жер аудару процесі ғана мысал етіп көрсетілген. Кеңес Одағында XX ғасыр ортасында өткен депортация турасында бір сөйлем де жазылмаған.

Депортация – күштеп жер аудару, бұл тақырыпты зерттеуде жоғарыда атаған энциклопедиядай кез келген ақпарат көзін қосымша дереккөзі ретінде қарастырумызға болады. КСРО энциклопедиясынан бөлек сол заманғы мерзімді баспасөз құралдарын да бір шолып шығар болсақ, күштеп жер аударылып келген контингент жайында ресми ақпарат, журналистік мақала таба алмайсыз. Бұл факттердің өзі депортация процесін барлығы көріп отырғанымен, ресми ортада ашық түрде тақырыпты талқылауға «табу» қойылғандығын топшылай аламыз.

Күштеп жер аудару тарихы бойынша ең негізгі дереккөзі деп архив құжаттарын атаған дұрыс. Бұл санатқа Мәскеуден бастап бұрынғы КСРО құрамында болған барлық мемлекеттердің мемлекеттік, облыстық,

аудандық архивтарын қарастыруға болады. Егер мемлекеттік архивтардың құжаттарының көпшілігі КСРО құлаған сәттен бастап қарқынды түрде ғылыми айналымға енген болса, көп жағдайда әлі де тың деректерді облыстық, аудандық мұрағаттардан табуымызға болады. Дегенмен бұл көп уақытты, қаражатты және ғылымға деген шынайы құлшынысты талап етеді. ХХІ ғасырдың алғашқы ширегі аяқталуға таяп калса да елімізде әлі де құзырлы органдардың арнайы архивтарында сақтаулы, арнайы рұқсатсыз жас зерттеушілер қолына түсе бермейтін құжаттар да бар. Мұндай кедергілер алдағы уақытта алынып тасталады деген үміттеміз.

Қазақстанға Украина, Белорусь, Қырым түбегінен, Солтүстік Кавказдан және т.б. КСРО жерлерінен түрлі халықтардың басым бөлігі күштеп жер аударылды. Олар Қазақстанның барлығына дерлік облыстарына, әр облыстың барлығына дерлік аудандарына қоныстандырылды. Яғни, Қазақстанда кеңестік кезеңде депортацияланып келген азаматтармен байланыста болмаған, оларды көрмеген елді мекен жоқ деп айтсақ та болады. Көп адамның арнайы дайындықсыз жер аударылып әкелінуінің денсаулық саласында салдары болмауы мүмкін емес еді... Жамбыл облысының архивынан келесі мәліметтерді көре аламыз. 1943 жылдың 6 қазанында Жамбыл облысы еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитетінің төрағасы Ш. Калкенов пен хатшысы М. Жаксылыков бекіткен хаттаманың «Эпидемиялық ауру түрлерімен күрес жұмыстарының жағдайы туралы» есебінде бірқатар факттерге көз жеткізе аламыз. Құжатта облыста әлі де жаңа моншалар мен 137 қарапайым дезинфекциялаушы камералардың салынбағандығы аталады. Бөртпе сүзегі мен іш сүзегіне азаматтардың шалдығуы Жамбыл қаласы мен Шу, Мерке, Красногорский аудандарында әдеттегі шамадан асып кеткен. Қалалық монша 1943 жылы тек 26 күн қызмет көрсетсе, Красногоркадағы монша 3 ай ғана жұмыс жасаған. 1943–1944 есептік жылдың күзгі-қысқы маусымдарында моншаларға қажетті отын мүлдем қамтамасыз етілмеді [1]. Архив деректерінің көмегімен біз қандай ауру түрлері, қандай санитарлық мәселелер болғандығын байқай аламыз. Бұл тарихи процестер мен олардың салдарын талдауда аса маңызды дәлелдік база болып табылады.

Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихы архивының құжаттарын мысал етер болсақ келесі деректерге қол жеткіземіз... 1944 жылы 15 маусымында ОҚО бойынша ІХК басқармасының басшысы М.В. Федотовтың анықтамасында Оңтүстік Қазақстан облысында қоныстандырылған Солтүстік Кавказдан арнайы жер аударылғандардың жалпы саны – 12 398 отбасы, 49 491 адам, оның ішінде қарашайлар – 6492 отбасы, 24 350 адамды құрады. Азық-түлік бөліп беру бойынша ақпарат бір айлық мерзімнің мөлшерін көрсететінін ескерсек, орта есеппен әр арнайы жер аударылғанға күніне 30 грамм ұн, 60 грамм дақыл арналғандығын айта аламыз.

Сандық көрсеткіштерден бөлек арнайы жер аударылғандардың мәселелері де ішінара аталып өтеді. Құжатта: *«облыстың аудандарында қоныстандырылған арнайы контингенттің басым бөлігі қыс жағдайына бейімделген баспанамен қамтамасыз етілді. Бірақ бірқатар аудандарда кеңестік партиялық органдар арнайы жер аударылғандардың жұмыспен қамтылуына, баспана-тұрмыстық жағдайларын шешуге аз көңіл бөлуде»*, – деп баяндалады [2]. Көріп отырғанымыздай облыстық архивта жер аударылғандардың саны, ұлттық құрамы, оларға бөлінген көмек түрлерінің мөлшері сынды мәліметтер нақты көрсетіледі. Тағы бір ерекшелігі мұндай архивтарда кеңестік кезеңдегі облыстық, аудандық әкімшілік органдардың жоғары басшылықтарға, сондай-ақ өзара есептері, республикалық қаулылар, бұйрықтар мен баяндама хаттар сақтаулы.

Облыстық архивты қарастыру арқылы біз облыс, аудандық деңгейдегі ресми (*аса құпия айдарымен бекітілген*) хаттарды, іс-қағаздарды талдай аламыз. Тағы бір мысал қарар болсақ, Оңтүстік Қазақстанға жер аударылып келгендердің мәселелері туралы әкімшілік қызметкердің құжатын көре аламыз. 1946 жылдың 31 мамырында ҚК(б)П облыстық комитет хатшысы С. Галиев Сары-Ағаш аудандық комитеті басшылығына арнайы жер аударылғандардың арыздары бойынша хат жолдап, мәселелер бойынша тиісті шара қолдануды талап етті [3]. Көріп отырғанымыздай, облыстық комитет хатшысының аты-жөні, көтерген мәселесі архив құжатынан біздің қолымызға түсуде. Нақты тұлғалар, мемлекеттік органдар, нақты мәселелердің көрініс табуының арқасында біз тарихи оқиғаларды неғұрлым дәлелді түрде, дәйектер келтіре отырып баяндай аламыз. Дегенмен, тақырыпты зерттеуде тек қана архив деректерімен шектелуімізге болмайды. Архив деректерімен қатар архив құжаттарының ресми жинақтары да маңызды мәлімет қоры, дереккөзі болып табылады. Айта кетер жайт, егер сіз архивқа тікелей бармай, тек архив құжаттары жинағымен жұмыс жасасаңыз ғылыми мақалада тікелей архивқа сілтеме жасай алмайсыз, жинаққа сілтеме жасауыңыз керек...

«Из истории депортаций...» атты архив құжаттарының жинағына жүгінер болсақ келесі мәліметтерге қол жеткіземіз... Әсіресе, өндірістік кәсіпорындарға жөнелтілген арнайы жер аударылғандардың отбасыларының жағдайы ауыр болды, өйткені көп санды жұмыс күшіне зәру кәсіпорындар баспанамен қамту мүмкіндігі жеткіліксіз болса да жұмыс күші үшін арнайы жер аударылғандарды қамту шамаларынан тыс қабылдауды әдетке айналдырған. Сонымен қатар Қазақстанда орман (құрылыс ағашы), шыны, шеге сынды құрылыс материалдарының тапшылығы арнайы жер аударылғандарды сапалы баспанамен қамтудағы қиындықтарды шешуде республика басшылығы үшін қолбайлау болды [4, 37-б.]. Тарихи отандарынан күштеп жер аударылған Солтүстік Кавказ халықтары, олардың арасындағы балқарлар, барлығы да бірдей ауыр

калыптасқан жағдайда еңбек етуге, жаңа жерде өмір сүруге, мемлекеттік жоспарларды, тапсырыстарды орындауға міндетті болғандығын архив құжаттары жинағынан алып, зерттеуімізді тереңдете түсуімізге болады. Аталған архив құжаттарының жинағынан бөлек депортация, ашаршылық, «1986 жылғы жетоқсан» және т.б. тақырыптарда жарық көрген архив құжаттарының жинақтары жетерлік. Зерттеушілер тек осы жинақтарды зерделеп, қажетті деректерін өз жұмыстарында тиімді пайдалана білсе болғаны. Дегенмен, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысып жүрген азаматтар мүмкіндігінше барлық архивтарды өздері ақтарып, құжатпен тікелей жұмыс жасағандықтары абзалырақ. Ал, жинақтарды жұмыстарында қосымша дереккөзі ретінде қолданғандары жөн. Себебі 50–70–100 жыл ұрын жазылып, архив қорында сақтаулы құжатпен жұмыс жасау зерттеушіге мол шабыт, қарқынды ынта береді...

Архив құжаттары, архив құжаттарының жинақтарынан кейін ғалымдардың докторлық, кандидаттық диссертацияларының авторефераттары, диссертация негізінде жазылған монографияларын атауға болады. Бұл деректердің артықшылығы тақырып бойынша бірқатар зерттеушілердің еңбектеріне талдау, шолу назарыңызға ұсынылады, Содан кейін монография авторының өзінің позициясы, зерттеу әдісінің ерекшеліктері байқалады. Егер сіз архив деректерімен тікелей жұмыс жасап жүрсеңіз, кейбір монографиялардағы фактологиялық, сандық, атаулық қате баспа факттерін бірден көзіңіз шалады. Солайша, өзіңіздің жұмысыңызда ол қателікті жібермеуге тырысасыз. Монографиялар жеке ғалымның, және ұжымдық монография болып құрылымдалуы мүмкін. Депортация тақырыбы бойынша ұжымдық монография үлгісі ретінде «Депортированные в Казахстан народы : время и судьбы» атты еңбекті атауға болады. Бұл еңбектің негізінде халықтардың тарихи отандарынан күштеп жинастырылып, Қазақстанға жеткізілгенге дейінгі жолдарына қатысты бірнеше зерттеушінің бір жүйемен берілген мақалаларын оқи аламыз. Мысалы, ретінде Қазақстанға әкелінген арнайы жер аударылғандарды орналастыру мәселесі туралы мәліметті ұсынуымызға болады... Қазақ КСР ХКК төрағасы Н.Ундасынов пен Қазақ КСР КП (б) ОК төрағасы Н. Скворцов КСРО КП (б) ОК төрағасы Г.М. Маленковқа «Арнайы жер аударылғандарды шаруашылық тұрғыда орналастыру мен осы іске қажетті көмек» атты баянадама әрі көмек сұрау мәнінде қызметтік хат жолдайды. Бұл құжатта арнайы жер аударылғандарды орналастыру кезінде қажетті баспананың тапшылығы, азық-түлік қорының толық жасақталып үлгерілмеуі, бірқатар кеңестік мекемелердің басшыларының арнайы жер аударылғандарға қатысты лайықсыз қатынас көрсетуі, ауру мен эпидемиялардың таралуы жөнінде айтылады. Осы аталған мәселелерді шешу мақсатында жергілікті мемлекеттік басшылық біршама іс-қимыл жоспарларын мамыр айында құрып, еңбекке жарамды арнайы жер аударылғандарды ауыл шаруашылығының салаларына орнықтыру бойынша нақты жоспарлар мен нұсқауларды іске асырған.

Сондай-ақ республикалық деңгейдегі білікті 9 мемлекеттік қызметкер аймақтардағы жергілікті басшылардың жұмыстарын қадағалауға, ұйымдастыру істерінде қолғабыс тигізуге арнайы іс-сапарға жөнелтілгендіктері де хатта баяндалады [5, 275-276 б.]. Бұл ұжымдық еңбектің тағы бір ерекшелігі оқырманға авторлардың және өзге зерттеушілердің мақала, еңбектерінің тақырыптық үзінділер мен қатар дәлел үшін архив құжаттарының мазмұны да беріледі.

Мақалада аталмай қалған дереккөздердің ішінде мемуарларды, куәгерлерден және олардың ұрпақтарынан алынған сұхбаттарды атауға болады... Бұл шағын мақалада Қазақстанға халықтарды депортациялау бойынша негізгі дерек көздерінің түрлері мен олардың аздаған ғана мысалдары ұсынылды. Ақиқатында әр зерттеушінің еңбектенуіне қарай архивтардың да, архив құжаттары жинақтарының да, монографиялардың да сандары өте мол. Бастысы автор өзінің зерттеу тақырыбын ашу жолында сол мол дерек ішінен өзіне расымен қажетін анықтай біліп, қателіктер болса ажыратып, өз оқырманына сапалы талдауға негізделген еңбек ұсына алуы шарт. Бұдан шығатын түйін – әр зерттеуші өзінің зерттеу тақырыбының тарихнамасын, архив құжаттарының қорларын жітік білуі керек.

Әдебиеттер

1. Жамбыл облысының мемлекеттік архиві, 399-қ., 1-т., 370-іс, 21-п.
2. Түркістан облысы қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві, 40-қ., 8-т., 109-іс, 1-4-п.
3. Түркістан облысы қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві, 364-қ., 1-т., 248-іс, 37-п.
4. Из истории депортаций. Казахстан. 1939–1945 гг.: Сборник документов. Т. 3. – Алматы: LEM, 2019. – 708 с.
5. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: Арыс – Қазақстан, 1998. – 428 с.

А.Д. Байшуакова

*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.
baishuakova1806@mail.ru*

ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІҢ РОЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Андатпа. Бұл мақала жазбаша деректердің ішіндегі эпистолярлық деректер жөнінде мәселелерге арналады. Мақалада эпистолярлық деректердің өзгешіліктері жан-жақты баяндалады және эго-құжаттар ұғымының мәніне ерекше назар аударылады. Сонымен қатар эпистолярлық мұра жөнінде зерттеуші ғалымдардың көзқарастарына шолу жасалады. Ғылыми зерттеулерде хаттардың алатын орны мен маңызы талданады.

Тірек сөздер: дерек, эпистолярлық дерек, хат, эго-құжат.

Аннотация. Данная статья посвящена вопросам касательно одного из видов письменных источников – эпистолярным источникам. В статье подробно рассматриваются отличительные признаки эпистолярных источников и особое внимание уделено понятию эго-документа. Также сделан обзор взглядов ученых-исследователей на эпистолярное наследие. Анализируется роль и значение писем в научных исследованиях.

Ключевые слова: источник, эпистолярные источники, письмо, эго-документ.

Summary. This article is devoted to questions regarding one of the types of written sources – epistolary sources. The article discusses in detail the distinctive features of epistolary sources and pays special attention to the concept of an ego-document. A review of the views of scholars-researchers on the epistolary heritage is also made. The role and significance of letters in scientific research is analyzed.

Keywords: source, epistolary sources, letters, ego-document.

Адамзат қоғамының басынан кешірген тарихи оқиғалары туралы ақпарат беретін тарихи дерек адамдар қызметінің нәтижесінде пайда болады және зерттеуші үшін ғылыми танымның басты құралына айналады. Тарихшының өткен фактілермен тікелей байланысы орнатылмаған, ол тек деректер арқылы қатынасқа түседі. Тарих ғылымында тарихи дерек танымның объектісі мен құралы ретінде қарастырылады, ал тарихи факт ол нақты деректерді талдау барысындағы зерттеу объектісі болып табылады [1, с. 112]. Тарихи деректер ақпарат тасымалдаушылар, олардың негізінде тарихшы зерттеп отырған қоғамдық-тарихи шындықты қайта қалпына келтіру мүмкіндігіне ие болады [1, с. 118].

Дерек – адамның мақсатты бағытталған қызметінің нәтижесі, одан өмір сүрген және әрекет еткен адам мен қоғам туралы мәліметтер алынады. Материалдық түрдегі деректе оларды шығарған адамдардың сезімдері мен ойлары жүзеге асырылады [2, с. 8]. Қазіргі таңда деректанудағы тарихи дерек, оның табиғаты, мәні, ерекшеліктері, ондағы мәліметтер деген түсінікке әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Дерек деген ұғымға байланысты ғалым Ю.А. Русина өз еңбегінде үш түрлі көзқарасты ұсынады. Біріншіден, мәдениеттанушылық. Ол деректанудағы кең тұрғыдан алғанда адамдардың жасаған мәдениеті. Тарихи дерек адам жасаған шығарма, ол мәдениеттің өнімі. Бұл көзқарас 1990 жылдардың соңында Мәскеу мемлекеттік тарихи-архивтік институтының деректану мектебінің өкілдері тарапынан тұжырымдалды (О.М. Медушевская, В.А. Муравьев, И.Н. Данилевский, М.Ф. Румянцева және т.б.). Екінші, тарихи дерекке кеңейтілген көзқарастың қалыптасуы. Оны С.О. Шмидт, С.М. Каштанов, В.В. Кабанов, т.б. секілді ғалымдар ұсынды. Олардың көзқарасы бойынша тарихшы үшін адам қоғамының дамуы туралы пайдалы ақпарат алуға болатын тарихи дерекке жатады. Үшіншіден, тарихи дерекке ақпараттық көзқарас. Оны И.Д. Ковальченко (А.Г. Голиков, Т.А. Круглова және т.б.) қолдады. Бұл көзқарас бойынша тарихи дерек деген түсінікке адам қызметінің процесі нәтижесіндегі

қоғамдық өмірдің әркелкілігі туралы ақпарат беріп, ғылыми танымға негіз болатынның барлығын жатқызды. Олардың түсінігінше тарихи дерек өткен іс-әрекет туралы әлеуметтік ақпаратты жинақтау, сақтау, жалғастыру қызметін атқарады. И.Д. Ковальченконың тұжырымы бойынша кез келген деректі шығару объект пен субъект арасындағы процесс тәрізді [2, с. 7-8]. Субъекттің объектіні бейнелеу нәтижесі ол ақпарат, ол бір жағынан объективті де, субъективті де болып табылады. Ол субъектіге тәуелсіз шынайы дүниенің әртүрлі қасиеттерін сипаттауда біршама деңгейде объективті болса, ал субъект саналы түрде әрекет ететіндіктен соншама субъективті болып келеді. Ковальченконың пікірінше тарихи білім екі еселенген субъективті көрініс. Субъектілеудің алғашқы деңгейі ол тарихи деректердің авторларының белгілі бір дәуірдегі тарихи шындықты тіркеуде орын алады. Екінші деңгейі тарихи деректердің негізінде тарихшының шындықты қабылдау барысымен байланысты болады. Әрине, тарихи таным мұндай екі еселенген субъектілеу болмайтын ғылым салаларымен салыстырғанда күрделілікті туындатады. Тарихшының замандастары қалдырған өткеннің субъективті картинасын бастапқы негіз ретінде қолдануы тарихи шындықты толық анықтауда алдын-ала мұқият сыни талдауды қажет етеді [3, с. 4]. Деректе екі түрдегі ақпарат тіркеледі: айқын (деректің авторына белгілі) және жасырын (объектінің қасиеттері мен сипаттарының өзара көп байланысының салдарынан айқын емес). Субъектінің ақпарат алуының жалпы көлемінде көбінесе айқын емес ақпарат басым болады. Бұл тарихи деректер мазмұнының шексіздігінің дәлелі [3, с. 4].

Т.ғ.д., профессор Е.Б. Богдашова тарихи дерек ұғымға байланысты төрт түрлі көзқарасты ұстанады: 1) позитивистік: тарихи деректер – тарихи оқиғалар мен құбылыстар жөнінде ақпарат беретін өткеннің есекерткіштері; 2) марксистік: тарихи деректер – белгілі бір қоғамдық қатынастардың өнімдері 3) мәдениеттанушылық: тарихи деректер – мәдениеттің құбылысы; 4) неокантиандық: тарихи деректер – бұл жеке адам психикасының өнімдері [4, с. 73].

Деректануда жеке тұлғалық деректердің орны ерекше. Жеке тұлғалық деректер жеке автордың өз ойын білдіру, бекіту мақсатында жазбаша тарихи деректердің жиынтық атауы. Деректемеде олардың үш негізгі түрін айқындайды: жеке күнделіктер, жеке хаттар, естеліктер. Кез келген жеке тұлғалық деректер оның авторы мен оның оқиғаларды сипаттайтын орта туралы тікелей ақпарат береді. Бұл деректер олардың авторларының даралығымен негізделеді. Автордың әлеуметтік шыққан тегі, оның қоғамдық жағдайы, мамандығы, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымы, жынысы, жасы, мінез-құлқы, көңіл-күйі, т.б. факторлар мен жағдайлар жазбасының мазмұнына, шынайылығына, нақтылығына ықпал етеді. Екі бірдей адам болмайтын секілді, сол сияқты екі бірдей күнделік, жеке хаттар немесе естеліктер болмайды [3, с. 352]. Жеке тұлғалық деректер көбінесе жан-жақты болып келеді. Бір автор өзінен

кейін әртүрлі тақырыптарды зерттеу қажет куәліктерді қалдыруы мүмкін. Сондықтан да бұл деректердің ортақ жалпы жіктелуі қалыптаспаған. Көбінесе олардың екі сипатына байланысты кең таралған түрлері: тақырыптық-хронологиялық мазмұны жағынан және автордың әлеуметтік-кәсібилігіне байланысты. Мұндай бөлініс тек шартты, бірақ ол деректің негізгі мазмұнына үнілуге және автордың сипаттап отырған оқиғаға қатысты позициясындағы ерекшеліктерін айшықтауға мүмкіндік береді [3, с. 352-353].

Адамзаттың даму процесімен бірге дамып, жетіліп келе жатқан адамдардың қарым-қатынас әрекеттері тек ауызша ғана емес, жазбаша да заман талабына сай қарым-қатынас жолдары арқылы жүзеге асады. Қарым-қатынас әрекеттерінің бірі – хат жазу дәстүрі.

Жеке тұлғалық деректердің қатарына жататын жеке хат ол автордың белгілі бір адресатқа жазбаша тікелей жолдауы. Әдетте мұндай жолдау корреспонденттің жауабын талап етеді. Хат жазу ертеден бүгінгі таңға дейін әлеуметтік жағынан алғанда мәдени және тарихи мәні зор жанрлардың, жазба тілдің ежелгі формаларының бірі болып табылады. Эпистолография (грек. *epistole* – жолдау, хат) – хат түрі. Эпистолография (грек. *epistole* – жолдау, хат) – хат түрінде жазылған шығарма. Мұндай шығарма түріне ірі қоғам қайраткерлерінің өзара жазысқан, тарихи мәні бар, әдеби мұраға айналған хаттары жатады. Эпистолярлық жанр түрлері: жалпы амандықты білдіретін, қызметтік, шығармашылық жеке, жекеіскерлік, ресми іскерлік, әдеби хаттар [5, с. 124].

Жеке хаттың барлығы жеке бола бермейді. Қызметтегі тұлғаларға, мемлекеттік мекемелерге, қоғамдық ұйымдарға, газеттердің редакцияларына, т.б. жолданған жеке жазбаша жолдаулар хат алушының іскерлік құжаттарының бір бөлігіне айналады. Мемлекет және үкімет басшыларының жеке жолдаулары іскерлік құжаттар ретінде шығарылады [3, с. 363-364]. Жеке хаттың негізгі элементтері ол: адресатты белгілеу, мерзімі мен орнын жазу, адресатқа жүгінуі, автордың қолы. Жеке хаттардың мазмұнына шек қойылмайды, онда екі корреспонденттың мүддесіне қатысты кез келген жеке немесе қоғамдық мәселелер қарастырылуы мүмкін. Қоғамдық маңызды оқиғалар туралы хабарланатын хаттар дәстүрлі түрде тарихи деректер ретінде қолданылады [3, с. 364].

Соңғы жылдары шетелдік тарихнамада жеке тұлғалық деректер эго-құжаттар деген атауымен аталуда. Бұл түсінік гуманитарлық бағыттағы ғалымдардың лексиконына енді, бірақ мұндай мәтіндерге қатынаста әртүрлі алгоритмдер қалыптасқан. Эго-құжаттарға байланысты әртүрлі интерпретациялар әдебиеттануда, постмодернизациялық новацияларды қабылдамайтын «классикалық» тарихнамада және тарих пен филологияның синтезіне жақын пәнаралық қатынасты ұстанатын тарихшылардың еңбектерінде кездеседі. Осы кезеңге дейін жеке тұлғалық деректерді тарихи-мәдени талдаумен көбінесе әдебиеттанушылар

айналысты, олар осы жанрды қарастыруға ерекше назар аударды [6, с. 27-28].

Тарихи деректердің ішінде эпистолярлық мұраны, естеліктерді, күнделіктерді зерттеумен айналысатын Ресейдегі тарихшыларды құжаттардың бұл түріне сыни көзқарас пен сенімділігіне байланысты шартты түрде «дәстүршілер» және «новаторлар» деп екіге бөлуге болады. XVIII–XIX ғасырлардағы орыс мемуарларын зерттеумен айналысқан тарихшы-деректанушы А.Г. Тартаковскийдың еңбектері классикалыққа жатады. Тартаковскийдың соңғы еңбектері 1990 жылдардың соңында жазылғанымен оны ескі ғылым мектебінің өкілі деп санауға болады. Ғалым өз заманында мемуарларға деген басым болған субъективті көзқарасқа, оларды «қосымша, қосалқы» деректер түріне жатқызғанына келіспеді. Ол әсіресе П.А. Зайончковскийдың мемуарлардың құндылығы тек фактілерді келтіруі, оларды бағалауында емес, себебі олар әрдайым субъективті болып келеді және ондағы бай ақпараттық мүмкіндіктерді қабылдамайтын көзқарасына қарсылық танытты. Сонымен қатар Тартаковский мемуаристиканы әдеби шығарма ретінде тар әдеби түрде қарастыру мемуарлық жанрдың ерекше табиғатын түсінуде кедергі жасайды деп есептеді [6, с. 29-30]. Әлі күнге дейін тарихшылардың арасында эго-құжаттарды фактілік мәлімет дерегі ретінде қолданумен шектелу басымдылығын көрсетеді. Эго-құжаттармен жұмыс істеу барысында олар сынға ұшырап, ондағы фактілердің сенімділік дәрежесіне, сонымен қатар авторлардың қоғамдық және саяси ұстанымына, сипаттаған оқиғалардың мән-жайының хабардарлығына және мәтіннің ретроспективтілік деңгейіне ерекше назар аударылады [6, с. 30].

Қазіргі тарих ғылымында тарихтағы адам мәселесі басты назарда, тарихи психология, тарихи семантика секілді салалар зерттеулерді қажет етеді. Тарихтағы адам, оның Мен дегенінде субъективтілік кемшілік болып табылмайды [6, с. 31]. Ресейдегі ғалымдардың арасында жеке тұлғалық деректер түсінігін алмастыратын эго-құжат деген ұғым қалыптасты. Ғалым Ю.П. Зарецкий бұл ұғымның әртүрлі европалық елдерде енуіне көңіл аударды. Оның сөзінше, 1970-жылдардың соңында жаңа маркерлерге деген қажеттілік туындады, біріншіден, әдебиеттанушылардан ерекшелендіріп зерттелетін тарихи мәтіндерді нақты белгілеу, екіншіден, бұл құжаттарды мәндік жағынан біртұтас түрін жүйелеу үшін [6, с. 32].

Эго-құжат ұғымы Нидерландыда 1980-шы жылдары сұранысқа ие болды және бұл неологизмнің авторы Жак Прессер болып табылады. 1980–1990 жылдары ағылшын тілді, неміс тілді және франкотілді тарихнамада бұл ұғым кең таралды. Ресейде тарих ғылымында эго-құжат ұғымы ХХІ ғасырдың басынан бастап белсенді түрде орныға бастады. Бүгінгі күні көптеген европалық елдерде эго-құжаттарды жүйелеу, жіктеу, оларды гуманитарлық білімді дамытудағы потенциалын анықтау бойынша кешенді түрде зерттеу жобалары жүзеге асырылуда [6, с. 32].

Қазіргі таңда эго-құжаттарды зерттеу мәселесінде шетелдерде үлкен ғылыми жұмыстар атқарылуда. Литвада «Эго-документы Литвы. Наследие» (LEGODOK) жобасы енгізілген [7]. Бұл жоба гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың пәнаралық перспективалар тұрғысынан эго-құжаттарды зерттеуді қажет етеді. Жобаның мақсаты Европа мен бүкіл әлем үшін Литваның эго-құжаттарын ұсыну. Аталған жоба литвалық эго-құжаттарды болашақ ұрпақ үшін тіркеу және сақтау әрекеті болып табылады. Ресейдің белгілі ғалымы ф.ғ.д., профессор Сусеева Данара Аксеновна кешенді түрде қалмақ хандарының хаттарын зерттеумен айналысып, бірқатар ірі ғылыми еңбектерін жария еткен. Атап айтқанда, «Письма хана Аюки и его современников (1714–1724 гг.): опыт лингвосоциологического исследования» [8], «Русские переводы XVIII века деловых писем калмыцких ханов и их современников: тексты и исследования», «Письма калмыцких ханов XVIII века и их современников (1713–1771 гг.)», т.б.

Отандық тарих ғылымында белгілі тарихшы, ғалым Ерофеева Ирина Викторовна эпистолярлық мұраны зерттеу ісіне өзінің сүбелі ғылыми үлесін қосты. Оның ұзақ жылдар бойғы ғылыми ізденісінің нәтижесінде 1675–1821 жылдардағы қазақ хандары мен сұлтандарының хаттары жүйеленіп, 2014 жылы екі томдық көлемді жинақ ретінде жарияланды [9]. Бұл фундаменталды зерттеу Қазақстанның жаңа заман тарихына байланысты 26 қазақ басқарушысының 811 хатын мол деректер базасы ретінде қолдануға және соның негізінде тарихпен қоса пәнаралық ғылыми зерттеулерді жүргізуге мол мүмкіндік береді. Елімізде хандар мен сұлтандардың, басқа да тарихи тұлғалардың эпистолярлық мұрасын қолдана отырып, іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі бар, себебі олардың хаттары қазақ халқының мәдени ескерткіші болып табылады. Ол хаттар тарихи оқиғалардың панорамасын қалпына келтіре отырып, қазақ халқы үшін үлкен мәдени құндылықты құрайды.

Әдебиеттер

1. Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. – М.: 2003. – 486 с.
2. Русина Ю. А. Источниковедение новейшей истории России. – Екатеринбург, Изд-во Урал. ун-та, 2015. – 236 с.
3. Голиков А.Г., Круглова Т.А. Источниковедение отечественной истории. – М.: 2012. – 464 с.
4. Богдашина Е.Н. Источниковедение истории Украины: вопросы теории, методики, истории. – Харьков: Издательство Сага, 2012. – 234 с.
5. Күзембайұлы А. Деректану. Оқу құралы. – Қостанай, 2017. – 228 б.
6. Филатова Н.М. Подходы к изучению эго-документов в современной исторической науке в свете «лингвистического поворота» // Документ и «документальное» в славянских культурах: между подлинным и мнимым: Сборник научных трудов / Ответственный редактор Н.М. Куренная. – Москва: Институт славяноведения РАН, 2018. – С. 24-40. – DOI 10.31168/0402-2.2.C. 27-28

7. Зинкявичене Ю. Новый проект сохранения документов в Литве: опыт и вопросы библиографии эго-документов. Вильнюсский университет, Вильнюс, Литва.

8. Сусеева Д.А. Письма хана Аюки и его современников (1714–1724 гг.): опыт лингвосоциологического исследования: Монография. – Элиста: АПП «Джангар», 2003. – 456 с.

9. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675–1821 годов / Введ., биогр., коммент., сост. и ред. И.В. Ерофеевой. Т. I. Письма казахских правителей. 1675–1780 гг. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. – 696 с.; Т. II. Письма казахских правителей. 1738–1821 гг. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. – 1032 с.

В.Б. Бекишева

КГУ СОШ №4 г. Экибастуз Павлодарская область

Учитель истории, магистрант, группа МИШ – 12

ВОСПИТАТЕЛЬНЫЙ АСПЕКТ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРК КАЗАХСКОГО НАРОДА – КАК ИСТОЧНИКИ В ИЗУЧЕНИИ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация. Статья написана в рамках проведения Международной научно-практической конференции «Актуальные вопросы изучения историко-культурного наследия казахского народа в исследованиях академика А.Х. Маргулана». В целях повышения интереса к родному краю были исследованы казахские пословицы и поговорки. Духовное наследие Великой Степи – пословицы и поговорки, возникли и развивались вместе с ее народом. В них сокрыта вековая мудрость народа. Раскрыт смысл, спрятанный в кратких и метких изречениях народа о быте, хозяйстве, о качествах человека и т.д. Эту мудрые изречения были изучены, рассмотрены и возможно применимы при изучении различных исторических периодов на уроках отечественной истории. Раскрывая смысл народных изречений на уроках истории, ребята могут ближе познакомиться с традиционным хозяйством и мировоззрением казахского народа.

Ключевые слова: пословицы и поговорки, духовное наследие, фольклор, Великая степь.

Андатпа. Мақала «академик Ә.Х. Марғұланның зерттеулеріндегі қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын зерттеудің өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция аясында жазылды. Туған өлкеге деген қызығушылықты арттыру мақсатында қазақтың ұлттық мақал-мәтелдері зерттелді. Ұлы Даланың рухани мұрасы-мақал-мәтелдер, оның халқымен бірге пайда болып, дамыды. Оларда халықтың ғасырлық даналығы жасырылған. Бұл дана сөздер зерттелді, қарастырылды және Қазақстан тарихы сабақтарында әртүрлі тарихи кезеңдерде тақырыптарды зерттеуде қолданылуы мүмкін. Тарих сабақтарында халық сөздерінің мағынасын аша отырып, балалар қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы мен дүниетанымымен жақынырақ таныса алады.

Тірек сөздер: мақал-мәтелдер, рухани мұра, фольклор, Ұлы дала.

Summary. The article was written within the framework of the International scientific and practical Conference «Topical issues of studying the historical and cultural heritage of the Kazakh people in the studies of Academician A.H. Margulan». In order to increase interest in the native land, Kazakh national proverbs and sayings were studied. The

spiritual heritage of the Great Steppe – proverbs and sayings, originated and developed together with its people. The age-old wisdom of the people is hidden in them. The meaning hidden in the short and apt sayings of the people, about everyday life, economy, human qualities, etc. is revealed. These wise sayings have been studied, reviewed, and may be applicable to the study of topics in various historical periods in the history lessons of Kazakhstan. Revealing the meaning of folk sayings in history lessons, children can get to know more about the traditional economy and the worldview of the Kazakh people.

Keywords: proverbs and sayings, spiritual heritage, folklore, the Great Steppe.

Пословица или поговорка – это назидание, завет и философская мысль. Они повествуются спокойно, умеренно и ритмично и состоят из двух частей. Первая часть является основой мысли, а вторая выводом.

Пословицы и поговорки казахского народа – это неотъемлемая часть устного народного творчества, в них отражены вековая мудрость народа, они метки и точны. Пословицы и поговорки отражают феодально-патриархальный уклад казахов-кочевников, их взгляды, понятия и трудовой процесс скотоводов Степи. Доступные для запоминания, эти краткие изречения широко использовались в быту и в различных жизненных ситуациях.

Пословицы и поговорки являются древнейшими жанрами казахского фольклора. В данном жанре выражаются знания народа об окружающем мире, быте, о жизненном укладе скотоводов, в них дается краткий многолетний итог наблюдений. Эти краткие изречения, возникшие в древности, могут иметь длинную историю своего возникновения и разъясняется смысл их происхождения. Казахские пословицы и поговорки имеют и воспитательное значение. В них открывается детям глубокий смысл, пополняется словарный запас, призывает к стремлению, к знаниям, к труду.

На уроках истории Казахстана, при изучении тем о хозяйстве казахов можно применить и устное творчество народа в виде пословиц и поговорок. Например, *Түйе – байлық, қой – мырзалық, жылқы – сәндік. (Верблюд – богатство, овцы – щедрость, кони красота)*. Данный афоризм дает ученикам представление о главном занятии насельников степных просторов Казахстана. В народных пословицах широко также отразились роль верблюда в быту кочевника – «*На пути нара нет груза*»,

Жалғыз ұлы өлген жұртта қалмайды, жалғыз түйесі өлген жұртта қалады. – (Даже если сын единственный умрет, не останется на месте человек, если же верблюд единственный умрет, останется на месте человек). Изучая темы о хозяйстве кочевников степи, особенно впервые в 5 классе, ребятам очень важно донести, какую роль играло кочевое скотоводство в жизни племен и родов, и здесь возможно применить пословицы и поговорки о животных, где также немаловажную роль играли и овцы, и лошади, и верблюды – «*Қойын болмаса, байлықта ойын болмасын*». (Если нет овец, не думай о богатстве). «*Мал ашуы – жан ашуы*» – (Боль за скот – боль души). «*Бірінші байлық – денсаулық*,

екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – бес саулық» – (Первое богатство – здоровье, второе богатство – семья, третье богатство – наличие скота). «Ат алсаң, ауылыңмен ал». (Если коня покупаешь, покупай всем аулом). Народные устойчивые выражения – пословицы и поговорки о животных дают представления о традиционном хозяйстве кочевников, например, раскрывая тему «Основа жизнеобеспечения в кочевом обществе».

В изучение тем о героизме и мужестве казахского народа, а также отдельно о батырах, существуют пословицы и поговорки и по этим аспектам. Казахский народ не раз поднимался на героическую борьбу против иноземных завоевателей. Тема патриотизма, любви к родине была и будет актуальна во все времена. *«Ел іші – алтын бесік» (Родная земля – золотая колыбель) «Ер – туган жеріне, ит – тойған жеріне» (Человека тянет туда, где он родился, собаку – туда, где она наелась) «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» (Чем быть султаном на чужой земле, лучше быть стелькой на родине). В первую очередь борьба против джунгарской агрессии и консолидация казахского общества против общего врага. «Қалмақ қырылған» – (Место гибели калмыков). Географические топонимы, связанные с историческими событиями, также являются устным отражением народных изречений – Аныракай – засушливое и песчанное место, и именно здесь произошла одна из решающих битв между казахами и джунгарами. Данное сражение получило меткое название «Место стонов и рыданий врага». Одно из метких и интересных изречений: «Ақтабан шұбырынды» «Алқакөл сұлама» – дословный перевод: «Брели пока не побелели пятки, упав без сил, лежали вокруг озера», работая на уроке с данными афоризмами, можно раскрыть последствия джунгарского нашествия. Народ всегда уважал и ценил в человеке мужество и героизм: «Ерді кебенек ішінде таны» (Жигит познается в беде) и скромность: «Бай болсаң – бергеніңді айтпа, ер болсаң – ерлігіңді айтпа» (Если ты щедр, не говори о своих благодеяниях, еси ты герой, не говори о своих подвигах). И при этом зародились пословицы и поговорки о героизме, мужестве батыров: *Ел үмітін елі үшін туады, елі үшін өледі. (Герой рождается на счастье народу и умирает за народ).**

В изучении духовного и материального наследия кочевников-казахов, можно обратиться также к пословицам и поговоркам. Испокон веков народ ценил искусство и знания. Например, в изучении духовного наследия казахского народа – можно применить следующие краткие изречения: *Сөз өнері – өлеңде. (Искусство слова – в песне), «Өнер – бұлақ, білім – шырақ» (Искусство – родник, знание – свет), «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп» (Для ученого мир светел, для неуча – темен); «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» (Не спрашивай у того, кто много прожил, спрашивай у того, кто много видел).*

Данные философские изречения – это отражение духовного наследия народа, они необходимы в воспитательном процессе подрастающего поколения, формирования патриотизма на уроках истории, они применимы в изучении исторических событий и являются определенными историческими доказательствами тех или иных исторических фактов.

Список использованных источников

1. Адамбаев Б. Казахское народное ораторское искусство (Авторизованный перевод с казахского языка). – Алматы, 1997.
2. Табылдиев Әдібай. Халық тағылымы. – Алматы, 1992.
3. Сатпаева Ш.К.. Казахская литература. – Алма-Ата, 1979.
4. Токтарова Т.Ж. Гендерные особенности фольклорных текстов // Успехи современного естествознания.
5. Казахская народная поэзия (Из образцов, собранных и записанных А.А. Диваевым) / Сост. Н.С. Смирнова, М.Г. Гумарова, М.С. Сильченко, Т.С. Сыдыков. – Алма-Ата: Наука, 1964.
6. <https://el.kz/news/archive/content-3693>

Д.А. Гладковский

*Студент, Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар
dmitriy_gladkovskiy@mail.ru*

А.М. Сыздыкова

Научный руководитель: кандидат исторических наук, доцент, г. Павлодар

ВЛАСТЬ МОНГОЛЬСКИХ ИМПЕРАТОРОВ И СИСТЕМА УПРАВЛЕНИЯ В ИХ ГОСУДАРСТВЕ ГЛАЗАМИ ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКИХ ДИПЛОМАТОВ

Аннотация. В работе рассматривается проблема восприятия особенностей политической системы монголов в европейских средневековых источниках на примере записок П. Карпини и В. Рубрука. Целью работы является выявление основных особенностей восприятия европейскими путешественниками характерных черт политической системы монголов. Для ответа на поставленные вопросы автор анализирует тексты записок европейских путешественников, которые посещали монгольских правителей в рамках дипломатических миссий. Основное внимание уделяется оценке политической системы Монгольского государства.

Ключевые слова: Монгольское государство, монгольские завоевания, дипломатия, средневековое папство, Гильом Рубрук, Плано Карпини.

Аңдатпа. Жұмыста П. Карпини мен В. Рубруктың жазбаларының мысалында еуропалық ортағасырлық дереккөздердегі моңғолдардың саяси жүйесінің ерекшеліктерін қабылдау мәселесі қарастырылады. Жұмыстың мақсаты – еуропалық саяхатшылардың моңғолдардың саяси жүйесіне тән белгілерді қабылдауының негізгі ерекшеліктерін анықтау. Қойылған сұрақтарға жауап беру үшін автор дипломатиялық миссиялар аясында моңғол билеушілеріне барған еуропалық саяхатшылардың жазбаларының мәтіндерін талдайды. Моңғол мемлекетінің саяси жүйесін бағалауға баса назар аударылады.

Тірек сөздер: моңғол мемлекеті, моңғол жаулап алуы, дипломатия, ортағасырлық папство, Гильом Рубрук, Плано Карпини.

Summary. The paper deals with the problem of perception of the features of the Mongol political system in European medieval sources on the example of the notes of P. Carpini and V. Rubruk. The aim of the work is to identify the main features of the perception by European travelers of the characteristic features of the Mongol political system. To answer these questions, the author analyzes the texts of the notes of European travelers who visited the Mongolian rulers in the framework of diplomatic missions. The main attention is paid to the assessment of the political system of the Mongolian state.

Keywords: mongol state, Mongol conquests, diplomacy, medieval papacy, Guillaume Rubruk, Plano Carpini.

Вопрос о том, как можно способствовать налаживанию добрососедских отношений между странами и народами, продолжает быть важной задачей в современных международных отношениях. Для решения этой задачи актуальным является изучение опыта взаимного восприятия друг друга людьми разных культур, религий, наций. После того, как монголы в середине XIII в. распространили свои завоевания на Европу, внимание христианских правителей католической церкви к этому народу и их государству начало возрастать. Посланники европейских правителей и Папы обращали внимание на многие аспекты жизни монголов.

Актуальность изучения представлений европейских путешественников о политическом строе монголов обусловлена тем, что это поможет нам лучше понять особенности государственного управления Монгольским государством. Также раскрытие данного вопроса позволит определить, какие факторы влияют на восприятие людьми жизни иных культур и цивилизаций.

Цель данной работы – определить, каким образом оценивали политическую систему монголов такие европейские посланники, как Плано Карпини и Вильгельм Рубрук. Для достижения поставленной цели необходимо решение следующих задач:

– выявить общие особенности восприятия монголов в европейских средневековых источниках;

– выделить особенности монгольской политической системы в описании вышеуказанных авторов.

На протяжении достаточно длительного времени представления европейцев о монголах, их обычаях, социальной системе и государственном управлении были достаточно фантастичны. Они опирались с одной стороны, на попытку истолковать реальность с помощью обращения к Библии. С другой, были связаны со взаимодействием с мусульманскими государствами и народами, которые традиционно воспринимались как противники.

Те отрывочные сведения, которые европейцы получали о монголах, могли наслоиться на давнюю легенду о существовании в недрах Азии могущественной державы христианского правителя – Пресвитера Иоан-

на. Европейские монархи и папство рассчитывали на то, что с этим правителем, возможно, будет заключить союз против мусульман [1, с. 124].

Европейцам пришлось вскоре разочароваться в монголах как потенциальных союзниках. Они имели возможность на практике убедиться, что те не являются христианами. После того, как монголы покорили большую часть русских княжеств, они вторглись в Западную Европу, разорили множество городов в Польше, Венгрии, землях Империи. Монголам не удалось закрепиться на этих территориях или установить над ними свой контроль, как это произошло с Русью и мусульманскими государствами. Однако интерес европейцев к монголам существенно усилился.

Монголы не были христианами, но при этом не приняли и ислам, что оставляло немалую надежду на возможность миссионерской деятельности, несмотря на негативное отношение к существованию веротерпимости среди монгольских правителей. В случае же успешного обращения монголов в христианство вновь могла стать актуальной идея о заключении с ними антимусульманского союза [2, с.74].

Всё это сделало актуальными попытки европейских светских и духовных властителей отправить к монголам посольства, которые должны были попытаться наладить контакты или, по крайней мере, собрать как можно больше сведений об их могущественной державе [3, с. 30].

В 1245 г. к монгольскому хану отправился по поручению Римского Папы Бенедикта IV Плато Карпини. Путешественник прибыл сначала в ставку хана Батыея, а затем совершил переход в центральную Монголию, где мог наблюдать за восшествием на престол великого хана Гуюка. Учитывая то, что посольство было отправлено Папой, неудивительно, что его задача была в основном миссионерской, предполагалось выяснить перспективы крещения монголов.

В 1253 г. к монголам отправился с дипломатической миссией Гильом Рубрук. Он действовал по поручению французского короля Людовика IX, который к тому времени убедился в невозможности своими силами успешно продолжать политику крестовых походов. Для короля эта миссия была важна как перспектива приобрести могущественного союзника против мусульман.

Все эти обстоятельства сказались на том, как в сочинениях европейских авторов отображалась жизнь и политическая система Монгольской державы. С одной стороны, европейцы не могли не высказывать собственного критического отношения. Ведь они описывали языческий народ. В сочинениях Карпини и Рубрука можно найти немало пренебрежительных слов об обычаях монголов, их характере. С другой стороны, европейские посланники не теряли надежды на возможность миссионерства и заключения союза. Это заставляло их отыскивать и позитивные черты в монгольском обществе. Кроме того, сам факт создания монголами сильного государства, которое смогло за короткий срок покорить множество стран и существенно расширить свои границы, вызывал интерес к

особенностям монгольской политической системы, желание выделить её сильные стороны.

Подчеркивая все вышесказанное, можно прийти к выводу, что для восприятия европейцами монгольского государства был характерен прагматичный подход. Послы из христианских стран интересовались, каким образом монголы смогли добиться успехов в покорении других народов и оценивали возможность заключения с ними военного союза.

Становление монгольской державы было связано с процессом непрерывных войн. Это нашло отражение в записках Карпини и Рубрука. Само возникновение государства монголов связывалось Карпини с тем, что Чингисхан научил монголов воровать и грабить добычу. Однако подобную характеристику нельзя считать однозначно негативной. В средневековой Европе получение власти над какой-либо территорией или народом по праву завоевания могло считаться вполне естественным. Тот же Карпини, когда описывал завоевание монголами Китая, говорил, что Чингисхан вполне заслуженно взял себе императорский титул [4, с. 28].

Конечно, при рассказе о политической системе монголов, европейские авторы не могли не сопоставлять её с тем, что они могли наблюдать в своих государствах. При этом нужно учитывать, что позиция автора могла зависеть от того, на чьей службе они состояли, какую идеологию считали справедливой. Так, Карпини, состоявший на службе у Папы, указывал, что в соответствии с законом Чингисхана: «кто пожелает быть императором собственной властью без избрания князей, должен быть убит без малейшего сожаления» [4, с.43].

Впрочем, Карпини признавал, что правитель монголов обладает абсолютной властью, которая выражается в том, что он может полностью распоряжаться жизнью и имуществом своих подданных. Как указывал Карпини, монголы своему хану повинуются без всякого противоречия. Он подчёркивал, что: «император и вожди берут из имущества поданных все, что ни захотят и сколько хотят. Также и личностью их они располагают во всем, как им будет благоугодно» [4, с. 46].

Карпини обращал внимание на то, что власть монгольского правителя могла носить сакральный характер, сопровождаться мистическими ритуалами. Путешественник писал, что монголы «делают идол для императора и с почётом ставят его на повозке перед ставкой, как мы видели при дворе настоящего императора, и приносят ему много даров. Посвящают ему также лошадей, на которых никто не дерзает садиться до самой их смерти» [4, с. 29].

В труде Карпини можно найти подробное описание того, как монголы организовывали управление покорёнными странами и народами. Многим народам удалось сохранить собственную систему управления, но она находилась под экономическим и политическим контролем со стороны монгольских правителей. Автор писал, что монголы требовали от покорённых народов выделять в войско для участия в войнах. Также

они должны были выплачивать десятину со всего имущества. Хотя формально количество взимаемой дани было ограничено, но Карпини подчёркивал, что монголы после того, как полностью подчинят себе какой-либо народ могут спокойно нарушать свои обещания.

Карпини рассказывал, что у монголов существует система наследственной власти. Но обращал внимание на её отличие от европейской, которое заключалось в том, что «сын наложницы является князем постольку же, как и сын законной супруги» [4, с. 36].

Он говорил, что монголы требуют от подчинённых правителей лично прибывать в ханскую ставку, где к ним относятся пренебрежительно. От князей, царей требовали богатых подарков. Если им позволяли остаться у власти в своей земле, то требовали оставить в ставке хана заложников. Нередки были, по мнению Карпини случаи, когда монголы убивали неугодных им правителей, опасаясь, что те могут восстать против их власти.

Карпини при описании завоевания монголами Китая рассказывал не только о грабежах монголов, но и о стремлении установить собственную систему управления на покорённых землях. Карпини писал: «монголы унесли золото, серебро и все его богатства, поставив во главе вышеназванной земли Китаев своих людей» [4; 40].

Отмечал Карпини, что монголы всегда заботились о том, чтобы другие народы обеспечивали должное содержание их послам, так как это должно было свидетельствовать об авторитете императорской власти. Автор отмечал, что «сколько бы и куда бы он ни отправлял послов, им должно давать без замедления подводы и содержание» [4, с. 40].

Произведение Карпини можно рассматривать не просто как описание монголов и системы их власти, а предупреждение всем европейским правителям и Церкви. Он сообщал, что монголы не оставили своих замыслов покорить весь мир, что означает неизбежность войны с христианскими народами [4, с. 59].

Этими же причинами автор объясняет суровые нравы, терпеливость, неприхотливость тюрков. При завоевательных походах, монголы, отмечает Сәкен Сейфуллин, просто истребили часть тюркских родов, часть пополнила ряды воинов Шыңғыс-хана, в рядах монгольских войск были почти все тюркские роды. Мнение автора о жестоком тотальном истреблении части тюркских племен, подтверждается в работах Эренжен-Хара-Давана, в которых факты жестокого истребления покоренного населения, объясняются политикой Чингис-хана по удержанию покоренных народов страхом, насилием. Интерес С. Сейфуллина вызывает личность грозного завоевателя Чингис-хана, он анализирует этимологию имени «Шыңкузхана», дает собственную интерпретацию его значения.

В своих исследованиях уделяет особое внимание проблемам этнических процессов на территории Казахстана, вносит оригинальную концепцию роли ногайлинского фактора в этногенезе казахского народа, рассматривает процессы становления казахской государственности, осо-

бенности потестарно-политической системы казахского общества периода средневековья. В качестве источников им были привлечены произведения устного народного творчества, героический эпос «Ер Таргын», «Камбар батыр», «Ормамбет хан». Данные предания восхваляют ногайских батыров, живших в эпоху «ногай» или «ногайлы», в этот период еще не оформилась казахская народность. Это время постепенного распада и раздробленности Золотой орды. Автор выдвигает гипотезу рождения многих богатырских сказаний в этот период.

Характеризуя этнические процессы средневекового Казахстана, приходит к выводу, что на сложение казахской народности определяющее влияние оказали ассимиляционные и миграционные процессы в результате монгольского вторжения, миграционные перемещения в ходе образования казахской государственности, казахского ханства. Выделяет фактор «ногайлы» в этнических процессах на территории Казахстана, утверждает что казахи – это ветвь отделившаяся от ногайлинских племен, что «ногайлы» – это корень, основа казахской народности. Характеризуя период завершения сложения казахской народности, закрепления этнонима «казах», автор проводит исторический экскурс в историю возникновения этнонима «казах» и слова «алаш».

Таким образом, в своих исследованиях по истории казахского народа Сакен Сейфуллин дает обстоятельную характеристику исторического процесса на территории Казахстана в период средневековья. На основе анализа исторических событий приходит к следующим выводам. На протяжении длительного исторического периода на территории обширного региона постоянно велась ожесточенная борьба за власть, приводившая к уничтожению целых династийных линий, неустойчивости существующих государственных образований, происходили постоянные миграции этнических компонентов. В ходе сложных исторических процессов происходит формирование казахской народности на основе племен, которые, неоднократно подчеркивает Сакен Сейфуллин, входили в этнополитический союз «ногайлы».

Особое место отводит процессу формирования и значению создания казахской государственности, подчеркивает ведущую роль в происходящих событиях субъективного фактора, значение деятельности отдельных персоналий. В его исследованиях отражена хронологическая последовательность событий, стремление автора дать объективную оценку событий, умение говорить на языке данного исторического времени, данной исторической эпохи.

Список использованных источников

1. Сейфуллин С. В «вагонах смерти» атамана Анненкова (из книги «Тернистый путь»). – Кзыл-Орда, 1927.
2. Сейфуллин С. Айша. Повесть. – Алма-Ата, 1935.
3. Сейфуллин С. Кокче-Тау. Поэма / Перевод Н.Ф. Феоктистова. – Алма-Ата, 1935.

4. Сейфуллин С. Стихотворения и поэмы / Под редакцией И. Сельвинского. – Москва, Гослитиздат, 1959.
5. Сейфуллин С. Повести и рассказы. – Алма-Ата, 1959.
6. Сейфуллин С. Тернистый путь / Перевод С. Талжанова и И. Щеголихина. – Алма-Ата, 1964.

Л. Крисхан, Б.Ш. Құралқанова

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

leyla.1213@mail.ru

КӘДІРБЕК СЕГІЗБАЕВТЫҢ «БЕЛАСҚАН» РОМАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚТЫҢ БЕРІЛУІ

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың 60 жылдары қазақ әдебиетінің жаңа буыны болып қалыптасқан көрнекті жазушы Кәдірбек Сегізбаевтың шығармашылық жолы туралы айтылып, оның шоқтығы биік шығармасы – «Беласқан» романы жан-жақты зерделенеді. Шығарманың тіл көркемдігі мен кейіпкерлердің сомдалу ерекшеліктері де сөз болады. Шығарманың сюжеті талданып, басты оқиғалар тілге тиек етіледі. Жазушының шығамаларындағы тақырып пен идея, тарихи шындық пен көркемдік таным, прототиптер мен характер сомдау шеберлігіне талдау жасалады. Шығарма туралы зерттеушілердің пікірі назарға ұсынылады.

Тірек сөздер: Қ. Сегізбаев, жазушы, тарих, прототип, қазақ-қалмақ, достық, бірлік, роман.

Аннотация. В статье рассказывается о творческом пути выдающегося писателя Кадырбека Сегизбаева, ставшего новым поколением казахской литературы 60-х годов ХХ века, подробно исследуется его роман «Беласкан». Анализируются язык произведения и характер персонажей. Объясняется общий сюжет произведения и рассказываются основные события. Анализируются тема и идея произведений писателя, историческая правда и художественное решение, прототипы персонажей. Учтено мнение исследователей о романе.

Ключевые слова: К. Сегизбаев, писатель, история, прототип, казах-калмык, дружба, единство, роман.

Summary. The article tells about the creative path of the outstanding writer Kadyrbek Segizbaev, who became a new generation of Kazakh literature in the 60s of the twentieth century, his novel «Belaskan» is studied in detail. The language of the work and the presentation of characters are analyzed. The general plot of the work is explained and the main events are told. The theme and idea of the writer's works, historical truth and artistic knowledge, prototypes and skills of the characters are analyzed. The opinion of researchers about the work was taken into account.

Keywords: K. Segizbaev, writer, history, prototype, Kazakh-Kalmyk, friendship, unity, novel.

ХХ ғасырдың 60 жылдары қазақ әдебиетінің жаңа бір тынысы ашылып, біршама алға қадам басқан кезеңі болды. Сол жылдардағы буынды «жасампаз ұрпақ» деп те атады. Өйткені бұл буынның өкілдері осыған дейін қалыптасып кеткен ескіліктерден өтіп, біршама уақыт тоқырап қалған рухани дүниеге үлкен төңкеріс жасады.

Сондай ірі тұлғалардың бірі, жазғаны адам жанын емдейтін, тіл көркемдігі ерекше, дүниетанымға, дәстүрге берік жазушы – Кәдірбек Сегізбаев. Жазушының шығармашылық өрісі ең әуелі көпшілікке белгілі «Біз қалада тұрамыз», «Жап-жасыл әлем» атты повестерінен бастау алып, кейіннен шығармашылығының шоқтығын биіктеткен «Жол», «Беласқан» романдарымен жалғасты. Автор оншақты әңгіме мен повесть, сонымен қатар новеллалар да жазды. Шығармалары бірнеше тілге аударылып жарық көрді. «Біз қалада тұрамыз» повесі үшін М.Әуезов атындағы сыйлықтың иегері атанды.

«Алғашқы әңгімелері республикалық баспасөзде 1968 жылдардан бастап жариялана бастады. Содан бері әңгіме-повестері «Жұлдыз», «Жалын», «Қазақ әдебиеті» т.б. газет-журналдарда үзбей жарияланып келеді. Кейін ауыл өмірі, жастардың ой-арманы, өнер-білімге деген құштарлығы, бір-біріне адалдығы суреттелген «Ашылмаған сыр» (1972), «Қойнауадағы ауыл» (1975), «Өртеңге өскен гүл» (1976), «Жылдың ең қысқа күндері» (1978), «Люди дальних дорог» (орыс тілінде, 1981), «Біз қалада тұрамыз» (1983), «Жер ортасы» (1991), «Беласқан» (2001) әңгіме-повестері оқырмандар жүрегіне жол тауып, ыстық ықыласына бөленген» [1, 154 б.].

Автордың бірқатар әңгімелері мектеп бағдарласамында да оқытылады.

К. Сегізбаев прозаның ең көлемді жанры болып табылатын роман жанрында да айтарлықтай дәрежеде қалам сермеді. Романдарында туған жері, Алтай, Алтайдың төсіндегі қара халық туралы жазды. Міне, сондай тарихқа толы шығармасының бірі – «Беласқан». «Беласқан» романы не туралы, роман несімен ерекше деген сұрақтың ауқымында сөз қозғайық.

Ең әуелі роман тарихи шындықтың көрініс табуымен ерекшеленеді. XVIII ғасырдың соңындағы шығыс шекарада билік жүргізген Қамбар төренің жұртты еңбекке баулуы, ежелден «ата жау» болып келген қазақ-қалмақ қарым-қатынасының өзгеше, яғни достық сипатта өрбуі, сол замандағы өмір салты, рухани құндылықтар, төл ғұрыптар көркем бейнеленеді. Жаугершілік заманда Алтай, Сауыр, Тарбағатай тауларын мекендеген қазақ елі туралы, олардың бастарынан өткен оқиғалары жайлы жазылған. Қазақи салт – дәстүр, қазақ отбасыларының өмірі сол заманға сай тұжырымдалған.

«О заманда бұ заман, қазақ пен қалмақ дос болғанын естуім осы деп, таңғалуы да бек мүмкін, көпшіліктің. Бұл да бір аталмыш романның ерекшелігі болар. Діні мен тілі бөлек, қанша ғасырлық жауласқан екі елдің достық қарым-қатынасын суреттей алған «Беласқан» романында: «қырқысу мен қидаласуды маңдайымызға жазып қоймаған шығар, оның орнына алысы бар, берісі бар, келісі бар, келісімі бар тату көрші болайық» – деп жылы қабақ танытқан екен» [2, 9 б.].

Жоғарыда айтып өткен төренің жұртын еңбекке баулуына келетін болсақ, жалпы иісі қазақтың біз білетін – жер егу, егіс орып, отырық-

шылыққа көшу; ата кәсіп – төрт түліктің тілін ғана емес, өнерге ұмтылу, яки атбегілік, құсбегілік, ісмерлік, балуандық, әншілік пен күйшілік арқылы елдік парасатқа, білік пен білімге жету, ең бастысы, өсер ұрпақтың тал бойына кісілік қасиеттерді қатар егу – «Беласқанның» ішкі динамикалық желісінде әдемі өріледі. Яғни XVIII ғасырдың соңғы жылдарындағы Алтай-Сауырды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған төре тұқымы билік құрған шығыс шекара қазақтарының өмірімен тағдырлас ететін бұл роман қазақ әдебиетінің соңғы жылдардағы сүбелі көркем туындыларының бірі.

Роман он бір бөлімнен тұрады. Автор «Беласқан» романын кеңестік кезең тұсында жазса да, Алтайдан Атырауға дейін созылып жатқан ұшы қиырсыз кең далада бір-бірінің жоғын жоқтап, намысын жыртқан қазақ руларының өмірін өнер дүниесіне айналдырған. Сондай-ақ қашанда қазақтың тарихи шығармаларында болсын, дастандары мен жазба әдебиетте болсын қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік, бір-бірімен жауласқан, өштескен оқиғалар өзек болып, үнемі қазақтың «ата жауы қалмақ» деген түсінік қалыптасқаны белгілі. Бұл түсінік негізсіз емес, әрине, бірақ Кәдірбек Сегізбаев осы көзқарасқа мүлдем қарама-қайшы оқиғаларды бейнелей отырып, осы бір қалыптасқан түсініктің біржақтылығына көзімізді жеткізгендей. Көршілес отырған екі ел арасында тек жауласу ғана емес, жақындықтың да, жақсылықтың да болғанын көркем шығарманың өзегіне арқау ету негізінде жан дүниесінің тереңінде жасырын жатқан ел мен жердің тарихына қатысты сырлы сырын ақтарған.

Нұрдәулет Ақыш былай деп жазады: «Роман деген заманымыздың күрделі жанры. Кейінгі буын жазушылар арасында романның табиғатын, көркемдік талаптарын, болмыс-бітімін түсінбей жазатындар бар. Көлемі қалың болса 25 баспа табақ, тіпті 30 баспа табақты роман деп ұғады. Негізі олай емес, романның өзі бірнеше көркемдік компонентті бойына жинақтауы керек. Ең бірінші, дәуірдің тынысы көрінуі қажет. Оның кейіпкері жай ғана емес, қаһармандық кейіпкерге көтерілуі керек. Ішінде әлеуметтік, моральдік, психологиялық тартыстар болмаса тағы болмайды және көркемдік талаптың үлкені – сюжеттің ширеңіп тұрған тұсы, оның даму деңгейі, шешуі болуы керек. Кәдағанның «Жол», «Беласқан» деген екі романында да осы жағдайлар бар екен. «Қазіргі таңдағы романдардың ішінен Кәдірбек Сегізбайұлының екі романы несімен ерекшеленеді?» деген сұрақ туады. Бірінші ерекшелігі – жаңағы мен айтқан талаптардың орнықты орындалуы, екіншісі, айтылып, жазылып кеткен тақырыптарға жаңаша ой айтуға тырысуы» [2, 17 б.].

Романда Алтайды мекендеген ағайынның арқа сүйері, елдің тізгінін ұстаған Қамбар төренің отбасы жайлы, оның елінде болған оқиғалар жайлы айтылады. Сонау заманда ата-бабамыз шабысып келген қалмақпен бітімгершілік жасап, елді таңқалдырғаны, ел арасындағы дауды шешуі, кінәліге артқан айыбы, кінәсізді ақтаған жайы сол заманғы

сот үлгісі ретінде көрінеді. Оның қалмақпен татуласып, олардың арасында жүрген екі қазақтың баласын өз қанатының астына алуы қамқорлық пен ізеттілікті, намысты көрсетеді.

Роман әуел бастан Айшуақ деген қазақ ханының қос перзенті Байшуақ пен Бараттан бастау алады. Олар кезекті бір барымтада көрші елдің хас батырын өлтіріп, ақыры елден шеттетіледі. Жер ауып жүріп, алыстағы «ата жау» қалмақтан пана сұрап барады. Ол кезде қалмақтың уаңы Ошыржап Байшуақ пен Баратты өз қамқорлығына алады. Жылдар өтіп, ағайындылар елін аңсап, Алтай-Сауырдың төресі Қамбар төреге өздеріне қамқорлық жасауын өтінеді. Қамбар төре қалмақтың уаңы Ошыржаппен дос болып, ел арасындағы бейбітшілікке қадам жасайды. Сөйтіп ол ағайынды екі жігітті өз елдеріне әкеледі. Інісі Барат жауырыны жерге тимеген палуан болып шығады. Соңында ол жігіттер жұбайларымен қосылып, өз елдеріне Еділ бойына көшеді.

Автордың атаулы шығармасында белгілі бір кейіпкерлердің прототиптері бар. Қаламгер жоңғарлар ортасынан пана тапқан Байшуақ пен інісі Бараттың тағдырын екі ел арасындағы қатынаспен байланыстырады. Аталған кейіпкерлердің өмірде болған адамдар екені тарихтан белгілі. Ең әуелден Қамбар төренің бейнесі де – тарихи образ. Бұдан бөлек батырлар мен билер де қазақ даласында өмір сүрген тұлғалар болып табылады. Романның өзегін құрайтын оқиғаға эпилогындағы «Тарбағатай етегінде отырған тамалардың ауылы», «...аз үй таманың да «Санияздың алшындары» атанып, төре ауылының бір бұтағы боп кететін...» – құныкер болып, Еділ бойынан қашып келген ағайынды екі жігіт – кіші жүз Есет батырдың нәсілінен Байшуақ пен Бараттың тағдырлары алынған. Шынтуайтында, екеуінің тарихы қазақ тіршілігіндегі көп қайталанатын жазмыш, ұлттың қалыптасуында рөлі бар құбылыс. Ағасы нағыз ер азамат, інісінде ағаттық, жастық, албырттық мол. Романдағы Жұманай көсе – қазақ прозасында ежелден бар әңгүдіктеу, тұзы жеңіл, зілі жоқ, әзіл-күлкіге негізделген кейіпкер. Сақал-мұртсыз әлжуаз шал сайқымазақтың рөлін көп атқарады. Оның құсбегілік өнері құрметке лайық. Мылжың, мақтаншақ, жатыпішерлері көп ескі қазақ салтында мұндай адамдар әр ауылдан табылады. Зұлымдықтан, екіжүзділіктен аулақ жан болған соң, жұрт бос сөзді мылжыңдарға әрдайым кешіріммен қарайды. Авторға Жұманай шал әр оқиғаға дәнекер үшін керек.

«Мұрат Әуезов «Иппокрена» атты зерттеу кітабында: «Жоңғарлар тарих сахнасынан кетті. Бірақ қазақ жазушылары ата-бабаларының қаһармандығын айтқанда, жоңғарлар дұшпан символы бейнесінде қалып қойды, сол нышан ретінде зұлымдық пен жаулықты телиді», – деп жазады. Бұл ретте Кәдірбек Сегізбаевтың суреткерлік танымын бағзы Қайта Өрлеу дәуіріндегі ұлы гуманистердің дүниеге көзқарасы дарыған Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген өсиетіне адал жазушы екеніне шынайы риза боласыз. Яғни, стереотипті үлгілерге

ұрынып, сыңаржақ ауып кетіп қалмаудың өзі жазушының адам психологиясын терең білетін болмысын аңдатады» [3, 29 б.].

«Беласқан» романы өзінің сөз құнарлылығымен ерекше. Яғни кайбір кезеңде қолданыста болып, кейіннен мүлдем ұмытылып кеткен сөздердің бір легі осы шығармада керемет көрініс тапқан. Бұл автордың лексикалық қорының молдығын, тілдік қолданысының шеберлігін айқындайды. Мәселен, келесі үзіндіден-ақ біз автордың тілінің құнарлылығын көре аламыз: «қазақ, қалмақ бәлен жүз жыл бойы соғысып, жауласса, оның айыпкерлері бабаларымыз бен әкелеріміз болар. Онсыз да шілдің қиындай пышырап, туған ата жұрттан безіп, қиянда жүрген аз торғауыт дәл бүгін қазаққа жау емес» [4, 46 б.].

«Беласқан» романы сюжетінің арасындағы ішкі байланыс берік. Автор әр тарауда баяндалатын оқиғаның дамуын аса ретті береді. Оған дәлел – тарау басындағы бір шумақ халық өлеңінен тұратын эпиграф. Мәселен:

*Жүйріктің сәні болмас қамшылаған,
Ақпаса, су бола ма тамшылаған.
Күніне сан мың үйрек ілсе-дағы,
Тұйғынның бағасы артық қаршығадан (Халық өлеңі) [4, 5 б.].*

Бұл шумақ сол тараудағы аңдату іспеттес. Халықтың даналығы, философиясы мен психологиясы, әрекет тіршілігінің мәні байқалып тұратын

«Беласқан» романында Еділ бойындағы торғауыттың Шығыс Түркістандағы атамекеніне жөңкіліп көшкенде құс қанаты талар қазақ жерін қия кесіп өткендегі тарихы шынайы берілген.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
2. Ақыш, Н. 1930–1980 жж. повестеріндегі ұлттық рухтың көріністері / Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. 5-кітап. – Алматы, 2011.
3. Құрманғалиев Қ. Көп қырлы суреткер // Қазақ әдебиеті.– 1991.– 3 мамыр.
4. Сегізбаев К. Беласқан. Роман, повестер. – Алматы, 2001.

Р.А. Кульмаганбетова

*Гуманитарлық ғылымдар магистрі, №18 ЖОББМ-КММ тарих пәні мұғалімі,
Екібастұз қ., k.roza.81@mail.ru*


М.С. Тауекелова

IV курс студенті, ППУ тарих, Павлодар қ.

ӘЛКЕЙ ХАҚАНҰЛЫ МАРҒҰЛАННЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ – ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ТАРИХИ МҰРАСЫ

Ұлы Даланың тарихи мұралары – заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс. Бұл жобаларды жүзеге асыру үшін көшпенділердің бай мұрасын жүйелеуге қабілетті ғана емес, сондай-ақ оның өзектілігін арттыра алатын кәсіби маман болу бүгінгі заманның басты талабы.

Әлкей Хақанұлы Марғұланның артына қалдырған мол мұрасы қазіргі тарих ғылымында жалпы мәдениетімізде болып жатқан іргелі өзгерістермен үндес, болашаққа қызмет жасайтын ұлтымыздың рухани байлығына жатады. Ә. Марғұланның шығармашылығын, сондай-ақ тарих ғылымының белгілі бір саласымен ғана шектеп қарастыру қателікке әкеледі. Өйткені, ғылымның өзі тарихи процестерді жан-жақты өзара салыстыра, ұштастыра, зерттеуді мақсат тұтқан. Сондықтан да ол археологиялық ескерткіштерді тарихи-жазба деректермен, тарихи-жазба деректерді аңыз-жырлармен, аңыз-жырларды алдыңғы екеуімен байланыстыра зерттеген. Сол арқылы ғалым халқымыздың жүріп өткен тылсым әлемін жарқыратып, аша білген.



1-сурет. «Беғазы-Дәндібай қорымындағы мәдени ескерткіштер»
Ақтоғай ауданы, Қарағанды облысы

Әлкей Хақанұлы Марғұланның тарих, археология, этнография, әдебиет, өнер (қолданбалы және сәулет өнері) және металлургия саласына қатысты 300-ден астам ғылыми зерттеу жұмыстар, 100-ден астам энциклопедиялық мақалалар жазған, сонымен қатар қазақстандық этнографтардың, археологтардың, тарихшылардың бірнеше буынын даярлаған. Ғылыми еңбектерінің бірқатары шетел тілдеріне аударылған.

Академик тапқан тарихи құндылықтардың 243-і бүгінгі таңда Ресей мұражайларында сақтаулы. Сондай-ақ бірнеше мәрте еліміздің құндылықтарын қайтаруға қызметтенеді. 1989 жылы Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне 1399 жылы Қарнақ қаласында Әбділәзиз Шарафутдинұлы Тебризи күйған «Тайқазан» қайтарылуына Марғұланның көп еңбегі сіңген. Қазан кеңес жылдары Ленинградқа әкетіліп, ұзақ уақыт сонда болған.

Әлкей Хақанұлы Марғұланы бастапқы білімді ауыл мектебінен алды. Павлодар қаласындағы мұғалімдер курсы бітіріп, туған аулында мұғалім болып істеді. Семей педагогикалық техникумының студенті бола жүріп, «Тан» журналы мен «Қазақ тілі» газетінің редакцияларында 1921–1925 қызмет атқарған. Ленинград қаласындағы шығыстану институтының түркітану және тарих, филология факультеттерінде қатар оқыды. 1929 жылы Әлкей Марғұланы Шығыс институтындағы оқуын бітіріп, Абай шығармашылығы туралы дипломдық жұмысын табысты қорғап шықты. 1926–27 ж. КСРО ҒА-ның академик А.Е. Ферсман мен профессор С.И. Руденконың басшылығымен ұйымдастырылған Қазақстан және Алтай археологиялық және этнографиялық экспедиция жұмыстарына қатысты. Экспедиция кезінде Ә. Бөкейхановпен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірлесіп қызмет жасады. Осы экспедициялық зерттеудің нәтижесінде Марғұланның наймандар мен адайлар туралы жазған алғашқы ғылыми мақалалары да баспа жүзін көрді. 1928 жылдан қазақ халқына қатысты әдеби, мұрағаттық материалдар жинақтаумен шұғылданды. 1929 ж. Абай шығармашылығы туралы дипломдық жұмыс қорғап, орыс географиясы қоғамы архивіндегі Абай қолжазбалары туралы нақты тарихи деректер негізінде ғылыми дәйекті тұжырымдар жасады. 1930–31 ж. Терминология комиссиясының ғалым хатшысы, 1931–34 ж. Ленинградтағы материалдық мәдениет тарихы академиясының аспиранты, 1931–35 ж. Шығыстану институтының оқытушысы, 1936–38 ж. Мәскеудегі материалдық мәдениет тарихы институтының ізденушісі және ғылыми қызметкері болды.



2-сурет. «Ұлы дала тарихи-мәдени мұрасын зерттеу» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысы барысынан. Жетекшісі-Гуманитарлық ғылымдар магистрі Р.А. Кульмаганбетова және тәжірибеден өтуші ППУ студенті М.С. Тауекелова

Осы жылдары ол Шығыс Түркістан археологиясы мен өнері бойынша маманданып, бірнеше археологиялық экспедицияларға қатысты. 1940–41 ж. КСРО ҒА-ның қазақ бөлімшесі Тарих институтының аға ғылыми қызметкері болды. Осы жылдары оның «Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы түркі эпосы», «Декабристер және Қазақстан», «Әлішер Науаи және қазақ мәдениеті», «Мұхаммед Хайдар –тарихшы», «Шоқан Уәлиханов және Орта Азия тарихы», «Суворов», «Жамбыл Жабаев», т.б. еңбектері жарық көрді. 1941 ж. КСРО ҒА қазақ бөлімшесінің тарих бөлімін басқарды. 1958–76 ж. этнография бөлімін басқарды. Осы жылдары М. Сырдария, Шу, Талас өзендері бойында және Отырар, Сауран, Сығанақ қалалары орнында қазба жұмыстарын жүргізіп, соның негізінде Көне қазақ жерінің қалалары мен құрылыс өнерінің тарихы аталатын монографиясын жариялады. Қ. Ақышев, М. Қадырбаев, М. Оразбаевтармен бірге Орталық Қазақстанда жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының қорытындысы саналатын Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті атты ғылыми зерттеулер еңбегін жазып, кітаптың редакциясын басқарды.



3-сурет. «Академик Ә.Х.Марғұлан еңбектеріндегі қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы» тақырыбындағы тарихи – танымдық сабақты өткізу сәтінен.
Тәжірибеден өтуші студент М.С. Тауекелова
Екібастұз қаласы №18 ЖОББМ-КММ 7 «А» сынып, 2022 жыл сәуір.

Әлкей Марғұлан – Қорқыттанушы. Ол оғыз-қыпшақ тайпасынан шыққан данагөй абыз жырау күй атасы, қазақ бақсыларының жебеушісі,

Қорқыт мұрасын зерттеген. Марғұланның жазуынша, қазақ музыкасы мен философиясында «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыт толғауы» «Тәңір биі» дейтін рухани ізгі дәстүрлер қалыптасып дамыған. Демек, Қорқыт – «керемет иесі», «ұлыстың ұлы кеңесшісі» «тарихи оқиғаларды жырлаушы жырау». Ә. Марғұлан Қорқыт мұрасын, дәстүрін ұстанған халық мәдениетінің көрнекті өкілдерін былайша топтастырады: 1) бақсы-жыраулар; 2) қобыз бен күй орындаушылар; 3) сәуегей жыраулар, шешендер; 4) Қорқыт дәстүрін жалғастырған, қобыз бен жыр туындатқан ақындар т.б.

Ә. Марғұлан «Қазақ халқының көне замандағы ақындық өнерінің шеберлері» атты еңбегінде қазақ халқының этникалық жыр дәстүрін дамытқан ақындарға, шебер орындаушыларға, сал-серілерге тоқталып, олардың сөз өнеріндегі орнын айқындады. Еңбектегі ғылыми тұжырымдар танымдық тереңдігімен ерекшеленеді, онда көне ойшылдардан бастап Жанак, Шөже, Арыстанбай, Марабай, Сүйінбай, Жамбыл, Нүрпейіс, Иса секілді ақындар шығармалары талданады. Марғұланның «Тамғалы тас жазуы» атты зерттеуінде әдеби-тарихи һәм мәдени деректер молынан кездеседі. Ол сонымен қатар қырғыз халқының Манас эпосы туралы ғылыми-зерттеу ісінің дамуына үлес қосты. Қырғыз эпосын дүние жүзіне алғаш таныстырған Ш. Уәлиханов, кеңес заманында бастапқы зерттеулерді жүргізген Әуезов болса, кейіннен осы дәстүр Марғұланның «Шоқан және Манас» атты монографиясында жалғасты. Ол эпостағы өмір шындығы, жырдың шығу тегі, дәуірі, кейіпкерлері мен көркемдік кестесі және манасшылардың жырды жетілдірудегі қызметі, т.б. жөнінде ғылыми маңызы жоғары пікірлер айтты. Ш. Уәлихановтың ғылыми мұраларын жинайтын топқа Әуезов, С. Бәйішев, С. Мұқанов, Қ. Сәтбаев, А. Нүсіпбековпен бірге басшылық етіп, оның таңдамалы және 5 томдық шығармалар жинағын жарыққа шығарды. Ол көркем әдебиет саласында да біраз іс тындырды. Оның аудармасы бойынша қазақ қауымы орыстың және шетел жазушыларының көркем шығармаларымен танысты.

1976–84 ж. Қазақстан ҒА этнография бөлімінің аға ғылыми қызметкері болды. Оның ынта жігері мен ұсынысы бойынша қазақ даласының ең шалғай аудандарында бірнеше археологиялық және этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылды. Ол өзіне дейінгі Қазақстанды зерттеуші орыс ғалымдарының қазақ даласы тек көшпелілер мекені болды деген тұжырымдарының шындыққа сай келмейтіндігін дәлелдеді. Кандидаттық диссертациясын Хандар жарлығының тарихи маңызы атты тақырыптақорғады. Бұл зерттеу қыпшақтардың жазба ескерткіштерін зерттеудің ең алғашқы бастамасы болды. Әлкей Хақанұлы қыпшақ мәселесін қазақ халқының шығу тегінің шешуші кілті есебінде бағалады.

Академик Ә. Марғұлан қазақ халқының этникалық тарихын, материалдық және рухани мәдениетін ғылыми тұрғыда өте терең және

кең ауқымда зерттеген үлкен ғұлама. Қазақстан ғылымының көптеген салаларының, атап айтқанда қола дәуірі мен орта ғасырлық археологияның, қазақстан жерінде мекендеген көне халықтар тарихының, қазақ халқының мәдениет және өнер тарихының, этнографиясы мен археологияның негізін салушы ретінде құрметке бөленуі әбден заңды. Ол 40-шы жылдардың басынан бастап көне жазба ескерткіштерді және қазақ халқының рухани мәдениетін, фольклорын жан-жақты зерттеумен бірге Қазақстан жеріндегі археологиялық ескерткіштер кешенін іздестіру, табу және зерттеу ісін алғашқылардың бірі болып бастады. Ондаған жана археологиялық ескерткіштер тауып, оларды ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеп, ғылым әлеміне танытты. Қазақстанда көне мәдениеттің көптеген іздері табылды. Қазақстан жерінде тіршіліктің көне мәдениеттің болғандығын, бірақ әр түрлі жағдайларға байланысты олар үзіліп, көне қоныстарды құм басқанын ғылыми тұрғыда дәлелдеді. 1941 жылы Ә. Марғұлан Қ. Жұмалиевпен бірге «Қазақ әдебиетінің» оқулығын жазды. Тағы бір ғылыми шығармашылығын айтатын болсақ 1946 жылға жататын «Сырым батыр» атты шықпай қалған мақаласы. Мақалада ол қазақ тарихшыларынан бірінші болып С. Датұлының қозғалысына ұлт-азаттық сипат берген. Орталық Қазақстанның бір өзінен Әлекең бастаған экспедиция алпыстан астам қоныстың орнын зерттеді. Нәтижесінде Орталық Қазақстан ғылым үшін маңызды көне мәдениет және өркениет ошағы ретінде қайта ашылды. 30 жылдан астам уақыт ішінде Ә.Марғұланның басшылығымен Орталық Қазақстанда жүйелі түрде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, қола дәуірінің және көшпенді тайпалардың мәдениеті жан-жақты зерттелді. Қазіргі күнде ғылыми еңбектерінің арқасында сақтар мәдениеті Андрон мәдениетінің заңды жалғасы екендігі толық дәлелденсе, бұл екі мәдениеттің арасында Беғазы-Дәндібай мәдениетінің, дәнекерлік роль атқаратындығы ғылыми тұрғыда анықталды. Орталық Қазақстанда археологиялық зерттеудің екінші кезеңі Әлкей Хақанұлының Беғазы-Дәндібай мәдениеті туралы арнайы монографиясы мен бес томдық Қазақ ССР тарихында қарастырылып, 1982 жылы мемлекеттік сыйлық берілді.

Шоқан мұрасын көп жылдар бойы зерттеудің заңды жалғасы ретінде «Шоқан мен Манас» атты монографияны жазуға қыруар еңбек сіңірді. Зерттеудің нәтижесінде «Манас» эпосына ғылыми талдау жасады. Қазақстанның мәдениет тарихын зерттеу мәселесін ешқашан өз назарынан тыс қалдырмаған. Қазақстанның орта ғасырлық архитектурасының тарихы туралы түбегейлі ғылыми монографияны бастырып шығарды. Қазақтың қолөнері жайында үш томдық үлкен еңбегі жарыққа шықты. Бұл еңбек баспа жүзін көрген әдеби шығармалардан жиналған нақты деректердің негізінде жазылған. Бірнеше жыл этнография бөлімін басқара отырып Қазақстанда этнография ғылымының дамуына да айтарлықтай үлес қосты. Оның басшылығымен және тікелей қатынасуы-

мен Қазақ колхозды ауылының мәдениеті мен тұрмысы атты үлкен монографиялық еңбегі басылып шықты.

Ғылымның сан саласын жіті меңгерген парасатты ғұлама, Қазақстанда археология ғылымының негізін салушы зерделі зерттеуші-ғалым, ғылымның көрнекті ұйымдастырушысы, аяулы азамат және педагог Ә.Х. Марғұланды бүкіл қазақ жұртшылығы жақсы біледі, өзінің адал ұлдарының бірі есебінде құрмет тұтады.

Әдебиеттер

1. Марғұлан Ә. Шығармалары / Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан – Алматы: Алатау, 2008. – V том. – 448 бет.

2. Марғұлан Ә. Шығармалары / Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан – Алматы: Алатау, 2009. – VII том. – 432 бет.

3. Марғұлан Ә. Шығармалары / Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан – Алматы: Алатау, 2012. – XIV том. – 512 бет.

4. Қазақ халқының тарихи тұлғалары / Ә. Көпеш, Г. Мұзафарова. – Алматы: Өнер, 2011. – 1-кітап. – 304 бет.

5. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2004. – 696 бет.

**Ғылым мен білімнің және қоғамның
интеграциясы**

Интеграция науки, образования и общества

Integration of science, education and society

А.Б. Бидайшиева

Каспий университеті, з.ғ.м., Алматы қ.

Ә.Д. Досымжан

Торайғыров университеті, з.ғ.м., Павлодар қ.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МАҢЫЗЫ

Андатпа. Азаматтық қоғам дегеніміз мемлекет үшін қоғам емес, қоғам үшін мемлекет деген ұғыммен пара-пар. Азаматтық қоғамның мәні, ең алдымен, азаматтардың мүдделерін, олардың ұмтылыстарын, бостандықтарын, сұраныстарын, қажеттіліктерін білдіреді. Негізгі мақсаты – адамның материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру, адамның лайықты өмірі мен еркін дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау. Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстанның азаматтық қоғамы тұрақтылық пен институционалдық дәстүрлерді сақтауда мемлекеттің сенімді серіктесі болған бірнеше ұйымнан тұтас институтқа дейінгі жолдан өтті. Азаматтық қоғамды қалыптастыру Елбасы Н. Назарбаев негізін қалаған және мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаев тұрақты түрде дамып келе жатқан мемлекеттік саясаттың маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады.

Тірек сөздер: азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет, жеке тұлға, сөз бостандығы, табиғи құқықтар.

Аннотация. Под гражданским обществом понимается не общество для государства, а государство для общества. Сущность гражданского общества выражает, прежде всего, интересы граждан, их стремления, свободы, запросы, потребности. Основная цель – удовлетворение материальных и духовных потребностей человека, создание условий, обеспечивающих достойную жизнь и свободное развитие человека. С момента обретения независимости гражданское общество Казахстана прошло путь от нескольких организаций до целого института, который стал надежным партнером государства в сохранении стабильности и институциональных традиций. Формирование гражданского общества является одной из важнейших стратегических задач государственной политики, основанной Елбасы Н. Назарбаевым и главой государства К.-Ж. Токаевым.

Ключевые слова: гражданское общество, правовое государство, личность, свобода слова, естественные права.

Summary. Civil society is understood not as a society for the state, but as a state for society. The essence of civil society expresses, first of all, the interests of citizens, their aspirations, freedoms, requests, needs. The main goal is to satisfy the material and spiritual needs of a person, to create conditions that ensure a decent life and free human development. Since gaining independence, the civil society of Kazakhstan has gone from several organizations to an entire institution, which has become a reliable partner of the state in maintaining stability and institutional traditions. The formation of civil society is one of the most important strategic tasks of the state policy founded by Elbasy N. Nazarbayev and the head of state K.-Zh. Tokayev.

Keywords: civil society, rule of law, personality, freedom of speech, natural rights.

Азаматтық қоғам – бұл оның мүшелері арасындағы дамыған экономикалық, саяси, құқықтық, мәдени қатынастары бар, мемлекеттен

тәуелсіз, бірақ онымен өзара әрекеттесетін қоғам. Азаматтық қоғам негізгі сипаттамалық белгілері мен принциптері:

1) экономикалық еркіндік, меншік нысандарының алуан түрлілігі, нарықтық қатынастар;

2) адам мен азаматтың табиғи құқықтарын сөзсіз мойындау және қорғау;

3) байланыстырушы буын адам мен азаматтың табиғи және иемденген құқықтарын тану, қамтамасыз ету және қорғау, құқықтың басымдығы идеясы, құқық пен заңның бірлігі, мемлекеттік биліктің әртүрлі тармақтарының қызметін құқықтық ажырату болып табылатын биліктің заңдылығы мен демократиялық сипаты;

4) заң мен сот төрелігі алдындағы барлығының теңдігі;

5) биліктің бөлінуі мен өзара әрекеттесу принципіне негізделген заң үстемдігі;

6) саяси және идеологиялық плюрализм, заңды оппозицияның болуы;

7) пікір, сөз және баспасөз бостандығы, бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіздігі;

8) мемлекеттің азаматтардың жеке өміріне араласпауы, олардың өзара міндеттері мен жауапкершілігі;

9) адамдардың лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететін тиімді әлеуметтік саясат;

10) азаматтық қоғам өзін-өзі дамытатын және өзін-өзі басқаратын жүйе.

Осылайша азаматтық қоғам-азаматтық қоғамның ең жоғары құндылығы ретінде әлеуметтік әділеттіліктің, бостандықтың, адамның материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандырудың құқықтық режимінде жұмыс істейтін әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастардың өзін-өзі ұйымдастыруға негізделген жүйесі.

Азаматтық қоғамның функциялары – оның мүшелерінің материалдық, әлеуметтік және рухани қажеттіліктерін толық қанағаттандыру: адам мен азамат өмірінің жеке салаларын мемлекет пен басқа да саяси құрылымдарды негізсіз қатаң реттеуден қорғау; қоғамдық өзін-өзі басқару тетіктерін құру және дамыту; азаматтарды және олардың бірлестіктерін мемлекеттік биліктің қызметіне заңсыз араласудан қорғау және сол арқылы мемлекеттің демократиялық органдарын, оның бүкіл саяси жүйесін қалыптастыруға және нығайтуға ықпал ету; адам құқықтарының нақты кепілдіктерін қамтамасыз ету, мемлекеттік және қоғамдық істерге қатысуға тең қолжетімділік; өз мүшелеріне қатысты әлеуметтік бақылау функциясы; байланыс функциясы.

Демократиялық мемлекет өз азаматтарының мүдделері мен қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға арналған. Азаматтық қоғам институттары мен ұйымдарының міндеті – мемлекеттің күшімен ғана

қанағаттандыруға болатын азаматтардың нақты мүдделері туралы мемлекетке хабарлау. Жалпы азаматтық қоғамның негізгі белгілері:

1) мемлекеттің рөлі, ең алдымен, құқықтық тәртіпті сақтау, жеке және ұжымдық меншік иелерінің кедергісіз қызметі, олардың құқықтары мен бостандықтарын, белсенділігі мен кәсіпкерлігін жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады;

2) азаматтық қоғам азаматтан және оның бостандығынан тәуелсіздік, теңдік синонимі ретінде басталады;

3) азаматтық қоғам ашық, демократиялық, анти-тоталитарлық, өзін-өзі дамытатын қоғам, онда орталық орынды адам, азамат, жеке тұлға алады.

4) азаматтық қоғам – қоғамдық-саяси өмірдің мемлекеттік емес бөлігі; бұл адамның саяси іс-әрекетінің жағдайын, жеке адамның және әлеуметтік топтар мен бірлестіктердің әртүрлі қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру мен іске асыруды қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастардың, ресми және бейресми құрылымдардың жиынтығы.

Азаматтық қоғамда әрдайыи заң үстемдігі орын алады. Заңның үстемдігінің белгісі – биліктің жариялылығы, ол дегеніміз:

– заңның күшімен және заңдар мен басқа да заңды тетіктер арқылы қоғамда мемлекеттік саясат жүргізу;

– егеменді, яғни биліктің басқа түрлерінен бөлінген, партиялық, шіркеулік және корпоративтік биліктен еркін және тәуелсіздігі;

– бірыңғай және бөлінбейтіндігі. Сонымен қатар, мемлекеттік билік заңды, яғни заңды негізделген және мойындалған болуы керек. Бұл негізінен Конституцияда, заңдарда, халықаралық құқықтық актілерде көрініс табады. Мысалы, ҚР Конституциясының кіріспесінде Конституцияны Қазақстан халқы қабылдайды делінген [1, 2 б.].

Азаматтық қоғам мен мемлекет бір-бірін өзара толықтырады. Жетілген азаматтық қоғамсыз құқықтық демократиялық мемлекет құру мүмкін емес. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті қалыптастыру процесіндегі маңызды сәт адамның ажырамас құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау болып табылады. Адамның қоғамдағы құқықтық жағдайы демократияның әлемдік стандарттарына сәйкес келеді деп саналады, егер ол үш табиғи қағидатқа негізделген болса: өмір сүру, бостандық, теңдік құқығы [2, 36 б.]. Бұл қағидаттар адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында бекітілген.

Мысалы, қазіргі уақытта өлім жазасы 35 елде заңмен жойылды. 27 елде ол соңғы 10 жыл немесе одан да ұзақ уақыт пайдаланылмайды. Статистика көрсеткендей, өлім жазасы жойылған және ұзақ мерзімге ауыстырылған елдерде, өмір бойына бас бостандығынан айыруға дейін, адам өлтіру саны осы қылмыс үшін қарастырылған елдерге қарағанда 100 мың адамға аз [3, 63 б.].

Азаматтық қоғам табиғи құқықтың презумпциясына сүйенеді, жеке адамдардың бостандығын жүзеге асыруды белгілі бір институционалдық ережелермен байланыстырады. Азаматтық қоғамды философиялық анықтама ретінде Аристотель ғылымға енгізді, ол мемлекет дегеніміз – бұл мемлекет пен азаматтық қоғамды синоним ретінде анықтайтын азаматтардың, азаматтық қоғамның жиынтығы деп айтқан.

Азаматтық қоғам қауымдық топтардың, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың, байырғы топтардың, қайырымдылық және діни ұйымдардың, кәсіби бірлестіктер мен қорлардың кең тобына жатады [4, 31 б.].

Тиісінше, азаматтық қоғам кез келген мемлекеттің табысты дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Іс жүзінде азаматтық қоғам институттары жыл сайын мемлекет пен қоғам өмірінің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени-гуманитарлық салаларында өз қолданысын табуда. Кез келген қазіргі заманғы мемлекет қоғамның ішіндегі бар проблемаларды шешуге тиімді ықпал ете алатын сенімді серіктестерге мұқтаж. Олардың болмауы қоғамның кез-келген прогрессивті дамуын жоққа шығаратыны белгілі [5, 15 б.].

Азаматтық қоғам ұйымдарының қызметі үшін құқықтық негіздер құрылып, жетілдірілуде. Президенттің Жарлығымен азаматтық секторды ұзақ мерзімді перспективада дамытудың негізгі бағыттарын айқындайтын жаңа стратегиялық құжат – Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2020–2030 жылдарға арналған Тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдамада азаматтық сектор қызметін трансформациялау бойынша жаңа тәсілдер көзделген. Тұжырымдамаға енгізілген шаралар кешенін іске асыру 2030 жылға дейін айқындалған. Тұжырымдама екі кезеңде: бірінші кезең 2020–2025 жылдардан бастап және екінші кезең 2026–2030 жылдардан бастап іске асырылатын болады [6, 22 б.]. Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасында 5 негізгі бағыт бөлінген:

1) азаматтық қоғамды және оның институттарын, оның ішінде қоғамдық-саяси салада дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

2) азаматтық белсенділікті қолдау және дамыту;

3) шешімдер қабылдау және мемлекеттік істерді басқару процесіне азаматтар мен азаматтық қоғам институттарының қатысу деңгейін арттыру;

4) азаматтық қоғам институттарының әлеуетін нығайту болып табылады;

5) Қазақстандағы БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын орындауға азаматтық қоғамды тарту.

Қорытындылай келе, азаматтық қоғам институттарын нығайту Қазақстанды демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет ретінде бекіту туралы конституциялық ережелерді іске

асырудың аса маңызды шарты болып табылатынын айқындықпен айтуға болады.

Әдебиеттер

1. ҚР Конституциясы 1995 жылы қабылданған (2019 жылғы өзгерістерімен толықтырулармен). – 2 б.
2. Гаджиев К.С. Азаматтық қоғам тұжырымдамасы: идеялық шығу тегі және қалыптасудың негізгі кезеңдері // философия мәселелері. 1991. – 36 б.
3. Черниловский З.М. Азаматтық қоғам: зерттеу тәжірибесі // мемлекет және құқық. 1992. – 63 б.
4. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. – Алматы, 1998. – 31 б.
5. Жанұзақова Л.Т. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: оқу-әдістемелік құрал, 2008. – 15 б.
6. Демидов А.В. Азаматтық қоғам және мемлекет, 2019. – 22 б.

А.С. Адылбаева, Н.К. Нурғалиева

2 курс магистранттары, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

МҮГЕДЕК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақала Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мүгедектерді жұмысқа қабылдау, еңбек қатынастарын реттеу, мүгедек қызметкерлермен еңбек шартын бұзу ерекшеліктеріне арналған.

Тірек сөздер: мүгедек жұмысшылар, жұмыс істеу құқығы, жұмыссыздықтан қорғау.

Аннотация. Статья посвящена особенностям приема на работу инвалидов, регулирования трудовых отношений, расторжения трудового договора с работниками-инвалидами в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан

Ключевые слова: работники-инвалиды, право на труд, защита от безработицы.

Summary. The article is devoted to the peculiarities of employment of disabled people, regulation of labor relations, termination of an employment contract with disabled employees in accordance with the labor legislation of the Republic of Kazakhstan

Keywords: disabled workers, the right to work, protection from unemployment.

2015 жылы Қазақстан 2006 жылғы 13 желтоқсанда Нью-Йоркте Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияны (бұдан әрі – БҰҰ Конвенциясы) ратификациялады, конвенцияға Факультативтік хаттамаға қол қойылды, сол арқылы мемлекет Мүгедектердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында Халықаралық экономикалық, азаматтық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын іске асыру жөніндегі халықаралық стандарттарды имплементациялау бойынша міндеттемелер қабылдады. Осы құжатқа сәйкес, мүгедек – бұл туа біткен немесе алынған физикалық не-

месе ақыл-ой шектеулеріне байланысты сыртқы көмексіз (толық немесе ішінара) өз қажеттіліктерін жүзеге асыра алмайтын кез келген адам [1].

Осы терминмен қатар азаматтардың осы санатына «мүмкіндігі шектеулі адамдар» атауы қолданылады. Қазақстанда мұндай азаматтарды әлеуметтік қорғау ҚР Конституциясымен, 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңымен (бұдан әрі – мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заң) және басқа да нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заңның 14-бабында мүгедектердің құқықтары регламенттелген – олар Конституцияда және ҚР басқа да заңнамалық актілерінде бекітілген әлеуметтік-экономикалық және жеке құқықтары мен бостандықтарына толық ие. Еңбек ету құқығы басқалармен қатар ажырамас құқық болып табылады [2].

Мүгедектіктің кез келген тобы бар адамдар жұмысқа орналаса алады, бірақ I және II топтағы мүгедектер медициналық комиссиядан жұмысқа рұқсат алуы керек. Жұмысқа орналасу кезінде мүгедектігі бар адам сау адаммен тең құқықтарға ие болады. Бұл ҚР Еңбек кодексінің 6-бабының 2-тармағымен бекітілген: тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемістіктеріне, сондай-ақ қоғамдық қатынастарға қатыстылығына байланысты еңбек құқықтарын іске асыру кезінде ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды [3].

Бұдан басқа, ҚР Еңбек Кодексінің 25-бабында еңбек шартын жасасу кезінде құқықтар мен мүмкіндіктердің теңдігіне кепілдік берілген. Еңбек кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жүктілік, 3 жасқа дейінгі балалардың болуы, кәмелетке толмағандар, мүгедектік еңбек шартын жасасу құқығын шектей алмайды.

Егер мүгедектің денсаулық жағдайы кәсіптік міндеттерді орындауға кедергі келтірмесе, жұмысқа қабылдаудан, еңбек шартын жасасудан бас тарту не басшылық тарапынан еңбек жағдайларын өзгерту заңсыз болып табылады. Мұндай жұмыс берушінің әрекеттерінде ҚР Конституциясының 14 және 24-баптарының бұзылғаны байқалады: тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

Осы құқық бұзушылықтар үшін мүгедек қызметкердің өтініші бойынша жұмыс беруші мемлекеттік еңбек инспекторына еңбек заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

ҚР Еңбек кодексінің 28-бабының 2-тармағында айқындалған маңызды сәт – мүгедекпен жасалатын еңбек шартында жұмыс орын-

дарын олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жұмыс орнына кедергісіз кіруге және өзінің еңбек міндеттерін орындауға ықпал ететін жабдықтау жөніндегі талаптар қамтылуға тиіс.

Мүгедектің жұмыс орнының стандарттары ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы №519 бұйрығымен бекітілген. Көру қабілетінен толық айырылған; есту қабілетінен толық айырылған; кресло-арбамен жүріп-тұратын мүгедек жұмыскерлер үшін жұмыс орындарын жабдықтау бойынша арнайы талаптар белгіленген. Қажет болса, жұмыс беруші жұмысшылар үшін арнайы жабдықты сатып алуы (мысалы, соқырларға арналған компьютерлік тифлокешендер), жұмыс процесінің ыңғайлылығы үшін жиһаз бен жұмыс жабдықтарын белгілі бір жолмен орналастыруы, санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалауы тиіс.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында мүгедек қызметкерлерге ұзақтығы күнтізбелік 6 күннен кем емес қосымша ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы, жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы түрінде жеңілдіктер көзделген. I және II топтағы мүгедек қызметкерлерге аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді.

Мүгедек жұмыскерлерді түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері жұмысқа тартуға, оларға медициналық қорытындыға сәйкес денсаулық жағдайына байланысты мұндай жұмысқа тыйым салынбаған жағдайда, олардың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі. Ал мүгедек қызметкерлерді үстеме жұмысқа тартуға жол берілмейді.

I топтағы мүгедектер вахталық әдіспен жұмысқа жіберілмейді (медициналық қорытынды ұсынылған күннен бастап), егер бұл медициналық қорытындылар негізінде оларға қарсы көрсетілмесе, басқа топтағы мүгедек қызметкерлер мұндай жұмыстарға тартылуы мүмкін.

2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР Заңына сәйкес жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау шараларының бірі азаматтардың жекелеген санаттарын, атап айтқанда еңбек қызметін жүзеге асыру үшін медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ мүмкіндіктері шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыруды квоталау болып табылады. Квота әрбір нақты жұмыс берушінің барлық қызметкерлер штатының пайыздық көрінісінде белгіленеді (квотада тиісті жұмыс берушілерде жұмыс істеп жүрген мүгедектер ескеріледі) [4].

Медициналық қорытынды бойынша оның денсаулық жағдайы кәсіптік міндеттерді орындауға кедергі келтіретін не басқа адамдардың денсаулығы мен еңбек қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, еңбек шартын жасасудан не қызмет бабында жоғарылатудан бас тартуға, жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатуға, мүгедекті мүгедектігі себебі бойынша оның келісімінсіз басқа жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді [2].

Алайда көптеген заңнамалық актілер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша мемлекет қабылдап жатқан шараларға қарамастан, жұмыссыздық проблемасы өткір күйінде қалып отыр. Мүгедек өз бетінше өзінің қабілеттері мен мүмкіндіктері бойынша жұмыс табуы үшін келесідей әрекеттер жасауы керек:

– Міндетті түрде тұрғылықты жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталықтарында жұмыссыз ретінде есепке тұру;

– Халықты жұмыспен қамту орталықтарында мүгедектер үшін бос орындар тізімімен танысу.

– Егер бос орындар тізімінен лайықты жұмыс табылса, еңбек қызметіне қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық куәландырудан өту.

– Квота белгіленген ұйыммен еңбек шартын жасасу.

Бұдан басқа, Жұмыспен қамту орталықтарында «әлеуметтік жұмыс орындары» және «қоғамдық жұмыстар» тізімдерімен танысып, лайықты бос жұмыс орнын таңдаған жағдайда кәсіби даярлықтан, қайта даярлаудан өтуге немесе басым тәртіппен біліктілігін арттыруға, кәсіпкерлік негіздеріне оқуға болады.

Соңғы уақытта кеңінен танымал бола бастаған үйде және қашықтан жұмыс мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жақсы мүмкіндік болып табылады. Мұндай еңбек экономика және бағдарламалауға байланысты болуы мүмкін: IT-мамандар, 3D-бағдарламашылар, интернет-форумдар, әлеуметтік желілердегі көпшілік беттер, сайттардың әкімшілері, талдаушылар, қаржыгерлер, трейдерлер. Интернет арқылы репетиторлық қызметпен айналыса алатын тәжірибелі оқытушыларға, сондай-ақ тәжірибелі заңгерлерге қажеттілік бар. Тауарларды жылжыту бойынша мамандар, сатылатын өнімнің ерекшеліктерін зерттейтін, оны насихаттайтын, тұтынушылық талаптарды талдайтын, өнімді енгізу және сату стратегиясын жасайтын саудагерлер сұранысқа ие. Немесе құжаттаманы жүргізу және есепке алумен айналысатын жеке компьютердің операторлары қажет. Көп хабарландырулар үшін мәтіндерді терушілер, копирайтерлер қажет. Бұл қызметкерлер авторлық жарнамалық мәтіндер мен тапсырыс беру нұсқауларын жасайды, дайын мақалаларды өңдейді, сайттарды ақпараттық толтырумен айналысады.

Әдебиеттер

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 2006 жылғы 13 желтоқсанда Нью-Йоркте қабылдаған Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [электронды ресурс] <https://adilet.zan.kz/>

2. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі №39 Заңы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [электронды ресурс] <https://adilet.zan.kz/>

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек

кодексі. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [электронды ресурс] <https://adilet.zan.kz/>

4. «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [электронды ресурс] <https://adilet.zan.kz/>

А.К. Темиргалинова

докторант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

e-mail: Assolalierarusa@mail.ru

А.А. Кудышева

п. э. к., қауымд. профессор (доцент)

Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КОММУНИКАТИВТІК-ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІК ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ЗАМАНАУИ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ҮЙРЕТУ ҮРДІСІ РЕТІНДЕ

Андатпа. ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларындағы жаһандық өзгерістермен сипатталады, ол үлкен көкжиек, бай сезімдер, икемді сезімдер, эмпатикалық тәжірибеге қабілет, эмпатикалық тәжірибеге қабілет, этномәдени адамзатты сақтау және дамыту. Қоғамның жаһандану контексті мультимәдени қоғам жағдайындағы тұлғаның қалыптасуы білім берудің, білім беру қызметін күшейту мақсатында білім парадигмасын жетілдіруді қамтиды. Білім берудегі коммуникативтік-этнопедагогикалық құзіреттілігінің тарихи және мәдени мұрасы құрметтеудің тиімді әдісі, жаһандану үрдістерінің этникалық және ұлттық мәдени ерекшелігін сақтау және қолдаудың тиімді әдісі ретінде қарастырылады. Білім берудегі коммуникативтік-этнопедагогикалық құзіреттілікті дамыту қазіргі педагогикалық ғылымның және практиканың ең өзекті міндеттерінің бірі болып табылады.

Тірек сөздер: коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілік, этнопедагогика, коммуникация, құзыреттілік, жоғары білім, болашақ мұғалімдер.

Аннотация. В ХХІ веке, характеризующемся глобальными изменениями во всех сферах жизни, с новой остротой возникает проблема формирования гуманистической личности, обладающей обширным кругозором, богатыми чувствами, гибким мышлением, способной к эмпатическому переживанию, сохранению и развитию этнокультурного человечества в условиях глобализации общества. Формирование такой личности в условиях поликультурного общества предполагает совершенствование образовательной парадигмы с целью усиления учебно-воспитательной функции образования. Роль коммуникативно-этнопедагогической компетентности в образовании как эффективного способа бережного отношения к историческому и культурному наследию, сохранению и поддержке этнической и национально-культурной самобытности народов особенно возрастает в условиях глобализационных процессов. Развитие коммуникативно-этнопедагогической компетентности в образовании – одна из наиболее актуальных задач современной педагогической науки и практики.

Ключевые слова: коммуникативно-этнопедагогическая компетентность, этнопедагогика, коммуникация, компетентность, высшее образования, будущие педагоги.

Summary. In the 21st century, characterized by global changes in all spheres of life, the problem of forming a humanistic personality with a broad outlook, rich feelings, flexible thinking, capable of empathic experience, preservation and development of ethno-cultural humanity in the context of globalization of society arises with new acuteness. The formation of such a personality in a multicultural society involves the improvement of the educational paradigm in order to strengthen the educational function of education. The role of communicative and ethno-pedagogical competence in education as an effective way of respecting the historical and cultural heritage, preserving and supporting the ethnic and national-cultural identity of peoples is especially growing in the context of globalization processes. The development of communicative and ethnopedagogical competence in education is one of the most urgent tasks of modern pedagogical science and practice.

Keywords: communicative-ethnopedagogical competence, ethnopedagogics, communication, competence, higher education, future teachers.

Білім берудегі коммуникативтік-этнопедагогикалық құзіреттілік – әлеуметтік маңызы бар және адамның, отбасы, қоғамның мүдделері үшін этникалық (яғни, халықтық) мәдениеті материалдары мен құралдары туралы мақсатты үрдіс ретінде танысуды ұсынады, сонымен қатар этномәдени білім, дағдылар, құндылық қондырғылар, этномәдени қызмет тәжірибесі, зияткерлік, рухани адамгершілікке және күрделіліктің коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігінің тәжірибесі, адамның білім беру қажеттіліктері мен танымал мәдениеті саласындағы мүдделерін қанағаттандыратын адамның физикалық және (немесе) кәсіби дамуы. «Этнос» термині (ethnos грек сөзінен) «халық» деген анықтамамен теңдес. Ғылыми дерек көздерге сүйенсек, ежелгі Грекияда, ол бастапқыда бірнеше құндылықтарда қолданылған: адам қауымдас-тықтарының бірі ретінде: (тұқым, тайпа, көпшілік, бір грек кеңістігінің тұрғындары, халық), тіпті тап, топты білдірген. Тек V ғасырдан бастап «этнос» сөзін гректер «халық» мағынасында қолдана бастады. Ғылымға «этнос» терминін

С.М. Широкогоров «Этнос. Этникалық және этнографиялық құбылыстардың негізгі принциптерін зерттеу» атты кітабында алғаш рет енгізді (1923). Кейін «этнос» ұғымының әр түрлі анықтамаларын С.А. Арутюнов, Ю.В. Бромлей, Л.Н. Гумилев, В.И. Козлов,

Н.Н. Чебоксаров және т.б. зерттеді. Сондықтан, педагогикадағы «этнос» деген сөздермен «халық» сөздерін қолдану (ежелгі гректерден кейін) этномәдени білімнің халық мәдениеті саласындағы білім беруді түсіндіруге рұқсат етіле бастады.

Оқу үрдісінде коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттің міндеттерін орындау үшін (құнды) келесіге назар аудару керек:

- этнофилософиялық, этнопсихологиялық, этнопедагогикалық негіздердің ғылыми негіздемесі;
- жеке тұлға өмір сүретін және дамитын этномәдени кеңістікті құру;
- этномәдени, мәдениетаралық және әмбебап құндылықтарды білу және ассимиляциялау туралы ғылыми білімді қамтамасыз ету;

– бағдарламалар, оқулықтар мен материалдарды сараптау және таңдау жүйесі;

– болашақ мұғалімдерді этномәдени білім мен құндылықтарды тасымалдаушы ретінде оқыту.

Тақырыптың өзектілігі – білім беру жүйелерінің барлық деңгейлерінің дамуын анықтайтын заманауи білім беру парадигмасы, ол басқа адамдармен қарым-қатынас және өзара әрекеттесу ретінде тұлғаның қалыптасуына назар аударуды қамтиды [1].

Өткен ғасырдың екінші жартысында араласу көптеген дауларға себеп болған жоқ және көптеген тәсілдер жасалмады. Араласу көптеген ғылымдарға сәйкес зерттелді: философия, кибернетика, ақпараттану, психология, семиотика, лингвистика, мәдениеттану, лингводидактика және педагогика. Бұл жұмыстарда қарым-қатынас рөлі, мәдениеттің пайда болуы жетекші фактор ретінде анықталды. Қарым-қатынас адамның рухани және материалдық формаларының барлық түрлеріне кіреді және сонымен бірге онтогенезге деген алғашқы әлеуметтік қажеттілігін қамтиды.

Араласу адамды тәрбиелеуге, адамның санасын дамытуға және қалыптасуына, оның дүниетанымына, адамдарға деген дұрыс көзқарастарға бағытталған. Араласу, оны ұйымдастыру, құндылық қондырғылары, психологиялық-педагогикалық пререквизиттер мен психологиялық-педагогикалық пререквизиттерді құру және оқытудың технологияларын құру, коммуникативтік-этнопедагогикалық құзіреттілікті игеру міндетін күшейту арқылы басқа мәдениетке бекіту құралы ретінде қарастырылды [2].

Тұтастай алғанда әр адам мен адамгершіліктің өміріндегі қарым-қатынастың маңыздылығы артып келеді, бірақ парадоксалды жағдайдың болуы әлі де бар, бірақ іс жүзінде оқытушылар мен студенттер, студенттерге арналған оқу үрдісі, студенттердің өзара әрекеттесуі және қарым-қатынас жасауы мақсатты түрде бағытталған. Қарым-қатынас жасау үшін жеке бағдарланған тәсіл негізінде оқытушы мен студенттің оқу үрдісінің орталық буыны ретінде өзара іс-қимылын ескере отырып, жаттығу мүмкіндіктерін кеңейтетін зерттеулер ретінде оқытуға болады. Осы мүмкіндіктерді іске асыру қазіргі уақытта құрылған бірқатар қайшылықтарды жеңуді қажет етеді:

– қарым-қатынасты тек педагогикалық агент ретінде және қалыптасқан өзара әрекеттесу негізінде жүзеге асырылатын ұқсас педагогикалық мақсаттығы арасында;

– білім беру үрдісінде адам коммуникативті дамуының шұғыл қажеттілігі мен жалпы және кәсіптік білім беру мекемелерінің қызметіне осы компоненттің әлсіздігі арасында;

– дүние жүзіндегі монологиялық, объектілік объектінің әсері мен диалогтық пәндік өзара әрекеттесудің сұранысы арасында [3, 4].

Біздің зерттеуімізде болашақ оқытушыларға мақсаттары бойынша, сондай-ақ ынтымақтастық, коммуникативті-этнопедагогикалық құзыреттіліктің қалыптасуы, серіктестіктің диалогтық түрін қалыптастыруда осындай оқытуды ұйымдастыру мәселесі туындады. Жеке бағдарланған тәсілге сүйене отырып, толеранттылық тәрбиеленеді.

Жоғары оқу орындары студенттерінің қарым-қатынас деңгейі мен сөйлеу мәдениеті айтарлықтай төмендегені белгілі. Бұл әр түрлі себептерге байланысты; әлеуметтік-экономикалық, саяси, адамгершілік және этикалық, этномәдени, лингвистикалық және т.б.

Болашақ оқытушылардың қарым-қатынасының тиімділігі кейбір университеттердің оқу жоспарларына теріс әсер етеді, олар құзыретті сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін, коммуникативтік-этнопедагогикалық құзіреттілігін арттырудың және жетілдірудің маңыздылығын түсінуге көмектесті.

Қазіргі уақытта коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілік мәселелері педагогикадан тыс ғылымдардың мәселесіне айналды: психология, заңтану, риторика және т.б.

Логикада, ым-ишараттылықта бұзылған коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілік серіктеске кері әсер ететіні белгілі, яғни сөйлеушінің беделін төмендетеді, сенімсіздікке әкеледі және араласу тиімділігін төмендетеді.

Сондықтан жоғарғы оқу орнында педагогикалық үрдісті жетілдіру (білім мазмұны, оны жетілдіру, оны жетілдіру, оқу үрдісін дамыту), болашақ оқытушылардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзіреттілігін қалыптастыруға көп көңіл бөлуге көмектеседі [5, 6].

Педагогикалық әдебиеттерді зерттеу және қолданыстағы тәжірибені талдау барысында біз коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілікті тиімді қалыптастыруға және оның педагогикада жеткіліксіз дамығанын анықтай аламыз.

Теориялық және тәжірибелік зерттеулер, әсіресе соңғы кездердегі төмендегіні айқындайды:

– кәсіби маңызды қасиеттердің жалпы жүйесінде заманауи маманның коммуникативтік-этнопедагогикалық шеберліктері маңызды болып табылады;

– маман жұмысының тиімділігі негізінен оның әріптестерімен қарым-қатынасының сипатына байланысты;

Коммуникативтік-этнопедагогикалық құзіреттілікті қалыптастыру мәселесі мамандармен көптеген жылдар бойы зерттелуде (А.А. Амельчорова, А. Райтинова, А.Р. Гертикова, А.Н. Васильева, Т.А. Вишнякова, Т.А., Губаева, В.Г.). Костомарова, Е.Н. Леонова, Н.Атете, О. Митрофанова, Г.Д. Хоросавина, С.А., Эриер және т.б.).

Коммуникация мәселелерімен айналысатын көптеген мамандар монологтардың құрылысының ерекше рөлін едәуір бағалаған жоқ.

Психолінгвистикадағы заманауи зерттеулер тәжірибесі гуманитарлық бағыттағы мамандар қажет екендігін түсіндіріп отыр [8,9].

Біздің зерттеуіміз болашақ оқытушыларға жаттығулар ретінде коммуникативтік-этнопедагогикалық құзіреттілікті қалыптастыру үшін педагогикалық жағдайды зерттеу мәселесіне арналған.

Жоғары педагогикалық білім берудің барлық деңгейлерінің басты мақсаты қазіргі уақытта еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті маман даярлауда; сауатты және тиімді жұмыс қабілеттілігі; педагогикалық үрдістің субъектілерімен де, ғылыми ортамен де өзара әрекеттесу; тұрақты кәсіби өсу мен өзін-өзі дамытуға дайындық.

Коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілікті өз жұмыстарында Д.И. Балдынюк, Б.В. Бушелева, В.С. Грехнев, Л.А. Терехина және т.б. қарастырды. Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру туралы А.А. Леонтьев, В.А. Кан-Калик, В.А. Ковалев, А.Б. Добрович және т.б. зерттеді. Әлеуметтік-психологиялық және тұлғааралық педагогикалық қиыншылықтар туралы Г.М. Андреева, К.А. Абульханова-Славская, Н.П. Аникеева, А.А. Бодалев және т.б.) зерттеді. Білім беру жағдайында әсер ету болмысын (С.И. Архангельский, А.В. Брушлинский, Б.Ф. Ломов, А.В. Хуторской, Г.А. Цукерман және т.б.) зерттеді.

Ғалымдар еңбектерін талдай отырып, төмендегіні айтуға болады:

– қазіргі болашақ оқытушының кәсіби маңызды қасиеттерінің жалпы жүйесінде, коммуникативтік-этнопедагогикалық құзіреттіліктің ең маңызды;

– педагогикалық кәсіптердің арасында коммуникативтік-этнопедагогикалық қиындықтардың бірі негізгі орын алады;

– оқытушының тиімділігі көбінесе оқу үрдісінің барлық субъектілерімен қарым-қатынасының сипатына байланысты.

Біз Е.Н. Хаматнурованың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзіреттілігіндегі төрт компонентті бөліп ажыратамыз: ынталандырушылық, танымдық, қызметтік және жеке. Олардың әрқайсысының мазмұнын ұсынамыз:

– *ынталандырушылық* – кәсіби педагогикалық қызметке, мотивтер мен құндылыққа қызығушылық, игеру, игеруге оң көзқарас, құзыреттіліктің көрінісі, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамытуға деген қызығушылық;

– *Танымдық* – психологиялық және педагогикалық білімдерді, құзыреттілік пен жеке-жеке тәсілдердің ерекшеліктерін, құзыреттіліктің мазмұнын білу, құзыреттілік мазмұны, педагогикалық байланыстың әдістері;

– *қызметтік* – әртүрлі стандартты және стандартты емес жағдайларда, тәрбие жұмысын жоспарлау, қиындықтарды анықтау, педагогикалық үрдісті қалай жақсартуға болатындығын анықтау тәжірибесі;

– *Жеке* – оқытушы-зерттеушінің жеке маңызды қасиеттерін

(қоғамның, толеранттылық, бастама, ұтқырлық, жауапкершілік, шешім қабылдаудағы тәуелсіздік) жиынтығы.) [7].

Сөйтіп, болашақ оқытушы үшін коммуникативтік-этнопедагогикалық күзіреттілік жеке тұлғаның кәсіби маңызды интегративті қасиеті ретінде қызмет етеді, кәсіби іс-шараларды вербалды емес және ауызша алмасудың түрлерімен жабдықтау үшін педагогикалық байланыс субъектісі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Активные и интерактивные образовательные технологии (формы проведения занятий) в высшей школе: учебное пособие / Сост. Т.Г. Мухина. – Н. Новгород: ННГАСУ, 2013. – 97 с.

2. Андреева Г.М. Социальная психология [Текст]: учебник для вузов / Г.М. Андреева. – М.: Аспект Пресс, 2000. – 376 с.

3. Большой психологический словарь / Сост. и общ. ред. Б. Мещеряков, В. Зинченко. – СПб.: Прайм ЕВРОЗНАК, 2004. – 672 с.

4. Буртовая Н.Б. Коммуникативная компетентность личности и социально-психологические факторы ее развития (на примере студентов – будущих педагогов-психологов): автореф. дис...канд. психол. наук: 19.00.01 / Н.Б. Буртовая. – Томск, 2004. – 24 с.

5. Зимняя И.А. Компетентность и компетенции в контексте компетентностного подхода / И.А. Зимняя // Понятийный аппарат педагогики и образования: сб. науч. тр.; отв. ред. Е.В. Ткаченко, М.А. Галагузова. – Вып. 7. – Екатеринбург, 2012. – С. 64–76.

6. Ионина О.С. Психологическая компетентность педагога: Научно-издательский центр «Социосфера» / О.С. Ионина [Электронный ресурс] /Режим доступа: http://sociosphere.com/publication/conference/2014/253/psihologicheskaya_kompetentnost_pedagoga/

7. Кузьмина Е.М. Формирование коммуникативной компетентности студентов вуза: дис....канд. пед. наук: 13.00.08 / Е.М. Кузьмина. – Нижний Новгород, 2006. – 181 с.

З.Ш. Айткенов, А.Д. Ахметова

Павлодар педагогикалық университет, Павлодар қ.

Ziyat15@mail.ru, bolik_akhmetova@mail.ru

«ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫ» АТТЫ ТАҚЫРЫПТА ТАРИХ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Андатпа. Бұл жұмыста соғыс жылдарындағы қазақстанның зиялы қауымы маңызды ерен еңбектері мен үлестері туралы айтылады. Сұрапыл соғыс кезіндегі ғылым мен мәдениет қызметкерлері үшін де қатал сынақ болғаны анық. КСРО ҒА-ның ғылыми және ғылыми-техникалық қызметкерлерінің көмегі зор дәрежеде ықпал еткені көрсетіліп, тарих сабағында олардың ерліктерін, еңбектерін, зерттеулерін оқушыларға баяндап, дәріптеу маңызды. Бар материалдармен инновациялық сабақ беру.

Тірек сөздер: соғыс, ғылым, зиялы, мәдениет, тарих.

Аннотация. В данной работе рассказывается о значительных заслугах и вкладах интеллигенции Казахстана в годы войны. Очевидно, что суровая война стала серьезным испытанием и для работников науки и культуры. Большое влияние оказала помощь научных и научно-технических работников АН СССР, на уроках истории важно докладывать и популяризировать их подвиги, труды, исследования. Инновационное преподавание с имеющимися материалами.

Ключевые слова: война, наука, интеллигенция, культура, история.

Summary. In this paper, we will talk about the significant achievements and contributions of the intelligentsia of Kazakhstan during the war years. It is obvious that the war was a serious test for the workers of Science and culture. The scientific and technical staff of the USSR Academy of Sciences had a great influence, and in the history lesson it is important to tell and popularize their exploits, works, and research to students. Innovative teaching with existing materials.

Key words: war, science, Intelligence, culture, history.

Кеңес Одағының фашистік Германиямен мәдени және ғылыми соғысы ғылым мен мәдениет қызметкерлері үшін де қатал сынақ болды. Әскери жағдай ғылымның одан әрі қарқынды дамуын тежеді. Алайда оның соғыс уақытының жағдайларымен алға қойылған міндеттерді орындауға байланысты кейбір бағыттары жедел қарқынмен дами бастады. Бұған Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің, КСРО ҒА Төралқасының ғылыми мекемелерді құруға, сондай-ақ оларды білікті кадрлармен даярлауға және жасақтауға үнемі көңіл бөлуі мен көмегі зор дәрежеде ықпал етті. 1942 жылы КСРО ҚазФАН жанынан аспирантура ұйымдастырылды. Соғыс жылдары онда 237 адам оқып, 63 адам докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғады. 1945 жылдың соңына қарай КСРО ҒА-ның ғылыми және ғылыми-техникалық қызметкерлерінің саны 864 адамға жетті, олардың ішінде КСРО ҒА-ның 6 академигі мен корреспондент мүшесі, 57 ғылым докторы, 184 ғылым кандидаты, негізінен КСРО ҒА-дан келген. ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы жүйесінде 600-ден астам ғылыми қызметкерлері жұмыс істеді, олардың 34-і ғылым докторы мен кандидаты.

1941 ж. КСРО ҚазФАН жанынан астрономиялық обсерватория ұйымдастырылды. Оны академик В.Г. Фесенков пен корреспондент-мүшесі Г.А. Тихов басқарды. 1942 жылы Тіл, әдебиет және тарих институты, Химия-металлургия институты, 1943–1945 жылдары Топырақтану және ботаника, зоология және өлкелік патология институттары құрылады. Кейіннен Химия-металлургия институты Химия институты және Metallургия және байыту институты болып бөлінді; Тіл, әдебиет және тарих институты – Тіл және әдебиет институты мен Тарих, археология және этнография институты, Энергетика және тау-кен ісі институттары құрылды. [1]

1945 жылдың соңына қарай КСРО ҚазФАН-да 16 институт пен жеті сектор болды, ғылыми проблематика кеңейді. Зерттеу жұмыстарына

қаржы 11 есеге артты. 1945 жылдың соңына қарай Қазақстанда барлығы 75 ғылыми мекеме, зертхана мен станция болды. 1945 жылдың қазан айында КСРО үкіметі Қазақ Ғылым Академиясын құру туралы шешім қабылдады. Бұл Коммунистік партияның Кеңестік Қазақстанда ғылымды дамытуға деген үлкен қамқорлығының айқын айғағы, республиканың мәдени өміріндегі маңызды оқиға. Қазақстанда ғылыми кадрларды қалыптастыруда және ғылымды дамытуда еліміздің батыс аудандарынан көшірілген ғылыми күштер айрықша рөл атқарды. Соғыс жылдарында республикада 20-дан астам ірі ғылыми-зерттеу институттары, олардың ішінде КСРО ҒА Физиология институты, УССР ҒА Физика-механикалық институты орналастырылды. Академиктер И.И. Мещанинов, А.И. Прасолов, А.С. Орлов, М.М. Завадский, В.А. Догель, Б.М. Козо-Полянский, Н.Н. Баранский, А.Б. Думганский, А.М. Панкратова, С.Е. Малов, Е.Ф. Истрина. Қазақ КСР өзінің бай табиғи ресурстарымен майданды металмен, көмірмен, мұнаймен және азық-түлікпен жабдықтауда маңызды рөл атқарды. 1941 ж. қыркүйекте КСРО Ғылым академиясының Орал ресурстарын жұмылдыру жөніндегі комиссиясы құрылды, ол өз қызметін еліміздің бірқатар шығыс аудандарына, соның ішінде Қазақстанға да таратады. Республикада КСРО ҒА президенті В. Комаров бастаған көрнекті кеңестік ғалымдар тобы жұмыс істеді.

Кеңес Одағының Батырлары атанғандар: ғалым-филолог М. Ғабдуллин, С.М. Киров атындағы КазМУ студенті А.Г. Попов, Алматы медициналық институтының студенті М. Маметова. Болашақ академиктер мен профессорлар С. Бейсембаев, Г. Дахшлейгер, С. Зиманов, А. Лукьянов, А. Қайдаров, С. Бәйішев, А. Нүсіпбеков, С. Балмұханов, Р.И. Фурсов, К. Мыңбаев және т. б. бірнеше верст майдан жолдарын кесіп өтті. Мәселен, Харьков кеңестік сауда институтының түлегі С. Бейсембаев 1940 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылды, Минск қаласында, Борисов әскери-инженерлік училищесінде, Сталинград майданының 57-армиясында қызмет етті. Оның ана, туған-туысқандары мен жақындарына жазған хаттары сол жылдардағы жастардың, кешегі педагог пен аспиранттың, шынайы патриоттың дүниетанымы мен көңіл-күйін айқын көрсетеді [2].

КСРО ҚазФАН Геология ғылымдары институты мен Қазақ геология басқармасының экспедициялары (олардың саны 1941 ж. 48-ден 1944 ж. 130-ға дейін ұлғайды) кара, түсті және сирек металл, кендік емес шикізат, жанғыш пайдалы қазбалар кен орындарын, республиканың су және гидроэнергетикалық ресурстарын анықтап, зерттеді. Тек 1943 жылы экспедициялар 25 мың шаршы км және 50-ден астам нысанды зерттеді. Соғыстың соңына қарай 500-ге жуық сирек металл кен орындары – вольфрам, молибден және қалайы тіркелген, олардың 150-сі барланып, қорлары ескерілген. Үдемелі қарқынмен Қарағандыда жаңа шахта алаңдары барланды, Екібастұзда егжей-тегжейлі барлаудың бірінші кезеңі аяқталды. 13 жаңа көмір шахтасы салынып, пайдалы қазбалардың

20-ға дейін түрі, жаңа мұнай кен орындары ашылды. Республиканың топырағын, өсімдік жамылғысын, жануарлар дүниесін және ландшафтық аймақтарын зерттеуге көп көңіл бөлінді. Химиктер қаратау фосфориттерінен тыңайтқыштар өндіру технологиясының негізгі қағидаттарын әзірледі, мұнайдың жергілікті түрлерін тиімді өңдеу технологиясын, сирек металдар өндірісін ұсынды. Олардың күшімен тек ғылыми мекемелерге ғана емес, сондай-ақ майдан тапсырыстарын орындау үшін зауыттар мен фабрикаларға қажетті бірқатар реактивтер мен химикаттар өндірісі жолға қойылды.

Республиканың медицина ғалымдары Мәскеу, Ленинград, Киев, Харьковтың ірі мамандарымен және ғылыми қызметкерлерімен достастықта өздерінің барлық ізденістерін Кеңес Әскерінің жараланған жауынгерлерін емдеудің ізгі ісіне арнады. [3, 320 б.]. Қазақ филиалы, КСРО ҚазФАН Физиология және биохимия секторы күздік және жаздық бидайдың жақсартылған сорттарын, бақша-бақша және бау-бақша өсімдіктерінің жаңа сорттарын шығару бойынша тәжірибелер жүргізді. Генетик-ғалымдар Н.С. Бутарин, А. Исенжулов, А.Н. Жандеркин ауыл шаруашылығы жануарларының жаңа тұқымдарын, негізінен қой тұқымдарын шығару бойынша жұмыс істеді. Білімнің әртүрлі салаларының ғалымдарын біріктірген бірқатар арнайы кеңестер мен комиссияларды құру қорғаныстық маңызы бар проблемаларды жылдам әзірлеу үшін ғылыми күштерді тиімді пайдалануға мүмкіндік берді.

1941 жылдың қазан айында Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарының жанынан Ғылыми-техникалық кеңес және тұрақты ғылыми-техникалық комиссиялар ұйымдастырылды. КСРО ҚазФАН төрағасы Қ.И. Сәтбаев ауыр өнеркәсіп комиссиясын басқарған, профессор М.И. Горяев жеңіл және тамақ өнеркәсібі жөніндегі комиссияның жұмысын басқарған. 1941 жылдың қазан айынан 1942 жылдың наурыз айына дейін Кеңес КСРО ҚазФАН-ның химия, тау-кен металлургия, жеңіл, тамақ өнеркәсібі мен көлігін дамыту бойынша 148 маңызды халық шаруашылығының ұсыныстарын енгізді және соғыс жылдарында 160-тан астам тәжірибелік ұсыныстар енгізді.

Тарихшы-ғалымдар Ұлы Отан соғысының материалдарын жинап, зерттеп, түрлі ғылыми еңбектер мен зерттеулерді дайындауға және басып шығаруға кірісті. 1943 жылы «Қазақ КСР-інің ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихы» жарық көрді. Сонымен қатар, партиялық баспасөзде атап өтілгендей, кітап кейбір елеулі қателіктерді қамтыды, атап айтқанда, феодалдық өткенді идеализациялады. Қазақстан КП(б)П ОК жанындағы Партия тарихы институты Қазақстан еңбекшілерінің революциялық қозғалысқа қатысуы, республикалық партия ұйымын дамыту мәселелерін зерттеді. Институт В.И. Лениннің «Социалистік отан қауіпті», «Пролетарлық революцияның әскери бағдарламасы», «Соғыс және революция», «Герман және герман емес шовинизм туралы» және т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударды. Қазақстан ғалымдары

жаппай ғылыми және саяси білімді насихаттап, ұлтшылдықтың адамгершілік идеологиясын әшкереледі. 1942 жылдың қазан айының басында Алматыда өткен жиналыста республика ғалымдарының антифашистік бюросы құрылды [4, 256 б.]. Қазақстан ғалымдарының ғылымды дамытуға қосқан зор еңбегін мойындау 75 көрнекті ғалымдарды, инженерлерді КСРО 126 ордендерімен және медальдарымен марапаттау болып табылады.

Геология ғылымы саласындағы көрнекті еңбектері үшін Мемлекеттік сыйлықтар Қ.И. Сәтпаевқа, Е.И. Антоновскийге, Н.С. Грейверге, И.М. Коноплянцевке, А.А. Коноплянцевке және т.б. берілді. Әскери жағдай мектептер, орта және жоғары оқу орындарының жұмысында айтарлықтай қиындықтар туғызды. Оқу орындары үй-жайларының бір бөлігі госпитальдарға бөлінді, жекелеген жағдайларда қорғаныс кәсіпорындарына орналастырылды. Мектептер мен ЖОО екі-үш ауысымды оқытуға көшті. Жеке педагогикалық училищелер мен мұғалімдер институттары жабылып, техникумдар біріктірілді. Көптеген педагогтар, әскерге шақыру жасындағы жоғары сынып оқушыларының едәуір бөлігі әскерге шақырылды. Педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі сезілді, оқушылар мен студенттер контингенті қысқарды. Жасөспірімдердің басым бөлігі мектепті тастап, өндіріске кетті. Соғыс уақытындағы үлкен қиындықтарға қарамастан, партия мен Кеңес мемлекеті халық біліміне үлкен қамқорлық көрсетті. Еңбекшілердің ағарту және мәдениет қажеттіліктеріне қажетті материалдық ресурстар мен қосымша қаражат бөлінді. Бірінші шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің VII сессиясы (1944 ж. сәуір) әлеуметтік-мәдени іс-шараларға арналған бюджетті 1943 ж. қарағанда 179,9 млн. рубльге артық бекітті. Халық білім беру органдары, партиялық және кеңестік жұртшылық балаларды мектеп оқуымен неғұрлым толық қамтуға шаралар қабылдады. Жетімдер, майдангерлер мен Отан соғысының мүгедектерінің балалары ерекше назарда болды. Партия мен үкіметтің Қазақстандағы халық білімін дамытуға деген қамқорлығының айқын айғақтарының бірі 1943 жылдың қаңтарынан бастап барлық мектептердегі, техникумдардағы және ЖОО-дағы қазақ оқушылары мен басқа да шығыс ұлт өкілдерін оқу ақысынан босату болды. Жұмысшы жастардың кешкі мектептері желісін кеңейту, Наркомпрос жүйесінде мұғалім кадрларын даярлау, мақсатсыз пайдаланылатын мектеп ғимараттарын қайтару тәртібі туралы шаралар қабылданды.

Оқу сапасын жақсарту үшін 1944 жылдан бастап бастауыш және жеті жылдық мектептерде бітіру емтихандары, ал орта мектептерде – жетілу аттестатына емтихандар енгізілді. Әскери міндеттілерді орыс тіліне оқыту жалпыға бірдей оқыту желісі бойынша да жүргізілді. Мектептерде оқушылардың әскери және дене шынықтыру дайындығы жолға қойылды. Соғыстың қатал жағдайлары оқушылар мен студенттердің қоғамдық өндіріске міндетті түрде қатысуын (оқудан қол үзбей)

талап етті. Мектепте қорғаныс және дене шынықтыру үйірмелерінің саны өсті, Тимур қозғалысы, госпитальдардағы жараланған жауынгерлер, соғыс мүгедектері мен олардың отбасыларына қамқорлық жұмыстары кеңінен өрістеді. Қазақстан мұғалімдері де бүкіл ел сияқты оқу бағдарламасын орындауға, балаларды Отанына деген ыстық махаббат рухында тәрбиелеуге ұмтылды. Олардың қажырлы еңбегінің нәтижесінде соғыстың төрт жылында Қазақстан мектептері орта білімі толық емес 159 850-ге жуық жігіт пен қыздарды және орта білімі бар 21 850-ден астам адамды шығарды. Кеңес зиялылары кадрларының өсуінде, соғыс жылдарында ғылым мен мәдениеттің дамуында жоғары мектеп пен орта техникалық оқу орындарының рөлі зор болды.

Соғыс басында республикада 20 жоғары және одан да көп арнайы орта оқу орындары жұмыс істеді. Әскерге шақырылуына байланысты студенттік контингент пен оқытушылар құрамының айтарлықтай қысқаруына қарамастан, жоғары оқу орындары мен техникумдар жоғары және орта білікті кадрлар даярлауды жалғастырды. Республика ЖОО профессорлық-оқытушылық құрамының үштен бірінен астамын эвакуацияланған ғалымдар құрады, олардың ішінде 2 академик, 3 КСРО ҒА корреспондент-мүшесі, 35 профессор, 92 доцент. Жоғары оқу орындарында жаңа факультеттер, бөлімшелер мен кафедралар құрылды. Соғыстың алғашқы екі жылында республиканың жоғары оқу орындары шамамен 5 мың, арнаулы орта оқу орындары – 6 599 маман даярлады. 1943/44 оқу жылында қазақтар, ұйғырлар мен дүнгендер үшін жоғары оқу орындарына дайындық курстары ұйымдастырылды. Жаңа оқу орындары – Алматы мемлекеттік шет тілдері педагогикалық институты, Шымкент технологиялық институты, Қазақ мемлекеттік консерваториясы, Дене шынықтыру институты, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты құрылды. Студенттер саны 1941жылғы 10,4 мыңнан 1945 жылы 15 мыңға дейін өсті, Соғыс жылдарында техникумдар мен арнаулы оқу орындарының саны 92-ге дейін қысқарғанына қарамастан, оқушылар контингенті шамамен соғысқа дейінгі деңгейде сақталды (30 мың). Республикада білікті кадрларды даярлау бойынша елеулі жұмыстарды эвакуацияланған оқу орындары (20 жоғары оқу орны мен 16 техникум) атқарды.

Тек Алматыда 11 ЖОО орналасты. Олардың ішінде Мәскеу авиация институты, Мәскеу түсті металдар мен алтын институты, Ленинград электротехникалық сигнализация және байланыс институты, Мәскеу шет тілдері институты; Қызылордада біріккен Украина мемлекеттік университеті (Киев және Харьков университеттерінің құрамында), Мәскеу ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институты, Қырым медицина институты жұмыс істеді. Тек 1942–1943 оқу жылында осы жоғары оқу орындары 900-ден астам маман даярлады [5, 97 б.].

Мәселен, С. Киров жергілікті жағдайда наркоздық эфир, глюкоза, хлорэтил өндіру әдісін әзірледі. Қазақ тау-кен металлургия (қазіргі

политехникалық), медицина, Мәскеу авиациялық және басқа да көптеген институттардың профессорлары мен оқытушылары тек қана қорғаныстық маңызға ие болды.

Білім беру – студенттер арасында Ұлы Отан соғысындағы нақты тарихи идеяларды қалыптастыру, Тәрбиелік-оқушыларда патриоттық қасиеттерді, қиын жағдайларда Отанның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғаған ата-бабаларының ерліктерін, фашизмге қарсы бірге шыққан басқа халықтарға құрмет пен ризашылық сезімдерін қалыптастыру, кез-келген тоталитаризмнен бас тартуды жүйе ретінде қалыптастыру. өз проблемаларын зорлық-зомбылық жолымен емес, апатты қателіктер мен қателіктердің алдын алу арқылы шешуге қабілетсіз.

Дамытушылық-оқушыларды зерттелетін материалды талдауға және синтездеуге, сабақ барысында қойылған проблемалық мәселелерді шешуге тарту, мұғаліммен әңгімеден аралық қорытынды мен қорытынды жасау қабілетін дамыту.

Осы тақырыпта осындай сабақ әдісін ұсынамыз: сұрақ-жауап, ой-қозғау, топтастыру, сын тұрғысынан ойлау, стратегиялары, танымдық ойындар. Оқыту формасы: топтық жұмыс.

Әдебиеттер

1. История и историки. Историографический вестник. К 100 летию академика М.В. Нечкиной. – М., 2001. – С. 7.

2. Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг. – А.-А.: Казгосиздат, 1958.; Козыбаев М. Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). – Алма-Ата: Казахстан, 1964. – 363 с.; Козыбаев М.К. Казахстан – арсенал фронта. – Алма-Ата: Казахстан, 1970. – 471 с.; Ұлы ерлік. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 156 с.; Майдангер студенттер. – Алматы, 1985. – 105 с.

3. Төлеуханқызы А. Ұрпақтарымыз ұмытпайды.// Егемен Қазақстан. 8 мамыр, 2010. – №178-180; Абрамов В. Лубянка смерти: открытые архивы. – М., 2005. – С.10.

4. Казахстан в первый год Отечественной войны против немецко-фашистских захватчиков. – Алма-Ата, 1943. – 325 с.; История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. – Алма-Ата: Наука, 1943. – 485 с.

5. Ключевский В. Великая Отечественная. История Великой Победы, 1941–1945 гг. – М., 2005. – С. 343.

Дингүл Камелбай

Студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Kd2204pvl@mail.ru

МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДАҒЫ ОҚУЛЫҚТАРДА ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ОҚЫТЫЛАДЫ МА?

Андатпа. Мақалада халық ауыз әдебиетінің-тәрбиенің айнымас көмекші құралы, олар біздерге түсінікті тілде өмір сүруге, қиын жағдайлардан шығу жолдарын көрсететін маңызды өнер дей келе, оның мектеп жасындағы балаларға тигізер пайдасын ашып көрсеткен. Іс-тәжірибелік практикада сабақ жүргізген

сыныптарының оқулықтарын ала отырып, қазіргі таңда ауыз әдебиеті қандай үлгілері бар екенін іздеп, талдап көрсеткен. Сонымен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерінің қолданылу аясын да қарастырған.

Тірек сөздер: шешендік өнер, айтыс, ауыз әдебиеті үлгісі, төл өнер, асыл мұра, оқулық, ертегі, лиро-эпостық жыр.

Аннотация: В статье рассматривается что устное народное творчество – незаменимый помощник в воспитании, это важнейшее искусство, способное жить понятным нам языком, находить выходы из сложных ситуаций, раскрывая их пользу детям школьного возраста. На практике, приобретая учебники для своих классов, по которым проводятся занятия, она искала и анализировала, какие образцы устной литературы существуют в настоящее время в учебнике. Еще рассмотрены сферы применения образцов устной литературы.

Summary: The article considers that oral folk art is an indispensable assistant in education, it is the most important art capable of living in a language we understand, finding ways out of difficult situations, revealing their benefits to school-age children. In practical practice, acquiring textbooks of her classes, she searched and analyzed which samples of oral literature currently exist. The scope of application of samples of oral literature is also considered.

«Халық тәжірибесі тек бізге ғана емес, біздің ұрпақтарымыз үшін де қымбат қасиет», – деп Б. Момышұлы айтқандай, халық ауыз әдебиетінің асыл мұраларын сабақтың белгілі бір кезеңінде ұтымды пайдалана отырып, халықтық асыл мұраны оқу-тәрбие үдерісіне енгізу парызымыз. Халқымыздың асыл мұрасын болашақ ұрпаққа жеткізу, олардың зердесін дамытуға – мұғалім мен ата-ананың рөлі зор екенін естен шығармауымыз керек. [4, 99] Бүгінгі күндегі оқу бағдарламасының мақсаты – оқушылардың бойына өз ұлтының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін сіңіру. Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру. Әр мұғалім өзінше ізденеді, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге, әдістемелерге, озат-тәжірибелі ұстаздардың тәжірибелеріне сүйеніп сабақты түрлендіріп, қызықты өткізуге бар күшін салады. Қандай сабақта да оқушыларды ізденіске баулу, логикалық ойлау қабілетін арттырып, сөздік қорын молайтып, тілін дамыту – мұғалімнің басты мақсаты болмақ.

Осы мақсатты жүзеге асырудың бірден-бір тиімді жолы – оқу-тәрбие процесінде халық ауыз әдебиетінің озық үлгілерін пайдалану. «Ямышево жалпы орта білім беру мектебінде» іс-тәжірибелік практикада болғандықтан, сол мектептегі сабақ берген сыныптардан оқулықтарды алып, оның мазмұнымен танысып, қай оқулықта халық ауыз әдебиеті көбірек қолданылғандығын анықтадым. Ендеше, тоқталсам: орта мектептің 9-сыныбының қазақ әдебиеті оқулығында «Шешендік сөздер» мен «Айтыс түрлері» ғана берілген. Шешендік сөздер – қазақ ауыз әдебиетіндегі шағын көлемдегі дидактикалық жанры. «Шешендік сөздер – қазақ ауыз әдебиетінің жанры, ғибраттылық мәні, өнегелі ойтұжырымы бар, айрықша тапқырлық танытатын нақыл сөздері», – деп

Абылқасымовтың шешендік өнер туралы айтып кеткені жазылған. [2, 20] Оқулықта шешендік өнерді 5 кезеңге бөліп көрсетеді:

1. Майқы би мен Аяз биден басталады (XII–XIII ғасыр)
2. Асан қайғы мен Жиреншенің кезеңі (XIV–XVIII ғасыр). Осы екі дәуірдің шешендерін «Ел құрасқан шешендер» деп аталған.
3. «Ел қорғасқан шешендер» (XVII–XVIII ғасыр) – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің уақытын көрсеткен.
4. Хан, сұлтандарға қарсы шешендер (XVIII ғасыр) – Байдалы, Әз Жәнібек, Тіленші би, Шалқар би, тарақты Тұяқ.
5. Би-болыстарға қарсы шешендер (XIX ғасыр) – Махамбет, Бала би, Тұрысбол, Сырым батыр.

Осылайша қазақ шешендік сөздері қиыннан-қиысқан, өзіндік орны, көркемдік ерекшелігі бар халық ауыз әдебиетінің дербес, әрі бағалы жанры болып табылатындығын жақсы білеміз. Ал оқулықтан «шешендік өнер» жайында осындай қысқа-нұсқада берілген мәліметтер оқылады. Шешендік өнер көрген- білгенді көкейге тоқып, көп үйренуді тілейтін, талай тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жететін өнер екенін ескерсек, мұндай ақпарат сынып үшін аз қамтылған мәлімет деп қарауымызға болады.

Айтыс – қазақ халқымыздың тұрмысымен біте қайнасып, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымен үндесіп келетін төл өнері. Қазақ әдебиетінде айтыстың бірнеше түрлері бар: жар-жар, бәдіс айтыс, жан-жануарлармен айтыс, өлі мен тірінің айтысы, жұмбақ айтыс, салт айтысы. Айтыс өнері жайында М. Әуезов былай деген: «Айтыс өлеңдері – қазақ ауыз әдебиетіндегі ең мол жанрдың бірі. «Айтыс» деген атауы – айтысу, тартысу, дауласу немесе жарысу, сынасу мағынасында қолданылады. Бұның үлкенді-кішілі даулар кезіндегі айтысы болған. Ақындар айтысы-өлеңмен айтысу. Ақындар айтысы көпшілік алдында тындаушы, сыншы жұрттың көз алдында туып, орындалады», – дейді. [2, 63] Қазақ әдебиеті тарихында ақындар айтысының қаншама үздік түрлері бар. Олар- халық арасынан шыққан өнер тарландары, ақындардың бүгінгі ұрпаққа қалдырған мол мұрасы десек қателеспейміз. Кез келген айтыстың түйіні-шындық болады. Себебі, небір жүйрік ақындар шындық айтылғанда жалтармай, мойындап, аталы сөзге тоқталған. Міне, солардың бір үлгісі ретінде оқулықта – «Біржан-Сара» айтысы берілген.

Жалпы орта білім беретін 7-сыныбындағы қазақ әдебиеті оқулығында – «Көне күндерден жеткен жәдігерлер» атты тарауында лиро-эпостық жырдың бір үлгісі ғана берілген. Оқулықта қазақ халқының лиро-эпостық жырларын 2-ге бөліп көрсеткен. Олар:

1) Қазақ халқының төл туындылары: «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» «Қыз Жібек» «Айман – Шолпан»	2) Шығыс халқы әдебиеті үлгісіндегі жырлар: «Мұңлық - Зарлық» «Бозжігіт» «Жүсіп - Зылиха» «Таһир - Зухра» [1,7]
---	---

Сонымен қатар қазақ халқының көне, әрі өте көркем жырларының бірі- «Қыз Жібек» жыры туралы берілген. «Қыз Жібек» жыры туралы көп мәлімет берілмеген. Алайда, жырдың он жетінші ғасырда жазылып, айтылған деп көрсеткен. Сонымен қатар жырдың мазмұнын ашу барысында, бірнеше тақырыптарға бөліп көрсеткен. Олар: «Төлегеннің жар іздеуге аттануы», «Төлегеннің Шекті еліне келіп, Қаршығамен кездесуі», «Төлегеннің Шекті елінің қыздарын көруі», «Қыз Жібек пен Төлегеннің алғашқы кездесуі», «Қыз Жібек пен Бекежан» атты тақырыпшалардан жырдың басталуы, шарықтау шегі жайында біраз мәліметтер ала аламыз.

Келесі 6-сыныбының оқулығында «Туған жерім- аялы алтын бесігім» атты бөлімінде «Аяз би» ертегісінің ақылды, тапқыр кейіпкері арқылы халқымыздың ауыз әдебиетінің бір түріне ғана көз жүгіртеміз. Шыншыл-реалистік ертегілерде ең әділ, ең ақылды адам халық ортасынан шығады. Мұның ғажап үлгісі – Аяз би» деп көрсетеді. Хан өзінің қырық уәзіріне адамның, құстың және шөптің жаманын тауып әкеліндер дегенде, адамның жаманына – Аяз би ілігеді. Бірақ оның жамандығы ақылында емес, тұрмысында, кедейлігінде болатын. Ақыры ол өз заманының нағыз зерек, ақылды адамы болып шығады. Меңсұлуға үйленіп хан болады. Ол кісі болғанда да асып-таспайды. Сондай ақылды да, әділ адамға ханның қырық уәзірі қарсы болады», – деген үзіндіні оқып- таныса аламыз. Аяз би ертегісінде халық үстем тап адамдарын, олардың қараулығы мен ақылсыздығын әжуа еткенін көре аламыз. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудегі «Аяз би» ертегісінің рөлі ерекше екенін мойындауымыз керек. Шынымен, ертегінің оқиғасы қазақ өмірінің шындығынан алынады да, оның мәні тартыстардың төңірегінде құралып, жасалады. Жалпы ертегі жанры- аңыздық прозаның дамыған, көркемделген түрі, оның мақсаты ұрпақ тәрбиесінде жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен сұрқиялық, ізгілік пен жауыздық, олардың өзара күресі, түбінде жақсылық жарқырап көрініп, әділеттілік салтанат құрып, ізгілік жеңіс тұғырына көтерілетінін баяндай отырып жастарды тек қана шындыққа, әділеттілікке шақырады. Ертегідегі Жаман образы – қазақ ауыз әдебиетіндегі халықтың осындай болса екен деген арманынан туған жинақы бейне. Ол- қарапайым, парасатты, адал, шыншыл, көреген, тапқыр, кішіпейіл, ізетті, көпшіл, қайырымды, қанағатшыл адам. «Аяз би» ертегісі – өмірде реалды түрде болмайтын халық қиялынан туған аңыз екені мәлім. Ал осы ертегінің әр жолын философиялық тұрғыдан қарап, талдап қарасақ, ата-бабаларымыздың келешек ұрпаққа, біздерге қалдырып кеткен мол өсиеттерін көріп, таңдай қағамыз. Қазіргі таңда жастарымыздың тәрбиесінен біздер шыншылдық, адамгершілік, тапқырлық нышандарын көре аламыз деп айту қиын. Оның себебін қазіргі теледидарды, баспа материалдарды, ғаламторды жайлап кеткен атыс-шабыс фильмдерден, түрлі қатігездікті уағыздайтын видео,

ойындардан іздеуіміз қажет шығар. Жастайынан осындай батыстық тәрбие алып өскен ұлт келешегінен біз не күтеміз? Бұл ертегінің Меңдінің жар таңдауында өте күшті суреттеледі: «Уәлібайдың Меңді дейтін қызы он бес жастан күйеу таңдады: «Өзімнен ақылы артық кісіге тиемін» – деп, жиырма жылдай отырды, қазір отыз бесте. Бұған дейін ешкім ақылы артып оған күйеу бола алған жоқ. Бәрі де барып, қызға жауап қайтара алмай қайтып кетеді...». [3,7-11] Міне, қазіргі қазақ қыздарының жар таңдауға сабақ боларлық өнеге. «Қызға қырық үйден тию» – деген бабаларымыз, ал қазіргі жастарымыз үй, дүние-мүлікке, мансапқа қызығып түрлі шетел азаматтарына тұрмысқа шығуда, бірақ көптеген осындай жағдайлардың арты айырылысуға әкеліп соқтыруда. Қорыта айтқанда, «Аяз би» ертегісінің қазіргі қоғамда жастарға берері мол, тәрбиелік маңызы зор. Ертегіде жас ұрпақ тәрбиесіне керекті мәселелердің бәрі қамтылған. Сондықтан осындай пайдасы мол ертегілерді неге көптеп оқытпасқа.

Міне, сондықтан да бір-екі шығарманы енгізіп толыққанды ауыз әдебиетінің үлгілеріне тоқталамыз деп айту қиын. Шындығында қазіргі оқу материалы әдеби білім аламын деген оқушы үшін өте аз. Алдымен, 5–7 сыныптарда балалар әдебиетінің көрнекті нұсқаларын ұсыну ұстанымы болуы керек деген пікірдемін. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оқырмандық қызығушылығын туғызу үшін, ұғым-түсінігіне сай ауыз әдебиеті нұсқаларынан бастап, қаламгерлеріміздің таңдаулы түрлі жанрдағы шығармаларын, мысал өлеңдерін, әңгімелерін ұсыну 5–7 сыныптарды қамтитын 12–13 жас аралығындағы оқушыларға маңызды.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған: оқулық / А.С. Ақтанова, А.Қ. Жүндібаева. – Алматы: Атамұра, 2017. – 176 бет.
2. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 9- сыныбына арналған: оқулық / А.С. Ақтанова, А.Қ. Жүндібаева, Л.К. Жүмекенова. – Алматы: Атамұра, 2019. – 256 бет.
3. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған: оқулық / А.С. Ақтанова, А.Қ. Жүндібаева, Л.К. Жүмекенова. – Алматы: Атамұра, 2018. – 128 бет.
4. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. – 5-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 344 бет.

Т.Қ. Бәкібай

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ БАҒЫТЫ МЕН ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Андатпа. Мақалада қазақ тіліндегі қосымшалардың зерттелу бағыты мен теориялық негіздеріне байланысты зерттеушілердің еңбегінен тың мәліметтер беріліп талданады. Қосымшалардың ғалымдар тарапынан ұсынған жіктемелері мен қосымшалардың шығу тарихы жайлы сөз болады.

Тірек сөздер: жалғамалы тіл, сөз құрамы, қосымша, қосымша морфема, түбір морфема, жұрнақ, жалғау.

Аннотация. В статье приводятся новые сведения из трудов исследователей, связанные с теоретическими основами и направлениями изучения окончания слова на казахском языке. Речь пойдет о классификации окончания слова, предложенных учеными, и истории происхождения приложений.

Summary. The article provides new information from the works of researchers related to the theoretical foundations and directions of studying applications in the Kazakh language. It will be about the classification of applications proposed by scientists and the history of the origin of applications.

Қазақ тілі сөздік қорының шексіздігі оның негізгі байлығы болып табылады. Ол байлықтың бүгінгі таңда қалай жиналғанын, сан қилы сөздің қыр-сырын, олардың түп төркінінің қайдан бастау алғанын, яғни лексикалық қордың жасалуын жүйелі қарастыру тіл зерттеушілері үшін қашан да болсын күн тәртібінде тұрады.

Жана сөздің жасалуының бір амалы болып табылатын сөзжасамдық жұрнақ сөз құрамында қолданылады. Ал сөз де, жұрнақ та, сөз құрамы да – морфология нысаны.

А. Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басында өзінің «Тіл – құрал» атты еңбегінде қазақ тілінің түркі тілінің бір тарауы екенін, сөз құрамындағы түбір сөздердің аяғына жалғау жалғануы арқылы сөздердің сыртқы тұлғасы ғана өзгеріп қана қоймай, ішкі мағынасының өзгеріске ұшырап, сөздік қордың молая түсетіндігін көрсетеді. Сондай-ақ ғалым қосымшаның сөз емес, сөзге жалғанатын буын екенін, өз алдына мағынасы жоқтығын, не себептен «қосымшалар» деп аталатынын түсіндіреді [1, 83-б.]

Бұл мәселе Қ. Жұбанұлының еңбегінде өзіндік жалғасын табады. Ол «Қазақ тілінің грамматикасы» еңбегінде сөздің қосымша бөлшегінің түбірі бар сөзге қосылмай тұра алмайтындығымен қоса, оңаша қалпында пайдаға аспайтындығын айтқан: «Сөздің түбірі оңаша тұрмай, қосымша қосып алып тұрса, қосымшалы сөз дейміз» – дейді [2, 48-б.] .

Құдайберген Жұбанұлы сондай-ақ қосымшалардың барлығы дерлік тілге турасынан біте салмағандығын, шығу тарихын, пайда болуын да

сипаттайды. Ғалым түбір сөздердің уақыт өте келе өзгеріске түсуінен қосымшаға айналғанын мысалдармен дәлелдейді: оқушы-мын, оқушы-сың, оқушы-мыз, оқушы-сыз дегендегі -мын қосымшасы -мен деген түбірден, -сыз қосымшасының -сіз деген түбірден біртіндеп өзгерген. Мәселен: «мен» жіктеу есімдігінен жасалған -мын қосымшасы қысқарып, тек «м» деген бір дыбыс болып қалды: «барамын – барам» деп айту бар. Осыған қарағанда -м қосымшасы «мен» деген түбірден жасалған деуге негіз бар [2, 53-б.].

Қ. Жұбанұлы қосымшаны жалғау және үстеу деп жіктеп, түбір сөзге жалғау қосылса, жалғаулы сөз, үстеу қосылса үстеулі сөз болатындығын көрсетеді. Бір сөзді басқа сөзбен қиындастыру үшін жалғанатын қосымша *жалғау* болса, сөздің түп мағынасына үстеме мағына қосатын қосымшаның *үстеу* екендігін мысалдармен дәлелдей түседі [2, 48-б.].


Анар Салқынбай 2008 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» атты ЖОО студенттері мен магистранттарына арналған оқу құралында қосымшаның жеке тұрғандағы лексикалық мағынасы болмағанымен, тілдік құрылымда маңызды рөл атқаратындығын, тілдің даму сатысында өздерінің түп төркінін сақтай отырып, бірте-бірте мағынасызданып сөз бен сөздің арасын байланыстыру, сөз мағынасын өзгерту, түрлендіру қызметінде жұмсалып кеткендіктен, мұндай тұлғаларсыз лебіз жүйесінде ойды жеткізу мүмкін еместігін атап өтеді [4, 189-б.].

Лингвистика саласының дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі Сейілбек Исаев қосымшалардың грамматикалық мәні мен қызметі жағынан басты қасиеттерін, өзіндік белгілерін, семантикалық сипатын анықтап талдау жүргізе отырып, ең алдымен морфема тұрғысындағы негізгі ерекшеліктерін тану арқылы тілдің грамматикалық категориясынан асатындығын айқындап, түрлерін нақты анықтаған [6].

Қосымшалардың көп қырларының ашылмағандығын, қызметтік мүмкіндіктерінің жете тексерістен өте қоймағанын, жіті зерттеліп қарастырылмағандығын айтып, бір кездері профессор М. Балақаев қосымшаларды зерттеуді қолға алу маңызын атап өткен. Ғалым осы турасында: «Егер біз әрбір жеке қосымшаны... бақайшағына шейін шағып тексерсек, олардың өзіне тән толып жатқан өзгешеліктері анықталып, заңдылық мөлшері айқындалар еді де, оларға қатысы бар басқа тіл фактілерінің беті ашылар еді» [3].

Қосымшалардың түрлеріне қатысты А. Байтұрсынұлы бойынша қосымша (жалғау) екі түрлі. Оның біріншісі жалғанған сөздің тұлғасын өзгертсе, екіншісі жалғанған сөзінің тұлғасымен қоса мағынасын да өзгеріске алып келеді. Тұлғалық жағының өзгеріске ұшырауына байланысты алғашқысын *тысқарғы* немесе *тікелей жалғау*, кейінгісінің мағына мен тұлғасын өзгертуіне қарай *ішкергі жалғау* немесе *тікелей жұрнақ* деп атаған [1, 83-б.] Екі түрлі жалғаудың тысқарғысы сөйлеген кезде, жазғанда сөздерді біріне-бірін қиындастырып тізу үшін қажет болса, ішкергісі бір мағыналы сөзден келесі бір мағыналы сөз шығарып,

сөзден-сөз тудырып, тілдік қордың байып, көбеюі үшін қажет. Ішкергі жалғаудың (жұрнақ) бірсыпырасы бірінші жылдық «Тіл – құралда» сөз тұлғасын зерттеу барысында қарастырылса, тысқарғы жалғау туралы екінші «Тіл – құралда» сөз болады. А. Байтұрсынұлының қосымшалар жіктемесін беруі:



1-сызба. Ахмет Байтұрсынұлы бойынша жалғаулар классификациясы

Қазақ тіліндегі қосымшаның барлығы дерлік түбірдің соңынан ғана жалғанады. Егер де үстеу (жұрнақ) мен жалғаудың түбірге екеуі де жалғанатын болса, үстеу жалғаудан бұрын келіп, кейіннен жалғау келеді. Жалғау сөздің құрамында біреу ғана болады да, үсті-үстіне жалғау жалғана бермейді. Ал жұрнақ болса бірінен кейін бірі жалғана береді. Жұрнақ саны қанша ұшырасса да, түбір мен жалғаудың екі аралығында ғана кездеседі де, жалғаудан кейін келмейді. Жалғауымыз түбірге де, жұрнаққа да жалғанады.

А. Салқынбай қазақ тіл білімінде қосымшаларды топтарға бөлу жайында қарастыруда үш көзқарас орныққандығын атап өтеді:

1) А. Ысқақовтың жіктеуі: жалғаулар, жұрнақтар, қосалқы сөздер; жұрнақтардың сөз тудырушы және сөз түрлендіруші болып жіктелуі;

2) Н. Оралбайдың ғылыми тұжырымы бойынша қосымша: грамматикалық мағыналы қосымшалар, сөзжасамдық қосымшалар болып бөлінеді. Ал грамматикалық мағына беретін қосымшаларға жалғаулар және грамматикалық жұрнақтар енгізіледі.

3) Ы. Маманов, С. Исаев, Қ. Шаяхметовтердің пайымдауынша, қосымшалар сөз тудырушы және форма тудырушы деп бөлінеді де, форма тудырушы қосымшалар жалғаулар мен жұрнақтарға ажыратылып, өзіндік ерекшеліктері талданады.

Қазақ тілі, қазақ тілімен туыстас барлық түркі тектес тілдері жалғамалы тіл болғандықтан, қосымшалар сөз құрамында айрықша едәуір қызмет атқарады. Жалғамалы тіл деп отырғанымыз –сөздің аяғына жалғау жалғанып өзгеріске түсетін тіл. Қазақ тілінде сөз құрамы түбір морфема мен қосымша морфемалардан тұрады. Түбір сөздерге алуан түрлі қосымшалардың қосылуы арқылы мағынасында, сыртқы формасында өзгеріс болғанымен, оған ілескен қосымша негізгі сөздің бастапқы тұлғасын, формасын қандай да бір өзгеріске ұшыратпайды. Мысалы: Суретшілер суретті салды десек, негізгі түбірлі сөзіміз –сурет, сал болады да, оған жалғасқан -шілер, -ті, -ды тәрізділері – қосымша.

Осындай жаңа мағыналы сөздерді тудыратын не болмаса сөзбен сөзді өзара байланысқа түсіретін морфемалар қосымша деп аталады. Мұндағы морфема деп отырғанымыз – Ә. Төлеуовтің 1973 жылғы «Қазақ тіліндегі есім сөздердің жасалуы» атты еңбегіндегі бөлшектеуге келетін сөз мағынасының әрбір бөлшегі [5, 4-б.]. Ғалым ұсынып отырған кітапшасында сөз тудырудағы қосымша мәлесесін көтеру арқылы қазақ тіліндегі есім сөздердің жасалу жолдары тәсілін қарастырған.

Ахмеди Ысқақов 1991 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» атты филология факультеттері студенттеріне арналған оқулығындағы қосымшалар классификациясына назар аударатын болсақ, қосымшалар категориясын әуелі жалғау категориясы және де жұрнақ категориясы деп жіктеп, жалғауларды іштей көптік жалғау, тәуелдік жалғау, септік жалғау, жіктік жалғау категориялары деп бөлген. Жұрнақтарды сөз тудыратын және сөз түрлендіретін категорияларға, одан келе жеке сөз таптарына тели бөліп, олардың өзара сипатын, жіктерін ашқан. Ғалым сондай-ақ қосымша морфемаға қосалқы сөздерді де жатқызады. Аталған қосымшалардың ішінде жұрнақтар деп аталатын түрі жалаң сөздерді жасау үшін қолданылса, қосалқы деген түрі сөз тіркесі мен құранды сөздерді жасау үшін қолданылады. Жұрнақтар мен қосалқы сөздер арқылы жасалған жалаң және күрделі сөздерді бір-бірімен байланысқа түсіру үшін жалғаулар қолданылады [7, 25-б.].

Қосымшалар арқылы сөз жасау тәсілдерінің кейбірін Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің шығармаларынан кездестіреміз. Мәшһүр-Жүсіп: *Түзетер шебер жамап қалған сөзін* – деген өлең жолындағы зат есім мағынасындағы сөзді -леп жұрнағы арқылы түрлендіріп өзге сөз табынан (адвербиалдану) жаңа үстеулі сөз жасайды: *Шеберлеп* келтіре алмай жатыр тілім. Мәшһүр-Жүсіп өз туындыларында -ыс, -ын (сауынсалық), -ым (сауым-уақыт) қосымшалары арқылы мөлшер, мезгіл үстеулерін жасаған [8].

Сонымен жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қазақ тіл біліміндегі қосымшалардың зерттелу бағыты мен теориялық негіздерінің қарастырылуы ерте замандардан басталса да, әлі де тың зерттеулерді қажет ететіндігін байқадық.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – 3-т. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Алаш, 2005. – 352 б.
2. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ. Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.
3. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 1991. – 19-б.
4. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 340 б.
5. Төлеуов Ә. Қазақ тіліндегі есім сөздердің жасалуы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 100 б.
6. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ. Әнес және проф. Н.С. Исаева. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 бет.

7. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 бет.

8. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы метрологиялық терминдер: монография. – 4 том. – Павлодар: Кереку, 2008. – 112 б.

А.А. Амантаева, М.И. Оразханова

Павлодар педагогикалық университеті

3. ҚАБДОЛОВТЫҢ «СӨЗ ӨНЕРІ» ЕҢБЕГІНІҢ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ОРНЫ

Аңдатпа. Мақалада белгілі зерттеуші, ғалым, әдебиеттанушы З. Қабдоловтың ғылыми еңбегі зерделенеді. Автордың басқа еңбектері бір төбе де, «Сөз өнері» еңбегінің орны бір төбе. Жарты ғасырдан астам уақыт қолданысқа енсе де әлі күнге дейін өзінің көкейкестілігін жоймаған бұл еңбек мақалада жан жақты талданады. Жоғары оқу орны, колледж, мектеп білім алушылары, ізденушілер болсын аталған еңбекті кеңінен қолданып, зерделейтіндігі аталған еңбекке деген қызығушылықтың азаймағандығын танытады.

Тірек сөздер: теория, әдебиеттану, зерттеу, сөз өнері, құбылту, ажарлау.

Аннотация. В статье исследуется научный труд известного исследователя, ученого, литературоведа З. Кабдолова. Все произведения автора – это одно целое, а монография «Сөз өнері» – это отдельный мир. Это труд, который, несмотря на более чем полувековое использование, до сих пор не утратил своей актуальности и всесторонне анализируется в данной статье. Тот факт, что обучающийся вуза, колледжа, школы, соискатели широко используют и изучают данный труд, свидетельствует о том, что интерес к данному труду не уменьшается.

Ключевые слова: теория, литературоведение, исследование, искусство слова, троп, фигура.

Summary. The article examines the scientific work of the famous researcher, scientist, literary critic Z. Kabdolova. All the works of the author are one whole, and the monograph «Soz Oneri» is a separate world. This is a work that, despite more than half a century of use, has not yet lost its relevance and is comprehensively analyzed in this article. The fact that a student of a university, college, school, applicants widely use and study this work indicates that interest in this work does not decrease.

Keywords: theory, literary studies, research, the art of words, trope, figure.

Белгілі ғалым, зерттеуші З. Қабдоловтың шығармашылы қазақ әдебиеттану ғылымында зерделеніп келеді. Десек те, әлі күнге дейін толық зерттеліп болды дей алмаймыз. Ғалым шығармашылығы туралы 1997 жылы «З. Қабдоловтың жазушылық шеберлігі» атты Р. Мүтәлиеваның зерттеуімен монография [1] да жарық көрген болатын. Бұдан кейін де бірді-екілі ғылыми мақалалар жарияланды. Дегенмен, ғалым еңбектерін толық қарастырып болды дей алмаймыз.

«Сөз өнері» еңбегін қазақ әдебиеттану ғылымында оқымаған адам жоқтың қасы деп айта аламыз. Бүгінгі күні жоғары оқу орны, колледж

студенттері болсын, мектеп мұғалімі, ізденушілер болсын, теориялық мәселелерді осы кітап арқылы танып, ізденеді. Бұл еңбек, әрине, қазақ әдебиеттану ғылымындағы алғашқы теориялық еңбек емес, десек те қолданысы жағынан ең көп қаралатыны дей аламыз.

3. Қабдолов шығармашылығы зерттелген жоқ деп айта алмаймыз, жекелеген мақалалар мен еңбектерді айтпағанда, арнайы ғылыми конференция ұйымдастырылып, ғалымның шығармашылығы әр қырынан зерделенді. Бұл – кен сияқты, ізденген сайын тереңдей беретін сала. Сондықтан зерттеуді қажет ететін мәселелер бірінен бірі туындап жатады.

Ғалымның докторлық диссертациясы ретінде туындаған бұл жұмыс алғашқыда «Әдебиет теориясының негіздері» деген атпен оқу құралы болып жарияланған. Алғашында 1970 жылы жарық көрсе, кейін бірнеше рет баспа бетін көрген болатын. Десек те, әлі күнге дейін өз маңыздылығын жойған жоқ. Бұл туралы С. Әбдірайымұлы: «Мұнда әдебиеттің теориясы жеке дара емес, көркем шығармашылықтың психологиясымен, суреткер шеберлігімен тығыз бірлікте тексеріліп, пайымдалады. Жеке алғанда қазақ әдебиетінің, жалпы алғанда, әлем әдебиетінің діңгектері саналатын ірі де іргелі жазушылардың творчестволық лабораториясы ашылады» [2; 358] – деп айтады. Шын мәнінде де, теориялық жағынан қазақ әдебиетінің ғана емес, әлемдік әдебиеттің кей қырлары мен тұстарына шарлап кететін тұстарын байқаймыз. Еңбекке үңілсек, З. Қабдоловтың «Сөз өнері» монографиясы сегіз тараудан тұрады. Тарау атаулары да ерекше құрылған. Автор сөз өнерінің ерекшелігін аңғарту мақсатында тарау аттарын да «Сөз» қолданысынан бастаған. Әр тарау «СӨЗ» деген қолданысты алға тартып, оқырман назарын аударта түскендей. Алғашқы тарау «Сөз өнері туралы сөз» деп аталса, екінші тарау «Сөз өнері жайлы ғылым», үшінші тарау «Сөзбен сомдалған тұлға», төртінші тарау «Сөзбен шындалған шындық», бесінші тарау «Сөз сыры», алтыншы тарау «Сөз сарасы», жетінші тарау «Сөз өнеріндегі тек пен түр», сегізінші тарау «Сөз өнеріндегі бет пен бағыт» деп аталынған. Кіріспе мен қорытындының өзі ерекше «сөз басы», «сөз соңы» деген атаулармен берілген. Яғни, еңбектің мазмұнын шолып, қарау арқылы ғана еңбектің сөз өнеріне арналғанын түсіну, аужайлау қиын емес.

Оқулық-монография автордың алғысөзімен басталады. Зерттеуші қазақ әдебиетінің жеткен биіктерін саралай келіп, әдебиет тарихы мен әдебиет сынының жетістіктерін сөз етіп, әдебиет теориясының да өз сүрлеу-соқпағы, қарастыратын көптеген мәселелері бар тың сала екендігіне назар аудартады. 1961 жылы тұңғыш рет жоғары оқу орындарына арнап «әдебиеттану негіздері» бойынша бағдарлама жасағандығын, соның негізінде оқулық жазу қажеттілігінің орнын толтыру мақсатында дүниеге келген еңбек екендігін алға тартады.

Себебі санаулы қазақ тіліндегі еңбектер мен орыс тіліндегі теориялық еңбектердегі сан алуан пікірлер мен ойлар, кереғар келетін ұғымдар мен түсініктер де түрліше боп келді. Аталған еңбек сол олқылықтардың орнын толтыруға бағытталған болатын. 1970 жылы жарыққа шыққан кітап бүгінгіге дейін өз құндылығын жоймай, жылдармен бірге жасап келеді. Себебі автор тарихтың тереңіне барып, ғасырдан ғасырға ауысып отыратын күрделі құбылыстарды жан-жақты зерделеп, өнер мен өмір арасындағы әр дәуір идеологиясына қатысты тірі үдерістердің сыры мен сипатын зерттеу, саралау, зерделеу міндеттерін алға тартқан.

«Сөз өнері туралы сөз» атты алғашқы тарау іштей жеті тараушаға жіктелініп қарастырылған. Тараудың алғашқы сөйлемінің өзі көп нәрсені аңғартады: «Не нәрсенің болса да теориясын пайымдамас бұрын, алдымен, оның өзін анық танып, біліп алған жөн» [2; 11] дейді автор. Яғни, тараудағы болашақ қарастырылатын мәселенің ауылын алыстан аңғартады. Зерттеуші алдымен оқырманға әдебиет деген не екендігіне назар аудартады. Кей ғалымдар мен жазушылардың осыған қатысты пікірлерін де саралайды. Өнер түрлерін санамалай келе, соның ішінде әдебиеттің ерекше өнер түрі екендігіне ерекше көңіл бөлгізеді. Ол «...ең бір қадірлісі әрі қасиеттісі көркем әдебиет» [2; 11] деген пікір білдіреді. Сондай ақ автор сол өнерді жасаушы шебер жөнінде де үндемей кетуге болмайтындығын алға тартады. Зерттеуші монографиясында «Суреткер кім? Қоғамдық тұрпаты қандай? Талант табиғаты қандай?» деген сұрақтарға өзінше жауап іздейді және оны табады. Талант табиғатын тану үшін бірнеше ерекшеліктерді санамалап, талдап атап береді. Оған сезім, сезімталдықты, жіті бақылауды, қиялды, интуицияны, өмірбаянды, парасатты, шеберлік пен шабытты жатқызады да, әрқайсысын жеке сипаттап шығады. Автор адам баласының дүниеиені ғылым арқылы танитынына назар аудартады. Ол Гетенің «Теория, достым сұрғылттау ғой, ал өмірдің мәңгі бақи гүл атқан өз терегінің түрі жап жасыл» деген сөзіне көңіл бөлгізеді. Сол арқылы әдебиеттің қоғамдық мәніне тоқталады. «Бальзакты оқымай француз, Толстойды оқымай орыс өмірін, Абайды оқымай қазақ тіршілігін білдім деу ағат» [2; 21] – деген ойын білдіреді. Яғни, көркем әдебиеттің адамға өмірді таныту құралы екендігін жеткізеді. Сондай-ақ оның тәрбиелік, эстетикалық жағы да барлығын, мәнін көрсетеді. Адам баласына өнер арқылы тәрбие беру тіпті бөлек дүние екендігін ескертеді. Әдебиетті қондырма, сол әдебиетті тудырған заманды базис деп, түрлі философтардың пікірлерін саралап, талдайды. Осы тәріздес, әдебиеттің таптығына қатысты да өз пікірлерін білдіреді. Алғашқы тараудың соңғы тұстары әдебиеттің халықтығына, әдебиеттің партиялылығына арналған. Автор: «Әдебиеттің партиялылығы да әдебиеттің таптығы сияқты Маркс пен Лениннің революциялық ілімінен, пролетариат диктатурасынан туған» деген сөйлемінен басталады. Кеңестік жүйе кезінде дүниеге келген еңбек болғандықтан, тарауда Ленин пікірі, социалистік, кеңестік деген қолданыстар кездеседі.

Бұл түсінікті де, заман айнасы, лебі соны талап етті. Цензурадан өту үшін де қолданылған болса керек. Десек те, еңбектегі теориялық ойлар мен құнды пікірлерге, зерделі зерттеулерге түсіністікпен қараудан басқа амалың жоқ.

Екінші «Сөз өнері жайлы ғылым» атты тарау әдебиеттану ғылымына арналады. Оның негізгі үш ғылыми саласы көрсетіледі. Ғалым әдебиет теориясы, әдебиет сыны, әдебиет тарихы дегендерге ерекше тоқталады. Сондай-ақ әдебиеттің негізгі салаларынан бөлек жанама салалары бар екендігін атап, оларды да жеке жеке сипаттайды. Автор оған текстология, историяграфия, библиографияны жатқызады. Олардың қарастыратын мәселесі жеке-жеке талданып, түсіндіріледі. Қазіргі күнгі жарық көрген әдебиет теориясына қатысты еңбектер де аталған негізгі және жанама салаларды айналып өтпейді, керісінше, осыларды атай отыра, оларға қосымша тағы да теориялық ұғымдарды қоса талдайды. Мәселен, К. Ахметов өзінің «Әдебиеттануға кіріспе» еңбегінде жанама салаларға поэтиканы, оның қарастыратын мәселелерін т.б. қоса зерделейді.

Келесі «Сөзбен сомдалған тұлға» тарауы көлемдірек, алпыс беттің шамасын қамтитын алты тараушадан тұрады. Тарау аты айтып тұрғандай, мұндағы негізгі зерттеу нысаны да тұлғаға бағытталған. Яғни, көркем шығармадағы тұлға. Автор, көркем өнер туындыларының неге арналғандығына, яғни адам тағдырына, адам асылдығы мен қасиетіне, әсемдігі мен рухының күшіне арналғандығына назар аударта келе, оның көркем шығармадағы тағдыры өмірді тану құралы екендігін алға тартады. Өз ойларын көркем шығарманы талдау арқылы дәлелдей, бекіте түседі. Мысал ретінде, қазақ әдебиеті туындыларын ғана емес, орыс әдебиетіндегі шығармаларды да талдап өтеді. Образ деген терминге, образдылық деген ұғымға жауап іздеп, лирикадан мысал келтіреді. Зерттеуші Потебня еңбегіне сүйеніп, Достоевский, Чехов, Толстой т.б. шығармаларынан мысалдар келтіреді. Образдылықты түсіндіре келе зерттеуші детальға тоқталады. Оны сұлулыққа жетудің бір жолы деп біледі. Шын мәнінде, «Теңіздің қасиеті бір тамшыдан танылады» деген ұғымды алға тартады. Ж. Молдағалиевтің өлеңін, Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер», Ғ. Мүсіреповтің «Талпақ танауын» талдайды. Үшінші тараушасы типтілік, типтендіру, прототип, жинақтау мен даралауға арналады. Автор осылардың барлығы мінездеуге әкелетініне оқырман назарын аудартады. Мұнда да қазақ әдебиеті туындыларымен қатар орыс әдебиетіндегі шығармалар талдауға нысан болған. Келесі тараушаларда автор мінездеуден соң образ жасау тәсілдеріне тоқталады. Әдеби образдың тірі адамға айналу процесі өте ұзақ мәселелерді қамтиды. Сондай-ақ жазушы шеберлігін талап етеді. Образ жасаудағы тура мінездеу, жанама мінездеу, күйініш сүйініш сезімін суреттеу, адамның өз сөзі немесе монолог, кейіпкерлер сөзі, өзгемен сөйлесуі немесе диалог, портрет бұлардың барлығы жеке тұрған

дүниелер емес екендігін, бірінен бірі туындап немесе бірін бірі жалғастырып жатқан дүниелер екендігін жайып салады. Образ жасау тәсілдерін түсіндіріп алған зерттеуші енді келесі тараушада образ түрлерін түгендейді. Шартты түрдегі жағымды, жағымсыз деп бөлетін образдардың бөлінісін дұрыс еместігін тілге тиек ете келе, образды бөлудің бірнеше факторларын атайды. Оларға тектік тұрғыдан, әдіс тұрғысынан және тәсіл тұрғысынан бөлу ерекшеліктерін санамалап көрсетеді. Және олардың әрқайсысына жеке жеке тоқталып, өзіндік ерекшеліктерін саралап, сипаттама беріп, талдай отырып, мысалдар келтіреді. Яғни бір тарау бойында образға, тұлғаға қатысты ұғымдарды жан жақты, терең әрі түсінікті түрде меңгертуге тырысады.

«Сөзбен шындалған шындық» атты келесі тарауда көркем әдебиеттегі мазмұн мен пішін, тақырып пен идея, тенденция, тартыс, сюжет пен композиция, бірлігі мен айырмашылығы сияқты теориялық ұғымдар талдап, түсіндіріледі. Автор мазмұнға тақырып пен идеяны, пішінге әдеби қаһармандардың қарым қатынасын, фабуласын, сюжет пен композициясын, шығарма тілін жатқызады. Тақырып пен идеяға келгенде зерттеуші «Тақырып өнер туындысының іргетасы» дей келіп, шығарма тақырыбын сауалға, идеясын жауапқа балайды. Дүниеге алдымен тақырып келіп, жазушының соған сай өз бағасын беруі шығарма идеясын туғызатынына назар аудартады. Сондай-ақ әдебиеттанудағы фабула, тартыс, сюжет және композиция ұғымдары да ғылыми тұрғыдан терең әрі түсінікті түрде сипатталады. Олардың бір бірімен байланысы, қамтитын ұғым түсініктері, т.б. әбден аршылып талданып, ізденушісі мен оқырманына жете түсіндіріледі. Жазушы Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» жетесіне жете талданып, оқырман жүрегіне жол табады.

«Сөз сыры» атты бесінші тарау көркем тіл жайының қадір-қасиетін, құндылығын танытуға бағытталған. Образды тіл, дәлдік, ықшамдық, сұлулық сияқты талаптарды айта отырып, көп мағыналық, тура, бұрма мағына, синоним, антоним, архаизм, неологизм т.б. сөздердің де тілдегі қызметін, көркем шығармадағы қолданылу ерекшеліктерін саралайды. Зерттеуші тілдегі көркем, бейнелі сөздерді негізгі үш топқа бөліп қарастырады. Олар: ажарлау, құбылту, айшықтау. Автор осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, көркем шығармадан мысалдар келтіреді. Өзіне дейін зерттелген А. Байтұрсыновтың еңбектеріндегі ой-пікірлермен көбіне ұштасып, табиғи дәстүр жалғастығын тауып жатады. З. Қабдолов ажарлауға ассонанс, аллитерация, эпитет, теңеуді, ал құбылтуға ауыс мағынадағы сөздік қолданыстарды жатқызады. Оған метафора, метонимия, синекдоха, кейіптеу, ирония, сарказм, гипербола, литота т.б. енеді. Ажарлауға аты айтып тұрғандай, сөзбен өрнек салуға бейім бейнелі сөздерді қосады. Атап айтқанда, арнау, қайталау, градация, инверсия, эллипсис, параллелизм т.б. ұғымдар қамтылған. Автор әрқайсысына жеке анықтама беріп, мысалдармен бекітіп отырады.

Жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де өз мәні мен құндылығын жоймаған құбылту мен айшықтауға, ажарлауға қатысты теориялық ой пікірлері әлі де сұранысқа ие, жиі қолданылуда.

Келесі тарауларда да автор әдеби үдеріс, ағым, бағыттар туралы ой өрбітеді. Олардың әлем әдебиетіндегі үлгісін саралай отырып, қазақ әдебиетіндегі көрінісі мен сыр сипатына ерекше тоқталады. Қазақ әдебиетіндегі белгілі шығармаларды талдай отыра, тұщымды мысал келтіреді. Сол арқылы оқырманын баурап, түсінікті де жан жақты мәлімет, теориялық білім береді.

Әдебиеттер

1. Мүтәлиева Р. Зейнолла Қабдоловтың жазушылық шеберлігі. – Алматы: Өлке, 1997. – 124 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Жазушы, 1997. – 359 б.

С.Е. Аухадиева

*Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.
symbat_2602@mail.ru*

ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАР АРҚЫЛЫ ШЕТТІЛДІК ЖАЗЫЛЫМНЫҢ ИНТЕГРАТИВТІ ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУ

Андатпа. Шет елдер арасындағы экономикалық, саяси, мәдени қарым-қатынастың ұлғаюы, ақпараттық коммуникацияның дамуы, білім берудегі мемлекетаралық интеграция мен басқа да жаңа қоғамдық факторлар шетел тілін қарым-қатынас құралы ретінде мәртебесін көтеруде. Тіл маманын дайындаудың барлық категориясының деңгейіне деген талаптар күшеюде. Зерттеу жұмысындағы жаңалығы жазылымды көп салалы интегративті білім берудің дамыту, әсіресе сыртқы мәдени (стильдік-жанрлық, лингвистикалық), ішкі дайындық мақсатында (денотативті, пәндік-мағыналық) мәтін дайындығы белсенділігінде, рецептивті жағдайда (оқылым) және продуктивті (жазылым) жағдайында қарастыру. Тағы бір нәтижелі мәселе жазылымды тұлғаның қабілеті және жазылымды құрастырушының жазылымдағы өзіндік ерекшелігі ретінде қарастыру.

Тірек сөздер: Интернет технологиясы, компьютер технологиясы, ақпараттық технология, интегративті жазылымға оқыту, шетел тілі.

Аннотация. Расширение экономических, политических, культурных связей между странами, развитие средств массовой коммуникации, межгосударственная интеграция в области образования и другие характерные для современного общества факторы способствуют повышению статуса иностранного языка как средства общения. Повышаются требования к уровню языковой подготовки обучаемых всех категорий. Новым в исследовании является осмысление письма как многослойного интегративного образования, в котором культура внешнего (жанрово-стилевого, лингвистического) оформления определяется внутренним (денотативным, предметно-содержательным) планом текстовой деятельности и в случае рецепции (чтение), и в случае продукции (письмо). Другой результат связан со свойством письма как способности индивида, творца письма.

Ключевые слова: Интернет технология, компьютер технология, информационная технология, обучение интегративному письму, иностранный язык.

Summary. The expansion of economic, political and cultural ties between the countries, the development of mass media, interstate integration in the field of education and other characteristics of modern social factors contribute to the improvement of the status of a foreign language as means of communication. Increased demands are in all categories on the level of learners' language proficiency. The novelty of the article is the understanding of writing as a multi-layered integrative education processing from outside, the culture of (genre and stylistics, linguistics) internal characters (denotative, domain-meaningful) plan of text in the case of receptive (reading), and in the case of productive (writing) activities. Another result is related to the writing as the property of the individual abilities of the creator of writing.

Keywords: Internet system, computer technology, information technology, teaching integrative writing, foreign language.

Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Шетел тілін оқытудың мақсаты субъектінің мәдениетаралық қарымқатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ. Сөз арқауы компьютерлік технологияны пайдалана отырып, шетел тілі сабағында интернет жүйесін қолдану мәселесі болмақ.

Жаһанданған интернет жүйесін қолдану негізінде, тіл үйренушілердің сөз әрекетінің төрт түрінде дебіліктілігін қалыптастыруға болады, жүйе материалдарын қолдану арқылы олардың оқу, жазу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға, сөздік қорын байытуға мүмкіндік туады. Интернет жүйесін пайдалана отырып, тілін үйренуші елдің өкілдерімен байланысқа түсе алады. Зерттеу жұмысында интернет ресурстар арқылы шеттілдік жазылымның интегративті тәсілін қолдану тақырыбы бойынша сараптау, талдау, салыстыру әдістері қолданылды.

Интернет тапсырмаларын дайындау үш қадамнан тұрады:

1) дайындық: сөйлеу негіздерін дамыту, мұның алдында алған білімдерін қолдана білу;

2) ресурстармен интернет желісінде жұмыс жасау: интернет желісінде жұмыс интернетте іздеу бағдарламаларымен жұмыс істеу, оқумен жазу, арнайы мәліметтерді іздеу және оны жауап парақтарына енгізу, сұрақтарға жауап іздеу және т.б. Осы қадамда оқушылар өздерінің не істеу керектігін және оған қанша уақыттары бар екенін білу керек;

3) сыныпта интернет желісінсіз жұмыс жасау: сыныпта интернет желісінсіз жұмыс алынған мәліметпен алмасу, және желіден жұмыс жасау уақытында көрген білгенін талқылау.

Қазіргі заманда білім беру әлеуметтік құрылымының маңызды элементтерінің біріне айналды. Жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ескі

жүйені бұзу үшін оқытуды жаңаша ұйымдастыру қажет. Ол мына міндеттерді қамтуы керек:

1. Оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
2. Ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету;
3. Деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту;

Жазылым 4 дағдының ішінде оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын дағдысы болып табылады. Кейбір оқушылар табиғатынан шапшаң болады да, тілді игеруде сөйлеуден, тыңдаудан ерекше қабілеттілік танытады. Ал біреулері қабілеттері 153 бола тұра бетпе-бет сөйлесу мен тыңдауға келгенде қиындықтарға кездесіп жатады, яғни тым жай қабылдайды. Олар әр сөйлеміне баса мән беріп, ерекше идеяларын жинақтап баяндауға тырысады және бұл істе керемет шеберлік танытады. Алайда бұл шапшаң оқушылардың жазылымды игеріп алды деген сөз емес. Ең басты нәрсе – оқушының осы дағдыны өмірде қолдана алуы, сол қажеттілікті мұғалімнің оқушы санасына жеткізе білуі. Сондай-ақ, әр оқушының жеке артықшылығын құрметтеу; барлық оқушыға сенім артумен бірге, реалистік тұрғыдан артықшылығын біліп, қателіктерін қабылдай білуге, ары қарай өсуге итермелеу; жеткен жетістікті ретін тауып атап өту; жазуды күнделікті дағдыға айналдыру – осының бәрі мұғалімнің көрегендігінде.

Шетел тілін оқытуда қазіргі заманғы технологиялар дәстүрлі сабақты өзгертуде оқытудың жаңа жолдарын әкелді. Компьютерді шет тілін үйренуде 1960 жылдардан бастап қолдана бастады. Оны пайдалану әдісі грамматикалық үлгілерді, сөздерді қабылдауда, есте сақтауда және қайталауда қолданды. Ақырында коммуникативтік әдістәсілдің пайда болуымен тілді қолдануға, оқушыны қызықтыруға және тілдік ортаны қалыптастыруға көңіл бөлінді. Тілді үйренуде көптеген бағдарламалар пайда болды. Олар жаттығу ретінде емес, әртүрлі тілдік ойындар, мәтіндік қалпына келтірілген, таңдау мен жауаптарын бақылауға арналған бағдарламалар және т.б. Компьютер студентті тек оқу материалдарымен қамтамасыз етуші емес, сонымен қатар оқытудың тәсілі ретінде қолжетімділігі, материалдарды жинау мен өңдеуде, мәселелерді шешуде қолданыла бастады.

Грамматикалық материалды тексеруде, мәтінді өңдеуде атақты бола бастады. Қазіргі таңда шетел тілінде үйрету тек қана компьютерге және сан алуан оқу бағдарламаларына ғана емес, интернет арқылы басқа да пайдаланушылардың қарымқатынасында. Оған себеп технологиялық жетістіктер ғана емес, сонымен қатар педагогика мен методикадағы жаңа әдіс-тәсілдер. М.К. Бородулинаның пікірінше: «Дидактикалық тұрғыдан Интернет екі негізгі компонентті енгізеді: 1. Телекоммуникациялық пішіндер (Интернет-технологияларға қатысты, электрондық хат алмасулар, чат, жиындар, веб конференциялар); 2. Ақпараттық ресурстар; Телекоммуникациялық ресурстардан оқуға арналған Интернет ресурстардың айырмашылығы тек қана оқыту мақсатына арналған»

Компьютерлік оқу бағдарламалары (электрондық оқулықтар, тренажерлар, тьюторлар, лабораториялық жаттығулар, тест жүйесі). Мультимедиялық технологияға сай оқу жүйесі компьютер, видеотехника, оптикалық дискінің жиындысын пайдалану арқылы жүргізіледі. Бұл технологиялар білім саласында оларды пайдаланудан гөрі тезірек дамиды. Жоғары оқу орындарында көбіне – көп электрондық почталар жиі пайдаланылады. Қазіргі кезде аудиоақпарат алмасу, видеоақпарат алмасу, виртуалды аудиторлық тақта, тақырыптық ақпарат енгізілген клавиатуралар, файлды алмасу, көпжақты конференциялар өткізу кеңнен таралған көпке белгілі компьютерлік видеоконференция байланыстың әдістемесіне жатқызылады. Бұл технологиялар ағылшын тілін біршама меңгерген студенттің еншісі болып табылады. Өйткені бұл материалдар тек ағылшын тілінде ғана беріледі. Дегенмен, Интернет жүйесіндегі оқуға байланысты ақпараттар сирек, аз, жүйеленбеген. Оқу үдерісін аралық байланыс арқылы басқару электрондық почта арқылы материалдар қабылдау, жіберу, курс және диплом жұмыстарын көшіру, интерактивтік хабарлар алмасу арқылы жүргізіледі.

Жазылым белсенді іс-әрекеттерсіз атқарылатын дағды болғандықтан, оған жаңа бір леп беріп, оқушы шығармашылығын арттыру үшін мұғалімге көмекке келетін жолдар бар. Оның қатарына комикстерді алуымызға болады. Біріншіден, бала комикстердің айналасындағы сөз бұлттарын қызыға толтырады, екіншіден жалықтырмайды. Дайын комикстерді табу қиындық тудырады. Оны жеңілдетудің бір жолы суреттердің қасына өзіңіз сөз бұлттарын жасап, нақты тақырып беру. Шетел тілін оқып, үйрену, бірден қалыптаса қалмайды. Өз ана тілін әлі толық меңгермеген балаға шетел тілін үйрету оңайға соқпайды. Бастауыш мектептің бастапқы сыныптарында баланы шетел тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуға, буындарды сөз тіркестерін, сөйлемдерді дұрыс меңгеріп, хат жазу, анкеталарды үлгі бойынша толтыру үйретіліп, негізгі грамматикалық категориялардан жалпы мағлұмат беріледі. Осы бастапқы сыныптарда-ақ оқушыларды түрлі тәсілдермен білім алуға үйрету қажет. Жоба әдісін қолдануда оқушылар өз бетімен қажетті хабарды жинауға дағдыланып, өздік шығармашылық қабілеттері артады.

Д.А. Қасенованың пікірінше: «Шетел тілін жазылымға үйрету мақсаты – оқушылардың қарым-қатынас жасай алуға түсе алатын қабілеттерінің негізін қалау болып табылады. Жаңа тілге үйретуде оқытудың жаңа тәсілі төмендегідей талаптарға сәйкес келуі көзделеді:

- оқушыға қолайлы оқу ортасын қалыптастыру;
- оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыру, ой-тілектерін ояту;
- оқушының эмоциялық сезіміне әсер етіп, жеке тұлға ретінде қалыптастыру;
- оқытуды түрлендіру үшін түрлі әдісті қолдану;
- ойын түрінде оқыту арқылы оқушының белсенділігін арттыру;

- шетел тілін оқушының жеке қызығушылығымен байланыстыру;
- оқушы – субъект, оқытушы – кеңесшісі болу;
- сатылап өз бетімен жұмыс істеуге үйрету».

Жоба әдісін қолданып жазылымға оқыту бұл талаптарға жауап бере алады. Шетел тілін жазылымға оқытудың басты мақсаты – оқушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту. Осыған сәйкес оқыту мазмұнына қарапайым коммуникативтік біліктілікті, яғни шетел тілін қажетті жағдаяттағы ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас үдерісінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білік дағдылар енеді.

Жазылымды дамытудағы жоба әдісінің жаңа түсінігінің негізін Е. Полат былай деп тұжырымдаған: «Көлемді мәселені зерттеу, өңдеу әдістері шынайы тәжірбиелі қортындыға негізделген, мәселенің қайта өңделуі әр түрлі деректерді қосқанда қолданады. Мұндай нәтижеге жету оқушының өз бетімен ойлауға, мәселені шешуге, болжауға және оның себеп-салдарына байланысты». Біз осы жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, жобалау әдісімен оқыту үнемі жеке тұлғаға негізделіп бағытталған және ол оқушының белсенділік, танымдық, іскерлік, т.б қабілеттерін қалыптастырушы фактор деп түсінеміз. Еліміздің шетел елдерімен қарым-қатынасымыз күшейіп отырған қазіргі кезде оқушылардың шетел тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру әрбір шетел тілі мұғалімінің міндеті. Шәкірттерінің сабақтағы белсенді іс-әрекеттерін интернет технологиялар арқылы ұйымдастыру, интегративті жазылымды қалыптастыруда ойлау, шығармашылық, ізденіс қабілеттерін дамыту арқылы білім сапасын көтеруде оқытудың жаңа технологияны пайдаланудың мәні зор.

Әдебиеттер

1. Бородулина М.К. Шетел тілін үйрету. – М. Просвещение, 1975.
2. Кузьмичева Т.Н. Технические средства в обучении английскому языку. – М. Просвещение, 2001.
3. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии // Иностранный язык в школе. – 2004. – №3.
4. Қасенова Д.А. Шетел тілін оқыту әдістемесінде коммуникативтік біліктілікті қалыптастырудың артықшылықтары мен принциптері.
5. Республикалық әдістемелік педагогикалық журнал «Мектептегі шет тілі»- №1 / 2010.

ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕНУДІҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ОЙЫННЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақала ойындар арқылы ағылшын тілін үйренуге арналған. Жұмыста ағылшын тілін үйренудегі негізгі қателіктері, сонымен қатар қызықсыз дәрістерді алмастыра алатын ең тиімді ойындардың тізімі көрсетілген.

Тірек сөздер: ойын технологиясы, уровень языка.

Аннотация. Статья посвящена изучению английского языка через игры. В работе показаны главные распространенные ошибки при изучении английского языка, а также список самых эффективные игр, которые могут заменить скучные лекции.

Ключевые слова: технология игр, тіл деңгейі.

Summary. The article is devoted to learning English through games. The paper shows the main common mistakes when learning English, as well as a list of the most effective games that can replace boring lectures.

Keywords: game technology, level of the language.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Бұл орайда ағылшын тілін оқытудың озық технологиясын меңгеру – үлкен істің бастамасы болып табылады. Заман ағымына байланысты білім беруде ойын технологиясын қолданудың нәтижесінде оқушылардың білім дәрежесі айтарлықтай өскені айқын көрініс болып табылады. Үйреніп жатқан тілді жетік меңгеру – оңай жұмыстардың қатарына жатпайды. Демек, ұстаздың басты міндеттерінің бірі тілді үйренуге қолайлы жағдай туғызу. Ал бұған шет тілі сабағында әртүрлі ойындарды қолдану айтарлықтай септігін тигізе алады.

Ағылшын тілінің қаншалықты маңызды екенін айттық. Ендігі кезекте ағылшын тілін үйренудегі жалпы кең таралған қателерге тоқталамыз. Бірінші кең таралған қателік – кейбір сөздердің тікелей аудармасы болуы мүмкін. Бірнеше мысалдарды қарастырып көрейік. Ағылшын тілінде «it drives me mad» деген сөз тіркесі бар. Егер білімгер әр сөзді жеке тікелей аударатын болса, «drive» – айдау (мысалға, машинаны) болатын болса, ал «mad» – бұл есі дұрыс емес. Сонда білімгер білместіктен «бұл мені есі дұрыс емес айдайды» деп аударуы мүмкін. Алайда білімгердің жүгінер дұрыс, құнды сөздіктері немесе тәжірибелі ұстазы болса, бұл сөз тіркесін «менің ашуымды туғызады» деп аударады, және бұл дұрыс аударма.

Тағы да өз жеке тәжірибемізден мысал келтірейік. 8-сынып оқушыларымен отбасы және туыстар тақырыбын өткенде, «nuclear family» деген сөз кезікті. Бұл тек қана бала және ата-анадан құралған, ең

көбінде 4 адамнан тұратын шағын отбасы. Алайда білім алушы білместіктен бұл сөзді «ядерлік отбасы» деп аударуы мүмкін. Өйткені, «nuclear» сөзінің тікелей аудармасы – «ядро».

Ойын технологиялары – оқушылардың монотонды қызметін әлдеқайда қызықты етуге мүмкіндік беретін оқытудың бірегей түрлерінің бірі. Қазіргі білім берудегі ойынды біз белгілі бір ұғымдарды, сөздерді, грамматикалық ережелерді дамыту үшін пайдаланамыз. Сондай-ақ ойын технологиясы арқылы шет тілінің тұтас бөлімін үйренуге болады. Ойын қызметі сабақтың көмекші элементі ретінде де, дербес технология ретінде де әрекет ете алады.

Ойынның бірнеше маңызды функциялары [16]:

- Ойынның әлеуметтік-мәдени қызметі.
- Ұлтаралық қарым-қатынас қызметі.
- Білімді тәжірибеде қолдану қызметі.
- Коммуникативтік қызметі.
- Ойынның диагностикалық қызметі.
- Ойынның түзету қызметі.
- Ойынның сабақты қызықтыру қызметі.

Ойын ойнай отырып, оқушылар жаңа концепцияны немесе идеяны түсіне алады, оған басқа көзқараспен қарауға немесе әр түрлі нұсқалармен немесе айнымалылармен эксперимент жасай алады. Марк Грундел, заманауи американдық педагог, былай деді: «креативтілік, мәселелерді шешу, сыни және аналитикалық ойлау, баламаларды іздеу, шешім қабылдауда батылдық – осының барлығы ойын арқылы оқытудың негізі» («Creativity, problem solving, critical and analytical thinking, decision making, risk taking, all found in game-based learning»). Ойын технологияларын сабақтың толыққанды кезеңі ретінде қолдануға болады (ұйымдастыру сәті, warm-up activity, негізгі бөлігі және т. б.). Ойындар оқушыларды тәжірибеге қатыстыру үшін қолайлы ортаны қамтамасыз етеді. Оқушыларға маңызды лексика мен басқа да құрылымдарды меңгеру үшін көп тәжірибе қажет. Дегенмен, тәжірибе маңызды болуы үшін, оқушылардың қызығушылықтары болуы тиіс. Біздің ойымызша сабақ бөліктерінде, викторинада немесе басқа да жанды ойындардың арқасында оқушылар өздерінде жиналған сөздік қорлары мен құрылымдарын пайдалана отырып, үлкен тәжірибе ала алады.

Ойын кезінде баланың мінез-құлқын, білімін, ой – өрісінің кеңдігін анықтауға болады және осы қасиеттердің көбісі ойын кезінде қалыптасады.

Ойын дегеніміз:

- 1) іс-әрекет (тілдік);
- 2) қысымның жоқтығы;
- 3) жеке адамға ғана тән іс-әрекет;
- 4) ұжым арқылы тәрбиелеу және білім беру;
- 5) баланың психикасын, ой-өрісін дамыту;

б) қызықтыра отырып оқыту. [17]

Ойындар негізінде оқыту оқу процесін жетілдіру үшін табысты пайдаланылуы мүмкін. Педагог үшін ең үлкен мәселелердің бірі – сыныптағы оқушылардың санына қарамастан табысты оқыту болып табылады, олардың барлығы әртүрлі тұлғалар, әртүрлі мүмкіндіктер мен білім алуда әртүрлі қалаулары бар. Оқушылардың назарын аударудың жаңа тәсілдерін іздеу және оларды оқу үдерісіне тарту – қазіргі заманның басты мәселелерінің бірі. Ойынға негізделген оқыту – пәнді ойынның өзіне қосу дегенді білдіреді. Ойын арқылы оқушының білімі мен бейімін, жеке тұлғалық қасиет-қабілеттерін арттыру мүмкіндіктері зерттелген. Ойындардың қажеттілігін іріктеп ала білу – ұстаз шеберлігіне байланысты. Ойын негізінде оқыту оқушыларды ынтымақтасуға, қарым-қатынас жасауға, өзара әрекеттестікке және топта жұмыс істеуге біріктіре отырып маңызды рөл атқарады. Стратегиялық ойындар ми жұмысын жақсартады. Ойын оқушылардың дағдыларын дамытуға, оқып жатқан пәнмен эмоционалды байланыс құруға шабыттандыра алатын үдерісті тудырады. Ойын барысында грамматикалық анықтамаларды, тілдік нормаларды меңгеру мүмкіндіктері мол болады. Сабақта мұғалімнің диктаторлық рөлі жойылып, оқушылар серіктестікке, ынтымақтастыққа, бірігіп жұмыс істеуге деген қызығушылықтары артады. Адамның жас ерекшелігіне қарамай, яғни адам балалық шағынан бастап кәрілікке жеткенше ойын қажеттілігі жетелеп отырады. Ал жас баланың ой-өрісі ойын арқылы дамиды. Ойын барысында баланың адамгершілік қасиеттері, өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы қалыптасады. Ойын арқылы сыныптағы нашар оқитын оқушыларды да сабаққа тартып, нәтижеге жетуге болады.

Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушының:

- ойлау қабілеті дамиды;
- өздігінен іс-әрекет жасауға үйренеді;
- сөздік қоры кеңейеді, сөйлеу әрекеті дамиды;
- зейіні қалыптасады;
- байқағыштық қасиеті артады;
- өзара сыйластыққа үйретеді;
- оқушыларды тек оқытып қана қоймай тәрбиелеп, тәртіпке баулиды;
- сыйластыққа үйренеді;
- сабаққа қызығушылықтары артады.

Төменде шет тілін үйренудің бастапқы кезеңінде онлайн немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылатын ойын түрлері ұсынылған платформалар тізімін жүйеледік:

Learn English kids: Бұл платформа жалпы балаларға ағылшын тілін үйрету үшін арналған. [31] Платформада songs, short stories, grammar practice, vocabulary practice, flashcards, games тағы да басқа деп бөлінген. Соның маңызды әрі ауқымды бөлімі ойындарға арналған. Бұл жақта бірнеше видеолар берілген. Ол видеолар барысында тапсырма әр түрлі келуі мүмкін. Мысалы, берілген сөздерді рет-ретімен қой, сөйлем құрастыр, әріптерден сөз құрастыр, сөйлемдегі қатені тап, сөздер қатарынан артығын тап, мағынасы бойынша ұқсас сөздерді бір қатарға жіктеу, антонимді тап, синонимді тап, сөз бен суретті байланыстыр, тағы да басқа. Бұл платформаның ерекшелігі әдемі балаларға арналған түрлі-түсті көзге түсерлік дизайнында, әрі қызықты ойындарында. Балалар ойын ойнау арқылы тіл үйреніп жатқанын байқамай да қалады.

British Council adults: Бұл платформаның ерекшелігі – үлкендерге арналған дизайн мен тапсырмалар. [32] Ойындар бөлімінде сурет пен сөзді байланыстыру, жасырын сөзді табу, берілген сөзге синоним айту, берілген сөзге антоним айту, сөйлемдегі шашылған сөздерді рет-ретімен қою, бос орында толтыру, сөздер мен дефинициясын байланыстыру, тағы басқа ойындардан тұрады. Басты ерекшелігі, оңай әрі деңгейлерге бөлінген.

Word up & Vocabulary builder: Бұл приложениині телефонға жүктеу қажет. [33] Көбінесе сөз жаттауға және сөздік қорды дамытуға бағытталған. Приложенииде сөздер белгілі тақырыптарға бөлінген. Білім алушы әр топикті таңдап, ол жақтағы сөздердің дефинициясын, өз тіліне аудармасын, әрі суретін көре алады. Әр топикті жаттаған сайын ойын түрінде тест алынады. Жетерлік түрде сөздер жаттаған болса, білім алушы жаңа деңгейге доступ ала алады.

Duolingo: Бұл платформа балаларға арналған. [34] Түрлі-түсті суреттер мен анимациялар, үлкен шрифт балалардың оңай оқуына үлкен плюс болып табылады. Берілген бірнеше суреттен сөзге сәйкес суретті табу керек.

“Мұғалімнің ең үлкен күнәсі – білім алушыларды жалықтыру.” (Иоганн Гербарт)

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жанару жолында // Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2017.

2. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. – №3(45), 2010 жыл.

3. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал «Мектептегі шет тілі». – №5-7, 2008 жыл.

4. Амиржанова Г. педагогикалық журнал – Шет тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2012.

5. Колесникова И.Е. Игры на уроках английского языка. – Минск: Народная Ассамблея, 1990. – 125 с.

6. Комарова Ю.А. Игры в процессе обучения иностранному языку. – СПб.: Каро, 2001. – 163 с.
7. Дешева И.В. Применение игры для создания положительной мотивации на занятиях по иностранному языку // Материалы научно-методической конференции «Актуальные проблемы преподавания иностранных языков на неязыковых факультетах высших и средних специальных заведениях 12-14 апреля, 2000 г. – Ижевск, 2000. – 231 с. С. 33-34.
8. Пидкасистый, П.И. Игровая технология в процессе обучения / П.И. Пидкасистый. – М.: Просвещение, 2008. – 193 с.
9. Пучкова Ю.Я. Игры на уроках английского языка. – М.: АСТ, 2003. – 169 с.
10. Шарафутдинова Т.М. Игры на уроках иностранного языка. – 2005. – №8. – 118 с.
11. Эльконин Д.Б. Ойын психологиясы. – М.: Педагогика, 1991. – 304 б.
12. Дианова Е.М. Шет тіліне оқытудағы рөлдік ойындар/ Е.М. Дианова // Мектептегі шет тілі. – 1998. – №3. – 93 б.
13. Jill Hadfield «Intermediate Grammar Games». Pearson Education Limited, 2003. – 128 p.
14. Jill Hadfield «Elementary Communication Games». Tomas Nelson and Sons Ltd, 1984. – 97 p.

Л.Ж. Мукашева

Павлодар педагогикалық университетінің 3-курс студенті, Павлодар қ.

Г.А. Сагнаева

Ғылыми жетекші: ҒҒЖМ-нің аға оқытушысы, Павлодар қ.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРЕ ОТЫРЫП, САБАҚТЫ АКТ-МЕН БАЙЛАНЫСТЫРУ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі таңда қолға алынып отырылған басты мәселе, яғни, инклюзивті білім беру сипаттамасы қарастырылған. Инклюзивті білім берудің артықшылықтарымен қоса, сабақта АКТ-ні қолдану мәселесі де жайт қалған жоқ. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың нәтижелері анықталды. Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-эмоционалдық саласында ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі зерттелді.

Тірек сөздер: Инклюзивті білім беру, оқу процесі, ақпараттық коммуникациялық технологиялар, мінез-құлық, қоршаған орта, бала.

Аннотация: В данной статье рассматривается основной вопрос, который решается в настоящее время, а именно – описание инклюзивного образования. Помимо преимуществ инклюзивного образования, использование ИКТ в классе не остается без внимания. Выявлены результаты информационно-коммуникационных технологий. Изучена эффективность использования информационных технологий в психолого-эмоциональной сфере детей с ограниченными возможностями здоровья.

Ключевые слова: инклюзивное образование, процесс обучения, информационно-коммуникационные технологии, поведение, среда, ребенок.

Summary. This article discusses the main issue that is currently being addressed, namely, the description of inclusive education. In addition to the benefits of inclusive education, the use of ICT in the classroom is not left out. The results of information and communication technologies were identified. The effectiveness of the use of information

technology in the psychological and emotional sphere of children with disabilities was studied.

Keywords: Inclusive education, learning process, information and communication technologies, behavior, environment, child.

Бүгінгі таңда бүкіл әлем назар аударатын мәселе – бұл қоршаған орта, отбасының қатысуымен инклюзивті білім беру. Бүкіл әлем ғалымдары бұл жаһандық проблеманы былайша айқындайды: инклюзивті білім беру – жынысына, тегіне, дініне қарамастан, білім беру процесіне, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға, жалпы оқу процесіне және баланың әлеуметтік бейімделуіндегі барлық кедергілерді еңсеру. Ата-аналардың мәртебесін, белсенділігін арттыруға, баланың түзету, тәрбиелеу және әлеуметтік қажеттіліктеріне ерекше қолдау көрсетуге, яғни жалпы білім беру сапасын сақтай отырып, тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. [1;23]

Инклюзивті білім беру балаларға қатысты кемсітудің барлық нысандарын жоққа шығаратын, барлығына бірдей көзқарасты ұсынатын, бірақ арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларға ерекше жағдай жасайтын идеологияға негізделген.

Инклюзивтік білім беру деп барлық балаларды, оның ішінде денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды, жалпы білім беру процесін, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалармен бірлесіп оқыту түсініледі.

Бұл білім берудің түрі жалпы білім беретін мектептерде арнайы қажеттіліктері бар балалардың білім беру процесін сипаттау үшін қолданылады. Осылайша, инклюзивті білім беру балаларға қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою идеологиясына, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз етуге, сондай-ақ арнайы қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдайлар жасауға негізделген – арнайы білім. Осы бағыт балалардың оқудағы жетістіктеріне ықпал етеді және жақсы өмір сүрулерін қалыптастырады.

Инклюзивті білім берудің сипаттамасы:

* Мұғалім мүмкіндігі шектеулі балаларды өз сабақтарында оқытуға жауапты;

* Мектеп ұжымы әр баланың даралығын бағалай отырып, инклюзивті білім беруге ұмтылады;

* Отбасы барлық кезеңдерде шешім қабылдауға белсенді қатысады;

* Кәсіпқойлар командасы шешім қабылдайды;

* Қызметкерлердің рөлі мен жауапкершілігі нақты анықталған;

* Бағдарлама тұрақты бақылауда және барлық ата-аналар мен педагогтар процеске белсенді қатысады.

Инклюзивті білім берудің артықшылықтары:

* Құрдастарымен қарым-қатынас жасау барысында балалар қозғалыс, танымдық, тілдік, әлеуметтік және эмоционалды қабілеттерін дамытады.

* дағдыларға ие және қолдана алады [3;67]

Әр оқушының оқудағы өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалға алатын болсақ, оқушының эмоционалды және психикалық танымдық процестерінің даму деңгейі әртүрлі. Бірақ қазірдің өзінде біз әр оқушыға жеке тұлға ретінде қараймыз, саналы білім сапалы білімнің нәтижесі екенін байқаймыз. [5;29]

Мүмкіндігі шектеулі балалардың жас ерекшеліктері негізінде инклюзивті білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды әзірлеу және пайдалану, пәндер бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеу және жетілдіру, мүмкіндігі шектеулі балалардың қазіргі заманғы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететіні белгілі. Инклюзивті білім беруде ақпараттық технологиялар мен жаңа технологияларды қолдану, оқушылардың білімі мен қызығушылығын арттыру үшін өте тиімді. [5;5]

Ақпараттық технологияларды пайдалану келесі міндеттерді шешеді:

- Білім беру процесінде бақылауды қамтамасыз ету;
- Оқу процесін көрсету;
- Жалпы білім беру көздерінен ақпарат іздеу;
- Оқыту процестерін немесе құбылыстарын құру;
- Ұжымдық және топтық жұмысты ұйымдастыру; [2;21]

Ақпараттық технологияларды қолдана отырып, мүмкіндігінде шектеуі бар балалардың психологиялық және танымдық процестерінің тиімділігі:

Олар логикалық, жедел, аналитикалық әрекеттер мен әдістердің көмегімен қалыптасады;

Мектепте зейіндері шоғырланады, тұрақтанады, оның ішінде еркін зейін қалыптастыруға ықпал ететін, интерактивті технологияларға қызығушылықтары артады;

Балалар әртүрлі интерактивті, психологиялық жаттығулар мен әдістер арқылы мүмкіндігі шектеулі балалар туралы түсініктерін дамытады;

Ақпараттық технологиялардың арқасында көрнекі құралдар дәстүрлі әдістерге қарағанда баланың жадында ұзақ сақталады және есте сақтау қабілетінің дамуына үлкен әсер етеді;

Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-эмоционалдық саласында ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігін ескере отырып:

Мүмкіндігі шектеулі балалардың белсенділігін арттырады;

Релаксация және медитация жаттығуларында компьютерлік құралдардың көмегімен мүгедек балалардың ішкі психологиялық жағдайын тұрақтандырылады;

Вербалды емес психологиялық саланы тұрақтандыру және дамиды.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың коммуникативтік саласын дамытуда ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігін ескере отырып мынадай тұжырымға келдім:

Балалардың қоршаған ортамен, ұжыммен, топпен жұмыстары өзара әрекеттеседі;

Ауызша қарым-қатынастары дами түседі.

Оқу құралы ретінде ақпараттық технологияларды қолдана отырып жұмыс істеудің әртүрлі әдістері бар: топта, жеке, сабақта. Сондықтан сабақтарда, оқу сағаттарында, сыныптан тыс жұмыстарда мен компьютерді жиі қолданамын. Мысалы, «төрт түлік – қымбат қазына» сабағында мен төрт түліктің дауыстарын бір адам тыңдап немесе төрт түліктің дауыстарын қайталай отырып, оқушыларға жаңа сабағымды тез жеткізе алдым. Мультимедиялық карта. Сабақта қазақ тілінің көмегімен мультимедиялық тақта, жемістер термометр суреттер, түсті, пішінді жемістер қолдандым. Ән мәтіндерін үйрету үшін мен «радионы тыңдайық» ойынын қолданамын. Мақсаты: балалардың есту қабілетін дамыту, сондай-ақ қазақ тілі сабақтарында демонстрациялық диктант, сөйлеуді дамыту бойынша түрлі тапсырмаларды орындау үшін өте қолайлы әдіс деп ойлаймын. Сабақтарыңызда әртүрлі тақырыптарға қатысты суреттерді пайдалануға болады. Бұл балалардың қызығушылығын және назарын сабаққа аударады. [4;12]

Менің ойымша, ақпараттық технологияларды қолдану психикалық дамуы тежелген балалар үшін өте тиімді, өйткені олардың есте сақтау қабілеті мен ойлау қабілеті арта қалады.

Психологияның негізін қалаушы Л.С. Выготскийдің айтуынша: «дені сау бала мен мүгедек бала бір үлгі бойынша дамиды. Сондықтан қалыпты және қалыпты емес балалардың даму факторлары бірдей. Ақыл-есі кем бала дамудың бірдей кезеңдерінен өтеді, дені сау бала сияқты, бірақ кейбір кідірістер мен ерекшеліктер бар. Сонымен қатар, әр балаға арналған тапсырмалар саны оның деңгейіне байланысты реттеледі, сондықтан әр баланың өз деңгейі болады. Әр бала өз аумағында тәрбиеленуі керек. Осылайша инклюзивті оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану психологиялық дамудың кешігуі кезінде баланың назарын және жадын тұрақтандырады.

Тәжірибелік сабақта мен келесі дәлелдерге сүйендім:

1. Оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.
2. Оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыру.
3. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.
4. АКТ арқылы оқушылардың жеке тұлғасын дамыту.

Сондай-ақ оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыра отырып, сабақты өзгертуге және қызықты етуге көмектесетін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану өте тиімді.

Сабақта АКТ-ның келесі түрлері қолданылады:

1) Мультимедиялық құралдармен жұмыс. Бұл сабақты өзгертуге мүмкіндік береді: иллюстрациялар, аудио, бейне арқылы.

2) Компьютерлік презентацияларды қолданатын сабақтар (оның ішінде мазмұнды қайта түсіндіру сабақтары, конспектілер, лекциялар, ғылыми кездесулер және т.б.)

3) Жоба қорғау сабағы (Оқушылардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру әдістері)

4) Компьютермен басқарылатын сыныптар оқушылардың білімін кезең-кезеңімен тексеруге мүмкіндік береді. [6;35]

Акт нәтижелері:

1. Әртүрлі әдістерді қолдану сабақтың мәнін ашуға көмектеседі.
2. Сабаққа барлық оқушыларды тарту мүмкін болды.
3. Сіз олардың әрқайсысының дәрежесін анықтай аласыз.
4. Сіз оқушылардың көпшілігін бағалай аласыз.
5. Оқушыларды ізденіске, өзіндік жұмысқа тартады.
6. Бала қабілеттерін дамытады, өз ойларын еркін жеткізе алады, ұят, мінез-құлық, ұйымшылдық, шығармашылық белсенді болады.
7. Тұлғаның дамуы жеке сенімділікті, шығармашылықты дамытады.
8. Кері байланыс береді.
9. Нұсқаулық материалдарды тиімді игеруге бейімделеді.
10. Бүкіл оқу процесіне қатысуды кеңейтеді. [2;45]

Соңғы уақытта әр оқушының жеке тұлға ретінде қарастырылатындығын түсіну сапалы білімнің талабы болып табылады. «Баршаға тең мүмкіндіктер», «баршаға сапалы білім» деген қағидаттарды өз басым қолдаймын.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы.
2. «Информатика негіздері» журналдары.
3. Қазақстан Республикасының 2005–2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.
4. Салихова А. «Оқушылардың шығармашылығын дамыту» ғылыми-әдістемелік журналы. – 2005–2009 ж.
5. Дефектология журналы. – 2015. – №1.
6. Байтилеуова Г. Ақпараттық технологиялардың тиімділігі // Қазақстан мектебі. – 2008. – №6.

А.К. Арынова, Б.Ш. Құралқанова

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

e-mail: Bota0975@mail.ru

Т. ӘБДІКТИҢ «ҚОНАҚТАР» ӘНГІМЕСІНДЕГІ «ӘКЕ МЕН БАЛА» МӘСЕЛЕСІ

Андатпа. Бұл мақалада Төлен Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесіндегі екі басты кейіпкер негізге алына отырып, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасы талданып, бұл мәселенің қазақ отбасындағы құндылықтардың тарихи өзгерістеріне әкеп соққандығы жайында баяндалады. Мақаланың мақсаты аға буын мен жас ұрпақтың арасындағы қақтығыстың себебін анықтап, қазақ қоғамындағы көрінісін анықтау болып табылады. Шығарманы мектепте оқытуға арналған бірнеше әдіс-тәсіл қарастырылады. Әлем әдебиетінде аты жиі аталатын «Әкелер мен балалар» тақырыбына сәйкес қазақ, орыс әдебиетінің шығармалары талданады.

Тірек сөздер: басты кейіпкер, автор, әдебиет, тәрбие, тарих, әдіс.

Аннотация. В этой статье, основываясь на двух главных героях рассказа Толен Абдик «Гости», анализируются отношения между отцом и сыном, рассказывается о том, что эта проблема привела к историческим изменениям ценностей в казахской семье. Целью статьи является выявление причин конфликтов между старшим поколением и молодым поколением, выявление их проявления в казахском обществе. Для изучения произведения в школе рассматривается несколько методов и приемов. В мировой литературе анализируются произведения казахской, русской литературы по теме «Отцы и дети».

Ключевые слова: главный герой, автор, литература, воспитание, история, метод.

Summary. This article analyzes the relationship between father and child, based on the two main characters in the story «Guests» by Tolen Abdyk, and tells how this issue has led to historical changes in the values of the Kazakh family. The purpose of the article is to identify the causes of the conflict between the older and younger generations and to determine its manifestation in Kazakh society. There are several ways to teach a work at school. Works of Kazakh and Russian literature are analyzed in accordance with the theme «Fathers and Children», which is often mentioned in world literature.

Keywords: main character, author, literature, education, history, method.

«Әке мен бала» тақырыбы әр уақытта да өз өзектілігін жоғалтпай, адамды үнемі толғандырып келген тақырыптардың бірі де бірегейі. Бұл мәселелер әрбір ұрпақтың өз қағидаттары мен құндылықтарына сәйкес аға буынның тәжірибесін ыңғайластыру арқылы жас буын өз өзгерістерін енгізуіне байланысты туындайды. Кейбір ғалымдар бұл мәселенің барын жоққа шығарып, әке мен баланың арасындағы қарым-қатынасты өз алдына қалыпты құбылыс ретінде қарастырады. Баяғы заманда тіпті Сократтың өзі бала мен ата-ананың арасындағы даудың барын атап кеткен болатын. Аталмыш тақырып әртүрлі заман өкілдерін толғандырып, әлем әдебиетінде де жиі көтерілген даулы мәселе. XVIII ғасырдың екінші жартысында еуропалық әдебиетте отбасы, бала тәрбиесі секілді тақырыптар жиі талқылана бастап, жазушылардың

қызығушылығын арттырып, көптеген шығармалар жазып қалдыруға түрткі болды. Оған мысал ретінде Иван Сергеевич Тургеневтің «Әкелер мен балалар» атты жарқын шығармасындағы әке мен баланың арасындағы тартысты келтірсек болады. Бұл тақырыпты талдауда жазушылар әртүрлі көзқарастарды ұстанады. Дегенмен бұл мәселе барлық дерлік шығармаларда бой көрсетеді: кейбірінде ол анық тақырып болып көрсетілсе, басқаларында кейіпкердің бейнесін неғұрлым толыққанды ашу үшін ғана қолданылады. «Әке мен бала» тақырыбы мәңгілік тақырыпқа жатады десек те болады. Осы тақырыптың аясында аталмыш мақалада Төлен Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесіндегі «әке мен бала» мәселесін қарастырамыз.

Жазушы өз шығармаларында соғыстан кейінгі жылдардағы кеңестік және посткеңестік кезеңдердегі адамдардың хал-ахуалын, өмірін баяндап, олардың ішкі рухани жағдайын ашады.

«Қонақтар» әңгімесі қазақтың қарапайым ауылының тыныс-тіршілігін, әр қилы кейіпкерлердің өмір жолдарын баяндайды. Жазушының бұл шығармасы адамның жан дүниесін бір тебіrentіп, өшпес із қалдыратын шығармалардың бірі деп есептеуге болады.

Әңгіменің басты кейіпкері – балаларын алыс сапардан асыға күтіп отырған жасы жетпіске жеткен ақсақал Ерғабыл. Қонақ деп отырғаны демалыстан қайтып келе жатқан Ерғабылдың ұлы Сапабек пен оның отбасы – әйелі Тома мен баласы Жеңіс екен. Ерғабыл шал автордың «Әке» повесіндегі Сайлаудың әкесі Сейсенді еске түсіреді. Бұл екі образға жазушы бірдей қасиеттерді дарытып, екеуінің тағдыры мен мүдделерін ортақ қылады. Дәл Сейсен секілді Ерғабыл қарт та өзінің жаназасының дұрыс өтуін ойлап, жұртқа мазақ болмайын деп қауіптенеді: «Ертең сүйегіме шапан жетпей қалса, Бектемірден қалған жалғыз Ерғабылдың басында түк болмады деген атаққа қалармын. Әлдеқалай шалдың көз алдына өлгеннен кейін мұны жұрттың қалай шығарып салатыны елестеді» [1, 291 б.]. Бұл кейіпкерлердің прототипі – жазушының әкесі Әбдік екен. «Qazaqstan» телеарнасына берген бір сұхбатында: «...Дүниеден өзі озардағы әкемнің кешкі сағат төрттерде қайтыс болды, сол түске дейін бе екен, Елік ағаларым бар, соларды жиып алып, өзі қайтыс болғаннан кейін қалай атқарасындар, қай малды соясындар, қай мал жетілді, қай малды қалдыру керек, сүйекке кімді салу керек, осының бәрін басқа біреудің қазасын әңгіме қылып отырғандай сабырмен, сол сөйлеп отырғаны маған ғажап әсер етті. Мен ойладым, біз бүгін қаншалықты білім алсақ та, керемет шетімізден академик болып жатсақ та, неше түрлі ғылымды меңгеріп жатсақ та, дәл мынандай біз өлімге дайын емес шығармыз» [2].

Әртүрлі кейіпкерлердің образдарын осылайша салыстыру арқылы автордың оқырманға жеткізер ойы мен жалпы өмірлік принциптерін анықтауымызға болады. Ерғабыл мен Сейсен – ауылдастарының құрметіне бөленген ақсақалдар. Осы арқылы жазушы олардың

қаншалықты ұқсас екенін көрсетеді. Біріншіде де, екіншіде де ауылда отырып, өз ұлын күтетін әкелердің тұлғаларын байқаймыз. Қазақ халқы ұрпақ мәселесінде ұл балаға көп жауапкершілік артатыны белгілі. Сондықтан бұл шығарма біздің ұлттық мінез, менталитет, ұлттық психологияның бір бөлігін ашады. Дегенмен повестің тақырыбына назар салсақ қазақтар «қонақ» деп тұрмыс құрып, басқа шаңырақтың отын жағып, іргесі болады деп есептейтін қыз баланы айтады. Алайда бұл әңгімеде бір атаның жалғыз мұрагері бола тұра Сапабекті ирониялық түрде «қонақ» деп атайды. Осы арқылы автор қазақ халқының отбасылық құндылықтарының тарихи өзгерістерін ашып көрсетпекші болады. Оның айқын мысалы ретінде урбандалу мен жастардың ауылда қалып, ата-анасымен бірге тұрмайтынын айтсақ болады. Ұлының отбасысының келуін тағатсыздана күтіп, қобалжып, немересі көз алдында қуанып, ер жетсе екен деп армандап жүрген ақсақал Ерғабыл туған ауылының тағдырына алаңдап, Сапабектің отбасы үйлеріне қонақ ретінде ғана келіп жүргеніне қынжылады.

Айта кететін жайт, қазақ ұлтының мәдениетінде аға ұрпаққа деген құрмет, сондай-ақ жалғыз немесе кенже ұлдың ата-анасымен бірге тұруы белгілі бір мағынада шартты көрініс десек те болады. Жалғыз ұлдары орыс қызға үйленіп, немересін ата-әжесіне тастамай орыс мектебіне беремін дегенді естіп отырған қарттардың жағдайы – қоғамның ащы шындығы. Бұл мәселе классикалық әдебиет жазушыларын үнемі толғандырып келген, қазіргі авторлар үшін де өте өзекті тақырып болып келеді. Түрлі ұрпақтар арасындағы қарым-қатынастың И.С. Тургеневтің «Әкелер мен балалар» романында орталық мәселе екені белгілі. Ал Төлен Әбдіктің әңгімесінде ол жаңа реңкке ие болады. Тургеневтің шығармасында басты қарсыластар – Павел Петрович Кирсанов пен Евгений Базаров. Екеуінің әлеуметтік ортасы мен көзқарасы екі бөлек. Базаровтың дүниетанымын қабылдай алмай, асыл дәстүрді сақтауды парызым деп санайтын Кирсанов сияқты Ерғабыл да қазақтың тарихи қалыптасқан дәстүлері барлық отбасылық құндылықтардың негізі деп есептеген. Төлен Әбдік «әке мен бала» мәселесін әрбір адам үшін іргелі, рухани қалыптасатын ру, отбасы, үй, отан, тек сияқты ұғымдарды алға тарта отырып қарастырады.

Шығармадағы эпизодтық тұлғалар басты кейіпкердің естеліктерінен көрініс тауып, ашыла бастайды. Олардың үзік-үзік сипаттамалары басты кейіпкердің тұтас әрі көп қырлы бейнесін айқындай түседі. Ерғабыл қарт өзінің балалық, жастық шақтарын, алғашқы махаббатын жиі еске алады: «Азды-көпті ғұмырының ішінде талай бақтан айырылып, талай баққа қолым жетті. Ерекеңнің бала кезі. Ауыл жігіттеріне қосылып жылқы бағады. Қайран Қаншайым тірі ме екен бұл күнде! Ол тірі болып, жүздесе қалсақ, өшкеніміз жанып, өшкеніміз тірілгендей болмас па едік» [1, 293 б.]. Ол тағы бір әйел бейнесін тартымды етіп сипаттайды, қала тұрғындары сияқты қазақша білмейтін келіні Томаның портреті:

«Омырау, жеңдері ашық, шұбар көйлек киген, шашын қидырған топ-толық, ақсары, ажарлы келіншек. Қала қыздарына тән епсіздіктен кішкентай қиықша көрпенің үстінде қалай отырарын білмей, біресе қолымен жер тіреп, бір жамбастап, жұрттың сөздерін толық түсіне қоймай, әркімге бір қарап, үнсіз отырды» [1, 295 б.]. Бұл сипаттау арқылы автор Томаның ата-енесінің үйінде ыңғайлана алмай, өзін келін ретінде ұстамай, сенімсіз болғанын байқатады.

Томаның күйеуі Сапабекті суреттеуде автор оның кәсібіне басар назар аударады. Тас, пайдалы қазбалар ғылымымен айналысатын геологтың әңгімесінде қазақ жерінің қойнауын, геология ғылымының ұлы болашағын жиі тілге тиек етеді. Сапабек үшін қала өмірі үлкен мүмкіндіктер мен жарқын келешекке апарар жол, жұмыс пен сүйікті ісімен байланысты. Әр ауылдасын жақын танып, бар өмірін осы ауылда өткерген Ерғабыл қарт үшін ауылдан тыс өмір тіпті елестеуге де тұрмайды. Әке мен баланың арасындағы бұл қайшылық Сапабектің ұлы Жеңістің оқуын сөз еткенде көрініс табады: «Ал енді мына балаларың, Жеңісті көрсетіп, бір түйір қазақша білмейді... Ал енді оқу басталып қалды. Бұл арада орыс мектебі жоқ. Мұны қалай оқытамыз де отырсыздар? Биыл жетіге келді. Бұған томсыраған күйі басы түскен атасы: «Алып кет өзіңмен бірге. Оқыт, өзіндей қаңғыбас етіп шығар» [1,301]. Дегенмен де, олардың арасындағы қарым-қатынастан жылулық пен қамқорлықты байқамау да мүмкін емес. Сапабек ата-анасын бағалап, оларды қалаға көшіріп бағуды армандайды, уақыты болса ауылға барып, оларға әрдайым көмектесуге тырысады, бірақ ата-анасының үлкен өкінішіне орай, ол өзінің болашағын ауылда емес, қалада ғана көре алады. Оқиғаның сюжетіне назар аударатын болсақ, жастардың ауылда тұрмауының ауыр жүгі «қонақтар» Тома мен Сапабектің иығына түспей, қоғамның тарихи өзгерістерінен болғанын байқайтын боламыз.

Басты кейіпкер – Ерғабыл ақсақалдың бейнесі егжей-тегжейлі ашылмаса да, оның портреті бірте-бірте беріліп, шашыраңқы сипаттамалық бөлшектерден тұрады: «Ерекең ләм-мим демей, алдымен бір атым насыбайды ерніне тастап, шақшасын қалтасына салды. Таяғына сүйеніп аз тұрды да, буындары сытырлап, сүрлеу жиегіндегі төмпешікке келіп отырды. Ерекең шай үстінде көп сөйлемейтін. Сол әдетімен үнсіз тұқиып, қолдарының білеуленген тамырларын ұстап, ақ селеу сақалын сипап, ойланып отыр. Бас жағында сүйеулі тұрған ескі домбыраға шұқшиып қарады, қолына алған жоқ» [1, 294 б.]. Бұл үзінді арқылы қарттың домбыраға деген сүйіспеншілігі мен құрметін байқаймыз. Қиын сәттерде домбыра оның жұбанышы болған екен. Басты кейіпкердің үйін сипаттау кезінде автор домбыраны жайдан-жай сөз еткен жоқ. Жазушының өзі де көңілдегісін әркімге ақтара бермей, бір ойларын қағазға түсіріп, оқырманымен бөліссе, енді бірін нотаға жасырып, күй болып ақтарады: «Өзі ән, күй дегендер адамның жан дүниесінің сілкіністерінен болуы керек – не қатты қуанғанда, не қатты уайым-

дағанда» [3]. Төлен Әбдіктің домбыраға деген құштарлығы сонша – студенттік шағында тіпті Нұрғиса Тілендиев құрған оркестрдің құрамында да өнер көрсеткен екен.

Әке мен баланың арасындағы қарым-қатынас, тәрбие мәселелері – терең моральді мәнге ие. Адам үшін қасиетті дегендердің бәрі оған ата-анасынан дариды. Яғни ата-ананың берген тәрбиесі баланы тұлға ретінде қалыптастырып, оның бар өмірін құруында үлкен рөл атқарады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, үйінде көрген қарым-қатынасты бала ертеңгі күні-ақ өзі құрған отбасында жалғастыра түседі. Осыдан болар, тәрбие – әдебиеттегі ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. «Қонақтар» шығармасында автордың қозғайтын тақырыбы – әке мен бала, аға ұрпақ пен келешек ұрпақтың қақтығысы. Бұл қақтығыс қазақ әдебиетінде Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романының Абай мен Құнанбай арасындағы қарым-қатынасынан да байқалады. Студент жастармен бір кездесуінде Мұхтар аға: «Менің романыма айрықша көңіл бөлгенім – әке мен баланың арақатынасы еді» деген екен. Дүниетанымдары әртүрлі Құнанбай мен баласы Абайдың арасында қарсыластық болғанымен, бірін-бірі лайықты бақталас көретіндері байқалады. Әкесінің істері Абайға үлгі бола алған жоқ, ал Құнанбай өз қызметінің жалғасуында баласынан қолдау таба алмады. Осындай қақтығыстардың арасында жас Абайдың мінезі де қалыптаса бастайды. Ел жадында сақталғаны – Құнанбайдың Абайға таққан үш міні мынау: «Ең әуелі – сен жұрттың бәрімен күліп сөйлейсің. Жайдақ су сияқтысың, жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісілерге қадірі болмайды. Екінші, кім көрінгенге жақын боласың, кісі талғамайсың. Желбегей жүрген кісінің қасына ел үйірілмейді. Елді алатын қылық ол емес. Үшінші, орысшылсың, орыстың дұшпандығын ұмытасың», – депті. Оған Абай: «Қолында құралы бар бірен-саранға тиетін шыңыраудағы судан да, қойшы-қолаңшы, жалшы, жақыбайдың күллісі бірдей мейірін қандыратын жайдақ су артық деп білемін... Орысшылсың дегенге: «Заман орысытікі, ол жеңген, біз жеңілген елміз. Ендігі күнде алысатын дұшпанның айласы мен әдісін білу керек. Мен орыстың өзін сүймесем де, өнері мен ебінен үлгі аламын» депті. «Қонақтар» әңгімесінде де осындай қақтығыстарға көз жеткізуімізге болады. Мысалы, Ерғабыл қарт та Сапабектің орыс қызға үйленіп, немересі Жеңісті орыс сыныбына бермекші болғанын сынға алып, қатты қынжылады. Осыған орай жазушы Тұрсын Жұртбай «Құнанбай» атты кітабында «Абай жолы» романы жазыларда И.С. Тургеневтің «Әкелер мен балалар» атты шығармасына иек тіреліп, осыдан психологиялық шиеленісті үйреніп, ілгері дамытты дейді [4].

«Қонақтар» әңгімесі талайдан бері мектеп бағдарламасына еніп, оқушылардың назарына ұсынылып отыр. Балалар үшін бұл шығарма жеңіл, көлемі шағын әрі қабылдауға да оңай болып келеді. Тақырыбы отбасының төңірегінде болғандықтан, оқушыларға берер тәрбиелік

маңызы да орасан зор. Бұл әңгімені мектеп оқушыларына оқыту кезінде балалардың шығарманы толығымен түсінуі үшін әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Оның ішінде сұхбат, пікірсайыс құру арқылы сұрақ қойып, әңгімеге толық үнілуге мүмкіндік жасауға болады. Мысалы, эвристикалық әдісті пайдаланып, балалар мен мұғалімнің арасында диалог құрылып, соның арқасында шығарманың идеясы мен тәрбиелік мәні ашылады деп ойлаймын. Ортаға мынадай сұрақтарды қоюға болады:

– «Қонақтар» әңгімесіндегі басты кейіпкер Сапабектің іс-әрекеті мен ата-анасымен қарым-қатынасы дұрыс деп ойлайсыңдар ма?

– Әңгіменің «Қонақтар» деп аталу себебі қандай?

– Автор бұл шығармасын қандай мақсатпен жазды?

Сонымен қоса шығармадағы кейіпкерлердің таным-түсігін тереңірек ұғу үшін мектеп бағдарламасы FІLA әдісін қолдануды ұсынады:

F /Дерек/ – шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинау.

I /Пікір/ – кейіпкер туралы өзіндік пікірі мен бағасы.

L /Сұрақ/ – кейіпкердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар қою.

A /Іс-әрекет/ – автордың кейіпкерді суреттеуде қолданған тәсілі. [5, 147 б.].

Бұл тәсілді пайдалану үшін балалар кесте құрып, кейіпкердің бейнесін ашуға кіріседі. Осылайша оқушы жалпы әңгіменің психологиясын танып, автордың ойын толықтай ашуға талпынады.

«Әкелер мен балалар», «Әке», «Қонақтар» шығармаларының бәрі де бір тәрбиенің төңірегін сөз етіп, ата-ана мен баланың қарым-қатынасының психологиясын танып білу үшін ізденген жаузшылардың ерен еңбегінің жемісі болып отыр. Жас буын мен аға ұрпақтың санасында туындайтын бұл тақырып тарихта, әдебиетте, жалпы өнерде суреттелетін негізгі тартыстардың бірі болып табылады. Шығармадағы басты кейіпкердің «қонақтары», яғни балалары өмірден өз жолдарын табуға ұмтылса, отбасын сүйетін, балаларының қамын ойлайтын әке Ерғабыл ақсақал оларды қиындықтан қорғауға тырысады. Төлен Әбдік ұрпақтар тартысын әңгімелей отырып, оқырман назарын осы бір ғасырлық мәселеге аудара білді. Бұл әңгімедегі екі кейіпкердің қақтығысын зерттеу арқылы біз тек екі адамның психологиясын танып қана қоймай, қазақ халқының отбасылық құндылықтарындағы тарихи-оқиғалық өзгерістерін байқай аламыз.

Әдебиеттер

1. Төлен Әбдікұлы. Оң қол. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 352 бет.
2. <https://youtu.be/olWDqt1iG1w>
3. <https://youtu.be/eBD4GhrklhQ>
4. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/13723>
5. Керімбекова Б., Қуанышбаева Ә. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2017. – 160 б.

Д.А. Наурызбаева

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

e-mail: nauryzbaeva98@inbox.ru

Ғылыми жетекшісі: М.И. Оразханова

М. ШАХАНОВТЫҢ «НАРЫНҚҰМ ЗАУАЛЫ» ПОЭМАСЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Андатпа. Бұл мақалада М. Шахановтың поэмасын мектепте оқыту жолдары қарастырылған. М. Шахановтың «Нарынқұм зауалы» поэмасы туралы мәліметтер жинақталып, оны оқыту жолдары ұсынылды. Мектепте поэманы қалай оқыту керек зерттеу жұмысына алынды. Поэманың жанры мен құрылысына талдау жасап, негізгі идеялары анықталды. Поэманы оқытуда қолданылған әдіс-тәсілдердің дұрыс реті талданды.

Тірек сөздер: М. Шахановтың шығармашылығы, «Нарынқұм зауалы», топтық, дарынды ақын, оқыту, «Топтық тергеу» әдісі.

Аннотация. В данной статье рассматриваются способы преподавания стихотворения М. Шаханова в школе. Собрана информация о поэме М. Шаханова «Нарынқұм зауалы» и предложены пути ее преподавания. Он участвовал в исследовании того, как преподавать стихотворение в школе. Были проанализированы жанр и структура стихотворения, выявлены основные идеи. Анализируется правильная последовательность приемов, используемых при обучении стихотворению.

Ключевые слова: М. Шаханова, «Нарынқұм зауалы», группа, талантливый поэт, обучение, метод «группового исследования».

Summary. This article considers ways to teach M. Shakhonov's poem at school. Information about M. Shakhonov's poem «Narynkum Zaualy» was collected and ways to teach it were suggested. He was involved in research on how to teach a poem at school. The genre and structure of the poem were analyzed and the main ideas were identified. The correct sequence of methods used in teaching the poem is analyzed.

Keywords: M. Shakhonov's work, «Narynkum zaualy», group, a talented poet, teaching, the method of «group investigation».

Мұхтар поэзиясының әрбір жолында ойландыратын салмақ бар. Оның өлеңдерін қызыға-қызыға сыдырып оқып шықтың, кейде кездесіп қалатын кедір-бұдырына қабақ шықтың. Осымен болсын ба? Жоқ, бұл ақын бұлай ғана оқуың жеткіліксіз. Әуелі қалай оқып шықсаң да көңілінде бір тынышсыздық, күдік қалуы мүмкін. Сонда әуелі оқығанда баяғының әңгімесі деп қалғаның бүгінгінің жайы екенін түсінерсің. Әсіресе, «Отырар элегиясы», «Сейхундария», «Әке үміті» сияқты жырларды түсіне оқығаның зиян болмас [4; 26].

Мұхтар Шаханов – кең шиырлы, әр қырқаға із тастап келе жатқан ақын. Өзі айтқан үш өлшемнің үшеуінде де – биіктік, тереңдік, кеңдік ақын іздері осы кезінде-ақ көмескі емес, айқын. Ерлік, ездік, жігер-махаббат, өнеге-ғибрат, ар-намыс тақырыптарының бәрі де өткен күнді қызықтау емес, ертеңгі күн талаптарының бәрі де өткен күнді қызықтау емес, ертеңгі күн талаптарының биігінен толғанады...

«Мектептің тірегі де, тіреуі де – оқыта білетін мұғалім», – деп А. Байтұрсынов айтқандай, білім беру саласындағы озық технологияларды меңгермейінше, жас ұрпаққа заман талабына сай жан-жақты білім беру мүмкін емес. «Заман талабына сай білім берудің тиімді мазмұнын таңдап, жетілдіре отырып, тұлғаны қалыптастыру» – білім сапасын арттырады. Өскелең ұрпақ – өміріміздің тікелей өкілі, сондықтан бүгінгі оқушының ертеңгі азамат болып өсуі мен азаматтық тұлға болып қалыптасуы басты назарда.

Орта буын сыныптарда өлеңнің, өнердің сиқырлы күшін, көркемдік ерекшелігін, кең дүниетанымын байқатуға бағытталады. Сол арқылы оқушыларға эмоциялық ықпал етуге, сезім-күйін тәрбиелеуге, шығармашылыққа жол ашуға күш салынады. Айтушының сезім-күйіне оранған өлең үлгілері арқылы қарасөзбен жазылған шығарма мен өлең туралы алғашқы ұғымдар қалыптасады. Өлең мазмұнындағы сыртқы әлем, қоршаған орта сырларын түсіне бастайды. Көркем шығарманың тууы мен оқырман санасында сәулеленуінде үштік одақтың бірлігі болуы керектігі кейінгі зерттеулерде жиі айтылып жүр. Сонда таным, дискурс, автор, көркем шығарма, оқушы арасында қалыптасады. Автор өмір сүрген уақыт, орта, кезең, таным-түсінік, құндылықтың көркем шығармадағы бейнесін оқушының қабылдауы, түсінуі, зерделеуі, бағалауы көптеген факторларға қатысты [1; 167].

Қазақ әдебиетіндегі жанрдың бір түрі болып саналатын поэма табиғатын, оның туған әдебиетіміздегі қалыптасу, даму ерекшеліктерін, мазмұндық жағынан жіктелу сипатына назар аударсақ, көптеген жайттарды аңғарамыз. Ішкі мазмұндық сипаты мен композициялық құрылымына байланысты біз поэманы екі түрлі салаға бөліп қараймыз. Олар сюжетсіз лирикалық, публицистикалық поэмалар және сюжетті поэмалар.

Поэманың басқа әдебиеттік жанрлардан ерекшелігі – оның оқушы эмоциясын біртіндеп емес, бірден баурап алуында. Поэма өзінің ырғақ, ұйқасымен, мазмұны, түрімен, сырлы да терең идеясымен, өзіне тән сазды әуезімен, шабытты динамикасымен ерекше.

Поэмаларды оқыту әдістері олардың жанрлық ерекшелігінен туындайды. Поэмалардың басым көпшілігі сюжет пен композиция, образдар жүйесінен тұрып, күрделі ауқымды проблемаларды көтереді. Мұндай поэмаларға С. Сейфуллиннің «Көкшетауы», І. Жансүгіровтың «Құлагер» т.б. поэмалары жатады. Поэмалардың тағы бір түрі – лиро-эпикалық, лирикалық поэмалар. С. Сейфуллиннің «Альбатросы», С. Торайғыровтың «Кедейі», І. Жансүгіровтың «Даласы» осындай поэмаларға жатады... Ол үшін мәнерлеп оқи отырып, әр бөлімге аннотация беру керек. Аннотацияны оқушылар үйден жазып келіп, сыныптағы талдау жұмыстарында пайдаланады [2;26].

Осы пікірге келісе отырып, мектепте Мұхтар Шахановтың біраз шығармалары оқытылады. Зерттеу насанына «Нарынкұм зауалы»

«Махамбеттің соңғы сөзі» мен «Әке үкімі» бөлімдері қарастырылды. Осы поэманы оқытуда түрлі әдіс-тәсілдерді қарастырылды. Бірақ ең тиімдісі болған «Топтық тергеу» әдісі.

«Нарынқұм зауалы» Махамбеттің соңғы сөзі тарауы. Бір адамдардың болашағын елден ерек сезіну, түйсіну күші болатынын ғылым жоққа шығармайды... Махамбет ақын өлерінен екі күн бұрын айналасындағыларға өзінің жан шошынарлық сұмдық түс көргенің, түсінде иығынан үзіліп түскен өзіне қоштасу айтып тұрғанын әңгімелеген. Өлеңнің сюжет желісі Махамбеттің өмірінің соңғы күндері туралы өрбейді. Өлеңдегі трагедиялық образ – Махамбет. Ол өзінің түсін айту арқылы ақындық пен батырлықты дәріптеп, өзінің ел болашағына деген зор сенімін білдіреді. Автор өлеңді Махамбеттің атынан оқырмандарды зор ықыласына бөлейді.

*Мен сенемін, күні ертең
Нұрлы үмітпен оянар деп ұлы өлкем.
Күліп жайсаң күн гажайып
Ел арасы тарқар деп.
Ақымақтар күрт азайып,
Сұмдар қорқақ тартар деп.*

Өлең мазмұнын ерекше тереңдетіп тұрған антонимдердің стильдік қолданысы: бақ пен зорлық, отты-отсыз, тұлпар-есек. Басқадай қолданғанда, бұл сөздер бір-біріне қарама-қайшы емес, еркін түрде айтылуы да мүмкін. Бірақ ақын бұларды жағымды-жағымсыз етіп, эмоциямен ұштастырып көрсету арқылы өз өлеңін нәрлендіріп тұр.

*Туған елім,
Құдіретімсің аңсаған.
Алдан жарқын күн шыққанша
Кескініңді көрмейінші шаршаған.
Пасық ойлар тұншыққанша,
Даулығаны қақ жарып гүл шыққанша
Жер астынан қарап жатам мен саған.*

Ақын Махамбеттің монологы арқылы бүгінгі күнді жырлайды. Махамбет сынды ұлы ақынның тегеурінін, қаһары мен ойлылығын бүгінгі поэзия аспанына жібек тордай жайып жіберуге ұтылысы бар.

Түбінде қара жер бәрін жасырса, тордың айласы ашылады. Ертеңінде таң ата келер ұрпақ зұлымдық пен ұлылықты, ақ пен қараны түсінеді, – деп еске алды Махамбет ауылда, елде жатып. Соңғы кездері беймаза ойдан қажыған батыр оның әр басқан қадамын бақылап, ұйықтап, сауатсызды жуынбай, көтерілістен кейінгі хан-сұлтандардың ашу-ызасына араласпай, айғай-шудан, дау-дамайдан шаршап,

немқұрайлы қарайды. Ел билеушілері тек теңдік тауып, талап пен қысымды арттырып, елді ойран еткеніне ғана өкінеді. Бірақ бармағын тістеп, тағдырын қара домбыраның төрінде, әсем әнмен өрнектейді. Көптеген адамдар адалдық жолынан адасып кеткені таңқаларлық емес. Көпшілік опасыздықтың алдында бас иіп, иығын қуады. Сұлтан елден, хан жұртынан, туыстарынан шыққан. Халық көтерілісінің аяусыз қырғыны оларды көптеген асыл дүниелерден айырды. Қайырымдылық қағидасының қанатын кеңге жайды. Ата-бабамыздың сүйегі жатқан киелі жерлерде шошқа, құмырсқа ән салған. «Жер мемлекеттікі» дегенді қарақшылар талқандады. Күйкілдер бұл жерді ойып салған. Ол жауды өлтірді. Іштей керемет жігерлі өлең жасаң оптимизмнен, тек жасампаздықтан тұрмайды. Олармен қоса әдемі арман, ойлы мұң, үзеңгі қағыстырып, биік мақсатқа бастайды, сөйтіп, лирикаға тән алау от пен лап етпе сезім өмірі қызуы басылмайтын, алыстан көрінгенмен еш өшпейтін “мәңгілік отқа” айналды. Ұлы махаббат оттары қосыла жамырасады. Арман мен арман қосылады. Монолог үлгісінде көрініп отырған ақын сезімі сенімге айналып, сенімі сезімге ұласып, лирикалық толғаныс тамыры осылайша тармақта жатыр [4; 127].

Әке үміті бөлімінде:

*Ғашық болған сол Махамбет ақынға.
Азаппенен атса да асау таңдарым,
Қайрағам жоқ қызғаныштың қанжарын.
Іштен тынып жүре бердім төзген боп.
Өзін шексіз құлай сүйген жан барын
Қайран ақын сезген жоқ.*

Мұхтар Шаханов бұл бөлімінде әке мен баланың қателігі айтылады. Әкесі кейін қателігін түсініп, дала заңына бағынып, баласын садақпен өлтіреді. Бұл шығармада әкенің қателігі – балаға жастайынан дұрыс тәрбие бермегендігі. Ал әкесі баласы Махамбеттей батыр екенін, егер бүкіл халық оны мойындап, осындай үкім шығармас еді. Адамның нақты ойын білмей тұрып, оны кінәлауға болмайды. Соны түсінген әкесі «Ақын деген киелі аққу самғаған, ал ендеше, аққуды атқан пендені, қай атаңнан көріп едің оңбаған!» – деп, баласының Махамбетті өлтіргені үшін өзінің де өлуін талап етіп, оны бір тауға апарып, әкесі садақпен атып жібереді.

Мектептің жетінші сыныбына өткізілген М. Шаханов «Нарынқұм зауалы» атты әдебиет сабағы зерттеу жұмысына алынды.

«Нарынқұм зауалы» поэмасы сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдауы, шығарманың жанры мен құрылысына талдау жасап, негізгі идеясын анықтай алуы көзделеді. Кейбір оқушылар орындай алатын мақсатқа келер болсақ, жинақталған ақпараттар негізінде өз көзқарасын білдіріп, үкім шығарып жазады. Өз елінің өткен тарихын қастерлеу

құзыреттілікті қалыптастыруға алынды. Аталған оқыту мақстына сәйкес поэма сюжетінің құрамдас бөліктерін талдай алуы, поэманың негізгі идеясын анықтай білуі, сюжет бойынша сұрақ дайындай алуы сияқты оқыту нәтижелері күтіледі.

Оқушыларға М. Шаханов өмірбаянын «Түртіп алу» әдісі арқылы өткізілді. Жаңа сабақ болғандықтан, топқа бөлініп, «Топтық тергеу» әдісін қолданған тиімді болып шықты. Әдіс атауын, мағынасын толық айтып шығып, оқушылар әдісті орындауға кірісті.

1 топ «Баяндаушылар» үзіндіні мәнерлеп, толық оқып шықты. Оларға «Кезектесіп оқу» әдісін қолданыды.

2 топ «Зерттеушілер» Поэманы құрылысына қарай талдады. Поэманың мазмұнына сәйкес мақал-мәтел, афоризм, қанатты сөздер тапты.

3 топ «Сұрақ құрастырушылар» Поэма мазмұнына сәйкес әр түрлі деңгейдегі сұрақтар дайындады.

4 топ «Дәнекершілер». Поэма оқиғасын бүгінгі өмірмен байланыстырды. Олар осы кесте арқылы тапсырманы орындады.

Өлеңнен үзінді	Ақын қандай сезімде?	Шығарманың өмірімен байланысы
1. Туған елім – арман, мұңым, Енді сені жетелейді жол қалай?		
2. «Зұлымдықтың жасырынып келетіні жаман-ақ»		
3. Менің бассыз қалғандығым Сенің бассыз қалғандығың болмағай!»		

Кері байланысқа «Екі жұлдыз бір тілек» әдісі қолданылды.

Жалпы бағалау:

Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе *(оқыту мен оқуға қатысты)*: «Топтық тергеу» әдісі арқылы поэманы толық зерттеуі, оқушылардың топтық жұмыс кезіндегі ұйымшылдығы.

Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді *(оқыту мен оқуға қатысты)*?

1. Оқушылардың белсенділігі;

2. Ақпараттың молдылығы;

Осы сабақтың барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері немесе қиыншылықтары туралы не анықталды, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет? Топта аз белсенділік танытатын оқушыларды қатыстыру.

Қорытындылай келе, М. Шахановтың ой тізбектері замандас ақындардың пікірлерімен үндесіп, үйлесіп отырса да ой шашырата сөз саптаулары тың көркемдік бейнелілік жасай алуы ұқсамайтындығында

өзге ақындардың өлеңдерімен салыстыру барысында айқындай түсуге әрекет еттім. Ақын толғанысы ел өмірімен өзектес екендігі Мұхтар поэзиясына тән құбылыс деуімізге болады [4; 26].

М. Шахановтың ақындық табиғаты өмірдегі шындықтың понарамасы десек болады. Өйткені, ол айтылған сөз өткір ақындық қаламынан тудырған мін берден сөйлеп, көтермеген мәселе жоқ десе болғандай. Менім ойымша, ана тілінің айбары деп танып отырған ақын туған тіліміз үшін шырылдап жан күйдіріп жүргендігін газет, журнал, өлеңдер жинағынан сүйсіне оқумен бірге ақынның жұртшылықпен кездесулерінде көзіміз көріп, құлағымызбен тыңдап жүргенімізге хат етіп жазып аламыз. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру жолында талай тындырымды жұмыстар орындап келе жатқан М. Шахановтың тіл қоғамының жұмысына жанашырлығы, оны жандандыра түсуге жан сала қызмет етіп келе жатқандығын айтқан сөздері, жазған өлеңдері арқылы дәлелдеп көрсеттік. М. Шахановтың шығармаларына тән кейбір көркемдік, бейнелілік жайттарды сөз етіп, оны қазіргі күнгі ақындардың кейбір шығармаларымен салыстыра отырып, Мұхтар ақынның өзіндік өрнектерін атап өттік.

Әдебиеттер

1. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қыздар университеті, 2015. – 242 б.
2. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. – Астана; Елорда, 2001. – 312 б.
3. Шаханов М. Компьютербасты жарты адамдар. (Рухсыз күш формуласы). – Алматы: Атамұра, 2003. – 301 б.
4. Шаханов М. Ғашықтық ғаламаты. – Алматы: Өнер, 2012. – 480 б.

Ж.А. Серикова, А. Молдаханқызы

Ғылыми жетекші: Г.А. Сағнаева

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

e-mail: zhansaya_serikova@mail.ru

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ХХІ ҒАСЫР ДАҒДЫЛАРЫ

Аңдатпа. Мақала қазіргі күнгі жастарға білім беру мәселелеріне, сол саладағы әдістерге арналған. Жұмыста мұғалімге оқыту барысында қойылатын талаптар, ХХІ ғасырда еңбек нарығында сұранысқа ие негізгі құзыреттер көрсетіліп, талдау жасалды.

Тірек сөздер: жаһандану, ХХІ ғасыр дағдылары, білім.

Аннотация. Статья посвящена проблемам образования современной молодежи, методикам в этой области. В работе отражены требования, предъявляемые преподавателю в процессе обучения, основные компетенции, востребованные на рынке труда в ХХІ веке.

Ключевые слова: глобализация, навыки ХХІ века, образование.

Summary. The article is devoted to the problems of education of modern youth, methods in this field. Here reflects the requirements imposed on the teacher in the learning process, the main competencies in demand in the labor market in the XXI century.

Key words: globalization, skills of the XXI century, education.

Қазіргі таңдағы жаңа технологиялар, жаһандану, демографиялық жағдайлар қоғамға жаңа өзгерістер әкелді. Алдыңғы ұрпақтарға жеткілікті болған білім – қазіргі уақытта табысты болу үшін жеткіліксіз. Сыни ойлауды, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауды, әр түрлі мәселелерді шеше білуді, әлеуметтік дағдыларды жұмыс берушілер мен білім беру саласының зерттеушілері XXI ғасыр үшін ең маңызды қабілеттер деп таныды. Қазіргі білім беру жүйесі адамдардың мақсаттарын өзгертті және білім беру бағдарламаларына дағдылардың барынша кең тізбесін енгізді. Мектеп балалардың танымдық және әлеуметтік-эмоционалды дамуының бір-бірінен бөлінбейтінін ескере келе, олар үшін жауапкершілікті өз мойнына алады. UNESCO қабылдаған негізгі халықаралық құжат «тұрақты даму мақсаттарын», сонымен қатар, танымдық, әлеуметтік-эмоционалды және мінез-құлық нәтижелерін анықтады. Бұл ақпараттар Қазақстандағы білім беру жүйесінде өте маңызды болып табылады.

Білім беру сапасы саласындағы халықаралық зерттеушілердің назарындағы мәселе – уақыт сұранысына сәйкес білім беру мазмұнын, оқыту әдістері мен нысандарын, білім беру нәтижелерін бағалауды жүйелі түрде жаңарту. Әртүрлі елдердің әзірлеушілерінде бұл модельге деген көзқарастардың сәйкеспейтіндігіне қарамастан, бүгінде XXI ғасырдағы білім беру жүйесін жаңартудың басым бағыттары айқындалған және олар мектептегі оқытудың бүкіл кезеңін қамтиды. Осындағы білім сапалы түрде уақытында игерілмесе, кейінгі берілер жаңа білімге кері әсерін тигізеді. Оқушылар терең білім алуы үшін сабаққа белсенді қатысуы керек. Алған білімдерін одан әрі үздіксіз дамытып отыруы болашағының жарқын болуына кепіл болады. Сонымен қатар осы мақалада талқыланатын дағдылар ерте балалық шақта қалыптасады және оқушы олардың дамуына қолайлы ортаға неғұрлым ертерек түссе, соғұрлым жақсы болады.

Барлық елдердің арасында адамдардың бойында бәсекеге қабілеттілігін ұзақ уақытқа әрі тиімді қалыптастыратын стратегия – білім беру болып есептеледі. Ол XXI ғасырда негізгі дағдыларды дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған. Белгілі бір бағыттағы осы дағдылардың әр түрлі конфигурациясына, ғылым, технология және тағы басқа салаларда орын алған өзгерістерге қарамастан, адамзат табысты болу үшін негізгі құзіреттер жиынтығы тұрақты болып қалыптасқан. Осыған орай, кез-келген білім дағдысына аса көңіл бөлу – қазіргі күнгі міндеттер қатарын толықтыратыны анық.

Қазіргі жаһанданған және цифрлық әлемде қандай экономикалық апаттар мен қайта құрулар байқалады және олар ертенгі білімді қалай

өзгертеді? Қазіргі оқушылар заманауи жағдайда жұмыс істеуге және табысты болуға дайын ба? Күрделі және қиын заманда олардан қандай жеке қасиеттер талап етіледі? ХХІ ғасырдағы адамның қандай дағдыларын мектеп қабырғасынан қалыптастыру керек? Осы сұрақтарға кеңінен тоқталсақ.

Цифрлық дәуірде жас ұрпақты күрделі, өзгермелі әлемде өмір сүруге дайындау және оған көмектесетін құзыреттерді қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Ал осы құндылықтарды бала бойында қалыптастырып, дамуына ықпал ететін, мектептерде дұрыс тәрбие, сапалы білім беретін тұлға – мұғалім. Мектеп оқушыларын ХХІ ғасырда өмір сүріп, азамат болуға, еңбек етуге дайындау оңай міндет емес. Қазіргі заманда жаңа технологиялардың, көші-қон, нарықтық өзгерістердің, саяси қауіп-қатерлер мен экологиялық проблемалардың орын алуы оқушыларға қажет болатын білік, білім, дағдыларды дамытуды талап етеді. Мұғалім қалай оқыту керек? [1, 8б.]

1. Оқытудың өзектілігін арттыру. Оқу бағдарламалары пайдалы іске асырылуы үшін оқушылардың өмірімен тығыз байланысты болғаны жөн. Мұғалім трансмиссиялық оқыту, жаттанды деректерді пайдаланатын болса, оқушылар ақпаратты тек бақылау жұмыстарын тапсыру үшін есте сақтап, кейін оны тез ұмытады, қажет болса ғаламтордан іздеп тауып алады. Бұндай жұмыс оқушылардың бойында ХХІ ғасыр дағдысын дамытуға кедергі келтіреді. Бағдарламаны өзекті ету үшін мұғалімдер басқа да тақырыптарға негіз болатын, пәндік зерттеулерде маңызды орын алатын және білім алушылардан қолдау табатын негізгі тақырыптардан бастау керек. «Бұл тақырып оқушыларымыздың қызығушылығымен байланысты ма? Бұл тақырыптың маған тигізген әсері бар ма? Әсер еткен болса, неліктен? Бұл тақырып оқушыларға қызықты болу үшін нені жақсартсам болады?» деген сұрақтарды БуаМансилья мен Джексон тақырыпты таңдау кезінде оқушыларға қоюға кеңес береді.

2. Пән арқылы оқыту. Ғылым саласындағы сарапшылар білім алу процесі нақты және гуманитарлық ғылымдар, ана тілі, шет тілдер, математика, музыка, өнер секілді пәндер арқылы жүргізілуі тиіс деп есептейді. Говард Гарднердің пікірі бойынша, оқушыларға адам өміріндегі қазіргі және алда болатын қиындықтар, проблемалар және мүмкіндіктер туралы білім қажет. Сонымен қатар, оқушылар белгілі бір тақырып бойынша базалық біліммен танысу арқылы анықталған міндеттер, тапсырмалар мен проблемаларды тұжырымдап үйренуі керек. Ол үшін оқушылар деректерді жинақтау мен таңдау арқылы ақпаратты іріктеп, қорытындылай алғаны абзал.

3. Төмен деңгейлі және жоғары деңгейлі дағдыларды бір мезгілде қалыптастыру. Жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын жүзеге асыру үшін білім ауқымын азайтып, оның тереңдігіне мән беру керек. Мәселен, Сингапурдағы «Teach Less, Learn More» («Аз оқытып, көп білу») білім беру реформасының арқасында ондағы мұғалімдер оқу материалын аз

қамтиды, алайда оны тереңірек қарастырудың арқасында бұл елдің оқушылары төмен және жоғары деңгейлі ұғымдарды бір мезгілде меңгеретін қабілетке ие.

4. Білімді тәжірибемен байланыстыруға ықпал жасау. Яғни, оқушылар бір пәннен алған білімдері мен дағдыларын басқа пәндерде де, өмірдің басқа салаларында да қолдана алуы қажет.

5. Балаларды оқуға дағдылау. Мектепте алатын білімі шексіз болғандықтан, оқушыларға өз бетінше оқуды үйрету қажеттілігі туындайды. Ол үшін оқушылардың оқу процесінің мағынасын түсінгені абзал.

6. Қате түсініктерге тікелей назар аудару. Мектеп жасындағы балаларға дәлелдеп, көздерін жеткізбейінше, олар шынайы әлемді дұрыс түсінбеуі мүмкін. Сондықтан қате түсінікті жеңу үшін жаңа білімді белсенді қалыптастыру қажет. Бұл дегеніміз – тақырыпты егжей-тегжейлі түсіндіру, оқушыларға тақырыпты мұқият тексеруге уақыт беру, оларды қате түсінік туралы әңгімеге тарту, т.б.

7. Ынтымақтастық қатынас бірлескен оқуды ұйымдастыруға көмектеседі. ХХІ ғасырдың маңызды дағдысы – ынтымақтасу қабілеті. Оқушылар сабақ барысында жұптық немесе топтық жұмыс жасаса, олардың коммуникативтік және метатанымдық дағдылары дамиды. Бұл – түсінбеген жерлерін дұрыс түсіндірудің, білімді жеңіл және терең меңгерудің тамаша тәсілі болып есептеледі.

8. Технологияларды пайдалану. Технологиялардың көмегімен сыни ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамыту, алған білімді өмірде пайдалану, өзіндік ой-пікірді талдай білу, қателіктерді түзету, құрбы-құрдастарымен бірлесіп жұмыс істеу сияқты жағдайларды ұйымдастыруға болады. Ал мұғалімдер технологияларды өз тәжірибелерін жетілдіру, олармен бөлісу, ақпарат табу мақсаттарында пайдаланады.

9. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Креативтілік барлық салаларда жоғары бағаланады, себебі бұл қасиеттің көмегімен көптеген жұмыстарды орындауға, мәселелерді шешуге, әлеуметтік және адамның өзіндік дамуына ықпал ететін инновацияларды басқаруға болады. Шығармашылық туа біткен қасиет болмағандықтан, мұғалім оқушылардың бойында бұл қасиеттерді дамыта алады, сонымен қатар оны бала бойынан анықтап, қолдау көрсете алады. [1, 176.]

Бәсекеге қабілетті болу – оқушының бойынан табылуы тиіс қасиет. Бұл қасиетті оның бойына құятын тұлға – мұғалім екенін білдік. Олай болса, бұл жолда ең бірінші іске асырылатын ұстаз ісі – оқушының бойына дағды қалыптастыру. Дағды – қайталау тәсілімен іске асырылады, яғни оқушының іс-әрекетті жасауда еш қиналмауы, оған машықтануы. Оқушы бойында дағдының қалыптасуы, оның кез-келген іске қабілетін арттырады. Сонымен қатар алдына қойған биік мақсаттарды еш қиналмастан бағындыра білу, оқуға мейлінше ынталы болып, қызығушылық таныту, өз бетінше жұмыс жасай білу, мектеп

бағдарламасынан тыс, белгілі бір тақырыптарды одан әрі терең ашып, үйренуге ұмтылу сияқты машықтар – ХХІ ғасыр оқушының айқын бейнесін көрсететіндей.

ХХ ғасыр оқушысы – оқушы. Ал қазіргі заман оқушысы – кішігірім мұғалім. Алдындары тек мұғалім ғана болған, атап айтсақ, өзіндік пікірі бар, сыни ойлайтын, әрқашан жоспармен жүру, кез келген істе білімімен бөлісетін мұғалім ғана болса, қазір осы атаудың жанында оқушы ұғымы да қатар жүре алады. Бұрынғы оқушы – тек тыңдаушы, орындаушы, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға ретінде өзіндік көзқарасы бар, сыни ойлай білетін, өз білімін жетілдіруге мүдделі, өзінің алдына нақты мақсаттар қоя білетін, өз білімін кез келген ортада іске асыра отырып, пікірін еркін жеткізе алатын болуы керек.

Ресейлік ғалым-педагог А.М. Кондаков оқушының негізгі құзіреттіліктерін ғана емес, сонымен бірге шындықтың өзгеру қарқынының өсуіне байланысты өзекті болатын жеке қасиеттерін де бірінші орынға қояды. Ғалымның пікірінше, 2030 жылғы мектеп түлектері инновациялық мінез-құлыққа, сондай-ақ ХХІ ғасырда еңбек нарығында сұранысқа ие негізгі құзыреттердің жиынтығына ие болу қажеттігін айтады. Олар нені білуі қажет:

- өмір бойы білім алуды;
- ауызша және ауызша емес қарым-қатынастың әртүрлі түрлерін, математикалық сауаттылықты;
- шығармашылық, сыни ойлауды;
- басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды;
- саналы түрде тәуекелге баруды;
- тез өзгертін жағдайларға бейімделе білуді;
- басқа адамдарға, мәдениеттерге, пікірлерге толерантты және құрметпен қарауды;
- өздерінің бойындағы күшті және әлсіз жақтарды дұрыс бағалауды;
- күрделі мәселелерді шешуді, көшбасшылыққа ынталандыруды атап айтуға болады. [2, 24б.]

ХХІ ғасыр бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман деп тұңғыш елбасы айтпақшы, қазір білім, мәдениет, өнер сынды дүниелердің «бәсекеге» түскен кезеңі. Адамдар білек күшінен бұрын, білім күшін игере алуы тиіс. Білімді адамның жолы ашық, білімсіздің күні қараң, бұл – қазіргі заман талабы.

Бүгінде білімді боламын деген адамға ешқандай да кедергі жоқ. Ізденіп, талаптанған жанға ақылдының заманы болған соң бәрі де айқын. Ғаламтордан бөлек, ауыл, аудан, қала кітапханаларын студент болсын, оқушы болсын еркін пайдалана алатыны бәрімізге аян. Сондықтан да, Абай атамыз арсыз санаған ұйқы, һәм жалқаулықты сап тыю – біздегі басты міндет.

Профессор Патрик Гриффин, Атс21s зерттеу жобасының негізін қалаушы және Мельбурн университетінің бағалау орталығының

директоры, адамның жұмыс орны әртүрлі тарихи дәуірлерде қалай өзгергенін бейнелеп ұсынды: ферма – зауыт – кеңсе – виртуалды жұмыс орны. Ғалымның пікірі бойынша, білім беру жүйесін дәл осылай өзгерту керек, әйтпесе ол ешқашан адамдарды өмірге дайындай алмайды. Бұл пікірмен келісе отырып, жаңа атаумен қоса бағытты да өзгерту батыл қадам болып есептелмек. [2, 24б.]

Цифрлық дәуір экономиканың барлық жақтарын жедел қарқынмен өзгертеді: адамдар мен бүкіл елдер арасындағы материалдық, зияткерлік және технологиялық алшақтық артып келеді. Осыған байланысты адамның белсенділігі, оның жағдайларға қатысты өзгертін күші, өзгерістерге бейімделу, үйрену және қайта даярлау қабілеті ерекше мәнге ие болады. Мысалға, оқушының қазақ тілін оқу арқылы тілдік дағдыларды сауатты қолдануын меңгеруін алайық. Оқушы осындағы қарым-қатынас құралы ретінде қолданып жүрген тілдің құрылымы мен бірліктерін теориялық тұрғыда оқып қарастырады. Функционалдық-коммуникативтік бағдарда тілдің танымдық, ақпаратты сақтау құралы ретіндегі қасиетін таниды. Ал әдебиет пәні арқылы шығармашылық тұрғыда ойлауды, креативті ойларын еркін жеткізуді, бағалау дағдыларын қалыптастыруды, салыстыру және талдау жасауды үйренеді. Әр нәрсеге ерекше мән беріп, оны түсіне алу – дағдының шарықтау шегіне апарар жол.

Адам өзінің өмір сүріп жатқан қиын ортасының сын-қатерлеріне жауап бере отырып, дамуын талап етеді: ақпаратты өз бетінше өндіру және сыни тұрғыдан бағалау, командада жұмыс істеу дағдыларын игеру, нәтижеге жұмыс істей білу және табысқа жете білу, көшбасшылық қасиеттерге, ерік-жігерге, жауапкершілікке ие болу. Яғни, қазіргі заманда жұмыс берушілерді қызметтің кез келген түрінде табыстың кепілі деп танылған *Soft skills* («икемді» дағдылар) көбірек қызықтыра бастады. Қазіргі жастар жоғарғы оқу орнын бітірмей-ақ, өзінің көшбасшылық қабілеті арқылы табысқа жетуде. Мысал ретінде блогерлерді алып қарасақ болады. Бұл жерде білімнен гөрі өзіндік даму мен ерік-жігерлері табысқа жетелеп тұр. Яғни, адамдармен сенімді түрде сөйлесіп, өздеріне қаратып қызықтыра білу де – белгілі бір шыңға жетелейтін дүние. [2, 24б.]

Қорытындылай келе, ХХІ ғасыр дағдысын меңгерген оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыру – бүгінгі педагогтардың басты мақсаты. Оқушылардың ауызша, жазбаша мәтіндерді сын тұрғысынан қолдана білуі, мазмұнды мәтін құрай алуы тәрізді іс-әрекетінен пән мазмұнын қаншалықты игергенін байқауға болады. Бәсекеге қабілетті, шығармашылық тұрғыда өз ойын еркін жеткізе алатын, тұлғаға бағдарланған құндылықтарды бойына сіңірген, кәсіби тұрғыда құзіреттілігін мектеп жасынан ала білген функционалды сауатты жеке тұлға – қоғам дамуының қозғаушы күші болып қала бермек.

Әдебиеттер

1. XXI ғасыр дағдыларын оқыту және оқу. Оқу туралы ғылым сабақтары. RAND Corporation. – Сәуір, 2012.
2. Гулецкая Е.А. Навыки человека XXI века в школьном образовании // Печатковая школа. – 2020. – №4.

А.С. Айгожина, А.А. Аязбаева, Б.А. Базарбай, М.К. Шайманова
Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ
Aigozhinaa@mail.ru

ШЕТ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Бұл мақаланың негізгі мәні шет тілі мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі-оның жан-жақты біліміне нұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістері нменгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзіреттілікаясы да соғұрлым кең болмақ. Негізгі құзіреттерге көрсету, түсіндіру, машықтану, зерттеу, бағалаусияқты жалпы дидактикалық әдістерді сәтті қолдану жатады. Оқушылар және олардың ата-аналарымен бірлесе жұмыс жасай отыра, олардың жағдайын түсіне отырып, қарым-қатына сбарысында көшбасшы бола білу де мұғалімнің кәсіби қызметінің сапалы көрсеткіші. қазіргі қоғамдағы педагогтың міндеті ғылым мен техниканың қарқынды дамып келе жатқан заманда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын, білімді, шығармашылыққа бейім, құзіретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Тірек сөздер: құзіреттілік, білім берудегі құзіреттілік тәсіл, шет тілі мұғалімінің кәсіби-педагогикалық құзіреттілігінің ерекшеліктері.

Аннотация. Основная суть данной статьи заключается в том, что профессиональная компетентность учителя измеряется его всесторонним знанием, совершенствованием новых методов обучения. Если учитель образован, креативен, то его компетентность будет расти. Анализирует общие дидактические вопросы, такие как демонстрация, объяснение, практика, исследование, оценка ключевых компетенций. Умение работать в сотрудничестве с учениками и их родителями, с учетом их условий, в общении также является показательным показателем профессиональной деятельности учителя. задачей педагога в современном обществе является формирование образованной, творческой, компетентной и конкурентоспособной личности, гибкой к жизни в динамично развивающееся время науки и техники, готовой к полной самореализации в пользу общества.

Ключевые слова: компетентность, компетентностный подход в образовании, особенности профессионально-педагогической компетентности учителя иностранного языка.

Summary. The main essence of this article is that the professional competence of a teacher is measured by his comprehensive knowledge, improvement of new teaching methods. If the teacher is educated, creative, then his competence will grow. Analyzes general didactic issues such as demonstration, explanation, practice, research, assessment of key competencies. The ability to work in cooperation with students and their parents, taking into account their conditions, in communication is also an indicative indicator of a teacher's professional activity. The task of a teacher in modern society is the formation of

an educated, creative, competent and competitive personality, flexible to life in a dynamically developing time of science and technology, ready for full self-realization in favor of society.

Key words: competence, competence approach in education, features of professional and pedagogical competence of a foreign language teacher.

«Құзыр» ұғымы тұлғаның даму деңгейі немесе білім беру нәтижесі ретінде қарастырылады. Ал құзыреттілік – «құзыр» ұғымының туындысы. Сондықтан құзырды, құзыреттілікті білім сапасын бағалаудың негізгі өміемдерінің бірі деп қарастыруымызға болады. Бұл жағдайда білім, іскерлік, дағды сырт қалмайды. Керісінше, олар жаңа сапалық мәнде, жаңа жағдайда бақыланады.

Жалпы алғанда, «құзыреттілік» ұғымы жайлы ғалым К. Құдайбергенова «құзыреттілік» ұғымы соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді [2; 9-11].

Бұл жайлы Б. Тұрғынбаева «...өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, ресей ғалымы Н. Кузьминаның көзқарасы бойынша, «құзырлылық дегеніміз – педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы».

Ғалым, педагог Ш. Таубаева: «Құзыреттілік бұл тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті», – деп қарастырады [3; 3-5].

«Құзырет» бұл тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білім, іскерлігі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жиынтығы. Құзыреттілік білім шеңберінде өз орнын тауып, жаһандану ағысына енген еліміздің алдында тұрған міндеттерінің бастысы, білім беру жүйесін жетілдіру, елдің интеллектуалдық потенциалын көтеру, қоғамдық өмірдің салаларында, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мектепті қазіргі кезеңдегі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты, экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында.

«Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының педагогикадағы қолданылуы туралы мынадай көзқарастар қалыптасқан. Бұл жаңа сөздерге еліктеушілік, оларды қолданбауға да болады, өйткені «мектеп бітірушінің дайындық деңгейі» және «оқу біліктіліктері» деген дәстүрлі қолданылып жүрген баламалары бар.

Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселе-

лерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Сонымен оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек, «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын мектептегі педагогикалық тәрбиеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді [4; 3-5].

Құзыреттілік деп студенттің алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілетін айтады. Демек, «құзыреттілік» ұғымы «білім, іскерлік, дағды» сияқты ұғымдармен қатар, оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері мен құндылық бағдарларының жүйесінде көрінеді.

Сонымен білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, білім алушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз.

